

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТІРЛІГІ**

ШЕТ ТІЛДЕР ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК КАРЬЕРА УНИВЕРСИТЕТІ



Жұмабекова А.Қ.

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ

Алматы, 2015

Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, баспаға ұсынылған. Хаттама №3 21.01 2015 жыл.

УДК 811.111(075)

ББК 81.2

Ж 18

Баспаға Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-дың жанындағы «Шет тілдер» тобындағы мамандықтар бойынша ҚР ҒБМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру Республикалық оқу-әдістемелік секцияның оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған (хаттама № 10, 04.06.2015)

Рецензенттер:

Ә.С. Тарақ - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аударма теориясы мен әдеби шығармашылық кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының докторы, профессор;

М.К.Исаев - Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің тілдер кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы;

Х.Екхлеф - Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің профессоры, PhD докторы;

Р.А. Шаханова – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының докторы, профессор.

Ж 18 Жұмабекова А.Қ. Аударма теориясы: Оқу құрал. – Алматы, 2015. – 2-ші бас., өңд., – 267 б.

ISBN 978-9965-20-786-0

Оқу құралда қазақ тілінде алғаш рет аударматанудың негізгі ұғымдары жүйелі түрде берілген. Сонымен бірге кітапта Қазақстан мен шетелдегі аударматанудың даму кезеңдері мен зерттелу тарихы шолу түрінде баяндалған.

Оқу құрал жоғары оқу орындары филология факультеттерінің аударма ісі бөлімінде оқитын студенттері мен магистранттарына, аударма теориясы оқытушыларына, сондай-ақ аудармашы-практиктерге арналады.

УДК 811.111(075)

ББК 81.2

© Жұмабекова А.Қ., 2015

ISBN 978-9965-20-786-0

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңда халықаралық қарым-қатынастың белсенділігі артуда. Осы орайда ерекше кәсіп иелері – аудармашылардың маңызы зор екендігі белгілі.

Егеменді, тәуелсіз Қазақстан қоғамында мемлекеттік тілдің қызмет аясы кеңіген тұста, аудармашылар, әсіресе, қазақ тілінен басқа тілдерге: шет тілдеріне, сондай-ақ көпұлтты республикамызды мекендеп отырған халықтардың тілдеріне тәржімелейтін аудармашылар үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Бүгінгі күні кәсіби, біліктілігі жоғары мамандарды даярлау мәселесі алдыңғы қатарда тұр. Әлі күнге дейін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында қазақ бөлімдерінің студенттеріне арналған аударма теориясы бойынша оқулықтар, оқу құралдар жоқтың қасы. Аударма теориясы мен практикасының жекелеген мәселелеріне арналған монографиялар, ғылыми мақалалардың жинақтары, оқу құралдары жарық көрді. Дегенмен, «050207 – «Аударма ісі» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартынаң (МЖМБС, Астана, 2006), «050207 – «Аударма ісі» бакалавриат мамандығы бойынша «Аударма теориясы» Типтік оқу бағдарламасынаң (Алматы, 2007) сәйкес қазақ тілінде, сондай-ақ орыс тілінде жазылған оқулық әлі күнге дейін жоқ.

Ұсынылып отырған басылым бұл іске сәл болса да өз үлесін қосады деген ойдамыз. Оқу құрал жоғарыда баяндалған мәселелер мен талаптарға түбегейлі жауап береді деп айта алмаймыз. Кітаптың мақсаты – студенттерді аударма теориясы мен практикасының қиын әрі аз зерттелген әлемінен сүрінбей алып шығуында. Қазақ тіліндегі аударма терминдерінің бірізге түспегендігі бұл мәселені шешуді қиындатып отыр.

Егер бұл оқу құрал студенттерге, аударма теориясы мен практикасы курсының тыңдаушыларына адамзат қызметінің ерекше бір түрі болып табылатын аударма мәселесіне қатысты бірқатар сұрақтарды шешуге көмектесе алса, сондай-ақ аталмыш еңбек пәнді терең меңгеруге тірек болса, автор алға қойған міндеттерін орындады деп есептейді.

Оқу құралдағы материалдар жоғарыда аталған Мемлекеттік стандарт мазмұнындағы тақырыптармен толық сәйкес келеді:

- 1-тарауда аудармашылық қызметтің тарихи эволюциясы баяндалған, аударматанудың ғылым ретіндегі қалыптасуы кезеңдері көрсетілген;
- 2-тарауда аударма теориясының пәні, нысаны, зерттеу әдістері, оның терминологиялық аппараты берілген;
- 3-тарауда аудармашылық қызмет типологиясының ұстанымдары баяндалады, әртүрлі негіздегі аударма түрлерінің жіктемесі келтіріледі;
- 4-тарауда аударматанудағы бірден-бір өзекті баламалылық категориясына және оның нақтылық, барабарлық сияқты күрделі ұғымдармен байланысы ашып көрсетіледі;

- 5-тарау аударма прагматикасының күрделі мәселелері және сонымен байланысты аударма сапасын бағалау мәселесіне арналған;
- 6-тарауда аударма процесінің механизмдері, оның кезеңдері, аударманың әдістері мен тәсілдері ашып көрсетіледі. Сондай-ақ аударма модельдері сипатталады;
- 7-тарау аудармашылық сәйкестіктер ұғымына талдау жасауға; лексиканың жекелеген топтары: терминдерді, жалқы атауларды, фразеологизмдерді аудару мәселесіне арналған;
- 8-тарауда аудармашының тілдік тұлғасына және оның тіларалық қарым-қатынастағы рөліне сипаттама беріледі;
- 9-тарауда Отандық және шетел (Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Франция, Канада, Ресей және т.б.) аударматану ғылымының негізгі бағыттары баяндалған.

Әрбір тараудан кейін өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар, сонымен бірге өздік жұмыстардың тапсырмалары, әрбір тақырыпқа байланысты тесттер берілген. Олар оқушылардың танымдық қызығушылығын, логикалық ойлауын, шығармашылық белсенділігін дамытады деп үміттенеміз. Тапсырмалар курстың теориялық ережелерін практикалық тұрғыдан дәлелдеу және аудармашылық амалдарды алғашқы бекіту үшін қажет. Сәйкес шеберлік пен дағдыларды меңгерту аударма бойынша практикалық сабақтарда кеңейтілген оқу материалдарымен жалғастырылуы тиіс.

Тапсырмалар ретінде күрделілігі мен сипаты әр түрлі үлгілер (репродуктивтіден шығармашылыққа дейін) алынған. Сондықтан да жұмыс әдістемесі аудитория дайындығы дәрежесі мен оқу уақытына байланысты болмақ.

Сондай-ақ, оқу құралдың мәтінде жақшаның ішінде ғалым-аударматанушының аты-жөні жазылғанда, кітаптың соңында берілген әдебиеттер тізімінде бұл ғалымның еңбегінің толық атуын таба алуға болады. Мысалы, 1-ші тарауда: [Комиссаров: 2002. Б.84-85] деген тік жақшамен көрсетілген дәйексөз В.Н.Комиссаров «Современное переводоведение» (М., 2002) атты еңбегінен нақты беттерден алынғандығын көрсетеді. Немесе дөңгелек жақшаның ішінде курсивпен берілген шет тілдегі аударматанушылардың аттары әдебиеттер тізімінде олардың сол тілдерде жазған еңбектерін табуға болады: Мартин Лютер (*M.Luther*) - Luther M. Sendbrief vom Dolmetschen // H.J. Störig (Hrsg.). Das Problem des Übersetzens. – Stuttgart, 1963; Этьен Доле (*E.Dolet*) - Dolet E. De la manie're de bien traduire d'une langue en l'autre. – P., 1540. Сондай-ақ, оқушылар өз тарапынан көрсетілген дереккөздермен тікелей өздік жұмыстарын жүзеге асыра алады.

Соңында аударма терминдерінің глоссарийі берілген.

Оқу құрал материалдарын автор бірнеше жылдар бойы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің филология факультеті, аударма бөлімдерінде студенттер аударматанудың әртүрлі салаларын оқыту кезінде тәжірибеден өткізген.

1 тарау

Аударма теориясының қалыптасуы мен дамуы

§ 1. Аударманың пайда болуы және даму ерекшеліктері. Аударматанудың ғылым ретінде қалыптасуының алғышарттары

Адамдар аударма жасаумен өте ерте кезден бастап айналыса бастаған, сол кездің өзінде-ақ олар басқа тілдерде сөйлеушілермен қарым-қатынас орнату мен оларды түсінісудің қажеттігін жақсы ұғына білген. Алайда, алғашқы қауымының тілі бір болмағаны айғақ. Осындай жағдайда адамдардың түрлі топтары арасында қарым-қатынас орнату үшін тез түсінетін, жылдам ойлай алатын, есте сақтау қабілеттері жақсы, сөйлеушіні түсініп, оның айтқанын аударып бере алатын адамдар болғаны белгілі.

Осылайша, аударманың бастапқы қарапайым түрі жазу пайда болғанға дейін шыққандығын болжауға болады. Олай болса, аудармашылықты ең көне кәсіптердің бірі деп есептеуге негіз бар.

Белгілі Ресей аударматанушысы В.Н.Комиссаров «Современное переводоведение» атты еңбегінде төмендегідей қызықты деректер келтіреді: * «Аударманың мыңжылдық тарихы бар екендігіне көптеген деректер куә. Ежелгі Вавилон мен Ассирияда әміршінің айтқандарын бағынушы халыққа жеткізетін аудармашы топтары болған. Жалпы, тілдері бөлек халықтарды жаулап алу нәтижесінде пайда болған ежелгі империялар аудармашылардың көмегінсіз құрылуы мүмкін емес еді. Ал Ежелгі Египетте көрші елдермен байланыс орнату үшін аудармашыларды даярлайтын арнайы мектептер болған» [Комиссаров: 2002. Б.84-85].

В.Н.Комиссаровтың ғылыми болжамы бойынша, алғашқы қауымда өзге диалектілерді зерттеудің алғашқы ұстаздары мен мамандары әйел адамдар болса керек. Тұтқынға түскен немесе басқа тайпа өкіліне тұрмысқа шыққан олар еріксіз басқа тайпа тілін үйренуге мәжбүр болып, қарым-қатынас пен өзара түсіністік орнату мақсатында делдал аудармашы қызметін атқарған. Сонымен қатар, олар балаларын да өздерінің ана тіліне үйреткен. Сөйтіп, оларда алғашқы қостілділік қалыптаса бастаған.

Аудармашылық қызмет әртүрлі тілдерде сөйлейтін қоғамдастықтағы адамдардың арасындағы қажеттіліктің негізінде туындады. Мұндай қарым-қатынастың аясы әртүрлі болды: сауда-саттық, саясат, елшілік, мәдениет және т.б. Осы байланыстардың дамуында Александрия, Рим, Иерусалим, Константинополь, Самарқанд және көптеген басқа да қалалар үлкен рөл атқарды. Бұл аймақтады экономикалық және саяси себептерге байланысты әртүрлі халық өкілдері мекендеді. Оларға арнайы делдалдар, яғни аудармашылар қызмет көрсетті.

* Осы жерден және әрі қарай орыс тілінен аударған біз – А.Ж.

Аудармашылық қызметтің көне жәдігерлері Месопотамия қалашығынан (бірнеше тілдегі сөздердің тізімі берілген қыш тақтайшалардағы кестелер), Көне Мысырдан (аудармашылардың іс-әрекеттері бейнеленген тастағы барельефтер) табылған.

Жазу пайда болғаннан кейін ауызша «тілмаштарға» ресми, діни және іскери сипаттағы мәтіндерді жазбаша тәржімелейтін аудармашылар қосылды. Ежелден-ақ аударма адамдардың тілралық қатынасын жүзеге асыра отырып, маңызды әлеуметтік рөл атқарған. Жазбаша аудармалардың таралуы адамдарға басқа халықтардың мәдени мұрасына қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Аударма ғылымының алғашқы теоретиктері аудармашылардың өздері болды. Әр кезеңнің аудармашылары өздерінің «тәржімелік ұстанымдары» туралы баяндағаны белгілі, дегенмен, олардың айтқан ойлары ғылымның қазіргі талаптарына, дәлелдеріне жауап бермесе де, бірізді теориялық тұжырымдамаға жүйеленбесе де, сондай бірқатар ойлар қазіргі таңда қызығушылық тудырып отырғаны сөзсіз.

Грек-рим өркениеті кезеңінде алғаш рет аударманың негізін құрайтын кейбір ұстанымдары анықталып, оның ағартушылық қызметі таныла бастады. Көне дәуірден бастап аударма Еуропа, Таяу және Орта Шығыс, сондай-ақ Үндістан өркениеттерінің арасындағы делдал пайда бола бастады. Кейінірек IX-X ғғ. көне грек және ислам өркениеттерінің арасындағы делдал қызметін Бағдаттағы аудармашылық мектеп атқарды. Ал XII-XIII ғғ. Испанияда арабша аудармалар жасала бастады. Бұл дәуірде негізінен медицина, математика, астрономия бойынша трактаттар аударылды.

Аталған кезеңдерде көбінесе аударманың екі түрі орын алған. Олар: 1) *сөзбе-сөз аударма* – аударма тілінің ерекшеліктерін ескерместен, түпнұсқаны өзге тілде көшіруге; 2) *еркін аударма* - өз тілінің талаптары мен нормаларын қадағалауды көздеп, түпнұсқаның мәнін, «рухын» жеткізуге негізделеді.

Діни мәтіндерді аудару барысында бұрмалаушылықтың орын алуы ықтимал немесе тілдер арасындағы өзгешеліктер сөзбе-сөз аударманың пайда болуына түрткі болған еді.

Еркін аударма діни емес мәтіндерді аударуда жиі қолданылды. Оның міндеттерінің теориялық тұжырымдарын грек тілінен латын тіліне аударушы Цицеронда (б.з.д. I ғ.), Библия мәтінін ежелгі еврей түпнұсқасынан латын тіліне аударуды жүзеге асырушы Иеронимде (б.з.д. IV ғ.) кездеседі. Кейініректе Рожер Бекон (XIII ғ.) мәтін мазмұнын дұрыс беруге мүмкіндік беретін түрлі тілдер мен ғылымды білу негізінде ғана аудармаға саналы түрде келу талабын ұсынды.

Сөзбе-сөз аударманы шеттетіп, мәтін мазмұны бойынша аударуға жоғары баға беретін осы сияқты пайымдаулардың арқасында аудармаға сыни пікірлер пайда бола бастады, бұдан былай ол күрделі тұжырымдардың бастамасы болды.

Қайта Өрлеу (Ренессанс) дәуірінен бастап Еуропаның Мартин Лютер (*M.Luther*), Этьен Доле (*E.Dolet*) және т.б. аудармашыларының есімдері танымал бола бастады.

Діни және философиялық әдебиеттерді аудару туралы екі түрлі тәсілдің жақтаушылары арасындағы күрес зор саяси шиеленіс тудырды. Мәселен, француз ойшысы, ақын әрі аудармашы Этьен Доле (1509-1546) шіркеу сотының шешімімен өлім жазасына кесіліп, Платон шығармаларындағы Сократтың сөзін еркін аударғаны үшін отқа өртелді.

Этьен Доле аудару кезінде төмендегі бес негізгі ұстанымды қадағалау керек деп есептеді:

1) аударылып отырған мәтін мазмұны мен оның авторының ойын жетік түсіну;

2) пайдаланылып отырған тілдердің қай-қайсысын болса да жетік білу;

3) сөзбе-сөз аударудан аулақ болу, өйткені аударманың бұл түрі түпнұсқа мазмұнын бұрмалап, оның пішін көркемдігін жояды;

4) аударма барысында тілдің жалпы қолданыстағы формаларын пайдалану;

5) сөздерді дұрыс таңдап, олардың сөйлемдегі орын тәртібін қадағалай отырып, түпнұсқа беретін жалпы әсер қалдыру.

Сондай-ақ, діни қызметкер Мартин Лютер (Германия) сөзбе-сөз аудармаға үзілді-кесілді қарсы шықты. Ол қалың көпшілікке мәтіні түсінікті болсын деген мақсатта Библияны неміс тілінде сөйлетті (1522-1534). Бұл аударманы қоғамдық тұрғыдан танудың бір ғана мысалы.

Кейінірек ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда еркін аударма кең қанат жая бастады.

ХҮІІІ ғасыр аударма әлеміне ерекше құбылыс алып келді. Бұл кезеңде түпнұсқаларды дәуір талаптарына толықтай бейімдейтін еуропалық әдебиеттердегі аудармалардың үстемдік етуі, басқаша айтқанда, аудармаларды қайта «безендіру» ұйғарылды.

Аударманың мұндай тәсілінде түпнұсқаның ұлттық және дербес ерекшеліктері ескерілмеді (мәселен, француз аудармаларында Шекспир шығармаларының өрескел бұрмалануы, оның трагедиясының композициясы мен құрылымының, сюжетінің өзгеруі сияқты қателіктерге әкеліп соқты).

Аударманың А.Ф.Тайтлер (*A.F.Tytler*) сияқты ірі ағылшын теоретигі түпнұсқаны безендіруде еркін аударманың орындылығын таныған, алайда, сонымен қатар ол түпнұсқа мазмұнының дәл жеткізілуі мен өзіндік авторлық нақышын ұстануды талап еткен.

1791 жылы А.Ф.Тайтлердің «Аударма принциптері туралы эссе» [Tytler: 1791] атты кітабында аудармаға қойылатын жалпы талаптар төмендегі қалыпта берілген:

- аударма толығымен түпнұсқа идеясын жеткізуге міндетті;
- аудармадағы баяндау стилі мен мәнері түпнұсқадағыдай болуы шарт;
- аударма түпнұсқа шығармалар сияқты жеңіл оқылуы керек.

Ал, ХІХ ғасырда аударма өнеріне деген түбегейлі қарама-қайшы жаңа көзқарас, яғни түпнұсқаны аударуда ұлттық ерекшелікті ескеру керек деген ұмтылыс пайда болды. Аударманың жаңа ұстанымы үстемдік ете бастады да, «безендіру» тәсілі біртіндеп қала бастады.

Жалпы осы кезеңдердің қай-қайсысын алып қарасақ та, аудармашылық тәжірибе аударма теориясынан әлдеқайда озық дамыды. Аударма оған деген қоғамдық қажеттіліктің туындауынан пайда болған. Аудармашы жұмыстарының шынайылығы әрқалай еді, өйткені олар көп жағдайда аударманың түрлі нұсқаларының арасынан ішкі сезімдеріне (интуицияларына) жүгіне отырып таңдауға мәжбүр болды. Сондықтан аударманың алғашқы теоретиктері ретінде өздерінің жеке тәжірибелерін шыңдауға тырысқан аудармашылардың өздерін айтуға болады.

Осылайша, антикалық дүниенің аудармашылары, әсіресе діни мәтіндер аудармасының түпнұсқаға жақындық деңгейін, сөзбе-сөз немесе еркін аударма жасау қажеттігі туралы мәселелерді кеңінен талқылады.

Кейінірек жекелеген аудармашылар «жақсы» аударма немесе «жақсы» аудармашы жауап беруге міндетті бірқатар талаптарды баяндай отырып, «аударманың нормативті теориясын» қалыптастыруға тырысты.

Ал, аударма теориясының ғылыми негіздері тек жиырмамыншы ғасырдың ортасына таман қалыптаса бастады, бұл кезде тіл мамандары өздерінің аудармашылық қызметке деген қатынасын толығымен өзгертіп, оны жүйелі түрде зерттеуге мәжбүр болды.

Бұл кезеңде алдыңғы қатарға автордың жеке стиль ерекшеліктері ескеріле бермейтін саяси, коммерциялық, ғылыми-техникалық және тағы басқа «іскери» материалдардың аудармалары шықты. Осыған байланысты аударманың негізгі қиындықтары мен аударма процесінің бар сипаты осы үдеріске қатысатын тілдердің құрылымдары мен қызмет атқару ерекшеліктерімен ескерілетіні айқындала түсті.

Бұған қоса, аударма дәлдігіне қойылатын талаптардың өсуі тілдік бірліктердің рөлін арттырды. Осы іспеттес материалдарды аудару барысында аударманың «жалпы» дұрыстығымен, түпнұсқа мен аударманың оқырманға беретін әсерінің сәйкестігімен қанағаттану жеткіліксіз еді.

Аударма жекелеген сөздердің мағыналарына дейін ақпараттың толық жеткізілуін қамтамасыз етуі қажет болды. Аудармашылық процестің тілдік негізі айқындала түсті. Бұл үдерістің лингвистикалық болмысы неде екенін, қандай дәрежеде ол жеке тілдік факторлармен анықталатын, мұндай факторлардың қандай деңгейде ақпараттың дәлдігін шектейтінін анықтау қажет болды.

Аудармашыларға деген зор қажеттілікті өтеу үшін, көптеген елдерде аудармашылық мектептер, факультеттер мен институттар ашылды.

Аудармашы мамандарды жаппай дайындау барысында «аудару үшін екі тілді және тіл нысанын білу жеткілікті» деген дәстүрлі формуланың толық еместігі анықталды. Шындығына келгенде, бұл формулада көрсетілген факторлар өз алдына аудару дағдысын қамтамасыз ете алмайтындығы, екі тілді біліп қана қоймай, бір тіл бірліктерінен екінші тіл бірліктеріне көшу ережелері мен шарттарын білу қажеттігі белгілі болды.

Аудармаға қойылатын талаптардың өсуі оның қиыншылықтарын сезінуді шиеленістірді, сонымен қатар ол теориялық тұрғыдан алып

қарағанда, принципті аударымдылық / аударуға келмеушілік туралы талас-тартысқа да әсерін тигізді.

§ 2. Аударымдылық / аударуға келмеушілік мәселесі

Аударымдылық (переводимость) – мәтінді принципті түрде аудару мүмкіндігі. Аударма практиктері кейбір мәтіндерді (діни, көркем т.б.) аударуға келмейді деп есептейді. Аударымдылық мәселесі төңірегіндегі талас-тартыстар ерте заманнан бастап талқыға салынып келеді. Соның нәтижесінде бір-біріне қарама-қайшы екі тұжырым пайда болды: *принципті аударуға келмеушілік* (принципиальная непереваемость) және *абсолютті аударымдылық* (абсолютная переводимость).

Принципті аударуға келмеушілікті жақтаушылар В.Гумбольдт, Л.Вайсгербер, А.А.Потебня, Э.Сепир, Б.Л.Уорф және т.б. әр халықтың тілі мен мәдениеті әртүрлі, осыған байланысты түпнұсқа мен аударма ешқашан тең дәрежеде бола алмайды деген пікірді ұстанады. Ал *абсолютті аударымдылық* немесе *бәрін аударымдылық* (всепереваемость) ұстанымы бойынша, барлық тілдер жалпы бір тілдің (*lingua universalis*) әртүрлі нұсқалары болып саналады, сондай-ақ жалпыға бірдей ортақ ұғымдардың болуына байланысты түпнұсқаны кез келген тілден басқа тілдерге дәл беруге болады (Декарт, Лейбниц, Ж.Мунен, Н.Хомский және т.б.).

Жоғарыда аталған бір-біріне қарама-қайшы тұжырымдардың аралығында бейтарап пікірдің де орын алғанын айта кеткеніміз жөн. Ғалымдар, сондай-ақ аударма практикасымен шұғылданушылардың (А.М.Финкель, А.В.Федоров және т.б.) *принципті аударымдылықтың мүмкіндігі* туралы жасаған түйіндемелері осы бағыттың негізі болып табылады. Адамдардың ұлты мен этникалық шығу тегіне қарамастан, олардың ойлау санатының әмбебаптығы арқасында аударманы жасау мүмкін деп саналады, дегенмен, кейде тәржімеші аудару кезінде түпнұсқаның елеулі тұстарын бере алмауы мүмкін. Бірақ, мұндай олқылық бастапқы мәтінінің мазмұнына емес, оның тілдік формасына қатысты екенін ескеру қажет. Түпнұсқадағы ұғымдарды беру мүмкін болмаған жағдайда сипаттама аударма қолданылады. Аударматанушы В.Коллер *қатысты аударымдылық* (относительная переводимость) ұстанымын ұсынады. Аталмыш ұстаным бойынша, тіл мен болмысты қабылдау және ойлау арасындағы байланыс ұдайы өзгеріп отырады, демек, аударымдылық тек қатысты емес, қашанда жетілу үстінде болады, яғни аударма барысында тілдердің аударымдылығы артады.

Қазіргі кезде мамандар аударымдылық мәселесі түпнұсқаға байланысты әртүрлі қарастырылуы тиіс деп есептейді. Түпнұсқаның айтып жеткізуге болмайтын жекелеген ерекшеліктерін тұтастай мәтіннің принципті аударымдылығы арқылы орны толтырылады.

Аударымдылық/ аударуға келмеушілік жайында айтылған барлық пікірлер аударматану ғылымының дамуына өз үлесін қосты. Айтылған

пікірлер аударма жасау бір қарағанда қарапайым әрекет болып көрінгенімен, іске оңай асырылатын шаруа емес екендігіне көз жеткізді.

Аударымдылық/ аударуға келмеушілік мәселесі төңірегіндегі талас-тартыстар күні бүгінге дейін толастаған емес. Қазіргі таңда аударма теориясының даму деңгейіне байланысты аталмыш мәселелердің күрделілігі анық байқалып отыр. Оған қоса, Г.В.Денисованың пікірінше, аударымдылық межесін дәл анықтау мүмкін емес, өйткені ол тіл мен мәдениетке, сондай-ақ аудармашының субъективті қабылдауына байланысты [Денисова: 1998].

§ 3. Аударманың қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-танымдық қызметі. Аударматанудың басқа да ғылыми пәндермен өзара байланысы

Әлемдік әдебиет пен әлемдік өркениеттегі таңдаулы мәдени қазыналардың бірін-бірі байыту мүддесіндегі аударма ісінің маңыздылығы сондай, 1948 жылдан бері қарай ЮНЕСКО*-да дүниежүзі тілдеріндегі аударма әдебиеттің жылма-жылғы тізімі жасалып, ресімделіп отырады. ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша, әлемде жыл сайын 40 мыңға жуық аударма туындылар жарық көреді, яғни бір күннің ішінде жүзден аса еңбектер (аударма кітаптар) баспадан шығады.

Аударма туралы білімдерді жүйелеу мәселесі жиырмасыншы ғасырдың ортасында білікті аудармашыларды жаппай даярлағанға дейін назарға алынбай келді. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық сауда-саттықтың өсуі білікті аудармашылардың еңбегіне деген сұранысты күрт өсірді. Осылардың барлығы аудармашылық теорияның қалыптасуына ықпал етті.

Қазіргі аударматану ғылымында аударма мәдени жанама қарым-қатынастың түрі ретінде қарастырылады, ал оны жүзеге асырушы делдал аудармашы болып табылады. Аудармашы – хабар беруші мен адресат пайдаланатын тілдер сәйкес келмеген жағдайда қажет болатын коммуникацияның байланыстырушы буыны.

Түпнұсқа мәтіні аудиторияға арналады, алайда, хабарлама тілі аудитория тілінен бөлек болғандықтан, аудитория түпнұсқа авторының айтқандарын жете түсіне бермеуі мүмкін. Қабылдаушыға қарағанда, аудармашы түпнұсқа мәтінінің тілін жете түсінеді. Бұл – аудармашыға тән ерекше қасиет.

Аудармашы аудиторияда отырғандарға қандай да болмасын ақпаратты ешбір бұрмалаусыз жеткізуге міндетті. Бұл аса зор жауапкершілікті талап етеді. Аудармашы, мүмкіндігінше, барлық ақпаратты қарым-қатынасқа түсушілерге жеткізуге тырысады. Егер аудармашының еңбегі сәтті аяқталса, онда мәдени қарым-қатынас актісі жүзеге асты деген сөз.

* ЮНЕСКО (ағ. UNESCO) - Біріккен Ұлттардың білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы

Аударма – бұл тіл арқылы жүзеге асатын қарым-қатынастың бір түрі, дегенмен, аударма процесі мұнымен шектелмейді. Оның тиімді жүзеге асуы үшін өзара қарым-қатынас жасаушы адамдардың мәдени ерекшеліктерін де ескеру қажет. Сонымен қатар, аударма процесіне аудармашы мен аударылатын мәтін, сондай-ақ аталмыш үдерісте өздерін әртүрлі кейіпте ұстайтын немесе түрлі рөлдерді атқаратын түрлі адамдар тобы қатыстырылады. Ол психофизиологиялық, әлеуметтік, этикалық сипаттағы әртүрлі мәселелермен байланысты. Ал бұл аударма кезіндегі тіларалық қарым-қатынас үдерісінің ерекшелігі болғандықтан, оны зерттейтін ғылымда мұның барлығы ескерілуі қажет.

Аударматану филологиялық пәндермен, тіл білімімен және әдебиеттанумен байланысты. Сондай-ақ аударматанумен басқа да аспектілерде ұштасатын лингвистикалық зерттеулердің бағыттарын атап өткен жөн. Бұлар: мәтін лингвистикасы, психолингвистика, стилистика, терминтану, лексикология, лексикография және т.б. Аударматану мен кез келген лингвистикалық бағыт өзара тығыз байланыста болады. Тіл білімі аударматануды, ал аударматану, өз кезегінде, лингвистиканың әрі қарай зерттелуі үшін оны жаңа материалдармен толықтырып отырады.

Сонымен қатар, аударматану әдебиеттанумен де байланысты. Мұндай тығыз байланыссыз жеке әдеби бағыттардың, сондай-ақ аударма арқылы олардың өзара ықпалының, жеке мемлекеттердің, сондай-ақ бүкіл әлем әдебиеті мен қазіргі әдеби үрдістердің тарихын зерттеу мүмкін емес. Әдебиеттанушылық пен аударматанушылық зерттеулердің тығыз байланысы әдеби сын алдында тұрған аударма әдебиет пен әлем әдебиетін, салыстырмалы әдебиеттануды және т.б. бағалауда септігін тигізеді.

Осылайша, филологияның аясынан шығып кеткен аударма туралы ғылым, онымен өзара тығыз байланысын әлі де жалғастырып келеді. Аударма үшін филологиялық зерттеулер өте маңызды рөл атқарып келді және де маңызын жоғалтпайтыны сөзсіз.

Ресейде аудармаға әдебиеттанушылық тұрғыдан қараудың негізін салушылардың бірі К.И.Чуковский болды. Қазақстанда бұл бағытты С.Талжанов, З.Тұрарбеков, Ә.Сатыбалдиев, т.б. ұстанған. Ал тілтанушылық бағыттардың өкілдері (Ресейде – А.В.Федоров, Я.И.Рецкер, В.Н.Комиссаров және т.б., Қазақстанда – Ө.Айтбаев, А.Алдашева, т.б.) көркем және басқа да стильдегі мәтіндерді аудару мәселесімен шұғылданып келеді.

Аударматану филология саласына жатпайтын гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарымен де тығыз байланысты.

Аударма теориясы мен практикасы мәдениеттанумен ұштасады, себебі аударма – бір тілден екінші тілге сөздер мен сөз тіркестерін тасымалдау ғана емес, сондай-ақ мәдениеттердің де өзара қарым-қатынасы. Мәдениет тілде, әлемнің тілдік бейнесінде айқын көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, аударманы тек қана тіларалық қарым-қатынастың ғана емес, мәдениетаралық қарым-қатынастың құралы ретінде де тану қажет.

Аударматану мәдениетаралық қарым-қатынасты тиімді қамтамасыз ету үшін, мәдени антропологияның, тарихтың, этнографияның, дінтанудың

жетістіктерін де ескеруі қажет. Аударма жағдайында өзара қарым-қатынасқа түсуші халықтардың мәдениетінің, тарихының, этикалық нормаларының, діни көзқарастарының ерекшеліктерін ескермей, өзара байланыс жасаушы жақтармен тиімді қарым-қатынас орнату мүмкін емес.

Аударматану философиямен, әсіресе, оның тіл философиясы мәселелерімен айналысатын бөлімімен тығыз байланысты болып келеді. Соның нәтижесінде тілдік қызметтің ортақ ұстанымдары айқындалады.

Аударматану ойлау, сөйлеу үдерістерін психофизиологиялық тұрғыдан қарастыратын жаратылыстану ғылымдарымен, дәлірек айтар болсақ, психофизиологиямен, когнитивті нейроғылыммен, сондай-ақ, қарым-қатынас теориясы, математикалық статистика және басқа да ғылымдармен үнемі тығыз байланыста болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) Аудармашылық қызмет қандай қоғамдық мұқтаждықтарға жауап береді?
- 2) Аудармашылық қызметтің мақсаты неде?
- 3) Аудармашылық қызметтің ең алғашқы орталықтары қашан және қандай себептерге байланысты пайда болды?
- 4) Аудармашылық қызметтің негізгі кезеңдерін атаңыз.
- 5) Ең алғашқы танымал аудармашыларды атаңыз, олардың ұсынған аударма ұстанымдарын сипаттаңыз.
- 6) Аударма ғылымының пайда болуының алғышарттары қандай?
- 7) «Аударымдылық / аударуға келмеушілік» мәселесінің негізін түсіндіріңіз.
- 8) Аударма теориясының жалпы білім берушілік, лингвистикалық және қолданбалы маңызы қандай?
- 9) Аудармадағы әртүрлі бағыттарға (сөзбе-сөз, еркін, «безендіргіш») сипаттама беріңіз.
- 10) Аударматану қандай филологиялық ғылымдармен тығыз байланысты болып келеді? Бұл өзара байланыс неден көрініс табады?
- 11) Аударматанудың басқа да ғылыми пәндермен өзара байланысы неден көрінеді? Осындай өзара байланыстың қажеттілігі немен түсіндіріледі?

Тест тапсырмалары

1. Аудармашылық қызметтің көне жәдігерлері қай жерлерден табылды?
 - A) Франция мен Канададан
 - B) Батыс және Шығыс Германиядан
 - C) Месопотамия қалашығынан, Көне Мысырдан
 - D) Көне Қытайдан
 - E) Ұлыбритания мен АҚШ-тан

3. IX-X ғғ. көне грек және ислам өркениеттерінің арасындағы дәнекер қызметін қай қаладағы мектеп атқарды?
- A) Мысырдағы аудармашылық мектеп
 - B) Месопотамиядағы аудармашылық мектеп
 - C) Арабиядағы аудармашылық мектеп
 - D) Бағдаттағы аудармашылық мектеп
 - E) Қытайдағы аудармашылық мектеп
4. IX-XIII ғғ. аударманың қандай түрлері орын алды?
- A) ауызша аударма, жазбаша аударма
 - B) көркем аударма, ақпараттық аударма
 - C) сөзбе-сөз аударма, еркін аударма
 - D) абзацты-фразалы аударма, парактан аудару
 - E) ілеспе аударма, ізбе-із аударма
5. Қайта Өрлеу дәуірінде Еуропаның есімдері танымал бола бастаған аудармашылар кімдер?
- A) Мартин Лютер, Этьен Доле
 - B) Рожер Бекон, А.Ф.Тайтлер
 - C) В.Гумбольдт, Л.Вайсгербер
 - D) А.А.Потебня, Э.Сепир
 - E) Ж.Мунен, Н.Хомский
6. Еркін аударма қандай мәтіндерді аударуда жиі қолданылды?
- A) діни емес мәтіндерді
 - B) діни мәтіндерді
 - C) поэзияны
 - D) прозаны
 - E) драмалық шығармаларды
7. Сөзбе-сөз аудармаға қарсы шыққан, Библияны неміс тілінде сөйлеткен аудармашы:
- A) Этьен Доле
 - B) А.Ф.Тайтлер
 - C) Ж.Мунен
 - D) Рожер Бекон
 - E) Мартин Лютер
8. Аударма теориясының ғылыми негіздері қай ғасырда қалыптаса бастады?
- A) XX ғасырдың басы
 - B) XIX ғасыр
 - C) XX ғасырдың ортасы
 - D) XX аяғы
 - E) XIX ғасырдың басы

9. Аударымдылық дегеніміз –

- A) мәтінді принципті түрде аудару мүмкіндігі
- B) сөздерді принципті түрде аудару мүмкіндігі
- C) сөз тіркестерін принципті түрде аудару мүмкіндігі
- D) фразеологизмдерді принципті түрде аудару мүмкіндігі
- E) мақал-мәтелдерді принципті түрде аудару мүмкіндігі

10. Принципті аударуға келмеушілікті жақтаушылар:

- A) Декарт, Лейбниц, Ж.Мунен, Н.Хомский
- B) А.М.Финкель, А.В.Федоров
- C) Мартин Лютер, Этьен Доле
- D) А.А.Потебня, Э.Сепир, Н.Хомский
- E) В.Гумбольдт, Л.Вайсгербер, А.А.Потебня, Э.Сепир, Б.Л.Уорф

11. Абсолютті аударымдылық немесе толық аударымдылықты жақтаушылар:

- A) А.М.Финкель, А.В.Федоров
- B) Мартин Лютер, Этьен Доле
- C) Декарт, Лейбниц, Ж.Мунен, Н.Хомский
- D) А.А.Потебня, Э.Сепир, Н.Хомский
- E) В.Гумбольдт, Л.Вайсгербер

12. Қатысты аударымдылық (относительная переводимость) ұстанымын ұсынған аудармашы:

- A) В.Коллер
- B) В.Гумбольдт
- C) Л.Вайсгербер
- D) А.М.Финкель
- E) А.В.Федоров

Өздік жұмыстардың тапсырмалары

1. А.Тайтлердің еңбегі бойынша тапсырмалар (Tytler A.F. Essay on the principles of translation. – 3 Revised edition. ed. J. F. Huntsman. – Amsterdam, 1978).

- А.Тайтлердің «Аударма принциптері туралы эссе» атты еңбегінен алынған мына екі бағыттың сипаттамасын аударыңыз:

- to attend only to the sense and spirit of the original;
- to convey the style and manner of writing of the original author.

According to the former idea of translation, it is allowable **to improve and embellish**; according to the latter, it is necessary **to preserve** even blemishes and defects.

- А.Тайтлердің төмендегі айтылымын аударыңыз:

I would therefore describe a good translation to be that in which the merit of the original work is so completely transfused into another language, as to be as distinctly apprehended, and as strongly felt, by a native of the country to which that language belongs, as it is by those who speak the language of the original work.

- А.Тайтлердің аударманың үш заңының сипаттамасын аударыңыз:
- That the Translation should give a complete transcript of the ideas of the original work.
- That the style and manner of writing should be of the same character with that of the original.
- That the Translations should have all the ease of original composition.

Бұл үш заңды Тайтлер «аударма ережесін», яғни нормативті жазбаны қалыптастыру үшін қолданған.

2. В.Н. Комиссаровтың еңбегі бойынша тапсырмалар (В.Н.Комиссаров, Современное переводоведение. Учебное пособие. – М., 2002).

Аударма – лингвистикалық зерттеудің нысаны ретінде.

- Аударма теориясының ұзақ уақыт бойы тек лингвистиканың қолданбалы саласы ретінде қарастырылуының себебі не? Тіл білімінің структуралистік бағытының маңызы қандай?
- Тіл мамандары аударма мәселесімен қашан айналыса бастады? Негізгі себепші факторларды атаңыз.
- Лингвистика саласының аударма ғылымына әсері қашан басталды?
- В.Н. Комиссаров аударманың маңыздылығы және көпқырлылығына сипаттама беретін қандай үш тілдік факторды атап көрсетеді?
- Заманауи аударматану зерттеушілері салыстырмалы талдаудың қандай төрт әдісін қолданады? Әрқайсысының беретін нәтижесі қандай?
- Қазіргі аударма теориясының басқа да тәсілдерін атап, оларды сипаттап беріңіз.
- XX ғ. 60-жылдарындағы лингвистикалық үлгілердің аударма теориясының қалыптасуы мен дамуына тигізген ықпалы.

2 тарау

Аударма теориясының негізгі ұғымдары

§ 4. «Аударма» ұғымының анықтамасы. Аударматану ғылымының құрылымы.

Ғылыми әдебиетте аударма терминінің 30-дан астам анықтамасы бар. Белгілі кеңес аударматанушысы А.В.Федоров **перевод (аударма, ағ. translation)** терминінің **екі мағынасы** бар деп көрсеткен [Федоров: 2002. Б.13]:

1) бір тілден екінші тілге аудару ісі; жүргізілетін процесс (Мыс., Мен аудармамен айналысып жүрмін);

2) бір тілден екінші тілге аударылған еңбек, туынды; яғни іс-әрекеттің нәтижесі (Мыс., Оның сұрағаны А.Фадеевтің «Жас гвардия» атты романының аудармасы /С. Мұқанов/).

Қазақ ғылыми әдебиетінде **аударма** терминімен қатар **тәржіме** (араб тілінен *тәржіма* – 1.Аударма; 2.Өмірбаян) деген синонимі қолданылады.

Аударматану/ тәржіметану, (ор. переводоведение/ переводология, ағ. translatology) – ең басты тілтану мен әдебиеттану ғылымдарымен, сондай-ақ әлеуметтану, философия, тарих, психология, информатика ғылымдарымен тығыз байланыстағы кешенді ғылым.

Аударманың жалпы, жеке және арнайы теориялары бар.

Аударманың жалпы теориясының мақсаты – аударма ісінің жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау (осы саланы зерттеген ғалымдар: В.Н.Комиссаров, Я.И.Рецкер, Ю.Найда, Р.К.Миньяр-Белоручев, С.В.Тюленев, т.б.).

Аударманың жеке теориясының мақсаты – бір тілден екінші тілге аудару кезіндегі заңдылықтарды анықтау. Мыс., қазақша – орысша, орысша – немісше аудармасының теориясы. (А.М.Алдашева /орысша-қазақша/, В.Г.Гак /французша-орысша/, Л.К.Латышев /орысша-немісше/, т.б.).

Аударманың арнайы теориясының мақсаты – аударманың әр алуан жанрлары мен стильдерінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын анықтау. Мыс., көркем аударманың теориясы, ауызша аударманың теориясы, т.б. (Г.Гачечиладзе, А.Л.Пумпянский, А.Д.Швейцер, т.б.).



1-сызба. Аударматанудың құрылымы

Аударманың жалпы теориясы аударманың жеке теорияларымен қатар лингвистикалық теорияның бір бөлігін ғана құрайды. Аударманың жеке теориясы нақты бір тілден екінші бір тілге аударудың лингвистикалық бағыттарын зерттейді. Аударманың арнайы теориясы түрлі типтер мен жанрлардағы мәтіндерді аудару процесінің ерекшеліктерін, сондай-ақ оны жүзеге асырудағы тілдік формалар мен шарттардың осы процестің сипатына тигізетін ықпалын ашады. Аударманың жалпы теориясы теориялық негіздеме беріп, аударманың жеке және арнайы теорияларының негізгі ұғымдарын анықтайды. Аударманың жеке және арнайы теориялары аударманың жалпы теориясының ережелерін аударманың жекелей түрлеріне қатысты нақтылайды.

§ 5. Аударма - тілдік делдалдықтың бір түрі

Кез келген ғылым саласының өзіне тән ұғымдары болады. Сондай ұғымдар аударматануда да бар. Олардың кейбіреуі уақыт өте келе мазмұнын өзгерткенмен, басым көпшілігі тұрақтылығымен көзге түседі. Осындай теориялық-аудармашылық универсалияларға төмендегі ұғымдарды жатқызуға болады:

- **Бастапқы мәтін (БМ)** - аударуға арналған мәтін, *түпнұсқа*.
- **Бастапқы тіл (БТ)** - аударма жасалатын түпнұсқаның тілі.
- **Аударылған мәтін (АМ)** – аудару барысында пайда болған мәтін (екінші мағынасында «аударма» терминінің синонимі).
- **Аударма тілі (АТ)**- аударма жасалатын тіл.
- **Аударма адресаты (қабылдаушы)** - белгілі бір хабарлама алушы тұлға немесе ақпарат қабылдаушы коммуникант. Сондай-ақ «адресат» терминінің орнына «қабылдаушы» немесе «реципиент» терминдері де қолданылады.

- **Жолдаушы (жіберуші)** – хабарлама жіберген коммуникация қатысушысы; бастапқы мәтін авторы.
- **Аудармашы /тәржімеші** (ор. **переводчик**, ағ. **translator/ interpreter**)– хабар жіберуші мен адресат пайдаланатын кодтар (тілдер) сәйкес келмеген жағдайда қажет болатын коммуникацияның байланыстырушы буыны.
- **Екітілді коммуникация** – екі тілде сөйлейтін серіктестердің тілдік қарым-қатынасы. Әдетте тілдік делдал арқылы жүзеге асады.
- **Біртілді коммуникация** – пікір алмасатындар бір тілде сөйлейтін тілдік қарым-қатынас.
- **Тілдік делдалдық** екі тілді коммуникацияның орталық бөлімі болып табылады. Әртүрлі тілдерде сөйлейтін адамдардың тілдік қарым-қатынасын қамтамасыз етуші екі тілді де меңгерген адамдардың іс-әрекеті. *Тілдік делдалдық* ұғымын атақты неміс ғалымы Отто Каде (*O.Kade*) енгізді.

Жоғарыда келтірілген және т.б. ұғымдарды біз келесі тарауларда қарастырамыз. Бұдан былай осы қысқартулар қолданылатын болады.

Тілдік қарым-қатынас бір тілде (2-ші сызба) немесе әртүрлі (екі) тілдерде (3-ші сызба) сөйлейтін коммуниканттар арасында жүзеге асуы мүмкін.

Жолдаушы ----- БМ ----- БМ адресаттары

2-сызба. Біртілді коммуникация


Жолдаушы ----БМ ----- БМ адресаттары

Жолдаушы ---- БМ ----аудармашы ----- АМ --- АМ адресаттары

3-сызба. Тіл аралық екітілді коммуникация

2-ші және 3-ші сызбаларды салыстыру барысында әр тілді коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас жасаудың негізгі шарты тілдік делдалдықты жүзеге асырушы аралық буынның болатындығын байқауға болады. Тілдік делдал түпнұсқа мәтініндегі ақпаратты тауып оны екінші тілге жеткізе білуі керек. Сондықтан бұл рөлді тек қана екі тілді жетік меңгерген тұлға -аудармашы жүзеге асыра алады.

Түпнұсқа мәтініндегі ақпаратты беру тілдік делдал тіларалық қарым-қатынастың мақсатына байланысты әртүрлі формада жеткізуі мүмкін. Тілдік делдалдықтың екі негізгі түрін бөліп көрсетуге болады: *аударма* және *бейімдік транскодтау* (мазмұндау, рефераттау, аннотациялау).



4-сызба. Тілдік делдалдықтың түрлері

Аударма – шет тіліндегі түпнұсқаға бүтіндей бағытталған тілдік делдалдықтың бір түрі.

Бейімдік транскодтау – түпнұсқа мазмұны барынша біршама түрлендіріліп жеткізілетін ақпараттың белгілі көлемі мен сипатын қамтамасыз ететін қалыпта берілген тілдік делдалдықтың бір түрі. Тілдік делдалдықтың аударма адресаттарының нақты топтарына бағытталуы немесе түпнұсқадағы ақпаратты қайта құрастыру мәселесі бейімдік транскодтаудың ерекшелігі болып табылады.

Аудармаға ұқсас бейімдік транскодтау түпнұсқа мазмұнын АТ беруде үлкен рөл атқарады, бірақ аудармадан ерекшелігі құрастырылған мәтін түпнұсқасының орнын толықтай баса алмайды.

Бейімдік транскодтау түрлері - түпнұсқаның мағыналық мазмұнын жеткізу тәсілі мен оның толымдылық белгілері бойынша анықталатын аудармалар:

Қысқартылған аударма – мәтіннің мағыналық мазмұнын түрлі (саяси, моралды, этикалық) себептерге байланысты ықшамдалған, яғни қысқартылған түрде жеткізетін аударма.

Үзінді аударма – толықтай мәтінді емес, оның жеке үзіндісін немесе үзінділерін тәржімелеу.

Бағытты (аспектілі аударма) – іріктеудің қандай да бір белгісіне сәйкес мәтіннің белгілі бір бөлігінің аударылуы .

Аннотациялық (андатпа) аударма – аударылатын мәтіннің басты тақырыбы, мәні мен мақсаты ғана көрсетілетін аударма.

Рефераттық аударма – алдын ала түпнұсқа мәтіннің іріктеп алынған, бір-бірімен байланысты бөліктерінің жазбаша аудармасы. Ол нақты бір құжаттың тақырыбы, зерттеу әдістері, алынған нәтижелері туралы айтарлықтай жан-жақты мәлімет беруге арналады.

Аударма тілдік делдалдықтың негізгі түрі болып табылады.

§ 6. Аударма мәтініне қойылатын талаптар

Аудармашы екітілді коммуникация үрдісі кезінде әртүрлі тілді коммуниканттардың пікір алмасуына кедергі келтіретін лингвоэтикалық кедергіні жоя отырып, бастапқы мәтінді аударылған мәтінмен алмастырады және коммуниканттардың тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады. Сондықтан аудармашылық қызметтің заты (предмет) аударылған мәтін (АМ) болып табылады.

3-ші сызбадан жолдаушының мәтінін бір уақытта адамдардың екі бірдей тобы қабылдайтынын көруге болады. Олар: БТ сөйлейтіндер мен аудармашы жеткізген АТ сөйлеушілері. Сондықтан АМ мен БМ тең дәрежелі, баламалы болулары керек. Тілдік делдал арқылы құрастырылған кез келген мәтінді аударма деп қарауға болмайды.

АМ келесі талаптарға жауап беруі керек:

- Коммуникативті-функционалды қарым-қатынаста БМ-нің баламалы болуы;
- Мүмкіндігінше БМ-нің семантикалық-құрылымдық орнын басушы (аналогі) болуы,
- БМ мазмұнынан ауытқып кетпеуі.

Жоғарыда аталған барлық талаптарды ескергенде ғана толыққанды аудармаға қол жеткізуге болады. Осы талаптың біреуін ұстанбаудың өзі аудармаға нұқсан келтіреді.

Енді осылардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырайық. Коммуникативті-функционалды баламалылық, АМ адресатқа дәл БМ-дей эмоция, сезім тудыруы керек дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, АМ түпнұсқаның мазмұнын сақтап қалуы керек. Екінші талап, АМ мағынасы мен құрылымы жағынан түпнұсқаға барынша жақын болуы керек дегенді білдіреді, яғни сөз мәтіндік жақындықта болып отыр. Үшінші талап аудармашылық қайта құрулардың да белгілі бір шегі бар дегенді білдіреді. Мәселен, кейде сөздер мен сөз тіркестерінің орын тәртібін өзгертуге болғанмен, сөйлемдердің, сондай-ақ абзацтардың орналасу тәртібін өзгертуге болмайды т.б.

АТ-де құрастырылған мәтін мен БТ-дегі түпнұсқаны толыққанды алмастыру кезіндегі тіларалық қарым-қатынастың осындай түрін қамтамасыз ету және аударманың түпнұсқамен функционалды, құрылымдық және мазмұндық тұрғыда бірдей болуы аударманың міндеті болып табылады.

Сондықтан да аударманы тілдік делдалдықтың бір түрі ретінде тануға болады, бұл кезде түпнұсқаға коммуникативтік жағынан сәйкес келетін аударма мәтін құрастырылады. Аудармаға деген коммуникативті тәсіл – қазіргі аударма теориясының жетекші ұстанымы.

§ 7. Аудармашының коммуникативтік қызметі. Аударма теориясының пәні, міндеттері мен әдістері

Аудармашы күрделі тілдік қарым-қатынастың қатысушысы ретінде бір мезгілде бірнеше коммуникативті қызмет атқарады. Біріншіден, ол түпнұсқа адресаты ретінде танылады, БТ-дегі тілдік қарым-қатынас жасау актісіне қатысады. Екіншіден, ол АТ-де мәтін құрастырушы ретінде танылады, АТ тілдік қарым-қатынас жасау актісіне қатысады. Үшіншіден, аудармашы тек АТ-де мәтін тудырып қана қоймай, сондай-ақ түпнұсқаны функционалды, мағыналық және құрылымдық тұрғыда толыққанды алмастыратын аударма мәтінін түзейді. Ал бұл дегеніміз аудармашы БТ мен АТ тілдік актілерді біріктіреді деген сөз. Ол түпнұсқадағы тілдік бірліктер мен БТ бірліктеріне талдау жасайды. Аудармашы АТ баламалы бірліктерді іздейді, олардан баламалы тілдік мәтін құрастырады, оны бастапқы мәтінмен салыстырады, сөйтіп аударманың соңғы нұсқасын

таңдайды. Ол сонымен әртүрлі тілдердегі мәтін үзінділерінің коммуникативті тепе-теңдігін дәлелдейді.

Сондықтан аударма процесі мен оның нәтижесі аудармашының коммуникативті мүмкіндіктеріне, білімі мен дағдысына байланысты болады.

Объективті-субъективті сипаттама аудармашының бүкіл қызметін қамтиды және оның іс-әрекеті БТ бірлігінің орнына АТ бірлігін ойланбастан алмастыра салуға болмайтынын ескертеді.

Аударма теориясының (осы жерде және бұдан былай бұл термин *аударманың жалпы теориясы* мағынасында қолданылады) алдында төмендегідей **негізгі міндеттер** тұр:

- аударманың жалпы лингвистикалық негіздерін ашып сипаттау, яғни аударма процесінің негізінде тілдік жүйелердің қандай ерекшеліктері мен тілдердің қызмет ету заңдылықтары жатқанын, бұл процесті мүмкін етіп, оның сипаты мен шеңберін айқындайтынын көрсету;
- аударманы лингвистикалық зерттеудің объектісі ретінде анықтау, оның тілдік делдалдықтың басқа түрлерінен айырмашылығын көрсету;
- аудармашылық қызмет түрлері жіктемесінің негізін жасап шығару;
- түпнұсқа мен аударма мәтіндерінің коммуникативті тепе-теңдігінің негізі ретіндегі аудармашылық баламалықтың мәнін ашып көрсету;
- тілдердің түрлі комбинацияларына арналған аударманың жеке және арнайы теорияларын қалыптастырудың ерекшеліктері мен жалпы ұстанымдарын жасап шығару;
- түпнұсқа мәтінін аударма мәтініне айналдыру жөніндегі аудармашының әрекеттерін қамтитын аударма процесін ғылыми сипаттаудың жалпы ұстанымдарын жасап шығару;
- прагматикалық және социолингвистикалық факторлардың аударма процесіне деген әсерін айқындау;
- «аударма нормасы» ұғымын анықтап, аударма сапасын бағалаудың ұстанымдарын жасап шығару.

Аударма – түрлі тілдерде сөйлейтін адамдардың арасында қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету құралы. Сондықтан аударма теориясы үшін коммуникативті лингвистиканың тілдік қатынас процесінің ерекшеліктері, төл және төлеу сөз әрекеттерінің ерекшеліктері, айтылымда және мәтінде айқын көрінетін және астарлы мағынаның бір-біріне қатысы, контекст пен қарым-қатынас жасау жағдаятының мәтінді түсінуге ықпалы жөніндегі мәліметтер, адамның коммуникативті жүріс-тұрысын анықтайтын басқа да факторлардың маңызы зор.

Аударма лингвистикасындағы аударманы **салғастырмалы талдау** зерттеудің маңызды тәсілі болып табылады, яғни бұл – аударма мәтініндегі пішін мен мазмұнды түпнұсқадағы пішін мен мазмұнмен салғастырмалы

түрде талдау дегенді білдіреді. Бұндай мәтіндер бақылау мен талдауға икемді объективті деректер болып табылады. Аударма барысында түрлі тілдердегі мәтіндер арасында (түпнұсқа мен аударма мәтін арасында) белгілі бір қарым-қатынас орнайды. Мұндай мәтіндерді салғастыра отырып, аударманың ішкі механизмін, балама бірліктерді анықтауға болады, сондай-ақ түпнұсқа бірлігін аударма мәтіндегі балама бірлікпен алмастыру кезіндегі пішін мен мазмұн өзгерісін байқауға болады. Сондай-ақ бір түпнұсқаның бір немесе бірнеше аудармаларын өзара салыстыруға болады. Аудармаларды салыстырмалы талдау әр тілдің ерекшелігіне қатысты аударманың әдеттегі қиындықтары қалайша шешілетіндігін, сонымен бірге түпнұсқаның қандай элементтері жеткізілмей қалатындығын анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, шынайы процестің сипатын көрсететін «аудармашылық фактілердің» сипаттамасы шығады.

§ 8. Аударма бірліктері

Түпнұсқа мәтінін бірден түгел аудару мүмкін емес, сондықтан аудармашы оны бөлшектейді де, әр бөлікті аударды.

Аудару кезінде бөлінбейтін, шартты тәуелсіздігі бар және аудармада өзіндік шешімін талап ететін сөз тізбегінің жеке бөлшектері *аударма бірліктері* деп аталады. Аударма бірліктері дегеніміз мәтіннің көлемі жағынан бірдей бөліктері емес. Олардың көлемі аудармашының кәсіби деңгейіне (оның шет тілін білу дәрежесіне, мәтінде баяндалған мәселені ұғынуына, есте сақтау қабілетіне, жұмыс тәжірибесіне, әрекет шапшаңдығына, т.б.) және жұмыс жағдайына (жазбаша не ауызша ма, мүлдем тыныш жағдайда немесе шулы жерде, ізбе-із немесе ілесе аударуына) байланысты болады. Осы факторларға байланысты аударма бірлігі деп түпнұсқа мәтіннің тұтас аударылатын кез келген ең кіші бөлігі аталуы мүмкін (ол сөз, сөз тіркесі, сөйлем де бола алады). Дегенмен, мәтіннің кейбір бөлшектері аударма бірлігінің қасиетін барлық жағдайда сақтайды. Бұл *штамптар, жағдаяттық клишелер, терминдер және көркем оралымдар (бейнелі сөздер)*.

Штамп (неміс тілінен *stampfe* < негізі итальян тілінен *stampa* – мөр) дегеніміз (ауыспалы мағынада) ауызекі тілде, баспасөз материалдарында, ресми іс-қағаз мәтіндерінде, т.б. кездесетін жиі қолданыстағы тұрақты тілдік формулалар. Кез келген сөз, сөз тіркесі, сөйлем жиі қолданудың нәтижесінде штамп бола алады. Мысалы, *қолын қуаландырамын (подпись заверяю), тізімі қоса беріледі (список прилагается), белгіленген тәртіппен (в установленном порядке)* т.б.

Қолданыстағы жиі қайталанатын кез келген тілдік формула, өзгеріссіз пайдаланатын үлгі штамп болуы мүмкін. Сөйлеу кезінде штамптарды кеңінен қолданудың өзіндік ерекшелігі бар. Олар әр кез мәтінді қабылдап дайындауға аз уақыт бөлінген жағдайда тез арада ыңғайлы ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Міне, сондықтан штамптар көбіне-көп ауызекі тілде және ақпарат

құралдарында, баспасөз материалдарында қолданылады. Белгілі француз тілшісі ғалым Ш.Балли бұл туралы былай деп жазған: «Газеттер тілі штампқа толы, басқаша болуы да мүмкін емес: өйткені сөйлесімде жиі қайталанып қолданылатын сөздерсіз тез және дұрыс жазу қиынға түседі» [Ш.Балли:1955. Б. 109].

Штамптардың негізгі сипатының бірі - қайталанымдылығы. Бірақ тым жиі қолданылатын сөйлесімдер өз ақпараттылығын жояды, белгілі қызметін атқармайды. Орыс тілші-ғалымы В.Г.Костомаровтың ойынша, бір сөздің немесе сөйлемнің тым жиі қолданылуы оның мағынасын жойып, құр дыбысқа айналдырады [Костомаров: 1971].

Күннен-күнге қайталанатын тілдік қолданыстар өзінің жағымды немесе жағымсыз реңкін сақтап қала алады (мысалы, *жозары өнімді еңбек, өмірлік жолдама*).

Аударма кезінде ақпаратты клишені өзінің ақпараттық құнын жойған, лексикалық мағынасы көмескіленген, әсерлігін жоғалтқан штамптардан ажырата білу керек. Сонымен, штамп дегеніміз – бұл дайын сөйленіс үлгісі, ол ауызша және жазбаша мәтіндерде жиі қолданылады, аяқталған ойды білдірмейді, бірсыпыра негізгі қызметінің жойылуымен сипатталады. Штампты аударар кезде оның баламасын білу керек. Аудармашы бұл жағдайда сөз кесіндісінің мазмұндық жағын арнайы ұғынусыз жүзеге асыра алады. Бір тілден екінші тілге ауысу жолы қысқа және көп амал-әрекетті қажет етпейді; бұл ауызша аударманың кейбір түрлерін тез арада орындауға мүмкіндік береді.

Жағдаяттық клишелер – белгілі бір жағдаятқа байланысты жаттанды түрде қолданылатын стереотипті тілдік бірліктер (сөйлем оралымдары, сөз тіркестері). Мысалы, радиодан хабар жүргізуші диктор *Алматыдан* (немесе *Астанадан, т.б.*) *сөйлеп тұрмыз* десе, неміс не француз дикторы осы жағдайда басқа сөздерді қолданады (*салыстыр.*: неміс тілінде: *Hier ist Almaty*). Қандай да болмасын бір ресми адамға сөйлегенде біз *мырза* немесе *ханым* (*Президент мырза, Джонсон мырза*) деп бастаймыз. Ресми жиналыстарда кез келген ұйғарымды (резолюцияны) талқылаған кезде оны алдымен *негізге алу* ұсынылады, содан соң *толық қабылдансын* деген ұсыныс дауысқа салынады. Бұл сөз үлгілері әртүрлі жағдаятта міндетті түрде қолданылады.

Жағдаяттық клишелердің негізгі белгілері:

- 1) белгілі бір жағдаятқа байланысты бекітілген;
- 2) тиянақталған сөйленіс;
- 3) құрамындағы сөздер әрдайым өзгеріссіз сақталады.

Жағдаяттық клишелер басқа сөздермен немесе сөйленістермен араласуы мүмкін, бірақ соңғылары тұрақты емес, ал жағдаяттық клишелер міндетті түрде берілген сөйленіс жағдаятында пайдаланылады: *Хал-жағдайыңыз қалай? Назарларыңызға көп-көп рақмет! Туға тіктел! (Под знамя смирно!) Түзел! (Равняйсь!)*

Осылайша, басқа клишелерден (*міндеттемелерді орындау, назар аудару, қолдау көрсету*) айырмашылығы сол - жағдаяттық клишелер сөйленіс құрамына енгізілмейді, өз алдына тиянақталған сөйленісті білдіреді.

Аударманың тиімділігі осы жағдаятқа бекітілген клишелердің басқа тілдегі сәйкес үлгісі аудармашыға белгілі/белгісіз болуына байланысты. Бірдей жағдаятқа қатысты әр тілдегі клишелердің мағыналық ақпараты әдетте сай келмейді. Мысалы: *Есть!* - *Құп болады!*

Мұндай тілдік бірліктер аудармасының бөлек шешілуінің мәнісі мынада:

- 1) осы клише бекітілген жағдаятты анықтау керек (бұл жерде жағдаяттық клишеге қолданылып тұр ма немесе жай сөз тіркесі ме екенін анықтау қажет);
- 2) осындай жағдаятқа қатысты өзге тілден балама табу керек.

Терминдер – заттар, құбылыстар, қасиеттер туралы ғылыми ұғымды білдіретін сөздер. Терминдер негізінен бір дара ұғымды нақты білдіретіндіктен, бір мағыналы болып келеді. Сонымен қатар өз мәнінде терминдердің стильдік-эмоциялық реңкі болмайды. Кәсіби қатынастардағы сөз қолданысы анық, нақты, қысқа және дәл болғаны жөн. Егер көбінесе сөздер екінші дәрежелі ақпаратты білдіретіндіктен басқа бірліктердің арасында жойылып кететін болса, термин маңызды ақпаратты білдіреді, сондықтан әрқашан аударма кезінде мәтіннің бірлігі ретінде бөлінеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) «Аударма» терминіне анықтама беріңіз.
- 2) Аударматанудың құрылымын (аударманың жалпы, жеке және арнайы теорияларының ерекшеліктерін) ашып көрсетіңіз.
- 3) Мәтін ретіндегі аударманың белгілері қандай?
- 4) Тілдік делдалдықтың негізгі түрлерін сипаттаңыз.
- 5) Бастапқы мәтін мен аударма мәтіні баламалылығынан нені түсінесіз?
- 6) Аударма теориясының пәні мен нысанын атаңыз.
- 7) Қазіргі аударма теориясының міндеттері қандай?
- 8) Аудармашылық зерттеудің қандай әдісі негізгі болып табылады?
- 9) Аудармашылық қызметтің объективті және субъективті негізін не құрайды?
- 10) Аударма бірліктерін атап, оларға сипаттама беріңіз.

Тест тапсырмалары

1. Аударма терминінің қандай мағыналары бар?
 - A) шығарманы мазмұндау
 - B) бір тілден екінші тілге аудару ісі, үдеріс
 - C) бір тілден екінші тілге аударылған еңбек, шығарма

- D) қопару, төңкеріп тастау
E) 1) бір тілден екінші тілге аудару ісі, үдеріс; 2) бір тілден екінші тілге аударылған еңбек
2. Аударманың жалпы теориясының мақсаты:
A) ауызша аударманың ерекшеліктерін айқындау
B) аударма ісінің жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау
C) аударманың әр алуан жанрлары мен стильдерінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын анықтау
D) жазбаша аударманың ерекшеліктерін анықтау
E) бір тілден екінші тілге аудару кезіндегі заңдылықтарды анықтау
3. Аударманың жалпы теориясын зерттеген ғалымдар:
A) В.Н.Комиссаров, Я.И.Рецкер, Ю.Найда, Р.К.Миньяр-Белоручев, С.В.Тюленев
B) А.М.Алдашева, В.Г.Гак, Л.К.Латышев
C) Г.Гачечиладзе, А.Л.Пумпянский, А.Д.Швейцер
D) Декарт, Лейбниц, Ж.Мунен, Н.Хомский
E) В.Гумбольдт, Л.Вайсгербер, А.А.Потебня, Э.Сепир, Б.Л.Уорф
4. Аударманың жеке теориясының мақсаты:
A) бір тілден екінші тілге аудару кезіндегі заңдылықтарды анықтау
B) жазбаша аударманың ерекшеліктерін анықтау
C) аударманың әр алуан жанрлары мен стильдерінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын анықтау
D) аударма ісінің жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау
E) ауызша аударманың ерекшеліктерін анықтау
5. Аударманың арнайы теориясының мақсаты:
A) ауызша аударманың ерекшеліктерін анықтау
B) аударма ісінің жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау
C) бір тілден екінші тілге аудару кезіндегі заңдылықтарды анықтау
D) жазбаша аударманың ерекшеліктерін анықтау
E) аударманың әр алуан жанрлары мен стильдерінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын анықтау
6. Аударманың арнайы теориясын зерттеген ғалымдар:
A) Г.Гачечиладзе, А.Л.Пумпянский, А.Д.Швейцер
B) В.Н.Комиссаров, Я.И.Рецкер, Ю.Найда, Р.К.Миньяр-Белоручев, С.В.Тюленев
C) А.М.Алдашева, В.Г.Гак, Л.К.Латышев
D) В.Гумбольдт, Л.Вайсгербер, А.А.Потебня, Э.Сепир, Б.Л.Уорф
E) Декарт, Лейбниц, Ж.Мунен, Н.Хомский
7. Бастапқы мәтін:

- A) аударма жасалатын түпнұсқаның тілі
- B) аударма жасалатын тіл
- C) аударуға арналған мәтін
- D) екінші мағынасында «аударма» терминінің синонимі
- E) түпнұсқа терминінің антонимі

8. *Аударма тілі* бұл:

- A) аударма жасалатын тіл
- B) аударма жасалатын түпнұсқаның тілі
- C) екінші мағынасында «аударма» терминінің синонимі
- D) түпнұсқа терминінің антонимі
- E) аударуға арналған мәтін

9. *Адресат* терминінің синонимі

- A) қабылдаушы
- B) жолдаушы
- C) жіберуші
- D) аудармашы
- E) тәржімеші

10. «Тілдік дәнекерлік» ұғымын енгізген аудармашы:

- A) В.Г.Гак
- B) О. Каде
- C) Ж.Мунен
- D) А.Д.Швейцер
- E) Ю.Найда

11. *Тілдік дәнекерліктің* негізгі түрі:

- A) қарым-қатынас
- B) диалог
- C) аударма
- D) сөз
- E) тіл

12. Аударма лингвистикасындағы зерттеудің маңызды тәсілі:

- A) салыстырмалы талдау
- B) компоненттік талдау
- C) морфемдік талдау
- D) синтаксистік талдау
- E) салғастырмалы талдау

Өздік жұмыстардың тапсырмалары

1. Н.К. Гарбовский еңбегі бойынша тапсырмалар (Гарбовский Н.К. Теория перевода. – М., 2007).

Аударманы зерттеудің пәнаралық бағыты.

- Аударма теориясының пәнаралық мәртебесі пайда болуының алғышарттары.
- Аударма теориясы мен лингвистика арақатынасын ажыратудағы қайшылықтар негізіне не жатады?
- Аударманың пәнаралық тұғыры туралы идея қандай еңбектерде көрініс табады?
- Аударманың «тіларалық», «тілішілік» және «семиотикааралық» ұғымдарының ара жігін анықтаңыз. Қай ұғым аударма теориясын зерттеуде басты болып табылады?
- Н.К. Гарбовскийдің аударма теориясын пәнаралық мәртебе беру туралы көзқарасы қандай? Оның пікірімен келісесіз бе? Неліктен?

2. А.М.Алдашеваның еңбегі бойынша тапсырмалар (Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. – Алматы, 1998)

Аударма және қазақ ұлттық мәдениеті.

- Аударманың қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-танымдық қызметі неде?
- Аударманың қазақ ұлттық мәдениетіндегі орны қандай?
- Қандай шығармалар «қазақ аудармасының бастауы» деп есептелінеді?
- Қай себептен автор көркем аударманы «дербес шығармашылық туынды» деп атайды?
- Аударманың тілі туралы қандай көзқарастар келтіріледі?

3. «Мен көптілді маманмын» тақырыбына эссе жазыңыз.

3 тарау

Аудармашылық іс-әрекеттің типологиясы

§9 Мәтін – аударманың негізгі бірлігі. Мәтін типологиясы.

Туындының тілі сияқты мәтіндер де әртүрлі болады. Соған байланысты аударма үшін барынша кеңінен таралған мәтіндердің функционалды-стилистикалық жіктелімі ұсынылады.

В.В.Виноградовтың жіктеліміне сәйкес, төмендегідей функционалды стильдерді бөліп көрсетуге болады: ресми-іскери, көсемсөз (публицистикалық), ғылыми, ақпараттық, көркем, ауызекі-сөйлеу стильдері.

Егер мәтін түрлерін төмендегі сызбада орналастырар болсақ, онда мәтіндердің когнитивтік және эмоционалды бағыттылығына қарай төмендегідей сипатқа ие болады (аударматанушы С.В.Тюленев бойынша [Тюленев, 2004]):



5-сызба. Мәтін түрлері

Ғылыми-техникалық мәтіндер барынша танымдық ақпаратқа қанық болып келеді. Бұдан кейін мәтіндер төмендегідей ретпен орналасқан: ресми-іскери, публицистикалық (бұл мәтіндерде танымдық ақпаратпен қатар, эмоционалды ақпарат қоса беріледі), ауызекі-сөйлеу және көркем.

Сонымен, біз танымдық ақпараттан эмоционалды ақпаратқа өту жолдарын қарастырып өттік.

Мәтіндерді функционалды-стилистикалық тұрғыдан жіктеу көбінесе теориялық сипатқа ие. Тәжірибеде стильдер мен мәтін түрлерінің ара жігі айқындалған. Ғылыми мәтіндерде де автор өз эмоциясын білдіруі мүмкін, ал көркем стильде басқа да функционалды стильдердің белгілері байқалуы ықтимал.

Аударма мәтініне қойылатын талаптар.

Аудармашы екітілді коммуникация үрдісі кезінде әр түрлі тілді коммуниканттардың пікір алмасуына кедергі келтіретін лингвоэтикалық кедергіні жоя отырып, бастапқы мәтінді аударылған мәтінмен алмастырады және коммуниканттардың тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады. Сондықтан аудармашылық қызметтің пәні (предмет) аударылған мәтін (АМ) болып табылады.

3-ші сызбадан жолдаушының мәтінін бір уақытта адамдардың екі бірдей тобы қабылдайтынын көруге болады. Олар: БТ сөйлейтіндер мен аудармашы жеткізген АТ сөйлеушілері. Сондықтан АМ мен БМ тең дәрежелі, баламалы болулары керек. Тілдік дәнекер арқылы құрастырылған кез келген мәтінді аударма деп қарауға болмайды.

АМ келесі талаптарға жауап беруі керек:

- Коммуникативті-функционалды қарым-қатынаста БМ-нің баламалы болуы;
- Мүмкіндігінше БМ-нің мағыналық-құрылымдық орнын басуы;
- БМ мазмұнынан ауытқып кетпеуі.

Жоғарыда аталған барлық талаптарды ескергенде ғана толыққанды аудармаға қол жеткізуге болады. Осы талаптың біреуін ұстанбаудың өзі аудармаға нұқсан келтіреді.

Енді осылардың әрқайсысын жеке-жеке қарастырайық. Коммуникативті-функционалды баламалылық, АМ адресатқа дәл БМ-дей эмоция, сезім тудыруы керек дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, АМ түпнұсқаның мазмұнын сақтап қалуы керек. Екінші талап, АМ мағынасы мен құрылымы жағынан түпнұсқаға барынша жақын болуы керек дегенді білдіреді, яғни сөз мәтіндік жақындықта болып отыр. Үшінші талап аудармашылық қайта құрулардың да белгілі бір шегі бар дегенді білдіреді. Мәселен, кейде сөздер мен сөз тіркестерінің орын тәртібін өзгертуге болғанмен, сөйлемдердің, сондай-ақ абзацтардың орналасу тәртібін өзгертуге болмайды және т.б.

АТ-де құрастырылған мәтін БТ-дегі түпнұсқаны толыққанды алмастыру кезінде тіларалық қарым-қатынастың жоғарыда келтірілген түрінде жүзеге асуы мен аударманың түпнұсқамен жұмсалымдық, құрылымдық және мазмұндық тұрғыда бірдей болуы аударманың міндеті болып табылады.

Сондықтан да, аударманы тілдік дәнекерліктің бір түрі ретінде тануға болады, бұл кезде түпнұсқаға коммуникативтік жағынан сәйкес келетін аударма мәтін құрастырылады. Аудармада қолданылатын коммуникативтік тәсіл – қазіргі аударма теориясының жетекші ұстанымы.

Аудармашы күрделі тілдік қарым-қатынастың қатысушысы ретінде бір мезгілде бірнеше коммуникативтік қызмет атқарады. Біріншіден, ол түпнұсқа адресаты ретінде танылады, БТ-дегі тілдік қарым-қатынас жасау актісіне қатысады. Екіншіден, ол АТ-де мәтін құрастырушы ретінде танылады, АТ тілдік қарым-қатынас жасау актісіне қатысады. Үшіншіден, аудармашы тек АТ-де мәтін тудырып қана қоймай, сондай-ақ түпнұсқаны жұмсалымдық, мағыналық және құрылымдық тұрғыда толыққанды алмастыратын аударма мәтінін түзеді. Ал бұл дегеніміз аудармашы БТ мен АТ тілдік актілерді біріктіреді деген сөз. Ол түпнұсқадағы тілдік бірліктер мен БТ бірліктеріне талдау жасайды. Аудармашы АТ баламалы бірліктерді іздейді, олардан баламалы тілдік мәтін құрастырады, оны бастапқы мәтінмен салыстырады, сөйтіп аударманың соңғы нұсқасын таңдайды. Ол сонымен

әртүрлі тілдердегі мәтін үзінділерінің коммуникативті тепе-теңдігін дәлелдейді. Сондықтан аударма үдерісі мен оның нәтижесі аудармашының коммуникативтік мүмкіндіктеріне, білімі мен дағдысына байланысты болады.

Объективті-субъективті сипаттама аудармашының бүкіл қызметін қамтиды және оның іс-әрекеті БТ бірлігінің орнына АТ бірлігін ойланбастан алмастыра салуға болмайтынын ескертеді.

§9.1 Ғылыми-техникалық мәтіндерді аудару ерекшеліктері

Ғылыми-техникалық мәтіннің авторы – бұл белгілі бір салада қызмет атқаратын маман, ғалым, зерттеуші, өнертапқыш, техникалық сарапшы т.б. болуы мүмкін. Сондықтан бұндай мәтіннің авторы үнемі көрсетіліп отырады. Анонимді ғылыми-техникалық мәтіндер болмайды. Автор ретінде бір ғана ғалымды емес, ғалымдардың тобы немесе тұтас ғылыми-зерттеу ұйымдары, зертханалар және т.б. көрсетілуі мүмкін.

Ғылыми-техникалық әдебиетке әртүрлі ғылым саласындағы ғалымдардың монографиялары, ғылыми мақалалар, хабарламалар, диссертациялар, анықтамалықтар мен оқулықтар, ғылыми рефераттар, авторефераттар жатады. Осы аталған әдебиеттегі материалды баяндау стилі ғылыми стиль деп аталады.

Ғылыми стильдің негізгі міндеті – белгілі бір ғылым саласына қатысты ақпаратты оқырманға барынша анық және дәл түрде жеткізу. Бұл мақсатқа сай арнайы лексика, грамматикалық құралдар және өзіндік баяндау тәсілі қолданылады.

Ғылыми-техникалық мәтіндерге *арнайы лексикалық терминдер тән болып табылады*. Терминдер – бұл белгілі ғылым саласындағы немесе практикалық қызмет аясындағы ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері. Терминдер ақпаратты жеткізуге арналған. Олар басқа терминдермен жүйелік қатынасқа түсе отырып, белгілі бір ғылым немесе қызмет аясындағы ұғымдарды бір мағыналы сөзбен (мономағыналық) беруге тырысады. Терминдер стилистикалық бейтараптылығымен, контекске тәуелсіздігімен ерекшеленеді.

Ғылыми стильдің негізгі белгісі – термин сөздердің жиілігі. Ғылым салаларының түрлеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейбір сөздері термин ретінде қолданылады. Мәтінде мұндай сөздер кездескен кезде аудармашы мұқият болуы керек, яғни көпмағыналы сөздің қай мағынада қолданылып тұрғанын анықтауға тиіс. Ғылыми стильде жалпы көпмағыналы, бейнелі сөздер сирек кездеседі.

Басым көпшілік жағдайда аудармашы терминдерді аударылатын тілдегі дайын баламаларды қолданады. Олар арнайы терминологиялық сөздіктерде көрсетілген, соңғы кезде алуан түрлі салалар бойынша терминологиялық аударма (орысша-қазақша, қазақша-ағылшынша, т.т.) сөздіктер жарық көрді.

Бір ескеретін жайт – ғылымның алға басып, дамып отыратыны белгілі. Сөздіктер оған ілесе алмайды. Сондықтан кейбір жағдайда аудармашы түсініксіз терминнің мағынасын, баламасын табу үшін, өзіндік ізденіс жасап, шешім қабылдауына тура келеді. Бұл жерде тәржімешіге оның біліктілігі, түбірлес сөздерді тани білуі көмектеседі.

Ғылыми мәтіндердің екінші лексикалық қабаты – жалпытілдік лексика болып табылады. Ол талдауды, үдерісті (сараптама жүргізу, бір нәрсенің дамуы т.б.), шешімді сипаттайды және эмоционалдық бояуының жоқтығымен ерекшеленеді. Бұл – қазіргі бейтарап әдеби норма. Ғылыми мәтіндердің аталмыш қабатының сөздері мен сөз тіркестері бір-бірін алмастыратын синонимдер жүйесін құрайды. Сонымен, бір нәрсенің қажеттілігін төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің көмегі арқылы беруге болады: *маңызды мәнге ие, маңызды, үлкен рөл атқарады, қажет* және т.б. Мысалы, ағылшын тілінде *on, in, before, bendy, instead of, in order to, as a result, because of, thanks to, in order to* сөздері мен сөз тіркестері өте жиі ұшырасады. Сонымен қатар ғылыми еңбектерде бірқатар үстеу, шылау түрлері жиі қолданылады. Мысалы, *however* - дегенмен, бірақ; *also* - сонымен қатар, сонымен бірге, сондай-ақ, *again* - екінші жақтан, басқа тұстан; *now* - жұмыс барысында, сонымен сияқты, *on the other hand* - басқа жағынан қарастырғанда. Ағылшын тілінде жақсыз құрылымдар жиі кездеседі – *it is important, it is desided*.

Ғылыми-техникалық әдебиеттің тағы бір ерекшелігі – мұнда сөйленістің әртүрлі бөліктерінің арасында логикалық байланыс орнату үшін жұмсалатын көмекші сөздердің жиі қолданылуы. Қазақ тілінде, мысалы: *сол себепті, сондықтан, осыған орай, байланысты, алайда, дегенмен, бірақ*; орыс тілінде: *во-первых, наконец, следовательно, по сообщению, по мнению, очевидно, возможно, действительно*.

Ғылыми стильді грамматикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, мынадай ерекшеліктерді байқауға болады: ғылыми әдебиет белгілі бір фактілерді дәл, нақты, анық түсіндіруді мақсат ететін болғандықтан, мұнда зат есім, сын есім және етістіктің ырықсыз формасы жиі қолданылады. Ғылыми стиль синтаксисінің ерекшелігі мұнда ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделеді. Көбінесе ой сабақтас және салалас құрмалас сөйлемдер арқылы беріледі. Кейде ғылыми стильдің сабақтас құрмалас сөйлемі бірнеше жай сөйлемінің баяндауышы шартты рай формасы арқылы жасалып, екінші бөлігі ойды тиянақтау, дәлелдеу, анықтау тәсілдеріне арналады.

Ғылыми-техникалық, әсіресе техникалық мәтіндерде субъективтілікке жол берілмейді. Ғылыми стильде бастауыш көбінесе 1-ші жақтың көпше түрінде келеді, баяндаушы жіктік жалғауда қолданылады.

Ғылыми-техникалық мәтіндерде танымдық ақпарат қанық болып келеді. Көбінесе, мұндай мәтіндерде қысқартулар қолданылады: медицинада ДНҚ (дезоксирибонуклеидті қышқыл), ЭКГ (электрокардиограмма); банк ісінде VAT (value added tax, ҚҚС (қосылған құнға салық), аударматануда АТ және БТ (аударатын және бастапқы тілдер) және т.б.

Бірақ, егер жоғарыда келтірілген жалпыға танымал қысқартулар ғылымның белгілі бір саласындағы арнайы лексикаға жататын болса, келесідей қысқартылған лексикалық бірліктер жалпы тілде кездеседі: *и т.д.* (орыс. *и так далее*), *etc.* (лат. *et cetera*), *usw.* (неміс. *und so weiter*), *напр.* (орыс. *например*), *з.В.* (неміс. *zum Beispiel*), *т.б.* (қаз. *тағы басқалар*).

Жоғарыда аталған қысқартулардың түрін АТ-да қабылданған тиісті қысқартулармен аудару керек. Егер контексте тән әртүрлі қысқартулар немесе авторлық жеке қысқартулар жайлы айтар болсақ, онда түпнұсқаны қысқарту тәсілін сақтай отырып аударған жөн. Егер ол қысқарған сөз болса, ол жағдайда оны қысқарта отырып, АТ-ға сәйкес сөзбен аудару керек. Егер акроним болса (алғашқы әріптері бойынша қысқарту), онда АТ-да қысқартудың акронимдік ұстанымын сақтау керек.

Ғылыми-техникалық проза (мысалы, философия, заңтану) тілі үшін латын, сирек те болса грек, сондай-ақ неміс, ағылшын, француз тілдеріндегі сөздер мен тіркестер, терминологиялық оралымдар тән. Ереже бойынша, аудармашы бұл оралымдарды АТ-да мәтінге ешбір өзгеріссіз аударарды. Қажет болған жағдайда ол мәтін қабылдаушысына түсініксіз тіркестерді оған сәйкес ескертулері бар аудармамен немесе түсіндіре отырып аудару керек. Қазіргі тілдерде кейбір латын тіліндегі кеңінен танымал сөздер мен тіркестердің қысқарған атаулары кездеседі. Мысалы, ағылшын тіліндегі төмендегідей қысқартуларды айтуға болады: *e.g. (exempli gratia – мысалы)*, *i.e. (idest – яғни)*.

Ғылыми-техникалық мәтіндерді аудару кезінде дайындық кезеңі аса қажет. Ғылыми мақаланы, брошюраны, кітаптарды немесе басқа да ғылыми-техникалық мәтіндерді аудармаға дайындау барысында аудармашы тақырыпты, мәселені жете түсініп, бұл тақырыптарды сипаттау тәсілдерін (терминдер, тақырыпқа қатысты оралымдар) білу керек. Себебі, ол не туралы сөз болып отырғанын түсінбеуі немесе түсінсе де АТ құралдары арқылы жеткізе алмауы мүмкін. Сонымен қатар, ол мәтін авторы, оның қай дәуірде өмір сүргендігі (егер ол қазіргі дәуірдегі мәтін авторы болмаса), бұл еңбектің оның өзге де еңбектерінің ішінде және оның әріптестерінің еңбектерінің ішінде алатын орны, негізгі терминдерді қолдану эволюциясы, аталмыш мәселеге және т.б. ғылыми пікірталастардың сатысы туралы білуі керек.

Ал енді ғылыми стильдегі материалды баяндау тәсілдеріне тоқталар болсақ, негізінен бұл стильге жалпы жазба тілінің ерекшеліктері тән. Ғылыми стиль зерттеу объектісін – зат не құбылысты ғылыми тұрғыдан сипаттап, дәлелдеп, түсіндіруді керек етеді. Ал пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына сүйену қажет, сондықтан ғылыми стильде логиканың маңызы ерекше. Демек, ақпаратты жеткізудің логикалық жағына басым көңіл бөлініп, эмоциялық жағы ескерілмейді деуге болады. Сол себепті мұнда метафора, метонимия сияқты көркемдік құралдар өте сирек қолданылады.

Ақпарат мазмұны эмоцияның бір қалыпты түрінде баяндалады. Қорыта айтқанда, ғылыми стиль нақтылығымен, айқындылығымен, ойға қонымдылығымен, тілдік стандарттылығымен ерекшеленеді.

Ғылыми-техникалық әдебиетте тәржімешінің алдымен жоғары біліктілігі болуы керек, ол түпнұсқа тілінің және аударылатын тілдің ғылыми терминологиясын жақсы меңгерген болуы қажет, тіпті оның сол салада жұмыс тәжірибесі болса, тіпті жақсы. Яғни аударманың дәл болуымен қатар, ол анық тілмен, түсінікті баяндалуы керек, тіпті түпнұсқада негізгі автор ойын түсінікті, нақтылы түрде жеткізе алмай қалғанның өзінде де бұл талап сақталуы қажет. Міне, осының бәрі ғылыми-техникалық аударманың өте күрделі, қиын процесс екенін танытады. Аудармашыға үлкен жауапкершілік жүктеледі және қаншама қиын болса да, ол өз міндетін абыроймен орындауға тиіс.

Көпшілікке кеңінен арналған ғылыми мәтіндер. Көпшілікке кеңінен арналған ғылыми мәтіндер (оқулықтар, мақалалар, брошюралар және т.б.) мазмұнның ғылымилығы төмендеу болатындығымен, керісінше оқырманды қызықтыруымен, мазмұндау стилінің қысқалығымен ерекшеленеді. Осыған орай, адресат та белгілі бір ғылым саласындағы мамандар емес, бұл тақырыпқа қызығушылық білдіретін адамдар болып табылады.

Сондықтан, мазмұндау стилі қысқарады да, коммуникативтік міндет қиындай түседі. Бұл жерде аудармашы аударма кезінде ғылымилық пен танымалдықты біріктіреді. Ол үшін жалпы мәселелерді көре білуі керек. Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда анықтамалар тек қана авторлар енгізіп отырған терминдермен ғана емес, аталмыш ғылыми бағыттағы бұрыннан қабылданған және бекітілген терминдермен де толықтырылып отырылады. Мектеп оқулықтарында ғылыми-техникалық мәтіннің академиялық дәлдігінен ауытқу айқынырақ байқалады. Бұл мәтіндерде мысалдар тақырып бойынша, мазмұндау стилі бойынша барынша түсінікті тілмен баяндалады, терминдер мен қысқартулар барынша аз беріледі, ақпараттың қанықтығы төмендетіледі, синтаксис жеңілдетіліп беріледі. Жалпы алғанда, стильдің бейтараптығы сақталады, бірақ ауызекі сөйлеу стиліне жуықтайды.

Көпшілікке кеңінен арналған ғылыми мәтіндер кең ауқымды оқырмандар қауымына арналады. Автор белгілі бір ғылым саласындағы жоғары дәрежелі маман, ғалым ретінде қала береді, ол өз тарапынан көптеген мәселелерді қозғайды, ғылыми қоғамдастықтың өкілі ретінде ғана емес, өзінің өмірі мен тәжірибесінен мысалдар келтіреді, 1-ші жақтан баяндайды. Бұл жерде мәтін авторы адресатын өзінің кәсіби, ғылыми немесе техникалық нысанына қызықтыру ұмтылысы байқалады. Автор тікелей оқырманына қарата сөйлейді, бейтарап лексиканы қолданады (ауызекі, қарапайым тіркестер, бағалауыштық сөйлемдер), тіпті кейде түсінуге қиындық тудыратын немесе арнайы ақпаратты жеткізу үшін шартты кейіпкерлерді ойлап табады. Көпшілікке кеңінен арналған ғылыми мәтіндерде әртүрлі тарихи оқиғалар, қызықты анекдоттар болуы мүмкін, бұлар баяндалып отырған материалды түсінуге септігін тигізеді.

§9.2 Ресми-іскери стильдегі мәтіндерді аудару ерекшеліктері

Ресми-іс қағаздары стилі екіге бөлінеді: ресми-құжаттық және ресми-іскери. Ресми-құжаттық мәтіндерге заң мәтіндері (заң және дипломатиялық актілердің мәтіндері), ресми-іскери мәтіндерге – қызметтік хаттар мен іскери қағаздар жатады.

Ресми-іскери стиль туралы айтқанда, біз көбінесе жазбаша мәтіндер туралы айтамыз. Сондай-ақ ауызша ресми-іскери мәтіндер де кездеседі. Оларға ресми кездесулердегі, жиындардағы, мәжілістердегі, жиналыстардағы бұқаралық ақпарат құралдарына лауазымды тұлғалардың берген сөздері және т.б. жатады.

Аталмыш функционалды стиль мәтіндеріндегі негізгі ой ғылыми стильдегі сияқты бірізділікпен баяндалады. Сонымен қатар, кейбір ресми құжат түрлерінде (мысалы, іскери хаттарда) ақпаратты баяндаудың бірізге түскен тәртібі бар: адресантты таныстыру, өтініштерді, ұсыныстарды, шағымдарды және т.б. баяндау; талаптарды ұсыну; туындаған мәселелерді шешу жолдарын ұсыну; автордың қолы қойылған қорытынды, айы-күні, жылы.

Ресми-іскери стильдегі мәтіндер адамзат өмірінің және халықаралық қатынастардың маңызды аясын қамтамасыз ететіндіктен, мұндай мәтіндерді аудару кезінде түпнұсқаны толық беру керек.

Ресми-құжат мәтінінің авторы заңгер немесе заңгердің көмегіне жүгінетін, қоғамның кәмелетке толған азаматы болып табылады. Заң мәтіндерінің авторына және қабылдаушысына қатаң талап қойылады. Ол белгілі бір заңды қоғамдастықтың, алқаның мүшесі болып табылатын тәжірибелі заңгер болу керек. Егер құжатты қарапайым азамат толтыратын болса, онда ол психикалық есі дұрыс, өзінің жеке басын нақтылай алатын және белгілі бір заң операциясына қатысу құқығына ие болуы керек.

Жалпы айтқанда, ресми-іскери, заң мәтіндерінің стилі көп жағдайда тұрақты тіл бірліктердің қолданылуымен ерекшеленеді. Барлық ресми мекемелердің негізгі құжаттарының (келісімшарттар, келісімдер, анықтамалар, куәліктер және т.б.) шаблон үлгілері болады. Осыған байланысты, тәржімеші аудармамен айналыспайды, тек қана ескі үлгілер бойынша жаңа мәтінді құрастырады. Ресми-іскери стильдегі терминдердің көптігі оны ғылыми стильмен жақындастырады. Бұл стильде заңгерлерге таныс, сондай-ақ оқырман қауымға түсінікті терминдер кездеседі. Заң терминдерінің арасында халықаралық лексиканың (*домициль, апелляция, кассация, репатриация, коммюнике, реституция, дуайен, реторсии, атташе* және т.б.), көп екендігін байқауға болады. Мұндай лексикалық бірліктердің арасында ұқсас немесе мағынасы бойынша жартылай ұқсас сөздер, яғни «аудармашының жалған достары» өте көп кездеседі.

§9.3 Публицистикалық мәтіндерді аудару ерекшеліктері

Біз бұл жерде танымдық та, эмоционалды та ақпарат туралы айтамыз. Бір жағынан, публицистикалық мәтіндер фактілерді, мәліметтерді хабарлауға

бағытталған, екінші жағынан, бұл ғылыми стильдегі сияқты объективті баяндау емес. Публицистика қоғам өміріне белсене араласып отырады, фактілік материалдарға ашық комментарий жасау жолы арқылы қоғамдық ой қалыптастырады. Публицистика өзекті мәселелерді көтереді. (Публицистиканы қазіргі заманның шежіресі деп атау тегіннен-тегін емес.) Бұл оны көркем функционалды стильмен жақындастырады, бірақ өзінің танымдық, ақпараттық дәлдікпен беруге деген ұмтылысы оны шынайылықтан гөрі ойлап табуға жақын көркем туындылардан алшақтатады.

Сонымен, тақырыптық публицистикалық стиль әр түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл оның жанрлары мен мәтін түрлеріне әсер етпейді. Әрине, бұл – әрі ауызша (теле-, радиожурналистика), әрі жазбаша мәтіндер (газет-публицистикалық стильмен байланысты). Екеуі де өңдеудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін талап етеді. Аудармашы үшін публицистикалық мәтіндерді ауызша және жазбаша деп бөлу түпнұсқа мен аударманы беру тұрғысынан маңызды болып табылады.

Мәселен, теле- немесе радиобағдарламаларда мазмұндау стилі барынша жеңілдетіліп беріледі, себебі кең ауқымды көрермен-тыңдарман қауымға арналады. Бұл жағдайда публицистикалық стиль ауызекі сөйлеу функционалды стиліне жуықтайды. Жазбаша публицистикада белгілі бір ғылым саласындағы кәсіп иелері мен мамандарына арналған, әсіресе, салалық журналдар мен газеттерде журналистің, мақала авторының сөзі ғылыми немесе ресми-іскери стильге жақындайды. Бұл мазмұндау үшін таңдалынып алған лингвистикалық құралдардан байқалады: терминдер көбірек болады, синтаксис барынша күрделі болып табылады және т.б. Әрине, бұл құбылыстардың барлығы аудармадан да көрінеді.

Публицистикалық мәтін авторы көбінесе журналист болып табылады. Ол қоғамдағы оқиғаларды баяндап қана қоймай, оларды қоғамның бағалауына шақырады, қоғамдық көзқарастарға белсене ықпал жасайды. Аудармашыдан мәтін авторының ойын, тіпті аудармашы онымен келіспесе де жеткізу талап етіледі. Публицистикалық мәтіндердің қабылдаушысы ең ауқымды аудитория болуы мүмкін. Алайда, белгілі бір әлеуметтік топтарға және т.б. бағытталған басылымдар да жоқ емес (мысалы, жас ерекшелігіне қарай, діни), кәсіби топтар және т.б.

Тұрақты тілдік тіркестер мен оралымдар публицистикалық мәтіннің ерекшелігі болып табылады, бірақ олар ғылыми-техникалық немесе ресми-іскери стильдерге қарағанда әртүрлі болып келеді.

§9.4 Ауызекі сөйлеу стиліне тән мәтіндерді аудару ерекшеліктері

Ауызекі сөйлеу стилі қарым-қатынас жағдайы кезінде туындайды. Бұл кезде қарым-қатынасқа түсушілердің арасында ресми қарым-қатынас болмауы керек.

Сөйлеу тілі – бұл алдын ала даярланбаған, коммуникативті акт барысында еркін түрде дамып отыратын сөз. Осы тұрғыдан алғанда ол ғылыми және ресми-іскери стильдерден ерекшеленеді. Бұл мәселелер оған тән төмендегідей белгілерді саралап береді: сөзді бөлу, кідіру, сөйлеуші

тиісті сөзді таңдағанша үзілістің орнын толтыратын тіркестер (...это самое..., ...жаңағы..., ...well...). Ауызекі сөйлеу тілінде жағдаяттық контекске қатысушыларды түсінісу үшін ым-ишара белсенді рөл атқарады. Бұл экстралингвистикалық факторлар қарым-қатынасқа қатысушылардың бірін-бірі түсінісуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, сөйлеу тілі – бұл диалог немесе полилог (әңгімеге екі немесе одан да көп адам қатысуы) болуы мүмкін. Монолог аз кездеседі, егер бола қалған күннің өзінде ұзаққа созылмайды.

Жоғарыда айтқандарды қорыта келе, сөйлеу тілі алдын ала даярланбағандығымен, ресми еместігімен ерекшеленеді.

Бұл жердегі ақпарат танымдық тұрғыдан баяндалады, соған орай коммуникативті актіге қатысушылар бір-біріне мәліметтерді, жаңалықтарды хабарлайды, қандай да бір оқиғалар т.б. туралы айтады. Сондықтан эмоционалды ақпарат маңызды болып келеді.

Ауызекі сөйлеу стилі үшін төмендегідей семантикалық қысқартулар тән. Мысалы, орыс тілінде: *малолитражка* (*малолитражный автомобиль* дегеннен қысқарған), *малолетка* (*малолетныйден*, яғни *бала*, *жасөспірім*), *многотиражка* (*многотиражныйдан*), қазақ тілінде: *мемтерминком* (*мемлекеттік терминологиялық комиссия*), *автотұрақ* (*автомобильдік тұрақ*), т.с.с.

Ауызекі сөйлеу тілінде сөз мазмұнының мағынасын қысқа да нұсқа беретін әртекті қысқартулар кең қолданылады. Сондықтан қысқарту сөздің толық атауының орнына жұмсалады (қиын әрі еске түсіруге оңай). Ресейдегі кез келген адам *КГБ*, *ЧК* не екенін біледі. АҚШ-тың кез келген адамына егер, сіз *LA* (*Los-Angeles*) десеңіз түсінеді. Алғашқы қысқартуылардан барып таза ауызекі сөйлеу тіліндегі қысқартулар туындауы мүмкін. Мысалы, *КГБ* – (*ка*)*гэбэшник*.

Ауызекі сөйлеу стилінде төмендететін әртүрлі лақап-атаулар кездеседі. Мысалы, *русские* сөзінің орнына *кацаны* сөзін естуге болады, *украинцы* сөзінің орнына *хохлы*. Қала атаулары да мұндай өзгерістерге жиі ұшырап отырады: *Санкт-Петербург*– *Пуитер*, *San-Francisco* – *Frisco*.

Аудармашы әдетте лексикалық қысқартуларды толық береді, себебі АТ-де соған стилистикалық бояуы сай келетін балама жоқ болғандықтан, оларды аудару мүмкін болмайды. Бұл жағдайда аудармашы түпнұсқаның стилистикалық бояуын бейтараптандырады, болмаса орны толмай тұрған реңкті айтылымның басқа элементінің көмегі арқылы толықтырады. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксисі де өзгеше болып келеді. Жай көбінесе, толымсыз сөйлемдер кездеседі (азық-түлік дүкенінде: - Сүт бар ма? Екеу. - Міне, чек). Осындай эллиптикалық конструкциялар кең таралған. Аударма кезінде мұндай конструкцияларды аудармашы жағдайды түсіндіру үшін толық түрде береді.

§9.5 Көркем мәтіндерді аудару ерекшеліктері

Көркем әдебиет стилі функционалдық стильдердің ішінде барынша толық сипатталған. Оны көркем әдебиет стилінің жан-жақтылығымен, басқа

стиль түрлеріне қарағанда шығармашылық тұрғыдан дамуымен түсіндіруге болады.

Көркем мәтіндер басқа мәтіндерге қарағанда ерекше эстетикалық мәртебеге ие. Олар әрқашан мәтіндердің ерекше түрі ретінде, ал олардың құрастырушылары ерекше дарынды адамдар ретінде қарастырылып келді.

Көркем мәтіндер эстетикалық ақпаратты жеткізеді. Сондықтан бұл мәтіндерде эмоционалды ақпарат барынша айқын аңғарылады. Танымдық ақпарат басты рөл атқармайды.

Көркем мәтін көп деңгейлі болып келеді. Мұнда символдар, образдар т.б. кездеседі. Сондықтан көркем мәтіндерді аудару қиынырақ болып келеді. Көркем мәтіндерде басқа тілге аударылмайтын тілдік бірліктер және көркемдеу құралдарын бүтіндей бере алмайтын жағдайлар кездеседі. Сондықтан бірқатар танымал аудармашылар мен суретшілердің өзі көркем аударманы аударылмайды деген шешімге келген.

Аудармашы өзге тілді мәдениет өкілдері түсінетіндей мәтін құрастыруы керек. Сондай-ақ, мүмкіндігінше шығармадағы троптар мен фигураларды сақтауы тиіс. Аударма түпнұсқаның құрылу дәуірі туралы хабар беріп тұруы керек. Егер антикалық мәтін болса, онда аударма антикалық мәтіндегідей әсер қалдыруы, сол кезеңдегі әдеби бағытты бейнелеуі, түпнұсқа авторының жеке стилін білдіруі талап етіледі. Ал поэзия (аударманың ең қиын түрлерінің бірі) аудармасына қатал талап қойылады. Аудармашы шығарма мазмұнын баяндап қана қоймай, ритмикалық және метрикалық ерекшеліктерін, бунақтардың саны мен алмасу ұстанымдарын, ырғақ ерекшеліктерін, шумақтардың құрылуын білуі тиіс. Мүмкіндігінше, түпнұсқаның аудио жазбасы беріледі.

Басқаша айтқанда, аудармашы түпнұсқаның мазмұнын толық сақтау керек.

§ 10. Аударманың теориясы және психолингвистика

Аудармадағы психологиялық негіздердің айқындалуы оның маңызын түсінуге арналған қажетті алғышарт болып табылады. Аударманың үш сатысында психологиялық табиғат жатыр (негізгі мәтінді түсіну, негізгі тілдің формалар арқылы “ойластыру” және аударма тілінің формаларын таңдау). Бұл жағдай аударма теоретиктерінің психолингвистика мәліметтеріне назар аударуына түрткі болады.

Психолингвистиканың объектісі тілдік қызмет болса, ал аударма теориясының нысаны – тілдік қызметтің айрықша түрі – аударма болып табылады, сондай-ақ бұл пәндердің міндеттері көп жерде бірдей болып келеді.

Кеңестік және шетелдік психолингвистер тілдік қызметтің үш мүшелі құрылымы жөнінде ереже жасаған, оған жоспарлау (бағдарламалау) кезеңі, жүзеге асыру кезеңі және салыстыру кезеңі енгізілген. Сонымен бірге оның мақсаты мен уәжділігін ескеру қажеттігі туралы, тілдің пайда болуының эвристикалық ұстанымы туралы, соның негізінде жатқан ықтималды

(вероятное программирование) болжам туралы, тілді қабылдау процесінің белсенді сипаты туралы да қарастырылады.

Ғалым А.А.Леонтьевтің пікірі бойынша, аудармаға тән сипат сырттан бағдарламалардың тапсырылуы болып табылады [Леонтьев: 1974]. Басқаша айтатын болсақ, аудармашылық қызметтің бағдарламасы түпнұсқамен, коммуникативті актінің жағдайымен бірге тапсырылады. Аталмыш жағдайда бағдарлама ұғымы аударманың инварианты түсінігімен тең.

Аудармашының құзыреті – күрделі де көп қырлы, тіларалық және мәдениаралық актіні жүзеге асыратын бүкіл біліктілік сипаттарды қамтитын категория, тәржімешіге қоятын талаптар: бастапқы екі тілді айрықша “Аудармашыдай” меңгеру (негізгі тілді рецептивті меңгеру және аударма тілді репродуктивті меңгеру), онда тілдер бір-біріне жобаланады, негізгі мәтінді “Аудармашыдай” тәржімелеуге қабілеттілік (яғни өзге мәдениет пен өзге тілді адамға оның көзімен қарау); аударманың технологиясын білу, түпнұсқаның баламалы аударылуын қамтамасыз ететін процедуралардың жиынтығы.

Аударматанушы В.Вилсс бойынша, аудармашылық құзырлық бірыңғай қызметтік сипаттама болып табылмайды. Оның дифференциациясы екі өлшемде болады: 1) жанр бойынша (ғылыми-техникалық мәтін, көркем мәтін және т.б.); 2) бағыт бойынша (ана тілінен шет тіліне, шет тілінен ана тіліне). Аудармашы түпнұсқа мәтінді түсініп, аударманың стратегиясын құрайды және қайта құрастырады, жағдайға байланысты айтылымның функционалды болашағын таңдайды, түпнұсқа негізінде жаңа мәтін құрастырады – осының бәрі оның аудармашылық құзыретін құрайды: тілдік, тілден тыс, рецептивті, репродуктивті. Барлық құзырдың түрлері бір-бірімен тығыз байланысты [Wilss: 1978].

“Мәдени кедергіден” табысты өту үшін аударылатын тілдің нормаларын білу, аударма стратегияларын білу, аталмыш мәтіннің стилі мен жанр нормаларын білу; “фонды білім” белгілі минимумын игеру, негізгі мәтіннің баламалы тәржімелеуге арналған қажеттіліктерді, әсіресе “пәнді білу” деп аталатын аудармашы мамандығының шеңберіндегі табысты аудармаға арналған қажеттілік. Аудармашылық құзырет ұғымы аударманың қандай да бір түріне нақтыланып айтылуы мүмкін, сондай-ақ, әсіресе поэтикалық аудармаға қажетті шығармашылық қабілеттер.

§ 10.1 Ἀόαἰδίαίῦ» ἱñèõĩèèĩáæñðèèàèü° èèaññèòèèàòèüñῦ

Психолингвистикалық жіктемесіне сүйене отырсақ, аударма **ауызша** және **жазбаша аударма** болып екі түрде жүзеге асады. Ағылшын және көптеген басқа еуропалық тілдерде мұндай аударма түрлері екі түрлі сөзбен беріледі. Ағылшынша жазбаша аударатын аудармашыны - «translator», ауызша аударатын тәржімешіні – «interpreter» дейді. Алайда, ауызша және жазбаша аударманың түпнегізі ортақ, өйткені бұл аударма түрлерін бір-бірімен байланыстыратын қарым-қатынастық мақсат бір.

Іс жүзінде ауызша және жазбаша аударманы бірдей меңгерген немесе аударманың бір түрімен ғана айналысатын аудармашылар да кездеседі. Ол жазбаша аударма (көркем, техникалық және т.б.) немесе ауызша (ілеспе, ізбе-із) аударма болуы мүмкін.

Төменде ауызша аудармамен шұғылданушы Брайан Харрис [дәйексөз Чужакин, Палажченко: 1997, 23-24 бб. бойынша берілген] ұсынған ауызша және жазбаша аудармалардың айырмашылықтарын беріп отырмыз:

Жазбаша аударма	Ауызша аударма
1. Жазбаша аударманың нысаны болып табылатын мәтін сәл де болса ерте құрастырылады.	1. Ауызша аударылатын мәтін әдетте сол уақытта пайда болады (жазылған мәтіннен ауызша аударған жағдайлардан басқа кездерде).
2. Мәтін түпнұсқасы аяқталған шығарма ретінде ешбір өзгеріске ұшырамайды.	2. Айтылатын ой үнемі дамып жетіліп отыратындықтан, оның жалғасын болжау көп жағдайда мүмкін емес.
3. Аудармашы түпнұсқаны бірнеше рет қарай алады, бұл жағдайда есте сақтау қабілетінің қажеті шамалы.	3. Ауызша айтылған ой тыңдаушыға аудармашының есте сақтау қабілеті арқылы ғана жеткізіледі.
4. Мәтін толығымен жазылған сөздерден тұрады. Аудармашы оның қалай құрылғанын білмейді.	4. Айтылған ой сөзден, сонымен қатар, қол қимылдарын, мимиканы, басқа да әрекеттерді қамтиды. Аудармашы оның қалыптасуының куәгері болады.
5. Аудармашы түпнұсқа автор заманы кеңістігінен тыс болғандықтан, мәтінге эмоциялық сезімсіз объективті түрде қарауы мүмкін.	5. Аудармашы сөйлеушімен тікелей қарым-қатынаста болатындықтан, оның эмоциялық әсерінің ықпалында болады.
6. Аударманы бірнеше рет өңдеуге, түзетулер енгізуге болады. Сөздіктерді, анықтағыштарды қолдану мүмкіндіктері шектелмеген.	6. Ауызша аударатын аудармашы бірден барабар (адекватты) аударма беруі тиіс. Сөздіктерді, анықтағыштарды қолдану мүмкіндіктері шектелген.
7. Аудармашы көп жағдайда түпнұсқа авторымен де, оқырманмен де кездесе алмайды.	7. Айтушы, тыңдаушы және аудармашы тікелей қарым-қатынаста болады (әңгіме, мәжіліс кезінде).

1-кесте. Ауызша және жазбаша аудармалардың айырмашылықтары
 Аударманың (жанрлық-стилистикалық және т.б.) түрлеріне байланысты классификациялар өте көп.

§ 11. Аударма түрлері

Аударманың (жанрлық-стилистикалық және т.б.) түрлеріне байланысты классификациялар өте көп.

Әртүрлі ғалымдардың (Л.С.Бархударов, Р.К.Миньяр-Белоручев, т.б.) белгілеген межелеріне сай аударма жіктемелерінің бірнеше түрі бар.

Аудармашылық тәжірибе мен қазіргі аударматанудың ұғымдық саласы аудармалардың бірегей типологиясын құруға мүмкіндік береді. Ол аударманың дайындық деңгейінің, орындалуының, презентациясы мен қызмет етуінің түрлі жақтарын қамтиды және де ол аудармашылық қызметтің басқа да сыңарларымен тығыз байланысты.

Ғалымдар В.Н.Комиссаров [Комиссаров: 2002], В.М.Нечаева [Нечаева: 1994], А.Паршин [Паршин: 2000], М.Ю.Семенова [Семенова: 2009], т.б. аудармалардың типологизациясы төмендегі өлшемдер бойынша жүзеге асырылатынын айтады:

- 1) аударма тілі мен түпнұсқа тілінің қатыстылығы бойынша;
- 2) аударма субъектісінің түпнұсқа авторына қарым-қатынасы бойынша;
- 3) қолданылатын аударма бірліктері бойынша;
- 4) түпнұсқа мәтін мен аударма мәтінінің сипаты бойынша;
- 5) аударма мәтінінің түпнұсқа мәтінге сәйкестігі бойынша;
- 6) аударылған материалдың жанрлық-стилистикалық ерекшеліктері бойынша;
- 7) негізгі прагматикалық қызметі бойынша;
- 8) түпнұсқа мәтінінің бастапқы сипаты бойынша.

1. Аударма тілі мен түпнұсқа тілінің қарым-қатынасы бойынша ажыратылатын аудармалар(б-сызбаны қар.):

- **тілішілік аударма;**
- **тіларалық аударма.**

Тілішілік аударма – бір ұлттық тіл шеңберінде жасалатын аударма, яғни бастапқы тіл мен аударма тілі тарихи дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі бір ұлттық тілге жатады, немесе түрлі функционалды-стилистикалық және жанрлық ерекшеліктері бар мәтіндер болып табылады.

Тілішілік аударманың келесі түрлері ажыратылады: *диахрондық тәржіме және транспозиция.*

Диахрондық (тарихи) аударма– өткен дәуір тілімен жазылған тарихи мәтінді қазіргі дәуір тіліне аударып жазу.

Тілдің лексикасы мен грамматикасында едәуір өзгерістерге ұшырағатындықтан, қазіргі тіл иелері тарихи мәтіндерді толықтай қабылдап және түсіне алмауына байланысты аударманың аталмыш түрінің қажеттілігі туындайды.

Мысалы, ғалым Ғ.Қалиевтың көрсетуінше, 1974 жылы жарық көрген А. Ибатовтың «Құтықтың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының сөздігінде» 4400-ден астам сөз талданған. Еңбекте 14 ғасырда Алтын Орда дәуірінің оғыз-

қыпшақ тілдерінде жазылған әдеби мұрасы қазіргі қазақ тілінде айтылу үлгісімен берілген.

1997-1998 жж. М.Кашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» (11 ғ.-дан Қараханидтер дәуірінде жазылған әдеби мұра) үштомдық сөздігін қазақ тіліне жазушы, ғалым А.Егеубай аударған. Сөздікте қыпшақ-оғыз, т.б. тілдердің дыбыстық құрамы салыстырылып, негізгі ерекшеліктері, сәйкестіктері, алмасу заңдылықтары, келтірілген мысалдары қазіргі қазақ тіліндегі айтылу үлгісімен түсіндірілген [Ғ.Қалиев: 2006, б.242-243].

Сондай-ақ, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көне түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне «Тәзкире-и-Бұғра хан» (Сұлтан Сатұқ Бура ханғазының шежіресі) тәржімеленген (ауд.Серікбай Қосан) [14].

Транспозиция – белгілі бір жанрдағы немесе функционалды стильдегі мәтінді басқа бір жанр немесе функционалды стильге аудару.

Аударманың бұл түрі көбінесе әдеби пародияларда немесе адамдардың шағын топтары арасындағы жаргон тілінде құрастырылған және жалпыхалықтық тілде сөйлеушілерге түсініксіз мәтіндерде кездеседі.

Бұл топта мейлінше көп тараған аударманың түрі диахрондық тәржіме болып табылады.

Тілралалық аударма – екі тілдің арасында жүзеге асатын аударма, яғни бастапқы тіл мен аударма тілі екі түрлі таңбалық жүйелер арқылы құрастырылған. Сондықтан бастапқы тіл мен аударма тілі ретінде *табиғи*, сондай-ақ *жасанды тілдер* қолданылуы мүмкін.

Табиғи жолмен пайда болған, белгілі бір этносқа тән күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын тілді *табиғи тіл* деп атаймыз.

Жасанды тілдер – нақты бір этносқа қатысы жоқ, арнайы бір ортада немесе қарым-қатынас жағдайында қолданылатын және жасанды жолмен түзілген көмекші тілдер, әдетте олар – халықаралық тілдер.

Жасанды тілдер мамандырылған және мамандырылмаған болуы мүмкін. *Мамандырылмаған жасанды тілдер* ақпарат алмасу кезінде жалпы қолданысқа арналған халықаралық тілдер болып табылады (мыс., эсперанто, бейсик, англиш, би тілі, т.т.). *Мамандырылған жасанды тілдер* – бұл математика, химия, физика, т.б. ғылымдардың символды тілдері, яғни арнайы қарым-қатынас аясында қолданылатын халықаралық тілдер.

БТ мен АТ сипаты бойынша тілралалық аударманың келесі түрлері ажыратылады:


- **қостілді (бинарлы) аударма;**
- **интерсемиотикалық аударма;**
- **трансмутация.**

Қостілді, жұптас (бинарлы) аударма – белгілі бір табиғи тілден екінші табиғи тілге аудару, яғни БТ мен АТ белгілі бір этноспен байланысты (мыс., қазақ тілінен араб тіліне, жапон тілінен корей тіліне аудармалар).

Интерсемиотикалық аударма – табиғи тілден жасанды тілге не болмаса керісінше жасалатын аударма, яғни БТ мен АТ әртүрлі таңбалық жүйелерге

жатады (мыс., табиғи тілден ым-ишара тіліне (сурдоаударма), математикалық таңбалар тіліне, т.б. және керісінше аудару).

Трансмутация – нақты бір жасанды тілден екінші бір жасанды тілге аудару (мыс., эсперанто тілінен ым-ишара тіліне, т.т. аудару).



6-сызба. Аударма түрлері (аударма тілі мен түпнұсқа тілінің қатыстылығы бойынша)

2. Аударма субъектісінің түпнұсқа авторына қарым-қатынасы бойынша ажыратылатын аудармалар (7-сызбаны қар.):

- дәстүрлі аударма;
- машиналық аударма;
- аралас аударма.

Дәстүрлі (қолжазбалы) аударма – адам жасайтын аударма.

Дәстүрлі аударманың келесі түрлері ажыратылады:

- авторлық емес аударма;
- авторлық аударма;
- автор мақұлдаған аударма.


Авторлық емес аударма (немесе жай аударма) – түпнұсқа мәтінінің авторы болып табылмайтын аудармашының тәржімесі.

Авторлық аударма (немесе автоаударма) – түпнұсқа мәтіні авторының өзі жасаған аударма.

Автор мақұлдаған) аударма – автор талқылауынан өткентүпнұсқа мәтінінің аудармасы;

Машиналық (автоматты) аударма – арнайы бағдарлама бойынша компьютер жасаған аударма.

Аралас аударма – мәтіннің дәстүрлі (немесе машиналық) өңдеуінің едәуір үлесін пайдалану арқылы жасалған аударма.



7-сызба. Аударма түрлері (аударма субъектісінің түпнұсқа авторына қарым-қатынасы бойынша)

3. Қолданылатын аударма бірліктері бойынша келесі түрлерге ажыратылады (8-сызбаны қар.):

- **морфемалық аударма;**
- **дара сөздер аудармасы;**
- **фразалық аударма;**
- **тұтастай мәтінді аудару.**


Морфемалық аударма – құрылымдық байланысын ескерместен, жеке морфемалар деңгейінде жүзеге асырылатын аударма. Бұл тәсіл түпнұсқа мәтінінде аудармашыға бейтаныс, сирек қолданылатын сөздерді аудару барысында пайдаланылады. Мұндай сөздер сөздіктерге әлі енбеген авторлық неологизмдер де болуы мүмкін

Неологизм – «қоғамдық қатынастар, ғылым мен техника, мәдениет пен шаруашылықтың дамуымен байланысты тілде пайда болған жаңа сөздер мен сөз оралымдары. Жалпы алғанда, неологизмдер тілде бұрыннан белгілі сөздерден сөзжасам тәсілдері арқылы туады» [Қалиев: 2005, 227]. Сондықтан аудармашы сөзді жекелеген морфемаларға бөліп, олардың мағыналарын бастапқы тілде анықтайды. Содан соң аударма тілінде баламалы сәйкестікті (мағынасы жағынан сәйкес келетін морфемалар және сөзжасам тәсілін) іріктеп алады, мыс., *глобализация – жаһандану*.

Дара сөздер аудармасы – сөздердің арасындағы мағыналық, синтаксистік және стилистикалық байланыстар ескерілмей жүзеге асырылатын жеке сөздер деңгейіндегі аударма. Бұл тәсіл бастапқы мәтіндегі түсініксіз бөлшектеріді айқындауда жиірек қолданылады. Әрбір жеке сөз үшін аударма тіліндегі барлық баламалар алынады, соның ішінен аудармашы контекстке қажетті мағыналарды таңдап алады.

Фразалық аударма – бірінен кейін бірі тәржімеленетін жеке сөйлемдер немесе фразалар деңгейінде іске асырылатын аударма.

Тұтастай мәтінді аудару – мәтінді жеке сөздерге, сөйлемдер мен абзацтарға бөліп алмай, тұтастай тәржімелеу (көбінесе жазбаша түрінде жазылған шағын мәтіндерді аудару кезінде).



8-сызба. Аударма түрлері (қолданылатын аударма бірліктері бойынша)

4. Түпнұсқа мәтін мен аударма мәтінінің сипаты бойынша анықталатын аударма түрлері (9-сызбаны қар.):

- **жазбаша аударма;**
- **ауызша аударма.**

Жазбаша аударма – жазбаша түрде жасалған тәржіме түрі. Оның түрлері: *жазба-жазбаша аударма* және *ауызша-жазбаша аударма*.

Жазба-жазбаша аударма - жазылған мәтіннің жазбаша аудармасы.

Ауызша-жазбаша аударма – ауызша мәтіннің жазбаша түрінде жасалған аудармасы.

Ауызша аударма – ауызша түрде жасалған тәржіме. Оның түрлері: *жазбаша-ауызша* және *ауызба-ауыз аударма*.

Жазбаша-ауызша аударма – жазба мәтіннің ауызша түрде орындалған аудармасы.

Ауызба-ауыз аударма - ауызша мәтіннің ауызша түрде жасалған аудармасы. Ауызба-ауыз аударманың түрлері: *біржақты аударма, екіжақты аударма, ілеспе аударма, ізбе-із аударма*.

Біржақты аударма – бір ғана бағытта жүзеге асырылатын, яғни белгілі бір тілден екінші тілге ауызша жасалатын аударма.

Екіжақты аударма – бір тілден екінші тілге және керісінше кезекпен жүзеге асырылатын әңгіменің қосарласқан ауызша аудармасы.

Ілеспе аударма – түпнұсқа мәтінінің айтылуымен бір уақытта іске асырылатын ауызша аударма түрі.

Ілеспе аударманы бірнеше түрге бөлуге болады: *тыңдау арқылы ілеспе аударма жасау; парақтан ілеспе аударма жасау; алдын ала аударылған мәтінді ілесе оқу*.

Тыңдау арқылы ілеспе аударма жасау – аудармашыдан жинақылық пен шапшаңдықты талап ететін, аз ғана уақыт аралығында дыбысталатын бастапқы мәтінмен бірге (бір мезгілде) іске асырылатын аударма;

Парақтан ілеспе аударма жасау – дыбысталатын бастапқы мәтінмен


бірге бір уақытта іске асырылатын аударма, алайда, бұл жағдайда аудармашы өзіне берілген түпнұсқаның жазба нұсқасына сүйенеді. Сондай-ақ аударманың бұл түрі бастапқы мәтінде берілген ақпаратты толығырақ беруге мүмкіндік тудырады.

Алдын ала аударылған мәтінді ілесе оқу – бастапқы мәтіннің дыбысталуымен бірге (бір уақытта) дайын аударма мәтінін оқу. Аударманың мұндай түрі дыбысталатын түпнұсқаның мазмұнын едәуір толық бере алады.

Ізбе-із аударма – мәтін бірліктері тыңдалып болғаннан кейінгі осы бірліктер арасындағы кідіріс кезінде орындалатын ауызша аударма түрі. Ізбе-із аударманың түрлері: **жазу пайдаланылатын ізбе-із аударма, абзацты-фразалы аударма.**

Жазу пайдаланылатын ізбе-із аударма – бастапқы мәтінді қабылдау барысында жазба жүйесін пайдалана отырып, мәтінді тыңдап болған соң бір тілден екінші тілге аудару.

Абзацты-фразалы ізбе-із аударма – мәтін тыңдалып немесе оқылып болғаннан кейін толығымен емес, әдетте абзацтар немесе фразаларға бөлшектеніп тәржемеленетін ізбе-із аударманың қарапайым түрі.



9-сызба. Аударма түрлері (түпнұсқа мәтін мен аударма мәтінінің сипаты бойынша).

5. Аударма мәтінінің түпнұсқа мәтінге сәйкестігі бойынша ажыратылатын аудармалар (10-сызбаны қар.):

- **еркін аударма;**
- **дәлме-дәл аударма;**
- **әріпшіл аударма;**
- **сөзбе-сөз аударма;**
- **барабар аударма;**
- **расталған аударма;**
- **аутентикалық аударма;**
- **канондық аударма.**

Еркін аударма – бастапқы мәтіннің жалпы мазмұнын беретін, алайда бастапқы формасын сақтамайтын (мысалы, өлеңнің прозалық аудармасы) аударма түрі. Бұл шын мәнінде субъективті сипаты бар, бастапқы мәтінді алмастыру-аудару болып табылады. Негізінен көркем мәтіндерді аудару саласында қолданылады. Еркін аударма нәтижесінде көбінесе жаңа көркем туынды пайда болады, ол түпнұсқа негізінде жазылған, бірақ одан формасы, тілдік құралдары, стилистикалық қасиеттерімен ерекшеленеді.

Дәлме-дәл аударма – семантикалық дәлдік қасиетімен сипатталатын, яғни түпнұсқа мазмұнының жоспарын семантикалық тұрғыдан дәл әрі толық жеткізетін аударма.

Әріпшіл аударма– аударма мәтінінде бастапқы тілдің формалды немесе (және) семантикалық құрамалары қайта құрылғанда тілдік норманың бұзылуына немесе түпнұсқадағы ақпарат мәнінің бұрмалануына себеп болатын аударма.

Сөзбе-сөз аударма– аударма тіл сөздерінің бастапқы тіл сөздерімен қарапайым алмастырылуы. Бұл сөйлемнің әр сөзінің, сөз тіркесінің негізгі мағыналары бойынша көп жағдайда аударма тіл нормаларына бағынбай кезекпен аударылуы.


Барабар аударма – аударма тілінің ережелерін мүлтіксіз сақтай отырып, түпнұсқа мазмұнын, сол сияқты тілдік формасын (құрылым, стиль, лексика және грамматика ерекшеліктерін) толықтай қамтитын аударма. Аударманың мұндай түрі адресатта түпнұсқа авторының коммуникативті бағытына сәйкес келетін интеллектуалды және эмоциялық реакция тудырады.

Расталған аударма– түпнұсқаға сәйкестігі заңды түрде нотариуспен куәландырылған аударма;

Аутентикалық аударма – түпнұсқа мәтінімен бірдей заңды күші бар ресми құжат аудармасы. Мәселен, екі жақтың да ресми өкілі болып табылатын тұлғалардың қолдарымен расталған және мамандар тексерісіне сәйкес келетін екі ұйымның я мекеменің арасындағы келісімшарттың аудармасы.

Канондық аударма – бірден-бір дұрыс деп бекітілген және танылған, халықаралық маңызы бар құжатты тәржімелеу (мысалы, Адам құқықтары туралы декларация). Аудармашы түпнұсқа мәтіндегі үзінділерді немесе сол

<p style="text-align: center;"><i>Microsoft Tools and Resources The Research Information Centre (Beta)</i></p> <p>Developed in close collaboration with the British Library, the Research Information Centre is a virtual research environment (VRE). It was designed to allow research partners to store, share, discuss, manage, find, and track all the components of a research project—including data, references, papers, bookmarks, proposals, internal messages, information, and findings—within a simple interface. Through support of the research workflow, this tool can simplify the process of information search, facilitate discovery, effectively manage research objects, and enable versioning and archiving. The collaboration environment resides within a hosted Microsoft Office SharePoint Server</p>	<p style="text-align: center;"><i>Microsoft Tools и Ресурсы Информационный центр Исследования (Бета)</i></p> <p>Развитый в тесном сотрудничестве с британской Библиотекой, Информационный центр Исследования - действительная окружающая среда исследования (VRE). Это было разработано, чтобы позволить партнерам по исследованию хранить, разделять, обсуждать, управлять, находить, и отслеживать все компоненты научно-исследовательской работы — включая данные, ссылки, бумаги, закладки, предложения, внутренние сообщения, информацию, и результаты - в пределах простого интерфейса. Через поддержку технологического</p>

2007 platform, which is accessible from a Web browser. This service is currently in beta testing. Microsoft intends to share the code widely by the end of the year.
(http://www.microsoft.com/mscorp/tc/scholarly_communication.aspx)

процесса исследования этот инструмент может упростить процесс информационного поиска, облегчить открытие, эффективно управлять объектами исследования, и позволить versioning и архивирование. Окружающая среда сотрудничества проживает в принятой платформе MicrosoftOfficeSharePointServer 2007, которая доступна от Web-браузера. Это обслуживание в настоящее время находится в бете-тестировании. Microsoft намеревается разделить кодекс широко к концу года.
(www.translate.ru – онлайн переводчик текста PROMT)

4 тарау

Аударманың баламалылығы (эквиваленттілігі)

§ 12. Баламалылық ұғымы

Тілдік делдалдықтың басқа түрлерімен салыстырғанда аударманың ерекшелігі: ол түпнұсқаның орнын алмастыра алуы тиіс. Алайда, аударма түпнұсқаға толық сәйкес бола алмайтыны мәлім. Аудармада түпнұсқаның тек бір бөлігі ғана сақталады. Бұл бөлік мазмұны немесе формасы жағынан ең маңызды болғанымен де, ол түпнұсқаның бөлігі болып қана қалады.

Мысалы, түпнұсқадағы мазмұнын толық жеткізу мақсатында орыс тіліндегі сөйлемді ағылшын және қазақ тіліне сөзбе-сөз аударып көрейік: *Мальчик катается на коньках – The boy is rolling himself on the little he-horses. Бала кішкентай атта өзін-өзі теуіп жүр.*

Дұрысы, яғни балама аудармасы: *The boy is skating. Бала коньки теуіп жүр.*

Тәржіметануда **баламалылық** (эквивалентность) деген термин аударманың маңызды ерекшелігін танытатын негізгі нормативті категория ретінде саналады.

Аударманың баламалылығы (эквивалентность перевода) - түпнұсқа мен аударма мазмұнының мағыналық жағынан жақындығы. Сондықтан **аударма баламалылығының нормасы** - аударманың түпнұсқаға барынша мағыналық жағынан сәйкес келуі.

Баламалылық теориясы бастапқы мәтін мен аударылатын мәтіннің семантикалық қатынасын қарастырады.

Бастапқы және аударылған мәтіндердің баламалылығы мынадай үш шартты ескергенде ғана жүзеге асатын бастапқы мәтін мен аударылған мәтіннің тепе-теңдігі:

1. Аударылған мәтін бастапқы мәтіндей (түпнұсқа) адресатқа әсер етуі керек;
2. Аударылған мәтін барынша бастапқы мәтіннің мәтіндік аналогі болуы тиіс;
3. Аударылған мәтін бастапқы мәтін мазмұнынан, аудармашылық трансформация шеңберінен ауытқымауы керек.

§ 13. Баламалылықтың анықтамасына түрлі көзқарастар

Ғалымдар *аударма баламалылығы, аударма барабарлығы (адекваттылығы)* деген терминдерді әртүрлі түсіндіріп жүр. Сол себепті де ғылыми әдебиеттерде осы терминдерге берілген анықтамаларда біршама айырмашылықтар бар (Я.И.Рецкер, В.Н.Комиссаров, А.Д.Швейцер, Р.К.Миньяр-Белоручев, А.В.Федоров, Л.С.Бархударов, т.б.).

Аудармашылардың бір тобы аударма мәтінінің түпнұсқаны беру мүмкіншілігін – *барабарлық*, ал келесі бір тобы *баламалылық* деп атап жүр. Ғалымдардың көпшілігі терминологиялық тұрғыдан *баламалылық* деген ұғымды дәл деп санайды. Ал *барабарлық* термині көбінесе көркем аударма теориясында қолданылады. *Барабарлық* және *барабар* терминдері аударма процесіне бағытталған. *Барабар аударма* - бұл әдетте көркем аударманың мақсаты.

Тәржіметануда *аударманың дәлдігі* деген ұғым да бар. Аударманың барабарлығы мен дәлдіктен айырмашылығын түсіну үшін *барабар аударма* (адекватный перевод) мен *дәлме-дәл аударма* (точный перевод) терминдерінің анықтамаларын салыстырып көрейік:

Барабар (адекватты) аударма – түпнұсқаның мазмұны мен пішіні бірлігінің басқа тілдің құралдары арқылы қайта құрылуы, яғни аудармада тілдің жанрлық-стистикалық, құрылымдық-семантикалық, т.б. тілдік нормалары мен заңдылықтарының сақталуы.

Дәлме-дәл аударма – түпнұсқа мазмұнының тек заттық-логикалық бөлігі ғана көрсетілетін аударма. Мұнда әдетте аударма тілінің жанрлық-стистикалық нормалар мен тілдік заңдылықтарынан ауытқу орын алады.

Балама аударма ғылыми ұғымына анықтама берер алдында *балама* терминіне және бұл түбірден өрбіген басқа да ғылыми ұғымдарға тоқталайық.

Баламалар - контекске тәуелсіз бастапқы және аударма мәтіндерінің тең мағыналы тұрақты сәйкестіктері, тіларалық синонимдер.

Баламалық ауыстырулар (эквивалентные замены) – мағыналары тірек сөзбен синонимдес келетін лексикалық функциялар. Тұтастай айтылған ойдың белгілі бір синтаксистік түрленуі барысында нақты бір мағынаны білдіретін сөз тірек сөздің орнына жұмсалуды мүмкін.

Белгілі американдық аударматанушы Юджин Найда (*E. Nida*) динамикалы **баламалылық** терминін ұсынды. Оның мағынасы: аударманы қабылдаушының әсері мен түпнұсқаны қабылдаушы әсерінің сәйкестігі

Жалған балама - екі түрлі тілдегі айтылуы жағынан ұқсас, бірақ мағынасы басқа сөздер. Жалған баламаларды *Аудармашының «жалған достары»* деп те айтады. Бұл тіларалық омонимдер, яғни айтылуы мен жазылуы бірдей, бірақ беретін мағыналары әртүрлі болып келетін сөздер.

Мысалы:

- орыс және украин тілдерінде кездесетін тіларалық омонимдер:
вино (орыс) – *вино/віно* (укр.), *рожа* (орыс) – *рожа*(укр.).

Дұрыс баламалармен салыстырайық:

- 1) **Віно** (укр.) – устар. «приданое» (орыс)
Вино¹ (укр.) – масть карт «пики» (орыс)
Вино² (укр.) – алкогольный напиток (орыс)
- 2) **Рожа** (укр) – 1. «Мальва» (гүлдің аты)
2. Роза (сөйлеу стилі)
Рожа (орыс) – бет (сөйлеу стилі)

- орыс және поляк тілдерінде кездесетін тіларалық омонимдер/антонимдер : *uroda* (поляк) – *урод* (орыс).

Шын мәнінде **uroda** (поляк сөзі) орыс тіліндегі «красота» деген мағынаға сәйкес.

- орыс және қазақ тілдеріндегі жалған баламалар: *сарай* (орыс) – *сарай* (қаз.), ай (орыс) - ай (қаз.), т.б.

Сарай (парсы тілінен енген сөз) – «1. Дворец, отличающееся великолепием здание.

2. Дом со множеством помещений.

3. Крытое строение для содержание скота, хранения хлеба, зерна, сена и различного имущества.

4. Жан сарайы - внутренний духовный мир человека»

[Рустемов: 1989, Б.249]

Қазақ тілінде *сарай* сөзі орыс тіліндегі *сарай* сөзімен жоғарыда көрсетілген тек 3-ші мағынамен сәйкес, ал 1-ші және 2-ші мағынадағы *сарай* сөзімен жалған балама болып табылады.

Ай – орыс тілінде одағай

Қазақ тілінде: 1. Ай – түнде жерге жарық сәуле беріп тұратын планета (луна); 2. Ай – жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, 30 күндік мерзім (месяц).

Орыс және қазақ тілдеріндегі жалған баламаларға басқа да мысалдарды келтіруге болады: **баран, зина, мама, май, бас, бал, жара**, т.б.

- Түрік және орыс тілдеріндегі жалған баламалар: *bardak* (түр.) – *бардак* (орыс), *pasta* (түр.) – *паста* (орыс), *durak* (түр.) - *дурак* (орыс).

Дұрыс баламалар:

bardak – стакан,

pasta – пирожное,

durak – остановка.

- Түрік және қазақ тілдеріндегі жалған баламалар: *masa* (түр.) - *маса* (қаз.), *para* (түр.) - *пара* (қаз.), т.б.

Дұрыс баламалар:

masa – үстел,

para – ақша.

А.М.Алдашева көрсеткендей, аудару кезінде қателіктер де кездеседі, олар түпнұсқадағы сөздің сыртқы нысанын жиі қолданыстағы таныс сөздің графикалық көрінісімен шатастырудан туады [Алдашева: 1998, Б.191]:

- Как же! Мы виделись у Росси,
помните, на этом вечере, где
декламировала эта итальянская
барышня – новая Рашель
(Л.Толстой, «Анна Каренина»)

- Жолықпағанда! Ұмытпасам,
Россияда әлгі бір жаңа Рашель
дейтін Италия бойжеткені
тақпақ айтатын сауық кеште
жолыққамыз (ауд. Ғ.Орманов).

<p>В <u>погоне</u> за нарядностью девочки забывают иной раз кое о чем, для всех нас важным и дорогим. (Василенко, «Звездочка»)</p>	<p>Қыздардың кейде бәрімізге бірдей қадірлі және маңызды нәрсеге селсоқ қарап, әсемдікке қанша икемді болғанымен <u>погонды</u> дұрыс тағуды ұмытатын әдеті бар (ауд. Қ.Боранбаев).</p>
--	---

Жалған баламалардың жасалуына, сондай-ақ түпнұсқадағы жергілікті тіл ерекшелігіне тән сөздің мағынасын немесе терминдік анықтамасын аңғармаушылық та әсер етуі мүмкін. Мысалы, лексикографиялық (сөздіктегі) анықтамасы бойынша, тятя – прост. обл. отец, яғни, әке) Осы сөз (орыс тіліндегі тетя), қазақ тіліндегі тәте сөздеріне сыртқы нысаны жағынан ұқсас болғандықтан апа деген балама арқылы берілген.

- Тебя тятя высечь хочет, - поспешно прокричал первый голос (И.Тургенев, «Записки охотника»).
- Апам сені сабаймын дейді, - деп жалма-жан жауап қайырды бірінші дауыс (ауд. Қ.Сағындықов).

Баламасыз лексика дегеніміз - аударма тілінде тең мағыналы сәйкестігі жоқ лексикалық бірліктер.

Баламасыз лексиканы аударудың әдістері (В.Н.Комиссаровтың ұсынуы бойынша):

1. *Транскрипция (транслитерация* (кірме сөздер): pub – паб, speaker-спикер, ауыл – аул, алтыбақан - алтыбақан
«Ол сондықтан бүгін, ауылға жететін күні үлкендерді еріксіз қатты жүргізудің айналасын тапқанына дән ырза» (М.Әуезов, «Абай жолы»).

«Теперь он был рад, что хоть в последний день нашел средство заставить их торопиться: он решил до самого аула скакать впереди» (пер. А.Никольской).

2. *Калькалау*: brain-drain – утечка мозгов (оказионалды сәйкестік), народник – халықшыл, трудодень – еңбеккүн.

3. *Аналогтер*: drug-store – chemists – аптека (ор.) – дәріхана (каз.).

4. *Аудармашылық трансформациялар* (ұғымды жалпылау, нақтылау, модуляция): кебраго (исп.) – ағаш (каз.); орхидея (ор.) – гүл (каз.).

5. *Экспликация (мәтін ішінде суреттеме, түсіндірме, сілтеме түрінде мағынасын ашу)*:

- landslide – (оползень, көшкін) – победа на выборах подавляющим большинством голосов, – сайлаудағы басым көпшілік дауыспен келген жеңіс.

- «Тіпті былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын» (М.Әуезов, «Абай жолы»).

Боқырау – Покров (орыс халқының діни мейрамы)

- «Тянулись в ряд какие-то сооружения, напоминающие мазары – надгробные памятники богатых людей» (Ғ.Мүсірепов, «Оянған өлке», пер. А.Садовского).

- «Бала шәкірт ұзап кеткенде бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып қуып жетеді. Жорға Жұмабайдың тақымында қара шокпары бар. Байтастың да аяғының басына ілген ұзын қайың сойылы бар-ды» (М.Әуезов, «Абай жолы»).

«И оба шевелили коней, то рысью, то вскачь догоняя его, - Жумабай – зажимая под коленом свой черный шокпар, Байтас – придерживая носком сапога длинный березовый соил». (пер. А.Никольской).

Шокпар – дубина с утолщением на конце, оружие рукопашного боя,

соил – длинная, утолщенная к концу палка, употребляемая в конном бою.

§ 14. Баламалылықтың түрлері мен деңгейлері

Я.И.Рецкер «Теория перевода и переводческая практика» [Рецкер: 1974] деп аталатын еңбегінде баламалардың 4 түрін көрсетеді: толық, жартылай, абсолютті, қатыстық. Я.И.Рецкердің пікірінше, **толық балама** (полный эквивалент) - бір мағыналы сөздің мағынасын толық жеткізетін балама, **жартылай балама** (частичный эквивалент) - аударылатын тілде түпнұсқа тілдің бірегей баламасы, **абсолютті балама** (абсолютный эквивалент) - аударылатын тілдегі сөз түпнұсқа тілдегі сөзге мағыналық жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да сәйкес балама, **қатыстық балама** (относительный эквивалент) - түпнұсқа тілі сөзінің жалпы мағынасын беретін, бірақ оның стильдік жағынан мағынасын толық ашпайтын балама.

В.Н. Комиссаров [Комиссаров: 2002] қазіргі тәржіметануда аударма баламалылықтың анықтамасына үш түрлі көзқарас бар екенін көрсетеді:

- аударма баламалылық ұғымына бағалауыштық көзқарас: ең дұрыс аударма деп тек балама аударманы тану;

- аударма баламалылық ұғымына инвариантты көзқарас: түпнұсқа мазмұнында аударма баламалылығына жету үшін қажетті бір инвариант бөлігін табу;

- аударма баламалылық ұғымына эмпирикалық көзқарас: баламалылықтың негізін анықтау мақсатында көптеген аудармаларды олардың түпнұсқаларымен салыстыру.

Аударма теориясы бойынша, ғылыми әдебиеттерде баламалылықтың үштен беске дейінгі түрлері бар. Ғалымдардың көпшілігі төмендегідей түрлерін бөліп көрсетеді:

- 1) екі тілдегі жалпы ұғымдар аналог түрінде берілетін **формалды баламалылық**;
- 2) мағынасы бірдей ұғымды әртүрлі тәсілдермен беруге болатын **мағыналық баламалық**;
- 3) бір жағдаят әртүрлі (мағыналық баламалылық кезіндегі сияқты) формалардың көмегімен ғана емес, сол формалар арқылы берілетін әртүрлі қарапайым мағыналардың (сема) көмегімен сипатталатын **жағдаяттық баламалық**.

Кейбір ғалымдар хабар алушыға белгілі бір нұсқау беруді қарастыратын **прагматикалық баламалылықты** (*коммуникативті баламалылық* синонимі де қолданылады) бөліп көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда аударымдылық мәселесі өз шешімін табады.

Аударымдылық – бұл ықтималдық заңдылығы: егер аударманың барлық фактілерін жинақтап, талдау жасайтын болсақ, онда бастапқы және аударма мәтіндерінің коммуникативті-функционалды баламалылығы көп жағдайда жүзеге асатындығы белгілі болады.

Сондықтан **аударма баламалылығы** – түпнұсқа мен аударма мазмұнының (мағыналық жақындық) бірлігі; **балама аударма** – бұл баламалықтың бір деңгейінде түпнұсқа мазмұнын жеткізетін аударма; **баламалылық деңгейі (типі)** - аударма кезінде сақталатын, түпнұсқа мазмұнымен анықталатын, түпнұсқа мен аударманың мағыналық жақындығының деңгейі.

Потенциалды баламалылық пен аудармашылық баламалықты ажырата білу керек. **Потенциалды баламалылық** – екі әртүрлі тілде құрастырылған мәтін мазмұнының барынша мағыналық жақындығы. **Аудармашылық баламалылық** - аударма процесінде аудармашы қол жеткізген түпнұсқа мен аударма мәтіндерінің шынайы мағыналық жақындығы.

Аударма кезінде түпнұсқа мазмұнын барынша сақтау аудармашылық баламалылықтың шегі болып табылады. Алайда, жекелеген жағдайларда аударманың түпнұсқаға жақындық дәрежесі және түрлі тәсілдер арқылы берілуі мүмкін. БМ мен АМ жүйелеріндегі айырмашылықтар мен бұл тілдерде мәтін құрудың түрлі деңгейдегі ерекшеліктері аудармада түпнұсқа мазмұнын толық сақтау мүмкіндігін шектейді. Сондықтан аудармашылық баламалылық түпнұсқадағы мағынаның әртүрлі элементтерін сақтауға (немесе, керісінше сақтамауға) негізделуі мүмкін. Аудармада түпнұсқа баламалылығын қамтамасыз ету үшін мазмұнның қандай бөлігі берілетіндігіне қарай баламалылықтың әртүрлі деңгейлерін (типтерін) бөліп көрсетуге болады. Аударма тіларалық коммуникацияны баламалылықтың кез келген деңгейінде қамтамасыз етуі мүмкін.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) «Балама», «баламалылық», «аударма баламалылығы» терминдеріне анықтама беріңіз.
- 2) Бастапқы және аударылған мәтіндер баламалылығының негізгі ұстанымын атаңыз.
- 3) *Балама аударма, барабар аударма* және *дәл аударма* терминдерінің айырма белгілерін атаңыз.
- 4) Баламалылықтың анықтамасына қатысты айтылған әртүрлі көзқарастарды атаңыз.
- 5) «Коммуникативті-функционалды баламалылық» термині тіркесінің көмегі арқылы аударымдылық мәселесін қалай шешуге болады?
- 6) Баламалылықтың көпдеңгейлі теориясының негізін түсіндіріңіз.
- 7) Баламалылықтың түрлерін атаңыз.
- 8) Жалған баламаларға мысалдар келтіріңіз.
- 9) Баламасыз лексиканы аударудың қандай тәсілдері бар?
- 10) Түбірі «баламадан» басталатын біртүбірлі термин сөздердің ұясын түзіңіз.

Тест тапсырмалары

1. *Балама* дегеніміз не?

- A) контекске тәуелсіз тең мағыналы тұрақты сәйкестік
- B) реалий сөз
- C) аударма тіліндегі түпнұсқа тілге антоним сөз
- D) екі түрлі тілдегі айтылуы жағынан ұқсас, бірақ мағынасы бөлек сөздер
- E) сәйкессіздік

2. Баламалылық теориясы нені қарастырады?

- A) бастапқы мәтін мен аударма мәтіннің арасындағы ғылыми қатынасты зерттеу
- B) бастапқы мәтін мен аударма мәтіннің арасындағы семантикалық қатынасты зерттеу
- C) бастапқы мәтін мен аударма мәтіннің арасындағы құрылымдық қатынасты зерттеу
- D) бастапқы мәтін мен аударма мәтіннің арасындағы функционалды қатынасты зерттеу
- E) бастапқы мәтін мен аударма мәтіннің арасындағы кез келген қатынастарды зерттеу

3. Аударма баламалылығының нормасы қалай анықталады?

- A) бір сөз тіркесі немесе сөйлем көлеміндегі лингвистикалық контекстің толық аударылуын талап ету негізінде.

- В) бастапқы мәтін мен аударма мәтінінің арасындағы кез келген қатынастарды зерттеуді талап ету негізінде.
- С) аударманың түпнұсқаға барынша мағыналық жағынан жақын болуын талап ету негізінде.
- Д) есту арқылы бір уақытта жүзеге асатын ауызша аударманы толыққанды зерттеуді талап ету негізінде.
- Е) аударманың прагматикалық құндылығын қамтамасыз етуді талап ету негізінде.

4. «Динамикалы баламалылық» термині нені білдіреді?

- А) түпнұсқа мазмұны мен формасының бірлігін басқа тілдің құралдары арқылы жеткізу
- В) бір сөз тіркесі немесе сөйлем көлеміндегі лингвистикалық контекст
- С) бір сөз тіркесі немесе сөйлем көлеміндегі грамматикалық контекст
- Д) түпнұсқаны қабылдаушы мен аударманы қабылдаушы реакцияларының сәйкестігі
- Е) есту арқылы бір уақытта жүзеге асатын ауызша аударма

5. Баламалылық ауыстырулар деп нені айтамыз?

- А) мағыналары тірек сөзбен антонимдес келетін бірліктер
- В) мағыналары тірек сөзбен омонимдес келетін бірліктер
- С) түпнұсқа тілінде бар, бірақ аударылатын тілде жоқ сөздер
- Д) мағыналары тірек сөзбен синонимдес келетін бірліктер
- Е) аударылатын тілде нақты сәйкестігі жоқ бірліктер

6. *Жалған балама* дегеніміз не?

- А) контекске тәуелсіз тең мағыналы тұрақты сәйкестік
- В) реальный
- С) аударма тіліндегі түпнұсқа тілге антоним сөз
- Д) екі түрлі тілдегі айтылуы жағынан ұқсас, бірақ мағынасы басқа сөздер
- Е) форма жағынан да, мағынасы жағынан да толық сәйкессіздік

4. Баламасыз лексика дегеніміз не?

- А) контекске тәуелсіз тең мағыналы тұрақты сәйкестік
- В) аударма тілінде тең мағыналы сәйкестігі жоқ лексикалық бірліктер
- С) аударма тілдегі түпнұсқа тілге антоним сөз
- Д) екі түрлі тілдегі айтылуы жағынан ұқсас, бірақ мағынасы бөлек сөздер
- Е) сәйкессіздік

7. В.Н. Комиссаров баламасыз лексиканы аударудың қандай тәсілдерін ұсынады?

- А) транскрипция, аударма
- В) калькалау, аударма
- С) аудармашылық трансформациялар, транскрипция
- Д) аналогтар, транскрипция (транслитерация)

Е) транскрипция (транслитерация), калькалау, аналогтер, аудармашылық трансформациялар, экспликация

8. Баламалылық бірлігі дегеніміз -

- А) мәтін элементі құрылымдарының бірлігі
- В) тілдік бірлік
- С) тұтастай берілетін түпнұсқаның минималды бірлігі
- Д) аудармада сақталатын түпнұсқа мәтінінің минималды бірлігі
- Е) аударма процесінің бірлігі

9. Баламалылық деңгейі қалай анықталады?

- А) бастапқы және аударылатын мәтіндер арасындағы тұрақты толық сәйкестіктер арқылы
- В) аударма кезінде сақталып, түпнұсқаның мазмұнды бөлігін анықтайтын түпнұсқа мен аударманың мағыналарының жақындық деңгейі арқылы
- С) түпнұсқа мен аударма мазмұнының тұтастығы арқылы
- Д) бір сөз тіркесі немесе сөйлем көлеміндегі лингвистикалық контекст арқылы
- Е) ауызша берілетін аударманың барлық түрлерін біріктіретін түсінік арқылы

10. Аударма баламалылығы дегеніміз не?

- А) түпнұсқа мен аударманың мағына жағынан сәйкес келмеуі
- В) түпнұсқа мен аударманың бірдей грамматикалық құрылымы
- С) түпнұсқа мен аударма мазмұнының мағыналық жақындығы
- Д) мәтіннің эмоциялық әсер қалдыру қасиеті
- Е) түпнұсқа тілінде бар, бірақ аударылатын тілде жоқ сөздер

11. Баламалардың қандай түрлері бар?

- А) толық, жартылай, абсолютті, қатыстық
- В) негізді, негізсіз, мағыналы, мағынасыз
- С) ашық, жабық, толымды, толымсыз
- Д) тура, ауыспалы, біртекті, әртекті
- Е) тура, жанама, сәйкесті, сәйкессіз

12. Бір мағыналы сөздің мағынасын толық жеткізетін балама түрі қалай аталады?

- А) абсолютті
- В) қатыстық
- С) толық
- Д) жартылай
- Е) біртекті

13. Аударылатын тілде түпнұсқа тілдің бірегей баламасы болмай, оның тек кейбір мағыналарын бере алатын балама түрі қалай аталады?

- А) абсолютті

- В) қатыстық
- С) толық
- Д) жартылай
- Е) біртекті

14. Түпнұсқа тіл сөзінің жалпы мағынасын беретін, бірақ оның стильдік жағынан мағынасын толық ашпайтын балама түрі қалай аталады?

- А) абсолютті
- В) қатыстық
- С) толық
- Д) жартылай
- Е) біртекті

Өздік жұмыстардың тапсырмалары

1. А.М.Алдашеваның еңбегі бойынша тапсырмалар (Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. – Алматы, 1998).

Аудармадағы сөз таңдау.

- Автордың анықтамасындағы *баламасыз лексика* терминнің белгілірін атаңыз.
- Автор көрсеткен орысша-қазақша жалған баламалардың мысалдарын талдаңыз. Аудармашылық қателердің себептері неде?

2. Төмендегі сөздер қандай тәсілдер арқылы жасалған?

- Сөздерді ағылшын, орыс тілдеріне аударыңыз.
- Ағылшын, орыс тілдеріндегі баламалардың жасалу тәсілдерін анықтаңыз. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі баламалардың сөзжасамдық құрылымдары бірдей ме?

Беймезгіл, ақта, тұзда, гүріл, сынақ, бұрғыла, бейуақыт, есепте, бұлбұлдай, әкетай, үйшік, қалашық, келді, қарлығаш, ағайын, білезік, биыл, былтыр, жаздыгүні, тасбақа, итмұрын, айта-айта, тікен-тікен, сап-сары, шай-пай, алды-арты, ыдыс-аяқ, шал-шауқан, ту-талақай.

Братик, приветствовать, подоконник, водовоз, подбежать, великовозрастный, новоселье, водяной, подножный, кресло-качалка, паровоз, повсюду, межконтинентальный, физкультурник, обезжиренный, металлорежущий, подземный, выпатся, темно-синий.

Sleepless, unacceptable, car-jacker, Afrocarrebean, bioengineering, blackboard, anti-depressant, co-education, end-of-day, backwoodsman, nationally, parliament, submarine, superman, inter-university, ex-president, subnormal, vice-captain, irrational, multiparty, money-saver, untruth.

3. Көркем аудармаларды түпнұсқамен салыстырып талдаңыз.

- Аударманың қай нұсқасы сізге ұнайды? Себептерін анықтаңыз.
- Реалий (баламасыз лексика) сөздерді табыңыз. Оларды басқа тілде беру кезіндегі сипаттама аударма тәсілінің рөлін көрсетіңіз.
- Қосымша мәліметтердің (Қ.Жаңабаевтың аудармасында) қажеттілігін анықтаңыз.

Махамбет

Ереуіл атқа ер салмай

Ереуіл атқа ер салмай,
 Егеулі найза қолға алмай,
 Еңку-еңку жер шалмай,
 Қоңыр салқын төске алмай,
 Тебінгі терге шірімей,
 Терлігі майдай ерімей,
 Алты малта ас болмай,
 Өзіңнен туған жас бала
 Сақалы шығып жат болмай,
 Ат үстінде күн көрмей,
 Ашаршылық, шөл көрмей,
 Өзегі талып ет жемей,
 Ер төсектен безінбей,
 Ұлы түске ұрынбай,
 Түн қатып жүріп, түс қашпай,
 Тебінгі теріс тағынбай,
 Темір қазық жастанбай,
 Қу толағай бастанбай
 Ерлердің ісі бітер ме?

Не снарядив запасного коня

Не снарядив второго коня,¹
 Не отточив боевого копья,
 Не озирая грозно края,
 Грудью не встретив мороз и ветра,
 Не затерев свой потник до дыр,
 Ставший легким и тонким, как жир,
 Курт не отведав в течение дня,²
 Не пожалев, что сын, возмужав,
 Станет чужим и оставит тебя,³
 В жестком седле не встречая восход,
 В голоде лютом не мчась круглый год,
 Не испытав безводный поход,

Не избежав семейных забот,
Под зноем полдненным коня не гоня,
Не прячься в ночь, не отстав от дня,
Не подшивая чепрак у огня,
Свои сны под Полярной звездой храня⁴
Одиночество не выбирая в друзья,
Разве достигнет цели **герой?** ⁵

Примечания к стихотворным текстам

Не снарядив запасного коня

¹*Не снарядив второго коня...* Казахские батыры, отправляясь в набеги и дальние походы, обычно вели в поводу второго (сменного) коня. Не прерывая пути, они давали возможность скакунам отдохнуть.

²*Курт не отвел в течение дня...* Поэт утверждает, что герой, посвятивший свою жизнь делу освобождения народа, не только не помышляет об удобствах и таких необходимых потребностях, как еда и сон, но зачастую забывает даже о минимальном: *алты малта ас болмай* - не имея в запасе даже остатков творога, курта

³*Станет чужим и оставит тебя...* Согласно казахской традиции, взрослые сыновья, обзаведясь семьей, получив в наследование свою долю: сезонные пастбища, скот, иные богатства, становятся самостоятельными хозяевами собственных владений. Отец и старшие родственники, поставив ему отдельный аул, практически не вмешиваются в его хозяйственные дела, таким образом отчуждая его и давая ему возможность набраться опыта в управлении хозяйством.

⁴*Под Полярной звездой своих снов не храня...* Певец отразил космологические представления кочевников. Эта звезда (Темір Қазық, - Железный Кол) - точка, где свершился когда-то акт творения, есть "центр мира", высшая ценность мифопоэтического сознания казахов, олицетворение гармонии и порядка в космосе на земле. Враги этой гармонии, всевозможные хтонические существа, нечисть, темные силы в ночное время суток кружатся под этой звездой, пытаясь сорвать кол, держащий небесный купол, поэтому и человек, оставшийся в открытой степи ночью, должен обрести пристанище, например, в мазаре. Неустрашимый лирический герой готов проводить бессонные ночи под самой Полярной звездой, готов к подвигам во имя справедливости и реальной гармонии на земле.

⁵*Разве достигнет цели герой?* Настоящий герой должен испытать все трудности суровой походной жизни. Самоотверженный героизм, так почитаемый в народе, требует от исполнителя максимального напряжения физических и душевных сил ради достижения благородной цели.

Перевод и примечания: К.Жанабаев // Евразия, 2002, № 1. - С.47; 51

Пока скакуна не смиришь ты, ездок,
Пока ты не выхватишь острый клинок,
Пока не услышишь ты клич боевой,
Пока не ударит в грудь ветер степной,
Пока ты не будешь смелей всех вояк,
Пока не истреплешь ты в клочья чепрак
Пока лишь лепешкой не будешь ты сыт,
Пока тебе сына жена не родит,
Пока бородой он в боях не оброс,
Пока ты в седле в дни войны и угроз,
Пока не пришлось тебе жаждой сторать,
Пока не пришлось тебе голод узнать,
Пока не забыл ты о ласках жены,
Пока не забыл ты о подвигах сны,
Пока и для сна ты с коня не сойдешь,
Пока для боев свой клинок бережешь,
Пока еще можешь ты спать на камнях,
Пока еще дух не окреп твой в боях,—
Можно ль тебя называть храбрецом?

Перевод **Вс.Рожественского**// Поэты Казахстана. - Л.: Советский писатель.-
1978 - С.159

5 тарау

АУДАРМА ПРАГМАТИКАСЫ

Бұл тақырыптың негізгі ұғымдары:

- **прагматикалық** – прагматизмге негізделген, яғни тек пайдалы кеңес бергендікті шындық деп танушылық;
- **прагматика** – адамдар өзара қарым-қатынаста қолданатын тіл бірліктерінің әсерін қарастыратын тіл білімінің бөлігі;
- **аударманың прагматикасы (аударманың прагматикалық қыры)** – мәтін ақпаратына нақты бір көзқарасты қалыптастыру мақсатымен қабылдаушыға белгілі түрде әсер ету қажеттілігі;
- **прагматикалық қарым-қатынас** – белгілік жүйені қолданатын белгілер мен тұлғалардың арасындағы қарым-қатынас;
- **прагматикалық мағына** - әртүрлі қабылдаушылар тарапынан тілдік айтылымдағы ақпараттың ерекше қабылдануы. Прагматикалық мағына прагматикалық қарым-қатынас арқылы анықталады;
- **прагматикалық бейімделу** – қабылдаушының ақпараттық қорын ескере отырып, оған нақты бір қырынан әсер ету үшін бастапқы мәтінді түрлендіру;
- **аударманың прагматикалық бейімделуі** – нақты қабылдаушыға әсер етуді көздейтін мақсатпен аударма мәтініне енгізілген өзгерістер;
- **аударманың прагматикалық нормасы** – аударманың прагматикалық құндылығын талап ететін норма;
- **аударманың прагматикалық құндылығы** – аударма процесінің алға қойған міндеттеріне аударма мәтіннің сәйкестік деңгейі;
- **прагматикалық (функционалды) түрдегі барабар аударма** – түпнұсқаның негізгі коммуникативтік қызметін дұрыс беретін аударма;
- **мәтіннің прагматикалық әлеуеті** – мәтіннің қабылдаушыға әсер етіп, жеткізіліп отырған хабарға интеллектуалды немесе эмоциялы әсер ету қасиеті.

және т.б. осы тарауда кеңінен қарастырылады.

§ 15. «Аударма прагматикасы» ұғымы

Прагматика (*pragma* – грек. *іс, әрекет*) терминін семиотикаға 1930 ж. Ч. Моррис (*C. Morris*) енгізді. Аударматанудағы прагматикалық зерттеу сөйлеу субъектісі, адресатпен, қарым-қатынас үдерісіндегі өзара әрекетпен,

сондай-ақ қарым-қатынас жағдаятымен байланысты сұрақтарды құрастырады.

Қарым-қатынаста субъект тілінің айтылым барысындағы анық және анық емес мақсаттары, сөйлеу тактикасы, әңгімелесу ережесі, хабарланатын ақпараттың шынайылығы, олардың анықтылығы, көп мағыналы болмауы және сөйлеушінің хабарланатын ақпаратқа қарым-қатынасы сияқты мәселелері қарастырылады.

Қарым-қатынас жағдайындағы әңгімелесудің тақырыбы мен формасының нақтылығы (әдеттегі тақырыптар мен әртүрлі ресми жағдайлардағы қарым-қатынас формалары). Тілралық қарым-қатынас жағдайында жоғарыда аталған аспектілерді әртүрлі тілдер қарым-қатынасы аясында қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Прагматикалық зерттеулер аударманың қарым-қатынастық теориясында, көбінесе *skopos теориясында* және оның логикалық жалғасы ретінде Ю.Хольц-Мянттяридің аудармашылық әрекеті теориясында көрініс тапқан.

§ 16. «Аудармашылық стратегия» ұғымы. Мәтіннің прагматикалық потенциалды қайта жаңғыртылуы

Аударма практикасында аудармашылық стратегия ұғымы ертеректе қалыптасқан. *Аудармашылық стратегия* дегеніміз - белгілі бір аударма кезіндегі аудармашы әрекетінің жүйесі. Кей кездерде бұл ұғымның орнына «аудармашы әрекеті» ұғымы қолданылады.

Дегенмен, аудармашылардың назарына аудармашылық стратегия мәселесі кеш ілінді. Кейінгі жылдары Д.Селескович, М.Ледерер, С.Басснет-Макгайр, Х.Крингс еңбектерінде қарастырыла бастады, ғалымдардың ішінен Ю.Хольц-Мянттяри аудармашылық әрекеттерге талдау жасағандардың бірі болды (аталған аударматанушылар туралы толығырақ мәлімет 9-шы тарауда берілген).

Аудармашылық әрекет деп аударманы жүзеге асыру барысындағы мүмкін болатын әрекеттердің жиынтығын атасақ, ал аудармашылық стратегия деп белгілі бір мәтінді аудару кезіндегі аудармашының саналы түрде таңдап алған әрекеттерінің жиынтығын атаймыз.

Х.Фермеер аудармашылық әрекетті мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру барысындағы сараптамалық қызмет ретінде сипаттайды. Ол «скопос» теориясын аудармашылық іс-әрекет теориясының бір бөлігі ретінде қарастырады.

Ю.Хольц-Мянттяри аудармашылық іс-әрекеттің мәні қызметтің сараптамалық қарым-қатынасында емес, белгілі бір мақсатта басқа адамдар үшін белгілі бір өнім беруінде деп түсіндіреді. Ол мұны «дизайнерлік өнім» деп атайды. Осы айтылған аудармашылық әрекеттер қатарына Х.Риску аудармашы мен реципиенттің қатысу қажеттігін қосады.

Аудармашылық әрекетті «дизайнерлік өнім» үрдіс ретінде сипаттай келе, Ю.Хольц-Мянттjари «мәтін дизайнын» жүзеге асыру үшін мынадай қажетті әрекеттерді атап өтеді:

- өнім мен оның қажеттіліктері туралы өзіндік ойларды нақтылау;
- іс-әрекет жоспарын құрастыру;
- мәтінді құрастыру;
- бұл үрдісті басшылыққа алу;
- аударма құралдарын іздеу;
- белгілі бір жағдайға икемдеп, табылған материалдарға өзгерістер енгізу;
- өз шешіміңізді дәлелдеу;
- өз іс-әрекетіңізге үнемі баға беру.

Зерттеушілердің көпшілігі аудармашылық іс-әрекеттерді талқылау барысында жазбаша аударманы негізге алады. Осы орайда, М.Ледерер ілеспе аударма материалдары негізінде құнды пікірлер айтты. М.Ледерер ілеспе аудармашының жұмысы кезінде байқалатын 8 түрлі операцияны бөліп көрсетеді:

1. Ауызша айтылған сөзді түсіну.
2. Естілгенді түсіне білу.
3. Түпнұсқа мәтінінен алынған бірліктердің мағынасын түсіну.
4. Когнитивті ес базасының негізінде аударма тіліндегі айтылымдарды қалыптастыру.
5. Автоматты түрде жүзеге асатын, тура сәйкестіктерді пайдалана отырып, бастапқы тіл негізіндегі элементтерді қайта қалпына келтіру.
6. Вербалды ес негізінде айтылым элементтерін қайта қалпына келтіру.
7. Тыңдау арқылы өз сөзіне бақылау жасау.
8. Айналадағы жағдайды түсіну.

Жоғарыда аталған операциялардың ішінде жетіншісі, яғни тыңдау арқылы өз сөзіне бақылау жасау жазбаша аудармада кездеспейді.

§ 17. Прагматикалық қатынастардың типтері

Тілдік белгілер адамдарға жағымды, жағымсыз немесе бейтарап әсер қалдыра отырып, түрлі реакциялар тудыруы мүмкін. Оқырманға немесе тыңдарманға прагматикалық бағыт тұрғысынан кез келген айтылым және кез келген мәтін эмоциялық әсер береді. Осындай мазмұндағы әсер ету 3 негізгі фактор арқылы анықталады. Біріншіден, бұл - айтылымның мазмұны (қайғылы немесе қуанышты оқиға туралы хабарларға байланысты адамдардың оны қабылдау реакциялары әртүрлі болатыны сөзсіз). Екіншіден, хабарды қабылдау айтылымды құрайтын белгілердің өзгешелігіне байланысты. Бірдей хабарлар әртүрлі жеткізілуі мүмкін. Мәтіннің (айтылымның) прагматикалық әсерін мазмұн, белгілі бір тілдік құралдармен рәсімдеу, қабылдаушының типі сияқты факторлар анықтайды. Үшіншіден,

айтылымға прагматикалық әсер ету адресаттың қабылдауына байланысты. Мысалы, бір адамның қайтыс болғандығы хабарды оның туысқандары, кездейсоқ таныстары немесе мүлде бөтен адамдардың бәрі бірдей қабылдамайды. Бұл фактіден шығатын қорытынды, айтылымның формасымен және мазмұнымен айқындалатын прагматикалық әсер ету жартылай жүзеге асуы мүмкін. Мәтін мазмұны мен формасын талдау бұл әлеуетті анықтауға мүмкіндік туғызады, бірақ мәтіннің әртүрлі қабылдаушыға әсер етуінің шынайы мазмұнын алдын-ала болжауға болмайды.

Әртүрлі айтылым белгілі бір коммуникативтік әсер алу мақсатында құрылады. Сондықтан прагматикалық әлеует айтылым мазмұнының маңызды бөлігін құрайды. Қабылдаушыға мәтіннің прагматикалық әлеуетін жеткізу немесе өзгерту арқылы әсер етуге болады. Бұдан аударма мәтінінде оның прагматикасы маңызды рөл атқарады деп қорытынды жасауға болады.

Түпнұсқа прагматикасы мен аударманың арақатысы әртүрлі болуы мүмкін және аударманың прагматикалық адекваттылығы бастапқы мәтіннің прагматикасын сақтауы міндетті емес. Неміс аударматанушысы А.Нойберт аударма барысындағы прагматикалық қатынастардың 4 типін ұсынады. Мұндай градация түпнұсқа мәтінінің мазмұнына байланысты белгіленеді.

Прагматикалық қызығушылықтары бірдей аударманың оқырмандары үшін (мысалы, ғылыми-техникалық әдебиет) түпнұсқаның прагматикалық бағыттылығы толықтай беріледі. Арнайы аударма үшін жасалған түпнұсқалардың прагматикалық әлеуеті сәтті аяқталады (шет тілді аудиторияларға арналған ақпараттық және басқа да материалдар). Келесі - белгілі бір тілдік ұжым мүшелеріне ерекше бағытталған және аударманың қабылдаушыларына ешбір қатысы жоқ түпнұсқалар (заң құжаттары, қоғамдық-саяси және экономикалық басылымдар, т.б.).

§ 18. «Скопос теориясының» маңызы

Қазіргі аударматануда аудармашыны түпнұсқа прагматикасының бағдарынан толық босататын бағыт бар. *Скопос теориясы* аталынған тұжырымдаманы жақтаушылардың айтуынша, аудармашы қалай болғанда да тапсырыс берушінің көздеген мақсатына жетуі керек. Сондықтан кейбір жағдайларда аударма түпнұсқаға жақын болуы немесе одан бөлектеніп тұруы мүмкін. Тіпті, мынандай жағдаятты келтіруге болады. Аудармашы түпнұсқадан мүлде ауытқып, қойылған мақсатқа жету үшін өз бетімен мәтін құрастыруы мүмкін. Бірқатар жағдайларда түпнұсқа мазмұнын баламалы жаңарту аудармада прагматикалық әлеуеттің де көрініс табуын қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда тәржімешіге аударманың прагматикалық бейімделуіне жүгінуіне тура келеді. Аударма практикасында мұндай бейімделудің 4 түрі жиі қолданылады.

Прагматикалық бейімделудің бірінші түрі аударманы қабылдаушылардың хабарламаны адекватты түсінуін қамтамасыз етуге

мақсатталған. «Орташа деңгейдегі» қабылдаушыны ескере отырып, аудармашы түпнұсқа оқырмандарына түсінікті хабарламаның қажетті аялық білімнің болмауына байланысты, аударма оқырмандарына түсініксіз болу мүмкіндігін ескереді. Мұндай жағдайларда тәржімеші аударма мәтініне жеткіліксіз білімнің орнын толықтыратын қосымша ақпарат енгізеді. Кейде бұл елеулі қосымшаларды керек етпейді. Мысалы, көбінесе түпнұсқада сөз болатын әртүрлі географиялық және мәдени-тұрмыстық реалийлер түсіндіруді қажет етеді.

Прагматикалық бейімделудің екінші түрі түпнұсқа мазмұнын дұрыс қабылдау мақсатымен қабылдаушыға бастапқы мәтін аудармасының эмоционалды әсерін жеткізеді. Әрбір тілде ассоциациямен байланысты объектілердің атаулары бар. Мысалы, орыс тілінде – *береза*, қазақ тілінде – жусан.

Енді аудармадағы прагматикалық бейімделудің үшінші түрін қарастырайық. Жоғарыда айтылғандардан айырмашылығы бұл жағдайда аудармашы орта деңгейдегі қабылдаушыға емес, тиісті әсер ету тұрғысынан нақты қабылдаушымен қарым-қатынастың жағдаятына бейімделеді.

1. Нақты жағдайда аудармашы айтылған сөзді емес, ойды жеткізуді жөн көреді. Мысалы, бірнеше шетелдік азаматтар аудармашымен бірге олармен жоғары көтерілетін адамды лифтіде күтіп тұр дейік. Ол адам оларға жақындап келіп: мен бірінші қабатта тұрамын дейді. Сонда аудармашы ең басты себепті емес, қорытындыны аударуды жөн көріп: «ол бізбен бірге жоғары көтерілмейтіндігін айтты» деп аударды.

2. Қабылдаушы талап ететін әсерге жету үшін, аудармашы түпнұсқада қолданылған тәсілдерден басқа тәсілдердің қажеттігін өзі шешеді.

Әдеби шығармалардың, кинофильмдердің, теледидар бағдарламаларының атауларын аударғанда үйреншікті, әрі табиғи түрде беру мақсатында прагматикалық бейімделудің осы типі жиі қолданылады.

Прагматикалық бейімделудің 4-ші типін «экстрааудармашылық» міндеттердің шешімі ретінде сипаттауға болады. Кез келген аударма - аудармашының нақты бір мақсатқа жету үшін құрастыратын мәтіні. Бірақ кейде аудармашы түпнұсқаны дәлме-дәл қайта тудырумен байланысты емес белгілі бір мақсатқа жету үшін және қандай да бір өз міндетін шешу мақсатында қолдануы мүмкін. Дәл айтатын болсақ, мұндай аударманы «аударма» деп атауға болмайды.

Сонымен, *прагматикалық бейімделу* дегеніміз – бастапқы мәтіннің прагматикалық мазмұнын ескере отырып, мәтінді қайта құрастыру.

Прагматикалық бейімделу тәсілдеріне *қосуды* (яғни мәтінге қосымша элементтерді енгізу) және оған қарама-қарсы тәсіл *түсіріп тастауды* (яғни шет тілді қабылдаушы үшін артық деп танылған ақпаратты алып тастауды) жатқызуға болады.

§ 19. Аударылатын мәтіндердің прагматикалық классификациясы

Алдыңғы (3-ші) тарауда айтылғандай, аударматануда прагматикалық бағыты бойынша тәржімелердің келесі түрлеріне көңіл бөлінеді (аударма түрлерінің анықтамалары 3-ші тарауда берілген):

- **аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне сәйкестігінің сипаты бойынша ажыратылатын аудармалар:**
 - *еркін аударма,*
 - *интерпретация,*
 - *адекватты (барабар) аударма,*
 - *дәлме-дәл аударма,*
 - *аутентикалық (түпнұсқаға сай келетін) аударма,*
 - *қуәландырылған аударма.*

- **түпнұсқадағы мағыналық мазмұнның жеткізілу түрі мен толықтығы бойынша бөлінетін аудармалар:**
 - *толық (тұтас) аударма,*
 - *толымсыз (үстірт) аударма,*
 - *қысқартылған аударма,*
 - *үзінді аударма,*
 - *бағытты аударма,*
 - *мазмұндамалық аударма,*
 - *рефераттық аударма.*

- **негізгі прагматикалық қызметі бойынша орындалатын аудармалар:**
 - *тәжірибелік аударма,*
 - *қарабайыр (ақпараттық) аударма,*
 - *кеңесіп жасалатын аударма,*
 - *баспалық (басылымдық) аударма,*
 - *жарияланған аударма,*
 - *оқып-үйрену аудармасы,*
 - *тәжірибелік аударма,*
 - *үлгілі аударма.*

§ 20. Аударма сапасына жалпы баға беру. Аударманы бағалауға әсер ететін факторлар

Аударма нәтижесін бағалау өте маңызды. Оның негізінде аударманың сипаттамасы ретінде түсінілетін функционалды немесе динамикалық баламалылық ұстанымы жатуы мүмкін. Бұл жағдайда шет тілді

кабылдаушыға соңғы ақпарат жіберушінің бастапқы хабарламаны түсінуіне сәйкес жіберіледі.

Аударма сапасын егжей-тегжейлі бағалау керек. Бұл үшін дәстүрлі түрде *барабар аударма*, *баламалы аударма*, *дәлме-дәл аударма*, *әріпшіл аударма және еркін аударма* терминдері қолданылады.

Барабар аударма (4-ші тарауды қар.) – барлық талаптарды, соның ішінде, бірінші кезекте қойылған прагматикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, бұл – тіларалық қарым-қатынасқа қатысушылардың немесе аударма сапасын бағалайтын тұлғалардың үмітін ақтайтын «жақсы» аударма деген сөз. *Баламалы аударма* (4-ші тарауды қар.) – бұл түпнұсқа мазмұнын баламалықтың бір деңгейінде жүзеге асыратын аударма.

Барабар аударма баламалы болуы керек, бірақ *кез келген баламалы аударма* барабар бола алмайды.

Дәлме-дәл аударма (4-ші тарауды қар.) – түпнұсқа мазмұнының тек заттық-логикалық бөлігі ғана көрсетілетін аударма. Мұнда әдетте аударма тілінің жанрлық-стистикалық нормалары мен узуалды заңдылықтарынан ауытқу орын алады. Баламалы аударма дәлме-дәл болып келеді, ал дәлме-дәл аударма ішінара баламалы болуы мүмкін.

Әріпшіл аударма – аударма мәтінінде бастапқы тілдің формалды немесе семантикалық компоненттері қайта құрылғанда тілдік норманың, узустың бұзылуына немесе түпнұсқадағы ақпарат мәнінің бұрмалануына себеп болатын аударма. Аудармашыға филологиялық аударманы орындау прагматикалық міндеті жүктелгенде, яғни аудармада бастапқы мәтіннің формалды ерекшеліктерін толық беру жағдайларынан басқа кезде, *әріпшіл аударма*, әдетте барабар аударма бола алмайды.

Еркін аударма – аудару барысында берілген жағдайларда қол жеткізуге болатын аудармаға қарағанда баламалықтың біршама төмен деңгейінде орындалатын аударма. Егер еркін аударма арқылы белгілі бір прагматикалық міндет орындалған немесе аударманың жоғары көркем құндылығы қамтамасыз етілген жағдайда *еркін аударма барабар* болуы мүмкін.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) «Аударма прагматикасы» терминінің анықтамасын түсіндіріңіз.
- 2) «Аударманың прагматикалық құндылығы» ұғымын түсіндіріңіз.
- 3) «Аударманың прагматикалық нормасы» деген не?
- 4) «Аудармашылық стратегия» мәселесін зерттеген ғалымдарды атаңыз.
- 5) Оқырманға/ тыңдарманға әсер етудің негізгі факторларын атаңыз.
- 6) А.Нойберт прагматикалық қарым-қатынастың қандай 4 түрін бөліп көрсетті?
- 7) «Скопос-теориясының» мәні неде?

- 8) Аударманың прагматикалық бейімделуінің тәсілдерін атаңыз.
- 9) Аударманы бағалауға қандай факторлар әсер етеді?
- 10) Аудармашы қызметін бағалаудың өлшемдері қандай?
- 11) Аудармашылық қызметті стандарттау мәселесі қалай шешілуде?
- 12) Рефераттық аудармаға анықтама беріңіз.
- 13) Рефератқа қойылатын талаптарды атаңыз.
- 14) Аннотациялық аудармаға анықтама беріңіз.

Тест тапсырмалары

1. Прагматикалық тұрғыдан баламалы саналатын аударма дегеніміз не?
 - A) түпнұсқа мазмұнын дұрыс жеткізетін аударма
 - B) түпнұсқаның негізгі коммуникативті қызметін жеткізетін аударма
 - C) түпнұсқаның құрылымын дұрыс жеткізетін аударма
 - D) түпнұсқаның мазмұндық-құрылымдық сыңарларын жеткізетін аударма
 - E) түпнұсқаның негізгі қызметтерін дұрыс жеткізетін аударма

2. Аударманың прагматикалық құндылығы неде?
 - A) аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне сәйкестік деңгейінде
 - B) аударма мәтінінің аударма әрекетіне, міндеттеріне сәйкестік деңгейінде
 - C) түпнұсқа мен аударма мазмұндық жағынан сәйкестік деңгейінде
 - D) түпнұсқа мен аударма тұлғаларының сәйкестік деңгейінде
 - E) түпнұсқа мен аударманың құрылымдық-семантикалық белгілерінің сәйкестігі деңгейінде

3. *Мәтіннің прагматикалық әлеуеті* дегеніміз –
 - A) түпнұсқаның мазмұндық-құрылымдық сыңарларын жеткізетін аударма
 - B) түпнұсқа мен аударманың құрылымдық-семантикалық белгілерінің сәйкестігі
 - C) берілетін хабарға қабылдаушының интеллектуалды немесе эмоционалды реакциясын тудыратын, оған әсер ететін мәтіннің қабілеттілігі
 - D) қабылдаушының ақпараттық қорын ескере отырып, оның нақты реакциясын қамтамасыз ету үшін бастапқы мәтінді аудару
 - E) жекелеген сөйлемдер немесе фразалар деңгейінде орындалатын аударма

4. *Мәтіннің қабылдаушыға әсер ету қасиеті* дегеніміз –
 - A) мәтіннің прагматикалық нормасы
 - B) мәтіннің прагматикалық функциясы
 - C) мәтіннің прагматикалық әлеуеті
 - D) мәтіннің прагматикалық бағыты
 - E) мәтіннің прагматикалық міндеттері

5. *Аударманың прагматикалық нормасы* дегеніміз –
 - A) аударманың прагматикалық құндылығын қамтамасыз ету

- B) жекелеген сөйлемдер немесе фразалар деңгейінде орындалатын аударма
- C) қабылдаушының ақпараттық қорын ескере отырып, оның нақты реакциясын қамтамасыз ету үшін бастапқы мәтінді аудару
- D) аударманың соңғы нұсқасы
- E) көркем әдебиетке жатпайтын түпнұсқалардың аудармасы

6. Прагматиканы аударма теориясының ең басты бағыты ретінде қарастырған неміс аударматанушысы:

- A) О.Каде
- B) К.Райс
- C) Э.-А.Гутт
- D) Г.Егер
- E) А.Нойберт

7. Мәтіннің (айтылымның) прагматикалық әсерін қандай факторлар анықтайды?

- A) мазмұн; белгілі бір тілдік құралдармен ресімделуі; қабылдаушының типі
- B) мазмұн; мәтін формасы; мәтін көлемі
- C) мәтін стилі; оның формасы; мәтін көлемі
- D) мәтіннің эмоционалды реңкі; қабылдаушының типі
- E) мазмұн; қабылдаушының типі

8. Аударма прагматикалық адаптациясының қажеттілігі неде?

- A) нақты қабылдаушыға қажетті әсер етуде
- B) аударма баламалылығына қол жеткізуде
- C) аударма толықтығына қол жеткізуде
- D) аударма олқылықтарын түзетуде
- E) түпнұсқа олқылықтарын түзетуде

9. *Прагматикалық адаптация* дегеніміз:

- A) жекелеген сөздер деңгейінде орындалатын аударма
- B) есту арқылы бір уақытта жүзеге асатын ауызша аударма
- C) жекелеген сөйлемдер немесе фразалар деңгейінде орындалатын аударма
- D) қабылдаушыға әсер ететін мәтін қабілеттілігі
- E) қабылдаушының ақпараттық қорын ескере отырып, оның нақты реакциясын қамтамасыз ету үшін бастапқы мәтінді аудару

10. «Скопос теориясының» мәні неде?

- A) аудармашы түпнұсқа прагматикасын сақтауы керек
- B) аудармашы қалай болғанмен де тапсырыс берушінің мақсатына жетуі керек
- C) аудармашы түпнұсқа прагматикасын өзгертуі керек
- D) аудармашы түпнұсқа прагматикасына назар аудармауына болады

Е) аудармашы түпнұсқаның тек негізгі мағынасын беруі керек

Өздік жұмыстардың тапсырмалары

1. Ағылшын тілінде конспект-реферат және түйіндеме-реферат жасаңыз (қазақ тілінде жазылған, соңғы жылдардағы ғылыми басылымдар бойынша).
2. Өз таңдауыңыз бойынша ғылыми мақалаға аннотациялық аударма жасаңыз.
3. Бір ғылыми басылымға ағылшын тілінде сипаттама және рефераттық аннотация жазыңыз.
4. Дайын рефераттар бойынша олардың түрін анықтаңыз (монографиялық, жинақтық, таңдамалы және шолу), мысалы, берілген рефераттың:

Science Shows Us How the World Is by Min Seok Kim

"Is Science Dangerous?" by Lewis Wolpert appeared in the March 25, 1999 issue of Nature. In this article, Wolpert insists that scientific knowledge has no moral or ethical value, and that all it does is make a just society.

Wolpert tells us that we do not know the exact difference between science and technology. In actuality, science makes ideas about how the world works; scientists do not cause unethical behaviors. However, technology – such as the genetic engineering feats of human cloning, gene therapy, and genetically modified foods – can do so. Wolpert suggests some guidelines to reduce ethical problems: all scientific ideas should be criticized by others; knowledge should be used to do good, not evil; and government and the media should act correctly in carrying out the applications of science

In the article "Is Science Dangerous?" Lewis Wolpert explains that science itself is not dangerous, and the real danger depends on how safely science is applied – and on how we respond to it.

5. Ағылшын тіліндегі реферат жазу бойынша кеңестерді қазақ тіліне аударыңыз. Рефераттарға тиісті тілдік клешелер мен етістік түрлеріне назар аударыңыз:

Write an introductory paragraph that begins with a **frame**, including an **in-text citation of the source** and the author as well as a **reporting verb** to introduce the main idea.

Example: In his article "Michael Dell turns the PC world inside out," Andrew E. Serwer (1997) describes how Michael Dell founded Dell Computers and claims that Dell's low-cost, direct-sales strategy and high quality standards account for Dell's enormous success.

BOOK:

In his book *The Pearl*, John Steinbeck (1945) illustrates the fight between good and evil in humankind.

Reporting Verbs:

STRONG

ARGUMENT==>NEUTRAL==>COUNTERARGUMENT==>SUGGESTION==>CRITICISM

argue	state	refute the claim	suggest	criticize
claim	report	argue against	recommend	
contend	explain			
maintain	discuss			
insist	illustrate			
posit	observe			

Examples of frames:

- According to _____ (year),
_____.
(author's last name) (main idea; S + V + C)
- _____'s article on _____ (year) discusses the
_____.
(author's last name) (topic) (main idea; Noun Phrase)
- _____ (year), in his/her article, " _____ " argues that
_____.
author's last name (title of article)
(main idea; S + V + C)
- According to "Title of the Article" (year),
_____.
(main idea; S+V+C)
- _____ has a major impact on _____ (author's last name, year).
(topic)

6. Төмендегі мақала бойынша тапсырмалар.

- Нақты ақпараты бар абзацтарды тауып белгілеңіз.
- Әрбір абзацтың басты, негізгі, қосымша, түсіндермелі ақпаратын табыңыз.
- Мәтіннің негізгі тұжырымдамаларын жоспар түрінде беріңіз.
- Компрессия жасаңыз: абзацтардағы барлық қыстырма сөйлемдерді, сөйлемдегі қыстырма сөздерді және сипаттама сөйлемдерді алып тастаңыз.
- Материалды жалпылаңыз.
- Қазақ тілінде рефераттық аударма жасаңыз.

Lack of oxygen delayed the rise of animals on Earth

Date: October 31, 2014

Source: Yale University

Geologists are letting the air out of a nagging mystery about the development of animal life on Earth.

Scientists have long speculated as to why animal species didn't flourish sooner, once sufficient oxygen covered Earth's surface. Animals began to prosper at the end of the Proterozoic period, about 800 million years ago -- but what about the billion-year stretch before that, when most researchers think there also was plenty of oxygen?

Well, it seems the air wasn't so great then, after all.

In a study published Oct. 30 in *Science*, Yale researcher Noah Planavsky and his colleagues found that oxygen levels during the "boring billion" period were only 0.1% of what they are today. In other words, Earth's atmosphere couldn't have supported a diversity of creatures, no matter what genetic advancements were poised to occur.

"There is no question that genetic and ecological innovation must ultimately be behind the rise of animals, but it is equally unavoidable that animals need a certain level of oxygen," said Planavsky, co-lead author of the research along with Christopher Reinhard of the Georgia Institute of Technology. "We're providing the first evidence that oxygen levels were low enough during this period to potentially prevent the rise of animals."

The scientists found their evidence by analyzing chromium (Cr) isotopes in ancient sediments from China, Australia, Canada, and the United States. Chromium is found in Earth's continental crust, and chromium oxidation is directly linked to the presence of free oxygen in the atmosphere.

Specifically, the team studied samples deposited in shallow, iron-rich ocean areas, near the shore. They compared their data with other samples taken from younger locales known to have higher levels of oxygen.

Oxygen's role in controlling the first appearance of animals has long vexed scientists. "We were missing the right approach until now," Planavsky said. "Chromium gave us the proxy." Previous estimates put the oxygen level at 40% of

today's conditions during pre-animal times, leaving open the possibility that oxygen was already plentiful enough to support animal life.

In the new study, the researchers acknowledged that oxygen levels were "highly dynamic" in the early atmosphere, with the potential for occasional spikes. However, they said, "It seems clear that there is a first-order difference in the nature of Earth surface Cr cycling" before and after the rise of animals.

"If we are right, our results will really change how people view the origins of animals and other complex life, and their relationships to the co-evolving environment," said co-author Tim Lyons of the University of California-Riverside. "This could be a game changer."

"There's a lot of interest right now in a broader discussion surrounding the role that environmental stability played in the evolution of complex life, and we think our results are a significant contribution to that," Reinhard said.

Funding sources for the research included the NASA Exobiology Program and the National Science Foundation's Earth-Life Transitions program, awarded to Planavsky, Reinhard, and Lyons.

The other members of the research team included Xiangli Wang, a postdoctoral fellow at Yale; Thomas Johnson, of the University of Illinois; Danielle Thomson, of Carleton University; Peter McGoldrick, of the University of Tasmania; and Woodward Fischer, of the California Institute of Technology.

Journal Reference:

N. J. Planavsky, C. T. Reinhard, X. Wang, D. Thomson, P. McGoldrick, R. H. Rainbird, T. Johnson, W. W. Fischer, T. W. Lyons. Low Mid-Proterozoic atmospheric oxygen levels and the delayed rise of animals. *Science*, 2014; 346 (6209): 635 DOI: 10.1126/science.1258410

7. Қазақ тіліне аударыңыз. Плагиаттың екі түрінің бір-бірінен айырмашылығы неде?

Deliberate plagiarism.

This is when you make the decision to steal someone else's work.

It can involve:

- a. copying another student's work;
- b. copying another person's work from a book or a journal;
- c. copying another person's work from a web-site;
- d. asking another person to do the work for you;
- e. downloading the complete text from the Internet;
- f. buying the text from the Internet;
- g. or even paying for someone to do the work for you.

Accidental plagiarism.

This is when you accidentally, through carelessness or lack of skill, use another person's words without acknowledging it. This can happen for several reasons:

- a. you do not know that you must not copy a person's words directly;
- b. you do not have the skill for expressing another person's ideas in your own words;
- c. you do not know the correct systems for indicating that you are using another person's words or ideas;
- d. when you take notes from a book or journal, you copy out some sections and do not make this clear in your notes. Later when you re-read the notes, you forget that they are not your words or ideas;
- e. you forget to acknowledge another person's words or ideas;
- f. you do not have time to include the acknowledgments and list of references;
- g. you feel your written work is not good enough;
- h. you borrow your friend's notes, not realising that some of the words are plagiarised.

8. Л.К.Латышевтың «Технология перевода» еңбегіндегі 6-ші дәрісті және А.В.Федоровтың «Основы общей теории перевода» кітабындағы 5-ші тарауды зерделеңіз (Латышев Л.К. Технология перевода. - М., 2000; Федоров А.В. Основы общей теории перевода. – СПб., 2002).

- Тіл аралық және тілішілік интерференцияның айырмашылығы қандай?
- Аудармашылық қателерге тілдік бірліктердің қандай түрлері себепші болады?
- «Аудармашының жалған достары» қандай топқа бөлінеді?
- Көпмағыналы сөздердің және лексикалық бөгде айтылымдардың «ішкі форма қақпаны», «ұмыт қалған мағыналары» әріптік аударманың себебіне жата ма?
- Аудармадағы дәлсіздік, ауытқушылық және нақтылықсыздың себептері не ?
- Ағылшын және орыс тілдерінің грамматикасындағы сәйкессіздіктерді жүйелеңіз. Қос тілдегі грамматикалық сәйкессіздіктің әсерінен қандай қателер жасалауы мүмкін?
- Фразеологиялық сөздікті пайдалана отырып, фразеологиялық айтылымдар классификациясын зерделеңіз. Фразеологиялық оралымдарды аудару барысында қандай қателер жасалуы мүмкін?

9. М.А.Куниловскаяның «Понятие и виды переводческих ошибок» атты мақаласын оқып, аудармашылық қателер жіктеменің сызбасын жасаңыз (www.tc.utmn.ru/node/76)

10. • Төмендегі түпнұсқа мен аударманы төмендегі жоспар бойынша талдаңыз:

- Орфографиялық және стилистикалық қателер, сәйкессіздіктер.

- Аудармашылық қателіктер мен дәлсіздіктер.

• Орыс және қазақ тілдерінің норма ерекшеліктерін ескере отырып, түпнұсқа мен аудармаға түзетулер енгізіңіз.
(Түпнұсқа мен аударманың орфографиясы сақталған, сол сияқты ТВ-Бинго ұлттық лотереясы билеттерінің түпнұсқасы беріліп отыр; «ТВ-Бинго» ұлттық лотереясының билеті, сериясы 002 №7799263 А 27508).

<p>Выигрыши до 3000 тенге включительно выплачиваются на любой точке продажи национальной лотереи по истечении трех дней после проведения розыгрыша. Выигрыши более 3000 тенге выдаются по прохождении экспертизы в течение 1 месяца в офисе национальной Лотереи. Выплата и выдача выигрышей производится в течение 90 дней со дня проведения розыгрыша. Выигрыши не облагаются налогом. Билет действителен на один тираж. Поврежденные билеты считаются недействительными и выигрыши по ним не выдаются.</p>	<p>Қоса алғанда 3000 теңгеге дейінгі ұтыстар Ұлттық лотерея билеттерін сататын кез келген орында ұтыс өткізілгеннен кейінгі 3 күнде төленеді. 3000 теңгеден жоғарғы ұтыстар сараптама өткізілгеннен 1 ай ішінде Ұлттық лотерея офисінде беріледі. Ұтыстар бойынша төлеу мен төлемді беру ұтыс өткізілгеннен кейін 90 күнде жүргізіледі.</p> <p>Ұтыстарға салық салынбайды. Билеттер бір таралымға жарамды. Зақым келтірілген билеттер жарамсыз болып есенптеледі және олар бойынша ұтыстар берілмейді.</p>
---	--

- Төменде келтірілгендермен өзіңіз талдау жүргізген түпнұсқа мен аударма мәтіндерін салыстырыңыз («ТВ-Бинго» ұлттық лотереясының билеті, сериясы 777 №2707128 В 28438).
Бірнеше рет қайталанатын бір ұғымның аудармасының нұсқаларын анықтаңыз, оларды салыстырыңыз. Сіздің ойыңызша, дұрыс деп танылған баламаларды түсіндіріңіз.

<p>Билеты специальной серии «Наурыз» принимают участие только в одном тираже, независимо от номера тиража, проштампованного на обратной стороне билета. Дата и номер тиража, в котором участвуют билеты специальной серии указаны на лицевой стороне билета. Выигрыши до 1000 тенге</p>	<p>«Наурыз» тобындағы арнайы билет тек қана бір тиражға қатынаса алады, қай тираждың нөмеріне қарамайды билеттің арғы жағында таңба басылуы керек.</p> <p>Ойынға қатысатын «Наурыз» тобындағы арнайы билеттің мерзімі және тираж номері билеттің алдыңғы бетінде көрсетілген.</p>
---	---

включительно выплачиваются на любой точке продажи Национальной лотереи по истечении трех дней после проведения тиража. Выигрыши свыше 1000 тенге выдаются по прохождении экспертизы в офисе Национальной лотереи. Срок востребования выигрышей составляет 90 дней со дня проведения тиража. Билет действителен на один тираж. Поврежденные билеты считаются недействительными и выигрыши по ним не выдаются.

1000 тенгеге дейін ұтыс тиражы өткеннен соң, үш күннен кейін Ұлттық лотерея кеңсесінде төленеді. Талап ету мерзімі тираж өткен күннен бастап 90 күнді құрайды. Билет тек бір ғана тиражға жарайды. Бүлінген билеттер жарамсыз деп саналады және оларға ұтыстар төленбейді.

6 тарау

Аударма процесі

§ 21. Аударма процесін сипаттайтын негізгі принциптер

Аударма процесі – түпнұсқа мәтінін қабылдау мен аударма мәтінін құрастыруға дейінгі аудармашының іс-әрекеті. Аударма процесі екі тілді пайдалану арқылы коммуникацияның ерекшелігі мен негізгі буынын құрайды.

Аударма мәтінін құрудағы аудармашының іс-әрекетін «аударма процесі» немесе «аударма» терминдерімен (тар мағынасында) атауға болады. Аударма процесі екі кезеңнен тұрады:

- 1) аудармашының түпнұсқа мазмұнын түсінуі;
- 2) аударма нұсқасын таңдауы.

Осы кезеңдердің нәтижесінде түпнұсқа мәтінінен аударма мәтініне өту (ауысу) жүзеге асады. Бұл жағдайда аудармашының іс-әрекеті көбінесе интуитивті түрде болады. Аудармашы түпнұсқаға басқа вариант іздегенде басшылыққа алғанын сезіне бермейді. Бірақ мұндай таңдауды кездейсоқ деуге болмайды. Ол көп жағдайда бастапқы және аударма тілдеріндегі хабарламалардың құрылу тәсілдерінің қатынастары арқылы анықталады. Аударма теориясы түпнұсқадан аударма мәтініне өту үдерісі қалай жүзеге асатынын және аудармашы іс-әрекетінің негізінде қандай заңдылықтар жатқанын ашуға тырысады.

Аударманың шынайы процесі аудармашының ойлау жүйесі арқылы жүзеге асатындықтан, оны тікелей зерттеу мен бақылау мүмкін емес. Сондықтан аударма процесін зерттеу жанама жолмен, яғни тұтас аударма үдерісін немесе оның бір қырын сипаттайтын түрлі теориялық үлгілердің көмегі арқылы жүзеге асырылады.

Аударма моделі (үлгісі) – тұтастай түпнұсқаны немесе оның бір ғана бөлігін аудару үшін, бірқатар ойлау операцияларын жүзеге асырудың шарттары белгіленуге тиіс.

Аударма үлгісі аударма мәтінін құру үдерісінде аудармашының шынайы іс-әрекетін бейнелемейтіндіктен шартты мәнге ие. Үлгілердің міндеті белгілі бір аударма процесі жағдайында аудармашылық міндеттің көмегі арқылы шешуге болатын іс-әрекеттің бірізділігін сипаттау болып табылады. Аударма үлгілері аударманың лингвистикалық механизмін қалыптастырудың жекелеген қырларын ашып көрсетеді. Осындай үлгілерді білу күрделі аудармашылық міндеттерді шешуге септігін тигізеді.

Аударма процесін аударма үлгілерінің көмегі арқылы сипаттау бір-бірімен байланысты екі аспектіні қамтиды:

- 1) үлгілердің қолданылу аясы көрсетілген жалпы сипаттама;
- 2) үлгілердің аясында жүзеге асатын аудармашылық операциялардың (трансформациялардың) түрлері.

Мысалы, аударманың **трансформациялық-семантикалық моделі** – аударма процесін түрлендіруші аударма моделі. Олар арқылы аудармашы бастапқы тіл бірліктерінен аударма тіл бірліктеріне көшеді.

§ 22. Аудармашылық трансформациялардың түрлері

Екі түрлі ұғымды ажырата білу қажет: трансформациялық аударма және аудармашылық трансформация.

Трансформациялық аударма – аудармашылық трансформациялардың біреуін қолдану арқылы жүзеге асырылатын аударма.

Аудармашылық трансформация – түпнұсқа бірліктерінен аударма бірліктеріне көшуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түрлендірудің бір түрі.

Трансформациялар үш топқа бөлінеді:

1. Лексикалық.
2. Грамматикалық.
3. Лексикалық-грамматикалық.

Лексикалық трансформациялардың екі түрі бар: *формалды және мазмұнды*.

1.1. Формалды лексикалық трансформация кезінде түпнұсқаның лексикалық бірлігінің мағынасы өзгермейді:

- **Транскрипция** – түпнұсқаның лексикалық бірлігін аударма тілінің әріптерін пайдалану арқылы оның дыбыстық тұлғасын өзгерту жолымен аудару тәсілі. Мыс., *Шыңғысхан* (қаз.) – *Чингисхан* (орыс.), *Россия* (орыс.) – *Ресей* (қаз.), т.б.
- **Транслитерация** – түпнұсқаның лексикалық бірлігін аударма тілінің әріптерін пайдалану арқылы оның графикалық формасын сақтау жолымен аудару. Мыс., *Шымкент* (қаз.) – *Шымкент* (орыс), *Ростов-на-Дону* (орыс) – *Ростов-на-Дону* (қаз.) т.б.

Транскрипция және транслитерация тәсілдері туралы келесі тарауда кеңірек қарастырылады.

- **Калькалау** – түпнұсқаның лексикалық бірлігін оның морфемалық бөліктерін немесе сөздерін (тұрақты тіркестер болғанда) аударма тіліндегі лексикалық сәйкестікпен ауыстыру арқылы жүзеге асырылатын аударма тәсілі.

Кальканың, тілші-ғалым Ғ.Қалиев көрсеткендей, бірнеше түрі бар:

«с ө з ж а с а м д ы қ калька – шет тіл сөздерін морфемалық құрамы бойынша аудару, мысалы: *өндіріс* – орыс. *производство*, *жазушы* – *писатель*, *бесжылдық* – *пятилетка*, *еңбеккүн* – *трудодень*;

с е м а н т и к а л ы қ калька – сөздің ауыс мағынасын аудару, мысалы: *қарау* (мәселені) – орыс. *рассмотреть* (вопрос), *іс* (әкімшілік, сот жүйесінде) – *дело* (админ. и судебное); ф р а з е л о г и я л ы қ калька – шет тіл фразеологизмін дәлме-дәл [сөзбе-сөз – А.Ж.] аудару, мысалы: *Қызыл алаң*

– орыс. *Красная площадь, қызыл ту – красное знамя, шара қолдану – принять меры, балықшы балықшыны алыстан көреді – рыбақ рыбака видит издалека; ж а р т ы лай калька – сөзді жарым-жартылай аудару, мысалы: теледидар – орыс. телевидение, фотоұлкейткіш – фотоувеличитель»*
[Қалиев: 2005. Б. 146].

Калькалаудың тағы да мысалдары: *жобалық қуаты – проектная мощность, ақша айналымы – денежное обращение, еңбекпен түзеу мекемесі – исправительно-трудовое учреждение, қылмыс құрамы – состав преступления, т.б.*

1.2. Мазмұнды лексикалық трансформациялар (оларды алғашқы рет ғалым Я.И.Рецкер анықтаған) кезінде түпнұсканың лексикалық бірлігінің мағынасы өзгереді:

- **ұғымды нақтылау,**
- **ұғымды жалпылау**
- **модуляция.**

Ұғымды нақтылау – біршама кең (тектік) мағынаға ие бастапқы тіл бірлігінің аударма тілінде тар (түрлік) мағыналы сөзімен алмастырылуы арқылы іске асатын лексикалық-грамматикалық трансформация (аударма тәсілі).

Тектік ұғымды білдіретін сөздер, мысалы: *көкөністер, жемістер, жиһаз, шығарма* т.б. Ал түрлік ұғымды білдіретіндер: *алма, алмұрт; құлпынай, қарақат; орындық, үстел; роман, әңгіме,* т.б. Нақтылау тәсілі аударма тілінде кейде тектік ұғым болмаған жағдайында қажет болады. Аударма ісінде мұндай ұғымдардың мәнін анықтап, нақтылауға тура келеді. Мысалы, орыс тіліндегі «учащийся» сөзі қазақ тіліне контекске байланысты «студент», «мектеп оқушысы», «шәкірт» және т.с.с. деп аударылады.

Аудару кезінде ұғымды нақтылау кейде қиынға түседі (контексте қандай түрлік ұғымы (жеке, нақты сөз) жайлы болып жатқаны түсініксіз жағдайда).

Ұғымды жалпылау (генерализация) – бастапқы тілдің біршама тар мағыналы бірлігі аударма тілінің біршама кең мағыналы бірлігімен алмастырылатын лексикалық-грамматикалық трансформация (аударма тәсілі).

Генерализация тәсілі аудармашыға қиын жағдайдан шығуға көмектеседі. Мысалы, аудармашы екінші тілдегі түрлік (нақтылы) ұғымды білдіретін сөзді білмесе немесе уақыты шектелген ауызша, ілеспе (синхронды) аударма кезінде не түпнұсқа қатаң талаптарға жауап бере алатын терминологиялық мәтіндерге жатпаса, ұғымды жалпылау тәсілін пайдалануға әбден болады. Мәселен, белгілі аудармашы Г.К.Бельгердің айтуынша, орыс тілінде тектік ұғымдарды білдіретін *верблюд, верблюдица* сөздерінің түрлік ұғымдағы сөздері жоқ, сондықтан олар қазақ тіліндегі бірқатар сөздердің баламалары болып шығады: *нар* (одногорбый верблюд), *бура* (двугорбый самец-производитель), *үлек* (породистый), *қоспақ* (метис одногорбого самца и двугорбой самки), *желмая* (верблюд-скакун), *жалбай* (с

горбами в разные стороны), *атан* (холощенный верблюд), *буыршын* (молодой верблюд-самец), *аруана* (одногорбая верблюдица), *інген* (дойная верблюдица), *қайымал* (первородящая верблюдица) [Бельгер: 2005. Б. 182].

Ұғымдардың логикалық дамуы (модуляция) – бір-бірімен себеп пен салдар, бөлшек пен бүтін, құрал мен өндіруші ретінде ажырамас байланыста болатын бір ұғымды басқа бір ұғыммен алмастыруға бағытталған аударма тәсілі.

Мысалы, «Осы *сырды* Нысаналы ақын жақсы біледі». (Ғ.Мүсірепов «Оянған өлке»). «Об этом *преступлении* знает ақын Нысаналы» (пер. Гордеева)

2. **Грамматикалық трансформация** кезінде түпнұсқа бірлігінің грамматикалық мағынасы өзгеріледі:

- **сөйлемдерді біріктіру,**
- **сөйлемдерді бөлу,**
- **грамматикалық алмастырулар.**

Сөйлемдерді біріктіру – түпнұсқадағы екі не одан да көп жай сөйлемнен тұратын синтаксистік құрылымды біріктіру жолымен құрмалас сөйлемге айналдыру негізінде жасалатын синтаксистік трансформация, аударма тәсілі.

Мысалы: Біресе жүк батқан түйе бақырады. Енесінен адасқан бота боздайды. Әр ауылдың өш иттері бір-біріне арсылдасады. (М.Әуезов, Абай жолы).

Там кричит верблюд, которому тяжелый груз режет спину; тут жалобно ноет верблюжонок, отставший от матери; здесь рычаг друг на друга сторожевые собаки (пер.А.Никольской, Т.Нуртазина и Л.Соболева).

Сөйлемдерді бөлу - түпнұсқадағы құрмалас сөйлемді екі не одан да көп жай сөйлемге айналдыру негізінде жасалатын синтаксистік трансформация, аударма тәсілі.

Грамматикалық алмастырулар – түпнұсқадағы грамматикалық бірліктің аударма тілінде басқа грамматикалық мағынаға ие тіл бірлігімен алмастырылатын грамматикалық трансформация.

Мысалы: *Раушанның* онда *жас кезі* (Б.Майлин. «Раушан коммунист»). Вот *она* еще совсем *молоденькая* девушка (пер. Г.Бельгера).

Лексикалық-грамматикалық трансформациялар кезінде түпнұсқаның синтаксистік құрылымы да, лексикасы да өзгертіледі:

- **антонимдік аударма,**
- **сипаттама аударма,**
- **компенсация,**
- **компрессия.**

Антонимдік аударма – түпнұсқада берілген ұғымның адекватты (дұрыс) баламасын беру үшін, оның сол ұғымға қарама-қарсы сөзбен алмастырылуы арқылы жүзеге асырылатын лексикалық-грамматикалық трансформация (аударма тәсілі). Сонымен бірге мұндай аударма барысында түпнұсқадағы болымды мағынаға ие сөз аударма мәтінінде оған қарама-қарсы мағыналы сөзбен аударылады және керісінше де солай болады.

Мысалы, «У меня все болит» деген сөйлемді қазақ тіліне «Ауырмайтын жерім жоқ» деп те аударуға әбден болады. Тәжірибелі аудармашылар шет тілдегі баламаны таппағанда етістікке антонимдік аударма тәсілін қолданады. *Я ничего не забыл – Бәрі де есімде.* Әрине, кез келген антониммен болымсыздықты пайдалануға, ал антонимдік аударма тәсілін қолданған кезде сөйлемнің мазмұнын өзгертуге болмайды. Мысалы, *Я открыл дверь (Мен есікті ашқанмын)* деген сөйлем *Мен есікті жапқан жоқпын* деген сөйлеммен тең емес; келесі сөйлемдердің арасында да теңдік жоқ: *Он засмеялся (Ол күліп жіберді) - Ол жылаған жоқ.* Антонимдер бір-бірін контекстің ішінде ғана ауыстыра алатынын ұмытпау керек. Жеке сөздерді антонимдермен ауыстыруға еш уақытта болмайды, мысалы *қараңғы* деген сөзді *яркий (жарық)* деген ұғыммен немесе *қауіпті - безопасный (қауіпсіз)* деген сөзбен аударуға болмайды.

- **Сипаттама аударма (экспликация)** – белгілі бір ұғымды басқа тілдің құралдарымен сипаттаудан (оның мағынасын экспликациялаудан) тұратын аударма тәсілі. Бұл тәсіл аударма тілінде сәйкес атаудың болмаған жағдайында немесе аудармашының оны білмеген жағдайында пайдаланылады.

Сипаттама аударма – аудармашыға ең қиын жағдайларда көмек көрсететін әмбебап тәсіл. Ол әлеуметтік, географиялық не ұлттық ерекшеліктерге байланысты аударма тілінде сай ұғымды белгілейтін сөз жоқ болғанда өте тиімді. Сипаттама аударма таныс емес реалий сөздерді (баламасыз лексиканы) оқырман мен тыңдаушыға түсіндіріп жеткізеді. Бұл тәсіл транслитерация немесе транскрипция арқылы жиі қолданылады. Бұл аудармашы үшін өте қиын, ал оқырман не тыңдаушы үшін өте жеңіл тәсіл. Сипаттау – сызықша, жақша, сілтеме, кітап соңындағы ескертпелер арқылы беріледі.

Тікелей контекстегі реалий сөздерді түсіндіру – көркем аударманың ерекшелігі. Мәселен, Г.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романының 1960 жылғы А.Садовский жасаған орыс тіліндегі аудармасында осындай мысалдар кездеседі: «...Омар кинулся на него с поднятым в руке **шокпаром** – короткой, с утолщенным концом дубинкой»; «И шелковое платье, и эта бархатная безрукавка - **бешмет**,...роскошные **косай-калош** – низкие сапожки...»; «По самому обрыву тянулись в ряд какие-то сооружения, напоминающие **мазары** – надгробные памятники богатых людей; ...свирепо рывкнул [Жуман]: - «Поддай **камчу!**» Кошкарбай молча подал ему *ременную плеть*».

- **Компенсация (өтем)** – бастапқы тіл бірлігінің семантикалық немесе стилистикалық жағынан шарасыз кемуінің аударма кезінде екінші тілдің құралдары арқылы толықтырылуы болып табылатын аударма тәсілі. Өтемнің түпнұсқадағы орнына қойылуы міндетті емес.

Мысалы: *Тышқаншылап* ұрламай, сонау Қоңырат асып, иір мойын үлкен әкелетін (Ә.Нұрпейісов. «Қан мен тер»). ...Он *по мелочам* не воровал, и не трогал скота соседних аулов (пер. Ю.Казакова).

- **Компрессия (мәтінді ықшамдау)** – біршама жинақы пішінге келтіру үшін, бастапқы мәтінді өзгерту арқылы жүзеге асырылатын аударма тәсілі. Контекспен немесе тілден тыс жағдаятпен анықтала алатын сөйлемнің артық элементтерін түсіру, сондай-ақ біршама жинақы құрылымдарды қолдану арқылы жүзеге асады.

Мысалы: Күзеуден жеті көшіп отырып, *Қызылшоқы, Қыдырға, Қөлқайнарға* жеткен Құнанбай ауылдары *енді осы аралардағы қыстау-қыстауына тармақ болатын* (М.Әуезов. «Абай жолы»).

Аулы Кунабая дошли до Кольгайнара в семь перегонов (пер. А.Никольской, Т.Нуртазина и Л.Соболева).

§ 23. XX ғасырдағы аударманың кейбір теориялары мен үлгілері

23.1. Аударманың жағдаяттық (денотативтік) теориясы

Бұл теория тіл аралық өзгерістердің шегінен шығып кетеді және болмысқа деген қатынасты болжайды. Аударманың жағдаяттық теориясы кез келген **денотат** (зат, сипат, іс-әрекет, яғни қоршаған болмыстың бөлшектері), кез келген **жағдаят** әртүрлі сипатталуы мүмкіндігіне негізделеді. Сонымен қатар әр тілдің өзінің қалыптасқан сипаттау тәсілдері бар. Осы тәсілдерді мәтіннің жеке бірліктерін өзгерту арқылы емес, сипатталатын денотат, жағдаят арқылы табу қажет.

Жағдаяттық үлгі денотат немесе жағдаятты бастапқы мәтін арқылы және солардың негізінде аударма мәтінін құру арқылы анықтауды болжайды. Осындай жолмен, аударманың жағдаяттық теориясы жағдаят пен мағынаны теңдестіре отырып, объективті мәлімет ретінде айтылым мағынасынан окшауланады. Осы теория шегінде аудармашы екі тілдің теориясы мен практикасын меңгерген жоғары білікті лингвист ретінде әрекет етеді. Аударманың жағдаяттық теориясы, әсіресе В.Г.Гак [Гак: 1970; 2001] еңбектерінде кең түрде қарастырылады. Аударманың жағдаяттық теориясы барлық артықшылықтарына қарамастан, аударма туралы ғылымның нысаны ретіндегі аударма үрдісінің бөлшектерін ескермейді.

23.2. Аударманың трансформациялық теориясы

Бұл теория аударма үдерісін бастапқы тіл құрылымы бірліктерінің аударма тілінің құрылымының бірліктеріне өзгерту ретінде меңгеруге

негізделген. Оны Ресейде И.И.Ревзин және В.Ю.Розенцвейг [Ревзин, Розенцвейг: 1964] және шетелде – Ю.Найда [Nida: 1964] жасаған. Бұл теорияның негізінде барлық грамматикалық жағынан дұрыс айтылған сөйлемдер шектеулі жай ядролық құрылымдардан жасалады деген американдық ғалым Н.Хомский [Хомский: 1972] грамматикасының қағидалары жатыр. Демек, бұл теория қабылданатын мәтін **аралық тілге** трансформацияланады (өзгертіледі) деген ережеден шығады.

Осы мәтінді аударма тілінде беру үшін оны тағы да трансформациялау, яғни сол тілдің заңдылықтары бойынша тілдік сөйлеуге айналдыру қажет. Аударманың трансформациялық теориясы аударма үрдісінің тіларалық өзгертулер деп аталатын бөлігін толықтай түсіндіреді.

Аударманың трансформациялық теориясының кемшілігі оның эксперименттік негізінің болмауы, демек, ол аударма туралы ғылымның нысанынан бөлек тұр. Аударманың трансформациялық теориясы Ресейдің жетекші психологтерінің, ең алдымен, Н.И.Жинкин [Жинкин: 1958] еңбектеріндегі субъективті мағыналық кодты мойындаудан шығады. Басқаша айтқанда, аударманың трансформациялық теориясында аудармашыны әдебиетшіге айналдырып және ондағы шығармашылық бастамаларды мойындайтын таза лингвистикалық ұстанымдардан әдебиет жаққа қарай өту белгіленген.

23.3. Аударманың психолингвистикалық теориясы

Ресей аударматануында Әскери университет ғалымдарының еңбектерінде аударманың психолингвистикалық теориясы белсенді түрде қалыптасып келеді. Оның зерттеу пәні – аударманың тіларалық коммуникация ретіндегі психологиялық (психолингвистикалық) аспектісі.

Аударма туралы ғылымда осы бағыттың әдістемелік және теориялық негіздерін салған белгілі ғалым А.Ф.Ширяев. Ол аударманың әрекетшілдік қызметін дәлелдейді, яғни аударманы өзіндік мақсаты, пәні, құралдары, жүзеге асыру тәсілдері, нәтижелері, құрылымы бар сөйлеу әрекетінің белгілі мамандырылған түрі ретінде қарастырған. А.Ф.Ширяев бойынша [Ширяев: 1988], аударма мақсаты - айтылған немесе жазылған белгілі бір тілде «өнім» ретінде құру болып табылады. Аудармашыға әлеуметтік тапсырыс ретінде алынатын нәтиженің негізгі өлшемдері беріледі. Қызметтің нысаны бастапқы тіл құралдарындағы белгіленген әр тілді коммуниканттардың біреуінің тілдік қызметінің нәтижесі болып табылады.

Аудармашылық қызметтің құралдарына бір тілдің ғана емес, көп жағдайда екі тілдің құралдары жатады. Аудармашылық қызметті жүзеге асырудың тәсілі үш топқа бөлінеді.

Бірінші топ – **тыңдау** және **сөйлеу** сияқты тілдік қызметтің нәтижесін белгілеудің ірі тәсілдері. Екінші топ баламаларды қолдану, нұсқаулық және контекстік сәйкестіктерді белгілеу арқылы аудармашылық міндеттерді шешу

үрдісін қамтиды. Үшінші топ сөйлеу және жазу сияқты аудармашылық қызметтің нәтижелерін белгілеудің әдістерін біріктіреді.

Құрылымдық аудармашылық қызмет өзара байланысқан және өзара негізделген аудармашылық қызметтердің тізбегінен тұрады. Микроқызметтілік болып табылатын қызметтік үрдістің минималды бірлігі жалпы қызмет бойынша барлық негізгі сипаттарға ие. Тұтас аудармашылық қызмет сияқты оған кіретін аудармашылық әрекет кез келген зияткерлік актіге тән үшфазалы құрылымға ие: 1) қызмет ету жоспарын жасау немесе әрекет ету шарттарында бағдар беру фазасы, 2) жасалған жоспарды жүзеге асыру фазасы және 3) алынған нәтижені көзделген мақсатпен сәйкестіру фазасы. Аудармашылық қызметтің өнімі (нәтижесі) аудармашы жасап шығарған аударма тіліндегі мәтін болып табылады. Аудармашылық қызмет өнімінде бір мезгілде адресат қызметі де, аудармашы қызметі де белгіленеді.

23.4. Заңды сәйкестіктер теориясы

Белгілі ғалым Я.И.Рецкердің аудармадағы мәтінді меңгеру (түпнұсқа мәтін және аударма мәтінін) нәтижесінде жасалған заңды сәйкестіктер теориясы аударма теорияларының алғашқыларының бірі болып табылады. Бұл теория кейбір логикалық-семантикалық реттегі әдістердің аударма үрдісінде қайталанатындығын ескереді. Демек, жеке сөздер мен сөз тіркестерін аудару үшін, оның екінші тілдегі тұрақты баламасын табу керек. Тұрақты баламалар барлық тілдерде болады, мысалы, жалқы есімдерді, терминдерді, сан есімдерді аударуға арналған баламалар. Ал кейбір басқа сөздер мен сөз тіркестерін аудару үшін, тек қана нұсқаулық контекстік сәйкестіктерді табуға болады, яғни сөзді немесе сөз тіркесін тек белгілі жағдайда ғана берілген мәтінге қолдануға жарайтын уақытша баламалар пайдалануға болады. Сонымен қатар кейбір сөздер немесе сөз тіркестер тобын аудару үшін, қисынды ойлау және олармен лексикалық трансформация арқылы байланысқан әдіске жүгінуге тура келеді.

Сонымен, Я.И.Рецкердің ойынша, түпнұсқа және аударма мәтіні бірліктерінің арасында сәйкестіктердің үш категориясы бар:

1. Белгіленген ұғымның тепе-теңдігі арқасында қалыптасқан, сонымен қатар тілдік қатынас дәстүрінде сақталған баламалар.
2. Нұсқаулық және контекстік сәйкестіктер.
3. Аудармашылық трансформациялардың барлық түрлері [Рецкер: 1950].

Я.И.Рецкердің теориясы аудармашы жұмысының негізгі әдістерін түсіндіреді. Ол баламалар мағынасының және сөз тіркесінің көлемін меңгеруге ынталандырады; ол контекст мағынасына және бастапқы тіл бірліктеріне сәйкестіктер іздеу барысында аудармашының жүгінетін келешегі неғұрлым жоғары лексикалық трансформацияларына сілтеме береді. Яғни Я.И.Рецкердің теориясының құндылығы да осында. Бірақ Я.И.Рецкердің теориясы барлық аудармашылық үрдісті түсіндірмейді, себебі оның авторы аударма туралы ғылымның бөлімдерін - түпнұсқа мәтіні мен

аударма мәтінінің бірліктерін зерттеумен ғана шектеледі. Заңды сәйкестіктер теориясы аударманың жалпы теориясының құрамдас бөлігі ретінде кіреді. Ол тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу үшін өте пайдалы болып келеді.

23.5. Аударманың ақпараттық теориясы

Тілаларлық коммуникацияның ақпараттық аспектісі атақты ғалым Р.К.Миньяр-Белоручев [Миньяр-Белоручев: 1980] ұсынған және жасаған аударманың ақпараттық теориясын құрады. Р.К.Миньяр-Белоручевтің түсіндіруінше, аударманың ақпараттық теориясына сәйкес бастапқы тілден аударма тіліне өту ақпараттық деңгейде жүзеге асады. Аударма мақсаты хабарламаны, демек, жеткізілуге арналған ақпаратты немесе ақпарат инвариантын, басқаша айтқанда, берілген қарым-қатынас түріне маңызы бар ақпараттың құрамдас бөліктерін жеткізу болып табылады. Хабарлама құрылымы вариативті және ақпараттың әр түрінен құралады. Бастапқы мәтін трансформация нысаны емес, семантикалық ақпарат пен құрылым туралы ақпаратты тасымалдаушы болып табылады. Сондықтан аударма үрдісінде тілаларлық трансформация емес, ақпаратты іздеу мен оны жеткізу маңызды болып табылады. Аударма мәтінде түпнұсқаның коммуникативтік тапсырысының бір бөлігі ғана сақталады, себебі басқа да коммуникациядағы сияқты екі тіл арасындағы коммуникацияда заңдылықтармен қатар орынсыз шығындар да болады.

Аударманың ақпараттық үлгісі қабылдаушының бес деңгейінің ақпараттық қорын ескеруге және түпнұсқаның әртүрлі коммуникативті анықталған құндылықтары: бірегей немесе тірек, қосымша, нақтылайтын, қайталама және нөлдік ақпараттарға негізделген. Ақпараттық теорияға «ақпарат» (белгілі бір білімнің жеткізілу үрдісі), «хабарлама» (жеткізіліп жатқан білімнің мазмұны), «мәтін» (хабарламаға ие кез келген таңбалық құрылым) ұғымдарының нақты жіктелуі тән. Бір мәтін бір, бірнеше хабарлама немесе хабарламаның жартысын беруі мүмкін; бір хабарлама бір, бірнеше мәтіндердің немесе мәтін бөлігінің арқасында берілуі мүмкін; әртүрлі мәтін бір хабарламаға ие болуы мүмкін.

Аударманың ақпараттық теориясындағы бастапқы мәтін аударманың лингвистикалық теориясындағыдай трансформация нысаны ретінде емес, түрлі ақпарат тасымалдаушысы ретінде қарастырылады. Сонда аударма үрдісінің өзі де тілаларлық трансформация ретінде емес, ақпаратты жеткізу мен іздеу ретінде түсіндіріледі. Р.К.Миньяр-Белоручев ақпараттың келесі түрлерін ажыратады: фондық ақпарат, шу, семантикалық және жағдаяттық ақпарат, олардың тіркесі айтылымның мағынасы және құрылымы жөнінде ақпарат беріп, коммуникантқа қосымша эстетикалық әсер етеді.

Бірақ бұл аудармашы бастапқы мәтіннің барлық ақпараттық кешенін береді деген сөз емес. Р.К.Миньяр-Белоручев бойынша, аудармада барлық ақпарат емес, жеткізілуге арналған ақпарат, демек, дереккөздің ресми адресатқа жеткізгісі келген ақпараты сақталуы қажет. Осы жеткізілуге

арналған ақпаратты ғалым *аударма инварианты* деп атайды. Аударманың ақпараттық теориясының ең маңызды және нәтижелі ережесі – ол аудармадағы бір тілден екінші тілге өту ақпараттық деңгейде жүзеге асатындығы. Өкінішке орай, бұл тұжырым қазіргі аударма теориясында және аударманы оқыту әдістемесінде де міндетті деңгейде ассимиляцияланбағандығын айтуға тура келеді.

23.6. Баламалық деңгейлері теориясы

Бұл теория мәтін мазмұнынан ақпарат сипаттамасы бойынша ерекшеленетін бірнеше ілеспе деңгейлерін көрсетуді болжайды; баламалылық қатынас бастапқы мәтін мен аударма мәтіні мазмұнының аналогтік деңгейлерінің арасында болады. Заңды сәйкестіктер теориясын, семантикалық-семиотикалық үлгіні және жағдаяттық үлгіні аударма туралы ғылыми түсініктердің біртұтас жүйесіне біріктіруге тырысқан, Ресейде және шетелдерде де қолдау тапқан баламалылық деңгейінің теориясын жасаған В.Н.Комиссаров болатын. Баламалылық деңгейлері теориясының негізінде Л.С.Бархударовтың тұжырымдамасы [Бархударов: 1975] бойынша, түпнұсқа мен аударма арасындағы мағыналық жақындық ауыспалы шамада болатындығы көрініс тапқан. В.Н.Комиссаров түпнұсқа мәтіндері мен аударма арасындағы баламалылық қатынастардың келесі түрлерін ажыратады:

1. Түпнұсқа мен аударма мазмұнының ең төменгі дәрежесімен сипатталатын қарым-қатынастың мақсаты деңгейіндегі баламалылық.
2. Екі мәтінде де бір мәселе жайында айтылғандықтан, әр тілдегі мәтіндердің мазмұнының ортақтығының сәл жоғары деңгейімен сипатталатын жағдаятты сипаттау деңгейіндегі баламалылық.
3. Қарым-қатынас мақсатының ортақтығы мен жағдаяттың ортақтығы ғана емес, сонымен қатар бастапқы мәтіндегі жағдаятты сипаттаған ұғымдар сақталатын жағдаятты сипаттау әдісі деңгейіндегі баламалылық.
4. Жоғарыда аталған жалпы бөліктерге түпнұсқа мен аударманың синтаксистік құрылымдарының инварианттылығы қосылатын сөйлеудің құрылымдық ұйымдасуы деңгейіндегі баламалылық.
5. Түпнұсқа мен аударма арасында болуы мүмкін емес мағыналық ортақтықтың ең төменгі дәрежесі –сөздік таңбалардың семантикасы деңгейіндегі баламалылық [Комиссаров: 2002].

Осындай жолмен В.Н.Комиссаров бастапқы мәтін аударма мәтінге салыстырмалы түрде болатын семантикалық жағдайдың әмбебап теориясын жасап шығарды. Бұл құрамдардың әрқайсысына тән өзінің лексикалық-семантикалық трансформациялары бар. В.Н.Комиссаровтың аудармашылық қызметінде аудармаға тіларалық өзгертулер ретінде жеке лингвистика тұрғысынан қараудың когнитивті әлеуеті қолданылған деп айтуға болады.

23.7. Әскери аударма теориясы

Әскери аударма теориясы Г.М.Стрелковскийдің еңбектерінде [Стрелковский: 1979] толықтай көрініс тапқан. Мұнда ол аударманың функционалды-прагматикалық концепциясының нақты жанрлық манифестациясын білдіреді. Автор әскери аударма теориясының негізгі ұғымдарын енгізеді (ақпарат және хабарлама, аударма және транслят, хабарлама, аударма және транслят, хабарлама инварианты және аударма инварианты, айтылым мағынасы және коммуникативтік міндет және т.б.), әскери аудармашының қызметінің функционалды-семантикалық үлгісін ұсынады, әскери мәтіндер жанрының толықтай жіктелімін береді, әскери терминологияның аударылу мәселелерін, қысқартулардың мағынасын ашу және анықтамалықтар мен сөздіктермен жұмыс жасау мәселелерін ашады.

Г.М.Стрелковский аударма нұсқаларын таңдауда аудармашылық өзгертулердің себебін анықтайтын факторларды шектейді. Біріншісіне ол бастапқы тіл мен аударма тіл жүйелерінің арасындағы объективті қатынастарды, коммуникативтік міндеттер бөліктерін ескере отырып жеткізілетін хабарлама мағынасын, хабарламаны қабылдаушының апперцепциялаушы мүмкіндіктерін ескеруді (жеке тезаурус, әлемді қабылдау, әлеуметтік факторлар), көркем аудармада – аудармашының психологиялық ерекшеліктері мен оның мәтінді эстетикалық және көркем шығарма түрінде қабылдай алу қабілеттілігін жатқызады.

Г.М.Стрелковскийдің ойынша, аудармашылық өзгертулердің себебіне ұғымдар көлемінің сәйкес келмеуі немесе әртүрлі халықтың ұғымдар жүйесінің алшақ болуы, аударма тілі нормаларын сақтау қажеттілігі, бастапқы тіл үлгісі бойынша аударма тілінде сөздердің тіркесу мүмкіндігінің болмауы, аударма тілінің стилистикалық нормаларын сақтау қажеттілігі, қалыптасқан тілдік дәстүр немесе сөздерді қолданудың белгілі бір қабылданған түрі енеді.

23.8. Машиналық аударма теориясы

XX ғасырдың ортасында аударматанудың арнайы нысаны – электронды есептеу машинасын (ЭЕМ-ді) пайдалану арқылы аударма жасаудың, демек, машиналық аударманың пайда болуына байланысты – машиналық аударма мәселесін зерттейтін машиналық аударма теориясына, соның ішінде, бір жағынан, көптеген машиналық аударманың «қағаз алгоритмін» жасап шығарушылардың Н.Д.Андреев [Андреев: 1957], И.Бар-Хилелле [Бар-Хилелле: 1962], И.А.Мельчук [Мельчук: 1959], И.И.Ревзин, В.Ю.Розенцвейг [Ревзин, Розенцвейг: 1964] және тағы да басқалардың сипаттама еңбектерінде және екінші жағынан, Ю.Н.Марчуктің [Марчук: 1985] жетекшілігімен және тікелей қатысуымен орындалған бүкілодақтық еңбектерде, Р.Г.Пиотровскийдің [Пиотровский: 1975] жетекшілігімен және

тікелей авторлық қатысуымен орындалған еңбектерде: К.Б.Бектаевтың [Пиотровский, Бектаев: 1977], А.Н.Беляеваның [Беляева: 1986], Л.Л.Нелюбинның [Нелюбин: 1991], А.Қ.Жұбановтың [Жұбанов: 2002, 2007] және тағы да басқалардың монографиялық жұмыстарында көрініс тапқан машиналық аудармаға деген қажеттілік туады.

23.9. Аударманың коммуникативті-функционалды теориясы

З.Д.Львовскаяның [Львовская: 1985] аударманың коммуникативті-функционалды теориясының негізгі мәселесі тілдік мағыналар мен сөйлеу мәні ұғымдарының ауқымын шектеу және олардың өзара байланысы болып табылады. Аудармашы қызметінің мәні екітілді коммуникация үдерісінің негізін құрайтын ақпаратты бірнеше рет қайтадан кодтау тізбегіндегі басты орнымен анықталады: мән – мағына – мән – мағына – мән. Аударма сөйлеу қарым-қатынасының нақты сөйлеу жағдаятын құрастыратын объективті және субъективті факторларды ескеру қажет. Сөйлеу жағдаятының форманттары ақпараттық мазмұны тұрғысынан да, коммуникация үрдісінде орындайтын қызметі тұрғысынан да бір мағыналы емес. Айтылым авторының мақсаты мен себебінің өзара байланысын автордың коммуникативті міндеттері анықтайды. Себеп пен мақсат өз кезегінде сөйлеу жағдаятының барлық форманттарының өзара қатынасының нәтижесі болып табылады: мәтін авторының тұлғасы, сөйлеу пәні, қарым-қатынастың орны мен уақыты, коммуникациядағы серіктестің тұлғасы. Дегенмен, сөйлеу жағдаятын, коммуникативті міндетін құрастыратын факторлар әсерінен пайда болып, айтылымда «материалды» бола отырып, алдағы дамуын болжай отырып, өзі сөйлеу жағдаятының формантына айналады. Мәтіннің мағыналық бөліктері – оның прагматикалық және семантикалық құрылымдары – сөйлеу жағдаятымен анықталады, себебі дәл осы жағдаят сөйлеу әрекетінің себебі болып табылады.

З.Д.Львовскаяның ойынша, аудармашылық трансформациялардың көптеген себептері лингвистикалық және экстралингвистикалық сипатқа қатысты. Аударма барысындағы өзгертулердің лингвистикалық себептері бастапқы тіл мен аударма тілінің әртүрлі жүйесімен, нормаларымен және тұрақты қолданыстармен байланысты. Экстралингвистикалық себептер түпнұсқа авторы мен аударма адресатындағы мағына мен тәжірибенің айырмашылығын көрсетеді. Формалды аудармашылық өзгертулерге себепші болатын факторларға жалпы аудармашылық таңдауға әсер ететін факторлар қарсы тұрады, себебі соңғы жағдайда формалды факторлар басты емес, мағыналық және формалдық факторлардың өзара әрекеттесуі. Аударма процесінің негізгі ұстанымы және соған сәйкес аударманың түпнұсқаға адекваттылығының басты критерийлері ретінде З.Д.Львовская бастапқы тілдегі және аударма тіліндегі мәтіндердің коммуникативті-функционалдық тепе-теңдік ұстанымын қарастырады.

23.10. Аударманың семантикалық-семиотикалық үлгісі

Бұл теория Л.С.Бархударовтың аударманың семантикалық-семиотикалық үлгісін жасаған еңбектеріне сүйене отырып, бастапқы және аударма тілдерінің таңбалары мен құрылымының өзара байланысының жалпы типологиясын құрған Я.И.Рецкердің көзқарасының одан әрі дамуының көрінісі болады. Аталған үлгіге сәйкес мәтіннің жалпы мазмұнында оның жеке– денотативті, сигнификативті, ішкілингвистикалық және прагматикалық бөліктері көрсетіледі. Ғалым алғаш рет бастапқы мәтіннен аударма мәтінге өту барысында түпнұсқаның мазмұны толықтай сақталмай, тек кейбір бөлімдері ғана сақталатындығын көрсетті. Одан ары зерттеу мәселесі ретінде Л.С.Бархударов бастапқы тілдің жоғарыда аталған мазмұндық бөліктерінің кезекпен берілу ретінің мәселесін көтерді.

23.11 Аударманың функционалды-прагматикалық (динамикалық) үлгісі

А.Д.Швейцерді [Швейцер:1973, 1998] жалпы аударманы коммуникативтік тұрғыдан зерттеудің және қосымша түрде функционалды-психологиялық аспектілер туралы зерттемелердің негізін салушы деп атауға болады. Аударманың инварианты ретінде мәтіннің функционалды доминантасы туралы ой А.Д.Швейцерге тиесілі, ол «динамикалық» деп атаған аударма тарихындағы алғашқы аударманың функционалды-прагматикалық үлгісін жасады. А.Д.Швейцер аударманың тілдік және тілден тыс детерминанттарының қандай да бір үйлесімі негізінде аудармашының шешім қабылдау үрдісін сипаттайды.

Ғалымның ойынша, аудармашының шешім қабылдау үрдісі екі негізгі кезеңнен құралады: 1) аударма стратегияларын жасаудан және 2) осы стратегияның нақты тілде жүзеге асуынан (бұған әртүрлі нақты тәсілдер – аударма технологиясын құрайтын «аудармашылық трансформациялар» жатады).

А.Д.Швейцердің концепциясында ең үлкен қызығушылықты аударманың лингвистикалық теориясының толықтай зерттелуімен байланысты (яғни аудармаға лингвистикалық тұрғыдан қарау) өзіндік бір қондырғы болып табылатын аударманың бірінші кезеңі тудырып отыр. Осы күнге дейін аударма нысанынан тыс болып келген бұл кезеңнің бар болуы аудармашы қызметінің операциялық құрылымын тиянақты және мақсатты етеді. Мысалы, аударма стратегиясын жасауда сөзбе-сөз аудармаға жақындайтын немесе, керісінше, түпнұсқаның формалды құрылымынан алшақтап, еркін аудармаға жақындайтын, тақырыптық нақты аудармаға көп көңіл бөлінуі мүмкін.

А.Д.Швейцер бойынша, стратегияны құруға түпнұсқа аспектілеріне қатысты шешімдерді қабылдау, яғни аудармашының аударманың

басымдылық шкаласын қабылдауы да жатады. Демек, аударма стратегиясының шешіміне тағы бір таңдау кіреді, мысалы, жергілікті колориттің экзотикалық бөлшектерін және дәуір колоритін асқан дәлдікпен беру немесе мәтіннің тарихи ерекшелігіне терең бойлау үшін одан бас тарту.

А.Д.Швейцердің аударманың семиотикалық концепциясында семиоздың үш өлшемі баламалық деңгейінің семиотикалық типологиясын құрайды: аударма үрдісіне әсер ететін прагматикалық факторлар жіберушінің коммуникативті интенциясы, қабылдаушыны нақтылау, қабылдаушыны коммуникативті нақтылау.

А.Д.Швейцер аударылымпаздықты абсолютті емес, қатыстық ұғым деп түсіндіреді. Аударма үрдісінде контекст пен қарым-қатынас жағдаяты құратын мағына инвариант болып қалады. Дәл осы тілдік контекст пен қарым-қатынас жағдаяты мағыналар арасындағы теңсіздікті бейтараптандыру немесе, басқаша айтқанда, бір мағынаны жеткізу үшін әртүрлі сөздерді қолдану мүмкіндігін береді. Тілдік қатынастардың ең күрделілерінің бірі бола отырып, аударма А.Д.Швейцер тұжырымдамасында аударма стратегиясын анықтайтын өзара байланысқан фильтрлерді құрайтын көптеген тілдік факторларға негізделген. Бұл факторларға екі тілдің жүйесі және нормасы, екі мәдениет, бірінші және екінші кезектегі екі коммуникативті жағдаят, пәндік жағдаят, бастапқы мәтіннің функционалды сипаттамасы, аударма нормасы жатады. Бұл жердегі орталық орын аударма детерминанттарынан келіп түсетін күштің шоғырланған нүктесі болып табылатын мәтінге беріледі, сонымен қатар өзі алғашқы және екінші кезектегі коммуникативті жағдаяттарды анықтайды.

23.12 Аударманың герменевтикалық және трансформациялық үлгілері

А.Н.Крюковтың [Крюков: 1979] герменевтикалық үлгісінде аударма түсіну заңына бағынады: аударма түсінуден басталып, сонымен аяқталады. Аударма мәтінді шет тілді қабылдаушыға бейімдей отырып, аудармашы түсінген нәрсесіне қайтадан түсінік жүргізеді. Екінші рет түсіну үрдісі – айтылымның нақты тілдік айналымдарын басқаратын, жаңа рөлдік және әлеуметтік психологиялық құрылымдарды ескере отырып, интенциядан объективті тілдік мағынаға қарай жүретін интенционалданған мағынаны алдын ала синтездеу. Аударманың герменевтикалық теориясы аударма үрдісінің мән-мағынасын мәтіннің екінші рет туылуымен түсіндірілетін интерпретациялық түсіндірмемен байланыстырады.

Американдық ғалым Н.Хомскийдің ядролық құрылым туралы зерттемесін пайдалана отырып, Ю.Найда аударманың трансформациялық үлгісін түпнұсқаның құрылымдық бөліктерін талдау (айтылымды түпнұсқа тілінде қабылдау және қорыту), кері трансформациялау (осы айтылымды бастапқы тілдің ядролық құрылымына айналдыру), тасымалдау (бастапқы ядролық құрылымға шет тілдік сәйкестікті іздестіру) және қайта құру

(аударма тілінің ядролық құрылымын ашық айтылымға трансформациялау) деп түсіндіреді.

23.13 Аудармашылық қызметті әлеуметтік реттеудің механизмі

Бұл теория аудармаға коммуникативті тұрғыдан қараудың әлеуметтік аспектісін зерттеуде қолданылады. Алғаш рет аударма теориясының әлеуметтік мәселелерін өз зерттеу жұмысының пәні ретінде марксистік интерпретациядағы әлеуметтік рөлдердің теориясымен моделденген аудармашылық қызметті әлеуметтік реттеу механизмі етіп алған В.В.Андриянов еңбектерінде қарастырылады. Әлеуметтік аспектіде қарастырылған аударма В.В.Андрияновтың жұмысында тіларалық қатынас құрылымындағы тұлғалар арасындағы қатынасты және мақсатты қолдау үрдісі ретінде көрсетілген. Аударманың адекваттылығын ол нәтижесінде шет тілді коммуникантта жіберушінің коммуникативтік құрылымына сай реакция пайда болатын аудармашының қарым-қатынасының әлеуметтік шарттарына сәйкес таңдап алған құралдары деп түсіндіреді. В.В.Андриянов әскери университетте аудармашы- референттерді дайындаудың негізіне енген аудармашының вербалды және бейвербалды мінездемесінің әлеуметтік ережелерін анықтап құрастыра алды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) Аударма үдерісін сипаттаудың негізгі ұстанымдарын атаңыз.
- 2) Аударма үдерісінің қандай кезеңдері бар?
- 3) «Трансформациялық аударма», «аудармашылық трансформация» терминдеріне анықтама беріңіз.
- 4) Лексикалық трансформациялардың түрлерін атаңыз, мысалдар келтіріңіз.
- 5) Грамматикалық трансформацияның мәні неде?
- 6) Нақты мысалдармен лексикалық-грамматикалық трансформацияларды сипаттаңыз.
- 7) «Аударма моделі» ұғымын түсіндіріңіз.
- 8) Негізгі аударма модельдерін атаңыз, оларға қысқаша сипаттама беріңіз.
- 9) Аударманы мәдениетаралық қарым-қатынастың түрі ретінде сипаттаңыз.

Тест тапсырмалары

1. Лексикалық трансформацияға кірмейтін аударма тәсілін көрсетіңіз:
А) калькалау
В) ұғымды нақтылау
С) ұғымды жалпылау

- D) модуляция
- E) сөйлемдерді бөлу

2. Грамматикалық трансформацияға кірмейтін аударма тәсілін көрсетіңіз:

- A) сөйлемдерді біріктіру
- B) сөйлемдерді бөлу
- C) синтаксистік құрылымның сөзбе-сөз аудармасы
- D) компенсация (өтем)
- E) грамматикалық алмастырулар

3. Лексикалық-грамматикалық трансформацияға кірмейтін аударма түрін көрсетіңіз:

- A) антонимдік аударма
- B) экспликация
- C) компенсация
- D) компрессия
- E) генерализация

4. Түпнұсқаның лексикалық бірлігін аударма тілінің әріптерін пайдалану арқылы оның дыбыстық формасын түзу жолымен құру қалай аталады?

- A) транскрипция
- B) транслитерация
- C) трансмутация
- D) трансформация
- E) транспозиция

5. Белгілеу тәсіліне қатысты жазу жүйесінің таңбалары қалай бөлінеді?

- A) әріптік, графикалық
- B) ассоциативті, сурет түріндегі
- C) сурет түріндегі, әріп түріндегі
- D) әріптік, ассоциативті, еркін
- E) еркін, шектеулі

6. Аударматанудағы *экспликация* дегеніміз не?

- A) ілеспе аударма
- B) сипаттама аударма
- C) ізбе-із аударма
- D) аударма кезінде мәтін бөлігінің түсірілуі
- E) аударма кезінде сөз қосу

7. Бастапқы тілдің біршама тар мағыналы бірлігі аударма тілінің біршама кең мағыналы бірлігімен алмастырылатын *лексикалық-грамматикалық трансформация*:

- A) компрессия

- В) конкретизация
- С) генерализация
- Д) экспликация
- Е) транскрипция

8. Зат, сипат, іс-әрекет, яғни қоршаған болмыстың бөлшектерін сипаттау мүмкіндігіне негізделетін теория:

- А) Аударманың трансформациялық теориясы
- В) Аударманың психоллингвистикалық теориясы
- С) Заңды сәйкестіктер теориясы
- Д) Аударманың жағдаяттық (денотативтік) теориясы
- Е) Аударманың ақпараттық теориясы

9. Аударма үдерісін бастапқы тіл құрылымы бірліктерінің аударма тілінің құрылымының бірліктеріне өзгерту ретінде меңгеруге негізделген аударма теориясы:

- А) Аударманың психоллингвистикалық теориясы
- В) Аударманың трансформациялық теориясы
- С) Аударманың ақпараттық теориясы
- Д) Баламалық деңгейлері теориясы
- Е) Заңды сәйкестіктер теориясы

10. Аударманың тіларалық коммуникация ретіндегі психологиялық (психоллингвистикалық) аспектісі аударманың қай теориясының зерттеу пәні болып табылады?

- А) Заңды сәйкестіктер теориясы
- В) Баламалық деңгейлері теориясы
- С) Аударманың ақпараттық теориясы
- Д) Аударманың психоллингвистикалық теориясы
- Е) Аударманың трансформациялық теориясы

11. Белгілі ғалым Я.И.Рецкердің аудармадағы мәтінді меңгеру (түпнұсқа мәтін және аударма мәтінін) нәтижесінде жасалған теориясы қалай аталады?

- А) Әскери аударма теориясы
- В) Машиналық аударма теориясы
- С) Заңды сәйкестіктер теориясы
- Д) Аударманың коммуникативті-функционалды теориясы
- Е) Аударманың семантикалық-семиотикалық үлгісі

12. Р.К.Миньяр-Белоручев ұсынған және жасаған теория:

- А) Аударманың ақпараттық теориясы
- В) Аударманың трансформациялық теориясы
- С) Аударманың психоллингвистикалық теориясы
- Д) Заңды сәйкестіктер теориясы

Е) Машиналық аударма теориясы

13. «Баламалық деңгейі» тұжырымдамасы көрініс тапқан «Слово о переводе» еңбегінің авторы:

А) А.В.Федоров

В) В.Н.Комиссаров

С) И.А.Кашкин

Д) А.П.Чужакин

Е) Ю.В.Ванников

14. Көрнекті ресейлік аудармашы В.Н.Комиссаров қай теорияның негізін қалады?

А) Заңды сәйкестіктер теориясы

В) Баламалық деңгейлері теориясы

С) Машиналық аударма теориясы

Д) Аударманың трансформациялық теориясы

Е) Аударманың семантикалық-семиотикалық үлгісі

15. Г.М.Стрелковскийдің еңбектерінде көрініс тапқан аударма теориясы:

А) Аударманың психоллингвистикалық теориясы

В) Аударманың ақпараттық теориясы

С) Әскери аударма теориясы

Д) Заңды сәйкестіктер теориясы

Е) Машиналық аударма теориясы

16. Компьютерді пайдалану арқылы аударма жасау мәселесін зерттейтін аударма теориясы:

А) Аударманың трансформациялық теориясы

В) Машиналық аударма теориясы

С) Аударманың семантикалық-семиотикалық үлгісі

Д) Аударманың психоллингвистикалық теориясы

Е) Аударманың коммуникативті-функционалды теориясы

17. Прагматикалық (функционалды) тепе-теңдік аудармасы нені білдіреді?

А) түпнұсқаның коммуникативтік функциясын дұрыс жеткізетін аударма

В) тыңдалғаннан кейінгі ауызша аударма

С) түпнұсқадан тікелей жасалған аударма

Д) түпнұсқаның бөлек бөлімдерін тастап кету арқылы жүзеге асатын аударма

Е) жазба жүйесі ережелерінің бірі

18. Тілдік мағыналар мен сөйлеу мәні ұғымдарының ауқымын шектейтін және олардың өзара байланысын қарастыратын теория

А) Аударманың коммуникативті-функционалды теориясы

В) Аударманың ақпараттық теориясы

- C) Заңды сәйкестіктер теориясы
- D) Әскери аударма теориясы
- E) Машиналық аударма теориясы

19. Мәтіннің жалпы мазмұнында оның жеке–денотативті, сигнификативті, ішкі лингвистикалық және прагматикалық бөліктері көрсетілетін теория:

- A) Аударманың функционалды-прагматикалық (динамикалық) үлгісі
- B) Аударманың семантикалық-семиотикалық үлгісі
- C) Аударманың герменевтикалық үлгісі
- D) Аударманың трансформациялық үлгісі
- E) Машиналық аударма теориясы

20. А.Д.Швейцер негізін қалаған теория:

- A) Машиналық аударма теориясы
- B) Аударманың функционалды-прагматикалық (динамикалық) үлгісі
- C) Әскери аударма теориясы
- D) Заңды сәйкестіктер теориясы
- E) Аударманың ақпараттық теориясы

21. Түсіну заңына бағынатын үлгі:

- A) герменевтикалық үлгі
- B) трансформациялық үлгі
- C) әскери аударма теориясы
- D) заңды сәйкестіктер теориясы
- E) аударманың ақпараттық теориясы

Өзіндік жұмыстардың тапсырмалары

1. Аудармашылық тәсілдерді анықтаңыз:

1) Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды (М.Әуезов, Абай жолы,4).

Мальчик спешил домой. Он готов был на все, чтобы третий день пути был и последним (пер.А.Никольской, Т.Нуртазина и Л.Соболева, 23).

На третий день пути нетерпение вырвалось из сердца мальчика, неудержимо повлекло его вперед, и он сделал все, чтобы быть дома (пер.А.Кима, 3).

2) Бала шәкірт ұзап кеткенде бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып қуып жетеді. Жорға Жұмабайдың тақымында қара шокпары бар. Байтастың да аяғының басына ілген ұзын қайың сойылы бар-ды (М.Әуезов, Абай жолы,4).

И оба шевелили коней, то рысью, то вскачь догоняя его, - Жумабай – зажимая под коленом свой черный шокпар¹, Байтас – придерживая носком сапога длинный березовый соил²(пер.А.Никольской, Т.Нуртазина и Л.Соболева, 23).

Пускаясь вскачь вслед за школяром, когда тот слишком удалялся, спутники с трудом нагоняли мальчика. Жумабай под коленом зажимал черную дубинку-шокпар, в руке у Байтаса торчала боевая палка-соил, поставленная нижним концом на носок сапога, вдетого в стремя (пер.А.Кима,

3) Бұдан бұрынғы екі күндік жолда үлкендер жылдам жүрмей, баланың шыдамын әбден тауысқан-ды. Ол сондықтан бүгін, ауылға жететін күні үлкендерді еріксіз қатты жүргізудің аяласын тапқанына дән ырза. Күні бойы осылай етуге байлаған. (М.Әуезов, Абай жолы,5).

Два первых дня старшие двигались не спеша и совсем вывели мальчика из терпения. Теперь он был рад, что хоть в последний день нашел средство заставить их торопиться: он решил до самого аула скакать впереди (пер.А.Никольской, Т.Нуртазина и Л.Соболева, 24).

За два предыдущих дня школяр медресе вконец истомился в неспешной степной езде, и теперь был рад, что смог заставить взрослых джигитов, сопровождавших его, ехать как можно быстрее (пер.А.Кима, 4).

4) Ортасында бес үлкен ақ үйлер бар, көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы (М.Әуезов, Абай жолы,8).

Пять юрт стояли впереди. Это было многолюдное жилище двух младших жен Кунанбая – Улжан и Айгыз. Старшая – Кунке – жила в другом ауле (пер.А.Никольской, Т.Нуртазина и Л.Соболева, 28).

5) Күзеуден жеті көшіп отырып Қызылшоқы, Қыдырға, Қөлқайнарға жеткен Құнанбай ауылдары енді осы аралардағы қыстау-қыстауына тармақ болатын (М.Әуезов, Абай жолы,46).

Всего через семь кочевых перегонов аулы Кунанбая добрались до стоянок Кызылшоқы, Кыдыр, Колькайнар и собирались расходиться по своим зимовьям (пер.А.Кима, 82).

6) Біресе жүк батқан түйе бақырады. Енесінен адасқан бота боздайды. Әр ауылдың өш иттері бір-біріне арсылдасады. (М.Әуезов, Абай жолы,48).

[Однако потом, когда с криками подняв верблюдов, тронулись в путь, сразу же] в сотни глоток заблеяли ягнята, заголосили верблюжата, отбившиеся от маток, взревели там и тут верблюды, угнетенные тяжелыми вьюками и больно захлестнутые тяжелыми веревками (пер.А.Кима, 84).

¹Шокпар – дубина с утолщением на конце, ружье рукопашного боя

² Соил – длинная, утолщенная к концу палка, употребляемая в конном бою

7) Көштер қауырт қозғалған уақытта Құнанбай Қамысбай мен Құдайбердіге:

- Бар, екеуің тез барып осы барлық көштердің басты-басты кісілерін - үлкендерін, осында жиып келіңдер! – деді (М.Әуезов, Абай жолы,48).

Когда дружные ряды аулов уже двинулись с места, Кунанбай, стоя на вершине, повернулся к Камысбаю и Кудайберды:

- Поезжайте вы двое и созовите ко мне старейшин всех аулов! (пер.А.Никольской, Т.Нуртазина и Л.Соболева, 73)

Когда кочевые караваны тронулись в путь, Кунанбай велел своим помощникам, Камысбаю и сыну Кудайберды:

- Скачите оба, созовите ко мне старшин всех аулов! (пер.А.Кима, 85).

8) Ол тұмсық асып шапқылап жылап бара жатқан Бөкеншілерге қарап:

- Уай, жарандар! Бұл түстен кейін маңырайтын ақсақ қой дейсіңдер. (М.Әуезов, Абай жолы,55).

Он смотрел на бокенши, скакавших мимо с громкими рыданиями и криками.

- Эге, друзья! Говорят: «Хромая овца под вечер блеет»³ (пер.А.Никольской, Т.Нуртазина и Л.Соболева, 81)

Когда бокенши с громкими рыданиями проскакали мимо, он со злой усмешкой высказался:

- Уай, люди! Говорится, что хромая овца и ночью блеет. (пер.А.Кима, 96).

9) «На другое утро хозяин и гость пили чай в саду под старой липой» (И.С.Тургенев Дворянское гнездо)

«Келесі күні қонақ пен үй қожасы шайды бақшада ағаштың түбінде отырып ішті» (ауд. М.Әуезов)

10) «Утром ученье, манеж, обед у полкового командира, вечером пунш и карты» (А.С.Пушкин «Выстрел»).

Ертемен әскер ойыны, түскі тамақты полк командирінің үйінде ішесін, кешінде карта, арақ (ауд. Ғ.Орманов).

11) «Лицо его изображало спокойствие, здоровье и добродушие» (А.С.Пушкин «Капитанская дочка»).

«Бет-әлпеті – саулығы жақсы, көңілі тынымды, қобалжуы жоқ жарқын адамды танытты» (ауд. Ә.Тәжібаев)

³ Казахская поговорка, соответствующая русской «Спустя лето по малину не ходят»

12) «Шыңғысхан он адам бір адамға бағынсын деп бұйырған (біздіңше оны онбасы дейді), ал онбасы бір жүзбасыға бас иген. Он жүзбасының үстінен бір адам қараған. Оны мыңбасы деген. Бар әскерінің басына үш ноян қойған. Бұл үш ноян барып қолбасшыға бағынған». (І.Есенберлин «Алмас қылыш»).

«По высочайшему установлению Чингизхана десять воинов подчиняются одному десятнику – онбасы, а десять онбасы – одному сотнику жүзбасы. Над десятью жүзбасы возвышается один мынбасы. Всеми войсками командуют два или три нойона. Все они подчиняются главнокомандующему (пер. М.Симашко)».

13) **UK** WARNING, READ AND KEEP: Toy not suitable for children under 3 years. Small parts might be swallowed or inhaled.

D ACHTUNG, LESEN UND AUFBEWAHREN: Spielzeug ist für Kleinkinder unter 3 Jahren nicht geeignet. Die Kleinteile könnten verschluckt oder eingeatmet werden.

F ATTENTION, A LIRE ET A CONSERVER: Jouet ne convenant pas aux enfants de moins de 3 ans. Les petites pièces pourraient être avalées ou inhalées.

TR DİKKAT, OKUYUN VE SAKLAYIN: Bu oyuncak 3 yaşın altındaki çocuklara uygun değildir. Küçük parçalar yutulabilirvey anefes borusuna kazabilir.

РУССКИЙ ВНИМАНИЕ ПРОЧТИТЕ И СОХРАНИТЕ: Игрушку не давать детям младше 3-х лет во избежание попадания мелких частей в рот или дыхательные пути.

KAZ НАЗАР! Ойыншықты үш жастан кіші балаларға беруге болмайды. Ұсақ бөлшектері жұтылып немесе тынып қалуы мүмкін.

2. Төмендегі мәтін үзінділерінен аударма трансформацияларын табыңыздар:

Түпнұсқа <i>Lewis Carroll</i> <i>Alice's Adventures in Wonderland</i>	Аударма <i>Льюис Кэрролл</i> <i>Алисаның гажайып елдегі басынан кешкендері</i> (ауд. Т. Молдағалиев)
And oh, I wish you could see her after the birds! Why, she'll eat a little bird as soon as look at it! (p.64)	Ал, оның құстарды қалай ұстайтынын көрсеңіз! Бірден жұтып жібереді, тіптен сүйектерін де қалдырмайды! (Б.30)
Next came an angry voice – the	– Пат! Пат! Сен қайдасың, өзің? –

Rabbit's – 'Pat! Pat! Where are you?'(p.67)	деп айқайлады Қоян. (Б.36)
'I wish I hadn't mentioned Dinah!' she said to herself in a melancholy tone. (p.25)	Дина туралы бекер айтқан екем! – деп ойлады Алиса.(Б.30)
Here the Dormouse shook itself, and began singing in its sleep, 'twinkle, twinkle, twinkle',and went on so long that they had to pinch it to make it stop. (p.42)	'Көзіңді маған қысасың, көзіңді маған қысасың...' Тышқан тоқтаусыз басты әнге. (Б.74)
She ate a little bit, and said anxiously to herself 'Which way? Which way?', holding her hand on the top of her head to feel which way it was growing. (p.45)	Өсем бе, әлде кішірейем бе? Өсем бе, әлде кішірейем бе? –деп қауіптенді. (Б.36)
Look out now, Five! Don't go splashing paint over me like that! (p.120)	Ақырын,ақырын Бестік. Сен тағы да менің үстіме бояуыңды шаштың, - дегенін естіді. (Б.79)
'Found it', the Mouse replied rather crossly, 'of course you know what 'it' means'. (p.58)	...мынаны тауыпты. Сен не білмейсің бе «мынау» дегеннің не екенін? (Б.24)
Why, Mary Ann, what are you doing out here? (p.67)	Ей, Мери-Энн, сен мұнда неғып жүрсің? (Б.31)
And once she remembered trying to box her own ears for having cheated herself in a game of croquet she was playing against herself, for this curious child was very fond of pretending you be two people. (p.44)	Бұл қыз өзі екі қыз боп ойнауды ұнататын еді. (Б.11)
'It wasn't very civil of you to sit down without being invited', said the March Hare. (p.107)	Ал сен үстелге шақырмай неге отыра қалдың, мұны сыпайылық дейміз бе? –деді Мартта туған Қоян. (Б.69)
Alice was beginning to get very tired of sitting by her sister on the bank, and of having nothing to do: once or twice she had peeped into the book her sister was reading, but it had no pictures or conversations in it 'and what is the use of a book', thought Alice, 'without pictures or conversations?' (p.35)	Алиса әпкесімен бірге өзеннің жағасында бостан–босқа отыра беруден жалықты. Бір–екі рет әпкесінің оқып отырған кітабына үңіліп еді, онда не сурет, не әңгіме жоқ екен. –Не суреті, не әңгімесі жоқ кітаптың қандай пайдасы бар?– деп ойлады Алиса. (Б.3)

Әдебиет:

- *Alice's Adventures in Wonderland by Lewis Carroll. - М.:Прогресс, 1972.*

- Льюис Кэрролл. Алисаның гажайып елдегі басынан кешкендері (ауд. Т. Молдагалиев). - А.:Балауса, 1993

Түпнұсқа Әуезов М. Абай жолы	Аударма Mukhtar Auezov. <i>Abai</i> (translated by L. Navrozov)
Жер кеуіп, жол дегдіген. Бөгет болар шалшық та, батпақ та жоқ. Ыстық пен шаң да ерте көктемде жасарған дүниенің көркін бұзып араласпаған. (294 б.)	The breeze that met them was fresh and invigorating. The ground was dry and the uneven muddy patches were gone. The spring verdure, as yet untouched by sun or dust, was bright and fresh. (302 б.)
Естияр кісі бірге болсын деп, Нұрғаным Ақылбайға бұны әдейі қосқан. (Б.333)	Nurganim had deliberately sent him to have an elder men keep an eye on the boy. (p.338)
Еңкейсе – Ертісі, шалқайса – Шыңғысы деген, асып тұрған бір шағы екен бұл, Ырғызбайдың! (Б.335).	They've got their heel on both, the Irtysh and the Chinghis. If ever there was luck...(p.340)
Шариғатта өзіңді, отаныңды билеп тұрған әміршіңді күт дейді. Діні кім болса да – ол патша ағзам. (Б.293)	The Sharia teaches us to revere him who rules us and our people, no matter what his faith. (p.301)
Мынау еді, Абай аға! –деді. (Б.398)	'I'm mending your whip, Abai-aga.' (p.403)
– Ау, бұл қалай, патшаның әмірімен қарашыны өлтіруші еді. Патшаны да өлтіреді екен – ау! (Б.292)	People are sometimes killed by the tsar's orders. There's nothing unusual about that. But whoever heard of a tsar being killed? Not I! (p.300)
Бұның өз қасында екі жігіт бар. Бірі – Қазақбай. Зор денелі, үлкен қошқар тұмсықты, шүңірек көк көзді кісі. (Б.333)	He was attended by two servants, one of them Kazakpai, a hook-nosed Circassian with deep-set grey eyes, a man of about the same age as Abai. (p.338)
Айтқанындай, ертеңінде Абайдан хат алып, Семейге жүріп кеткен Баймағамбет үш күн жүріп, оралып келді. Баймағамбет Абайдан Михайловқа хат апарған еді. Қоржын толы жаңа кітаптардан басқа, Семейдің жандарал кеңсесі шығаратын «Облыстық мәлімдеме» атты газетті және Михайловтың	Baimagambet left the next morning and returned only in three days, carrying a basket full of books, the newspaper Regional news, published by the office of the Semipalatinsk Zhandaral, and a message from Mikhailov. (p.302)

Абайға жазған хатын берді. (Б.292)	
Осы күнгі өзімізді билеп тұрған ақ патша өліпті дейді. Және өлгенде өз ажалы емес, біреу атып өлтіріпті! (Б.291)	The white tsar who ruled as, they say, has died – and by a violent hand too. Some killed him with a gun. (p.299)
Бұлардың қасына кешкі жайылысқа шыққан қой–қозыны көздеп жүрген көршілер: Байторы, Байқадам, Дарқан және Кішкене молда жаңа келіп отырысқан еді. Бұл көршілер осы көктемнен бері Абай мен Баймағамбет дөң басына шықса,қызық әңгімелер айтысып отыратынын біледі.Үндемей келіп, әңгімелерін тыңдасып отыратын әдеттері бар. (Б.290)	Old Baitory and the stable hand Baikadam went out to watch the lambs towards evening, but changed their minds and joined the circle gathered about Abai and Baimagambet on their favourite hill, confident that some interesting tale was being told. (p.298)
Сол жазғандарын жаттаушы, әнге салып айтушы, жұртқа таратушы іні, достары жаңағы жас серіктерінің арасынан шыға бастаған. (Б.394)	He set them on paper and his young, enthusiastic followers quickly learned them by heart, found suitable melodies for them and spread them far and wide. (p.398)

Әдебиет:

- Әуезов М. *Абай жолы:роман-эпопея. II кітап.* – А.: Жазушы, 2006
- Mukhtar Aueзов. *Abai: a novel. Book II.- Moscow:foreign languages publishing house (translated by L. Navrozov), 1975.*

3. Нақтылау амалы қолдану арқылы қазақ тіліне аударыңыз.

1. Each share **have** a par value of SEK one hundred (100).
2. No modification of this Agreement shall in any event be effective until the same shall **be** in writing.
3. The Company’s financial year shall **be** from January 1 to December 31.
4. If this evidence had been **put** at trial, it might reasonably have affected the decision of the jury.
5. Solicitors and barristers **are** both qualified lawyers, but they **have** a different legal training; they **take** different examinations to qualify, and once they have qualified they usually **do** different types of legal work.
6. No derogation from the provisions of this Protocol shall be **made** under Article 15 of the Convention.
7. The (police) forces cooperate with one another, but it is unusual for members of one force to cooperate in another’s area unless they are asked to **give** assistance. This sometimes happens when there **has been** a very serious crime.

8. The same fate **met** Ryan Clark.
4. Жалпылау амалы қолдану арқылы қазақ тіліне аударыңыз.
 1. He visits me practically every **week-end**.
 2. Two persons were reported **shot**.
 3. The temperature was an easy **ninety**, he said.
 4. “Want some **Jack Daniels**?”
 5. The dog sniffed **every inch** of the ground.
 6. Over the next few weeks, he fulfilled the rest of his shopping list. Investigators said he went to the **Wal-Mart** in Christiansburg on March 31, April 7, April 8 and April 13. During those visits, he bought cargo pants, sunglasses and .22-caliber ammunition. He also bought a hunting knife, gloves, a phone item and a **granola bar**. He visited **Dick’s Sporting Goods** for extra magazines of ammunition. He got chains at **Home Depot**.

7 тарау

Аудармашылық сәйкестіктер

Бұл тақырыптың негізгі ұғымдарын қарастырайық:

- **Сәйкестік** – аударма жайындағы ғылымның ең негізгі категорияларының бірі. Аудармадағы абсолютті сәйкестік бастапқы және аударма мәтіндерінің формалды, мағыналық және ақпаратты құрамдас бөліктерінің сәйкес келуімен сипатталады, алайда, іс жүзінде оған қол жеткізу мүмкін емес деуге болады. Сәйкестік категориясы аудармада «әріпшіл аударма – еркін аударма» оппозициясында көрінеді. Сондай-ақ, сәйкестік деп бастапқы мәтін бірлігін аудару нұсқаларының бірін айтады.
- **Сәйкессіздік** – бастапқы мәтіннің кез келген аударылмаған немесе үстеме тілдік бөліктері ретінде танылатын бірқатар берілмеген ақпарат немесе үстеме ақпарат көлемі.
- **Аудармашылық сәйкестік** – бастапқы тілдің нақты бірлігін аудару үшін тұрақты пайдаланылатын аударма тілінің бірлігі.
- **Заңды сәйкестіктер** – бастапқы мәтіннің сөздері, сөз тіркестері мен сөйлемдерінің аударма мәтінде барабар түрде алмастырылуы. Тұрақтылық дәрежесіне қарай аудармада мәтін бірліктері арасындағы заңды сәйкестіктерді *баламалар, аналогтер (ұқсастықтар, үйлестіктер)* және *барабар (баламалы) алмастырулар* деп үш түрін ажыратады.
- **Нұсқалық сәйкестік** – контекске байланысты туындаған бастапқы мәтін бірлігін аударудың мүмкін болатын нұсқасы.
- **Аналог (үйлестік)** – берілген контексте бастапқы мәтіндегі өзіне баламасыз сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасына ие аударма мәтіндегі сөз немесе сөз тіркесі.
- **Адекватты (барабар) алмастыру** – аудармашының мәтіндегі ойды дәл жеткізу үшін, кейде түпнұсқаның сөздіктердегі сәйкестіктерін емес, мағынасы жағынан соған сай келетін, жалпы мазмұн тұрғысынан көрінетін заңды сәйкестіктерді беруі.

§ 24. Сәйкестіктер теориялары

Ресей аударматануындағы аударманың лингвистикалық теорияларының бірі 1950 жылы «Ана тіліне аударма кезіндегі заңды сәйкестіктер туралы» атты мақала жариялаған Я.И.Рецкердің *заңды сәйкестіктер теориясы* болды [Рецкер: 1950].

Аталмыш теория кейіннен Л.С.Бархударовтың [Бархударов: 1975] еңбектерінде жалғасын тапса, оның жекелеген элементтері

В.Н.Комиссаровтың [Комиссаров:2002], В.С.Виноградовтың [Виноградов: 2004] және т.б. тұжырымдамаларында қолданылады.

Я.И.Рецкер аудармашы жай ғана шабыт пен әрекет жасамайтындығын, тіларалық сәйкестіктерді таңдау кезінде белгілі бір заңдылықтардың болатындығын бірінші болып дәлелдеді. Заңды сәйкестіктер теориясына орай, аудармашылық қызмет - процес және соның нәтижесі болып табылатын аударма мәтіні ретінде қарастырылды.

Заңды сәйкестіктер теориясы лексикадан синтаксиске және стильдерге дейінгі әртүрлі тіл деңгейлеріне өзінің ықпалын тигізеді.

Аталмыш теорияға практик аудармашылар, әсіресе көркем аудармамен айналысушылар қарсы шықты. Олар аударма талдауға келмейтін, шығармашылық акт деп түсіндіреді. Алайда, аударматанудың дамуы Я.И.Рецкер теориясын жақтаушыларының қатарын көбейтті.

Бұл теория бойынша сәйкестіктердің 3 тобы бар (6 тараудың § 23.4 қараңыз):

1. Белгіленген ұғымның тепе-тендігі арқасында қалыптасқан, сонымен қатар тілдік қатынас дәстүрінде сақталған баламалар.
2. Нұсқаулық және контекстік сәйкестіктер.
3. Аудармашылық трансформациялардың барлық түрлері.

В.Н.Комиссаров *лексикалық, фразеологиялық және грамматикалық сәйкестіктер* деп ажыратады. *Лексикалық* сәйкестіктерді ол *жекелік, көптік, және окказионалды (контекстік)* деп бөледі.

Жекелік сәйкестіктер: бастапқы тіл бірлігі аударма тіліне дәл сондай бірлігімен аударылады (терминдер, жалқы есімдер және т.б.)

Көптік сәйкестіктер: бастапқы тілдің бірлігі оның мағынасын беруде жиі қолданылатын аударма тілдегі бірнеше бірлікке ие болады.

Importance ағылш. сөздің сәйкестіктері – маңыздылық, мағыналық, мағына.

Аудармашы осындай сәйкестіктердің арасынан лингвистикалық немесе жағдаяттық контекстің негізінде таңдау жасайды. Лингвистикада контекстің тар контекст (сөйлем шеңберінде) және кең контекст (мәтін бөлігі немесе бүкіл мәтін шеңберінде) деген түрлері бар.

Ағылш. *to strike* – ұру, соғу, табу, қақтығысып қалу, шеруге шығу (жұмысты тастау). Бірақ *the striking trade-unions* тіркесін аудару кезінде контексті игеруге шығушылар нұсқасын таңдауға мүмкіндік береді.

Егер контекст *dot up from his chair* болса, онда кең контекстен стол немесе кресло туралы сөз болып отырғанын іздеуге тура келеді.

Жағдаяттық контекст дегеніміз – сәйкестіктер арасынан талдау жасауға мүмкіндік тудыратын кез келген экстралингвистикалық /фондық/ ақпарат. Мәселен, *abolitionist* [аболиционист] – құлдықтың жойылуының жақтаушысы (егер сөз өткен ғасырлар туралы болса) және өлім жазасының жойылуының жақтаушысы /егер сөз бүгінгі жайлы болса/.

Кейде контексте тілдік бірліктің пайдалану шарты аудармашының сәйкестікті тұрақты қолданудан бас тартуға және контексте сол бірліктің мағынасын біршама дәл беретін өз нұсқасын табуға мәжбүрлейді.

(окказионалды сәйкестік). Мұндай жағдайлар көбінесе көркем туындыларды аудару кезінде болады.

Сондай-ақ аударма тілінде тұрақты сәйкестіктер (баламасыз лексика) мүлде кездеспейтін бастапқы тілдің бірліктері де бар (4 тақырыпты қараңыз).

§ 25. Лексикалық сәйкестік ұғымы. Тілралалық лексикалық сәйкестіктердің қызмет ету заңдылықтары

Жазудың дамуы, шет тілін үйрену мен жазбаша аударма практикасының көбеюі тілралалық лексикалық сәйкестіктерді жүйелеу қажеттілігін туғызды. Бұл алғашқы екітілді сөздіктердің құрастырылуына себепші болды.

Тілдердің салыстырмалы-тарихи зерттелуі, типологиялық ізденістер, лексикалық құрылымдар мен жүйелердің талдануы түрлі тілдердегі бір-біріне сәйкес лексикалық бірліктерді зерттеуде жаңа міндеттер қойды. Тілралалық сәйкестіктерді анықтау мен сипаттау, оларды теориялық тұрғыда зерттеу, түрлі сөздіктерде, оқулықтарда, монографиялар мен мақалаларда сан қилы тілралалық сәйкестіктерді жинақтап, белгілеуге септігін тигізіп, тек лексикология үшін ғана емес, жалпы лингвистика үшін де маңызы зор теориялық қорытындылар жасауға мүмкіндіктер туғызды.

Тілралалық лексикалық сәйкестіктердің болуы кездейсоқ жай емес, ол тілдік болмыстың заңды фактісі, ол экстралингвистикалық және тілралалық факторлармен түсіндіріледі:

1. Тілралалық сәйкестіктер заңдылығын ескерудегі басты жәйт - *адамдардың ойлау қабілеттерінің бірегейлігінде*. Халықтардың ой-санасы нақты ұлттық тілдерде көрініс табады.

2. Лексикалық сәйкестіктердің заңдылығы *лингвистикалық универсалиялармен* байланысты. Сөз кез келген тілдің міндетті ұғымдық бірлігі болып табылады. Сөзде адамдардың ой елегінен өткізген түрлі деректер, табиғат пен қоғам құбылыстары көрініс табады.

3. *Материалды болмыстың бірлігі* жалпы адамзат үшін бірдей. Болмыстың лексикалық категорияларға, ұғымдарға бөлінуі, түрлі тілдерде әр қалай жүзеге асырылуы арқылы болмыстың лексикада көрініс тапқан жалпы ауқымы қазіргі дамыған тілдердің барлығында сәйкес келеді.

Алайда, тілралалық сәйкестіктердің заңды сипатын анықтауда тек жоғарыда аталған факторлар ғана емес, тілралалық деңгейде лексикалық-семантикалық категориялардың болуы да ескеріледі.

Түрлі белгілердің негізінде аудармашылық сәйкестіктерді бөліп ажыратудың алдында аталған категорияларды талдау қажет. Салыстырылып отырған лексикалық бірліктердің семантикалық мазмұнын, олардың дыбыстық (графикалық) формасын және тілдік сипаттамасын ескере отырып, ғалымдар тілралалық категориялардың синонимдік, омонимдік және паронимдік деп аталатын түрлерін бөліп көрсетеді. Тілдер лексикасындағы

интернационалды элементтерді салыстырмалы талдау мәселелерімен шұғылданған ғалымдар сөздердің бұл категорияларын төмендегі ретте анықтайды:

I. Тіларалық синонимдер дегеніміз - тілдегі мағынасы мен қолданысы жағынан толық немесе ішінара сәйкес келетін, аудармада бір-біріне балама болып табылатын сөздер.

Толық тіларалық синонимдерге баламалар жатқызылады. Мұндай синонимдердің негізін жалпы халықаралық сөздер құрайды. Олар қандай да бір эмоционалды-экспрессивті реңкке ие болмайды, бейтарап стильде қолданылады (вторник- сейсенбі, красный- қызыл т.б).

Ішінара тіларалық синонимдер немесе нұсқаулық сәйкестіктер деп заттың мағыналық мазмұны сәйкес келгенімен эмоционалды-экспрессивті стильдік не болмаса басқа бір белгісі бойынша сәйкес келмейтін синонимдерді айтамыз (*бет – лик, морда, рыло, личико, мордашка, роза, харя, физиономия*). Мұндай сәйкестіктерді экспрессивті синонимдер деп атауға болады.

II. Тіларалық омонимдер дегеніміз – екі тілдегі дыбыстық (графикалық) формасы жағынан сәйкес келетін, алайда, түрлі мағынаға ие сөздер. Тіларалық омонимдерді аудармашының жалған баламалары деп те атайды. Мысалы: *жара* (орыс.) – *жара* (қаз.).

III. Тіларалық паронимдер дегеніміз – формасы жағынан толық сәйкес келе бермейтін, алайда, кей жағдайда мағынасын қате түсінуге болатын сөздер (*диабетические палочки – диетикалық таяқшалар*)

IV. Тіларалық антонимдер деп ұғымдардың қарама-қайшылығы барысында анықталатын сөздерді айтамыз. Аударма теориясында тіларалық антонимдер антонимдік аударма барысында қолданылады (*я ничего не забыл – бәрі де есімде*).

V. Тіларалық гипонимия және гиперонимия. Тіларалық гипонимия деп бір тілдегі тектік ұғымдарды білдіретін сөздерге түрлік ұғымдардың қатысын айтамыз. Ал тіларалық гиперонимия дегеніміз – түрлік ұғымдарды білдіретін лексикалық бірліктерінің тектік ұғымдарды «білдіретін» лексикалық ұғымдарға қатысы (*гүл > тюльпан, роза, ромашка* сөздердің гиперонимі болады).

VI. Тіларалық перифраз. Тілде перифразалардың сан қилы түрлерінің болуы ойлаудың логикалық құрылымындағы ерекшеліктермен байланысты. Философтар мен логиктер ерте заманнан бастап, түрлі айтылымдардың (высказывания) баламалығы мен оларды алмастыру мүмкіндіктерін қарастырған. Логикалық семантика негізін қалаушылардың бірі Г.Фреге талдау барысында сәйкестіктің баламалылық деңгейін қарастырған.

Мысалы, Париж – *Францияның астанасы*; мұнай – *черное золото*.

§ 26. Лексиканың кейбір топтарын аудару ерекшелігі

26.1. Аударматанудың нысаны ретіндегі терминологиялық лексика

Кез келген тілдің терминологиялық жүйесі – тілге әсер ететін қоғамдық-элеуметтік факторларға байланысты ұдайы өзгеріп отыратын құбылыс. Сондықтан да терминжасамның теориялық-практикалық мәселелері қазақ тілін зерттеушілердің зерттеу нысаны болып келеді. Бұған өз кезеңінде белгілі қазақ ғалымдары А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбанов айрықша мән берді. А.Байтұрсынов [Байтұрсынов: 1991] халықтық тіл лексикасының терминдену үлгісін жасап, терминжасамда тілдің бар амал-тәсілін қолдана білсе, Қ.Жұбанов [Жұбанов: 1966,1999] қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуына қатысты теориялық мәселелерді тиянақтап берді.

Қазіргі кезде де қазақ тілінің терминологиялық жүйесін реттеуде көптеген теориялық-практикалық жұмыстар жүргізіліп келеді. Жалпы терминологияны ұлттық ұғыммен бірдейлестіру кезеңінен бері (1988 ж. бастап) бірқатар теориялық еңбектер (Ә.Қайдаров [(Қайдаров: 1993], Ө.Айтбаев [Айтбаев: 1988], Б.Қалиев [Қалиев: 1988], Ш.Біләлов [Біләлов: 1996], Ш.Құрманбайұлы [Құрманбайұлы: 1998], т.б.) мен практикалық іс-шаралар жүзеге асырылды. Соңғы он жылдың көлемінде ғылымның барлық саласын қамти алатындай екітілді, көптілді түсіндірме-салалық терминологиялық сөздіктер шықты.

Терминологияның ерекшелігі – жалпы терминтану ғылымының құрама бөлігі болатындығы. Ал терминтану – пәндік білім мен лингвистиканы, логиканы, информатиканы және т.б. ғылымдарды шоғырландырып жүйелейді.

Теориялық жағынан қарағанда қазір тіл ғылымы үшін аталған ғылымдардың арасында терминологияның орнын көрсету, белгілі бір ғылыми ұғыммен оны білдіретін сөздің арасындағы қарым-қатынасты анықтау тәрізді маңызды мәселелерді шешу қажет. Ал практикалық жағынан қарағанда көкейкесті мәселенің бірі – аудару кезінде бірнеше варианттардың ішінен дұрыс балама (термин) табу.

Бұл мәселе дұрыс шешімін табу үшін, біз қазақ тілінде терминдердің қандай әдістермен қалыптасатынын анықтауымыз керек. Тілімізде терминдер туғызудың мынадай тәсілдері бар:

1. Қазақ тілінен немесе туыстас түркі, жүйесі бөлек араб, иран тілдерінен баламалар табу тәсілі:

жарғы - устав, қаржы (араб. [харадж]) – финансы, пайда (араб.[фа'иде]) - прибыль, база (парс.[бәһа]) – цена, салық - налог, бұйрық - приказ, жаза (араб. [джэза]) – наказание, мүлік (араб. [мулк]) – имущество, сарап (араб. [сэрраф]) – экспертиза, т.б.

2. Түпнұсқа қалпында алынған кірме сөздер:

а) орыс тіліндегі транскрипциясы толық сақталған сөздер: *дебет, инфляция, акциз, синдикат, маржа, ноу-хау, хайринг, кассация, санкция, импичмент, т.б.;*

ә) қазақ тілінің ережелеріне (нормаларына) сәйкестендіру мақсатымен орыс тіліндегі транскрипциясы өзгертілген сөздер: *консорциум лидері - лидер консорциума, биржашы – биржевик, рефинанстау – рефинансирование, дипломатиялық иммунитет – дипломатический иммунитет, сот этикасы – судебный этикет*, т.б.

3. Аралас (қоспа) кірме сөздер: *инфрақұрылым - инфраструктура, кумулятивті дауыс беру – кумулятивное голосование, жер рентасы – земельная рента, баллистикалық сарап – баллистическая экспертиза, қылмыстық кодекс – уголовный кодекс*, т.б.

4. Калька тәсілімен берілген сөздер:

а) дәлме-дәл калькалау: *жобалық қуаты – проектная мощность, ақша айналымы – денежное обращение, еңбекпен түзеу мекемесі – исправительно-трудовое учреждение, қылмыс құрамы – состав преступления*, т.б.;

ә) қазақ тілінің ережелеріне сәйкес формалды деңгейде өзгертіп калькалау: *қайта тәрбиелеу – перевоспитание, жауаптылыққа қабілеттілік – вменяемость, үстеме пайда – сверхприбыль, өзін-өзі қаржыландыру - самофинансирование*, т.б.

5. Сипаттама аударма:

Ауары – 1. Төлем құралдары. 2. Банктің шет ел банкісіндегі валюталық салымдары, қаражаты. Референдум – бүкіл халықтың пікірін білу.

Осы аталған тәсілдер соңғы кезде шығып жатқан екітілді (қазақша-орысша және орысша-қазақша) салалық сөздіктерде өз көрінісін тауып отыр. Салалық жаңа сөздіктердің көптеп шыға бастауы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы мен тілдің ғылымның әртүрлі саласында қолданылу аясының кеңеюіне байланысты.

Өмірімізде жаңа құбылыстарды бейнелейтін жаңа да ұтымды терминдер пайда болып жатыр. Мыс., *қуыным (иск), құқық (право), айзақ (понятой), әнұран (гимн), елтаңба (герб), делдал (посредник), мәміле (сделка)*.

Алайда, бірнеше салалық терминологиялық сөздіктерді пайдаланғанда бір терминге бірқатар балама табуға болады; мысалы: *продукция* (өнім, бұйым, өнімдердің жиынтығы), *убыток* (шығын, залал), *бизнес* (кәсіпкерлік, іскерлік), *ассоциация* (құрама одақ, қауымдастық), *унификация* (бірізге салу, бірегейлендіру, жүйеге келтіру, бірдейлестіру), *модификация* (түрлендіру, түр өзгертушілік, жетілдіру, түрөзгерім), *фальсификация* (бұрмалама, жалған, жасанды зат, айла-шарғы), *гарантия* (кепілдеме, кепіл, кепілдік, шарт), т.б.

Терминологиялық мәтінмен жұмыс істегенде аудармашылық қате жібермеу үшін, біріншіден, термин таңдауда ғылыми ұғымның көлеміне және оның белгілеріне назар аударылуы қажет. Бұл үшін терминдердің толық анықтамаларын салалық түсіндірмелі сөздіктерден (біртілді /орыс, қазақ/ және екітілді /орысша-қазақша және қазақша-орысша/ сөздіктерден) тауып, талдап керек.

Мыс., Х.Рахматуллиннің «Банк терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде» *штраф* және *пеня* терминдері *айып* деген бір сөзбен аударылған [Рахматуллин: 1992]. Осы терминдердің ұғымдық жағына көз салайық.

Штраф (нем. - strafe) «екі жақтың бірінің тарапынан шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін төленетін төлем, оның мақсаты – шарт тәртібін нығайту және зардап шеккен жақтың шығынын өтеу. Тұрақты сома немесе орындалмаған міндеттеме саласының процент түрінде алынады» [Аяпова: 1993, б.306].

Пеня (лат. poena) – «қаржы міндеттемелерінің дер кезінде орындалмағаны үшін қолданылатын санкция, ол салықты төлемдерді төлеу мерзімін өткізіп алғанда, сондай-ақ алынған тауар-материалдық қаражатқа, көрсетілген қызметке және орындалған жұмыстарға ақының кешіктіріліп төленгені үшін белгіленеді. Мерзімі өткен әр күн үшін орындалмаған міндеттеменің сомасына процент түрінде қосылады» [Аяпова: 1993, б.200].

Көріп отырғанымыздай, *штраф* пен *пеняның* арасында ғылыми ұғымдық көлемі жағынан айырмашылығы бар: оларды бір сөзбен – *айып* сөзімен аудару дұрыс емес. Семантикалық, яғни мағыналық жағынан салыстыра қарағанда, ұғымдық көлемі бойынша *штраф* пен *айып* сөздері *пеня* деген терминнен гөрі бір-біріне әлдеқайда жақын. Ж.Аяпова мен Е.Арыновтың сөздігінде осы екі түрлі терминдерге сәйкес баламасын табуға тырысқан: *штраф* – *айыппұл* және *пеня* - *өсім*.

Қазақ заң терминологиясында ұғымдық көлемдері сәйкес келмейтін терминдерді шатыстырып, бір мағынада алу мысалдары да кездеседі. Мәселен, кейбір сөздіктерде [Ибраева: 1996, Дулатбеков: 1995] *амнистия* және *помилование* деген терминдердің баламасы ретінде *кешірім* сөзі көрсетіледі.

Талдау жасап көрейік.

Амнистия (гр. amnestia) – «сот үкімімен сотталған, бас бостандығынан айырылғандардың жазасын жеңілдету немесе жазаны өтеуден босату. Амнистия адамдардың белгілі бір топтарына (мысалы, әйелдерге, қарт адамдарға немесе басқа да қоғамға аса қауіп төндірмейтін сотталушыларға) жоғарғы үкіметтің органы арнайы қаулысымен жүзеге асырылады» [ҚР КТС: 1996, б. 112]. Ал *помилование* «сотталған жеке адамға тағайындалған жазаны жеңілдету немесе сотталды деген атағыны жою туралы акті. Бұны мемлекет басшысы (бізде ҚР Президенті) жүзеге асырады» [ҚР КТС: 1996, б. 154] (астын сызған біз – А.Ж.).

Жоғарыда талданған ұғымдардың нақты белгілері ҚР Конституциясында да көрсетілген:

3 бөлім, 44-бап: «Қазақстан Республикасының Президенті:

...15) азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады» [ҚР Конституциясы: 1995,б.22-24];

4 бөлім, 54 бап : «Парламент...

б) азаматтарға рақымшылық жасау туралы актілер шығарады» [ҚР Конституциясы: 1995,б.32-33] (астын сызған біз – А.Ж.).

Сондай-ақ, ҚР Конституциясында бұл терминдердің жігі ажыратылады да, оларға осындай баламалар беріледі: *амнистия - рақымшылық жасау, помилование - кешірім жасау*. Ғ.Сапарғалиевтің, А.Ибраеваның терминологиялық сөздіктерінде талданып отырған терминдер қазақ тілінде осылай көрсетілген: *амнистия - рақымшылдық* [Ғ.Сапарғалиев:1995,б.13], *рақымшылық* [Ибраева:1996, б.39], *помилование – кешірім беру* [Ғ.Сапарғалиев:1995, б.139], *кешірім, кешірім беру* [Ибраева: 1996, б.55]

Бұл терминдердің арасындағы қатынасты төмендегі сызбадан көруге болады:



7-сызба. Рақымшылық пен кешірім заң терминдердің арасындағы қатынас

Жоғарыда көрсетілген мысалдар аудармашыларға терминдерді игерту үшін этимологиялық және семантикалық талдау жүргізу қажет екендігіне көзімізді жеткізеді.

Экономикалық терминология қоғамдағы үнемі өзгеріп отыратын экономикалық қатынастарды бейнелегендіктен, этимологиялық құрамы жағынан әркелкі сөздерден құралған (*рынок, деньги, кредит, финансы*, т.б.). Олардың бірсыпырасының қазақ тілінде баламалары бар және аударуға келеді. Ал заң терминологиясы көбінесе грек және латын тілдерінен енген сөздерден тұрады (*акт, конституция, санкция, юстиция, апелляция*). Бұл интернационализмдер, халықаралық заң терминдер жүйесінде бұрыннан қалыптасқан. Осы жайттарды ескеріп халықаралық заң терминдерін түпнұсқада қабылдау керек деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, әрине, қазақ тілінің терминдік жүйесі бүгінгі күні даму кезеңін басынан өткізіп жатыр. Осы кезеңде варианттылық дәлсіздіктер кездесуі мүмкін шығар. Дегенмен, екітілді салалық сөздіктерді қолдану барысында, әсіресе, аударматану сабақтарында студенттер тілдік материалдарды мұқият қарап, оны дұрыс сұрыптай білуі керек. Өйткені жаңадан шыққан сөздіктерде ұтымды жаңалықтарымен қатар біршама тілдік қателіктер де кездеседі.

26.2. Ғылыми-техникалық әдебиетті аударудың ерекшеліктері

Ғылыми-техникалық әдебиетке әртүрлі ғылым саласындағы ғалымдардың монографиялары, ғылыми мақалалар, хабарламалар, диссертациялар, анықтамалықтар мен оқулықтар, ғылыми рефераттар, авторефераттар жатады. Осы аталған әдебиеттегі материалды баяндау стилі ғылыми стиль деп аталады. Ғылыми стильдің негізгі міндеті – белгілі бір ғылым саласына қатысты ақпаратты оқырманға барынша анық және дәл түрде жеткізу. Бұл мақсатқа сай арнайы лексика, грамматикалық құралдар және өзіндік баяндау тәсілі қолданылады. Ғылыми стильде терминдер, яғни әртүрлі салаларда ғылыми ұғымдар мен зат атауларын білдіретін сөздер көбірек ұшырасады. Ғылыми стильдің негізгі белгісі – термин сөздердің жиілігі. Ғылым салаларының түрлеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейбір сөздері термин ретінде қолданылады. Мәтінде мұндай сөздер кездескен кезде аудармашы мұқият болу керек, яғни көпмағыналы сөздің қай мағынада қолданып тұрғанын анықтауға тиіс. Ғылыми стильде жалпы көпмағыналы, бейнелі сөздер сирек кездеседі.

Басым көпшілік жағдайда аудармашы терминдерді аударылатын тілдегі дайын баламаларды қолданады. Олар арнайы терминологиялық сөздіктерде көрсетілген, соңғы кезде алуан түрлі салалар бойынша терминологиялық аударма (орысша- қазақша және қазақша-орысша) сөздіктер жарық көрді.

Бір ескеретін жайт – ғылымның алға басып, дамып отыратыны белгілі. Сөздіктер оған ілесе алмайды. Сондықтан кейбір жағдайда аудармашы түсініксіз терминнің мағынасын, баламасын табу үшін, өзіндік ізденіс жасап, шешім қабылдауына тура келеді. Бұл жерде тәржімешіге оның біліктілігі, түбірлес сөздерді тани білуі көмектеседі.

Ғылыми-техникалық әдебиеттің тағы бір ерекшелігі – мұнда сөйленістің әртүрлі бөліктерінің арасында логикалық байланыс орнату үшін жұмсалатын көмекші сөздердің жиі қолданылуы. Қазақ тілінде, мысалы: *сол себепті, сондықтан, осыған орай, байланысты, алайда, дегенмен, бірақ*; орыс тілінде: *во-первых, наконец, следовательно, по сообщению, по мнению, очевидно, возможно, действительно*.

Ғылыми стильді грамматикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, мынадай ерекшеліктерді байқауға болады: ғылыми әдебиет белгілі бір фактілерді дәл, нақты, анық түсіндіруді мақсат ететін болғандықтан, мұнда зат есім, сын есім және етістіктің ырықсыз формасы жиі қолданылады. Ғылыми стиль синтаксисінің ерекшелігі мұнда ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделеді. Көбінесе ой сабақтас және салалас құрмалас сөйлемдер арқылы беріледі. Кейде ғылыми стильдің сабақтас құрмалас сөйлемі бірнеше жай сөйлемінің баяндаушы шартты рай формасы арқылы жасалып, екінші бөлігі ойды тиянақтау, дәлелдеу, анықтау тәсілдеріне арналады.

Ғылыми стильде бастауыш көбінесе 1-ші жақтың көпше түрінде келеді, баяндаушы жіктік жалғауда қолданылады.

Ал енді ғылыми стильдегі материалды баяндау тәсілдеріне тоқталар болсақ, негізінен бұл стильге жалпы жазба тілінің ерекшеліктері тән. Ғылыми стиль зерттеу объектісін – зат не құбылысты ғылыми тұрғыдан сипаттап дәлелдеп, түсіндіруді керек етеді. Ал пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына сүйену қажет, сондықтан ғылыми стильде логиканың маңызы ерекше. Демек, ақпаратты жеткізудің логикалық жағына басым көңіл бөлініп, эмоциялық жағы ескерілмейді деуге болады. Сол себепті мұнда метафора, метонимия сияқты көркемдік құралдар өте сирек қолданылады.

Ақпарат мазмұны эмоцияның, бір қалыпты түрінде баяндалады. Қорыта айтқанда, ғылыми стилі нақтылығымен, айқындылығымен, ойға қонымдылығымен, тілдік стандарттылығымен ерекшеленеді.

Ғылыми-техникалық әдебиетте тәржімешінің алдымен жоғары біліктілігі болу керек, ол түпнұсқа тілінің және аударылатын тілдің ғылыми терминологиясын жақсы меңгерген болуы қажет, тіпті оның сол салада жұмыс тәжірибесі болса тіпті жақсы. Яғни аударманың дәл болуымен қатар, ол анық тілмен, түсінікті баяндалуы керек, тіпті түпнұсқада негізгі автор ойын түсінікті, нақтылы түрде жеткізе алмай қалғанның өзінде де бұл талап сақталуы қажет. Міне, осының бәрі ғылыми-техникалық аударманың өте күрделі, қиын процесс екенін танытады. Аудармашыға үлкен жауапкершілік жүктеледі және қаншама қиын болса да, ол өз міндетін абыроймен орындауға тиіс.

Мысалы, тәржіметану саласында еңбек еткен М.Морозов деген ғалым өзінің «Техника перевода научной и технической литературы с английского на русский язык» деген кітабында мынадай мысал келтіреді: «Зная, например, основные значения *to glide* – скользить и встретившись в статье по авиационному делу со словом *glider* мы без словаря догадаемся, опираясь, конечно, на контекст, что в данном случае *glider* – планер» [Морозов: 1985, б.21].

Мысалы, ағылшын тілінде *on, in, before, bendy, instead of, in order to, as a result, because of, thanks to, in order to* өте жиі ұшырасады.

Сонымен қатар ғылыми еңбектерде бірқатар үстеу, шылау түрлері жиі қолданылады. Мысалы, *however* - дегенмен, бірақ; *also* - сонымен қатар, сонымен бірге, сондай-ақ, *again* - екінші жақтан, басқа тұстан; *now* - жұмыс барысында, сонымен сияқты, *on the other hand* - басқа жағынан қарастырғанда.

Ағылшын тілінде жақсыз құрылымдар жиі кездеседі – *it is important, it is desired*.

26.3. Антропоним және топонимдердің аудармада берілуі және дыбысталуы

Антропоним (грек. *anthropos* – адам, *онума* - есім, ат) - адамдардың өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары

[Қалиев: 2005, б.25] (тарихи тұлғалардың, қоғамдық қайраткерлердің, ғалымдардың, жазушылардың, өнер қайраткерлердің, көркем әдебиет пен фольклор кейіпкерлердің және т.б.) .

Топоним (грек. *topos* – орын, мекен, *опута* - атау) – мәдени-тарихи маңызы бар географиялық атау.

Тарих, география, мәдениет саласындағы антропонимдер, сондай-ақ топонимдер аударма тілінде екі тәсілмен:

- 1) транслитерация немесе транскрипция;
- 2) аудару арқылы – берілуі мүмкін.

Транслитерация (лат. *trans* - арқылы, *littera* - әріп) – түпнұсқа мәтіндегі сөздердің аударылатын тілдің әріптерімен берілуі, мысалы, *Newton* (ағылш.)– *Невтон* (орыс тілінде XIX ғ.жгі қолданған формасы), *Illinois* (ағылш.)– *Иллинойс* (орыс, қаз.), (*Илиной* емес), *Michigan* (ағылш.)– *Мичиган*(орыс, қаз.), (*Мишиган* емес), *Шымкент* (қаз.) – *Шымкент* (орыс.), *Тараз* (қаз.) - *Тараз* (орыс.).

Транскрипция (лат. *transcriptio* – көшіріп жазу, көшіру) - өзге тілдің сөзіндегі дыбыстарды аударма тілінің әріптерімен беру: *Newton* (ағылш.)– *Ньютон* (орыс, қаз.), *Beatles* (ағылш.) – Битлз (орыс, қаз.) *Қазақстан* (қаз.) - *Казахстан* (орыс), *Kazakhstan* (ағылш.).

Қате транскрипцияланған сөздермен салыстырыңыз: *Жетісу* – *Джетысу*, *Жамбыл* – *Джамбул*, *Өмірбек* – *Умирбек*, *Шымкент* – *Чимкент*, *Алматы* – *Алма-Ата* (қаз. – орыс.), *Қазақстан* – *Kazakstan* (қаз. – ағылш.).

Белгілі географиялық атауларды транскрипцияның көмегімен беру үрдісі бар, мысалы, тау шыңдарының атаулары – *Хан Тәңірі* – *Хан Тенгри*, *Mont Blanc* – *Монблан*, ал тек жергілікті ғана мәні бар атаулар кей жағдайда аударма арқылы да берілуі мүмкін (Париждегі *Champs Elisies* - орыс тіліне *Елисейские поля* деп аударылады; салыстырыңыз: *ул.Мира* – *Бейбітшілік көшесі*. Алайда, бұл беталыстан шегінушілік те байқалады, мысалы, Берлиндегі *Unter den Linden* (*Под липами*) көшесі транслитерацияланып *Унтер ден Линден* деп беріледі, Алматыдағы *Достық даңғылы* – *проспект Дружбы* емес; *проспект Достық*). АҚШ-тағы белгілі қаланың аты *Solt-Lake-City* (*Город Соленого Озера*) орыс, қазақ тілдерінде *Солт-Лейк-Сити* деп транскрипция арқылы жазылады.

Географиялық атауларды транскрипциялаған кезде екпіннің орны да ауысуы мүмкін, мысалы, *Flyrida* - Флорéда, *Wbshington* - Вашингтун

Тарихи тұлғалардың жалқы есімдеріне кірмейтін лақап аттары аударылады: *Charlemagne* (франц., лат.тілінен өзгертілген) - *Карл Великий* - *Ұлы Карл*; *Филипп Красивый* – *Сұлу Филипп*, *Темірлан* – *Хромой Тимур* (орыс.), *Ақсақ Темір* (қаз.).

Жалқы есімдер аударылмайды (мысалы, *Қуаныш*, *Ләззат*, *Толқын*, *Бақыт*), дегенмен, мәтінде олардың өзге тілдегі формасы көрсетілуі мүмкін:

Лиз, Лизет, Аннет, Айнур, Жанар сияқты сөздердің өзгетілдік ерекшелігі аударма тілінің морфологиялық үлгілерін қолдану арқылы көмескіленуі мүмкін (мысалы, орыс тілінде *женский родтың* жалғауын қосу арқылы: *Луиза, Лизетта, Анна, Айнура, Жанара*). Ал көркем әдебиетте жалқы есімдер кей жағдайларда тәржімеленеді (бұл жалқы есімдердің мәтіндегі стильдік қызметіне байланысты). Мысалы, А.П.Чеховтың белгілі «Лошадина фамилия» («Жылқы аттас фамилия») деп аталатын әңгімесінде аудармашы стильдік реңк жүктеп пайдаланған жалқы есімдерді түгелдей қазақшалаған, мәселен, *Жеребцов – Айғырбаев, Гнедов – Торытаев, Лошадинин – Жылқыбаев, Уздечкин – Жүгенбаев, Жеребчиков – Дөненбеков, Овсов – Сұлыбаев* т.б.

Газет-журналдардың аттары, олардың анық бір мағына білдіруіне карамастан, транскрипция немесе транслитерация арқылы беріледі (орыс тілінде: *Юманите, Таймс (Время - алматылық газетпен салыстырыңыз), Жұлдыз, Жалын, Ана тили*, т.т.). Мұнымен олардың белгілі бір елге қатыстылығы белгіленеді. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында, жалқы есімдер кірме түрінде жиі қолданылады. Мысалы: «национальная комиссия по делам UNESCO, Kazakhstan today, Gaseta SNG.ru» (*Мегаполис* газеті); «Премьер-Министр «Total Exploration and Production» компаниясының атқарушы комитетінің мүшесі, атқарушы вице-президентімен кездестің; «Сондай-ақ, ол Премьер-Министрге «BG Group» компаниясының Қазақстандағы басты жобасы жайлы хабарлады» (*Егемен Қазақстан* газеті).

Аударманы немесе транслитерацияны таңдау негізінен қалыптасқан үрдіске байланысты (*Хамбург емес, Гамбург, Лайпциг емес, Лейпциг, Пари емес, Париж, Рома емес, Рим* (тарихи дәстүр бойынша қазақ тілінде *Үрім*) деп жазылады; салыстырыңыз: *Москва емес, Moscow, Мәскеу, Санкт-Петербург - St.-Petersburg* (ағыл.), (бұрын қаз. тілінде *Петербор* деп берілетін), *Россия - Ресей, Сибирь – Сібір, Челябинск - Челябі*; қазақ тілінде дәстүрлі қолданылатын жалқы есімдермен салыстырыңыз: *Тегран* (орыс тілінде *Тегеран*), *Мысыр (Египет), Еділ (Волга), Жайық (Урал)*. Орыс, қазақ тілдерінде – the English Channel - *пролив Ла-Манш* деп берілетін дәстүр бар.

Кей кезде бір сөз – жалқы есім - әртүрлі жағдайда түрліше берілуі мүмкін. Мысалы, ағылшын тілінде *Georg*, көбінесе *Джордж* деп транскрипцияланады, бірақ бұл ағылшын королінің аты болса, ол *Георг* деп транслитерация арқылы беріледі.

Егер аудармашы дағдылы дәстүрді бұзса, басқаша жазылу арқылы белгілі қалалар, өзендер туралы сөз болып отырғандығы түсініксіз болуы мүмкін (мәселен, дәстүрлі *Рейн, Райн* емес, *Сэн* емес, *Сена*). Аудармашы тек ойдан шығарылған тұлғалардың фамилияларын немесе бірінші рет ұшырасатын я сирек кездесетін аттарды өз еркімен аударып алады.

Транслитерация немесе аударманы таңдау кезде екі тілдің фонетикалық (дыбыстық) жүйесінің ұқсастығы немесе айырмашылығын білудің үлкен мәні бар. Екі тілдің әлипбиі бірдей болса, дыбыстық формасын беруден гөрі дәл транслитерацияны қолданған жөн. Екі тілдің дыбыстар

жүйесінде айырмашылық елеулі болса (мысалы, ағылшын тілі және орыс/қазақ тілдері), олардың дыбыстық жағы жартылай немесе шартты түрде беріледі. Мысалы, ағылшын тілінде London - қазақша да, орысша да *Лондон*, дыбыстаулынан гөрі (*Ландон*) жазылуында көбірек ұқсастықтар бар.

§ 27. Аударманың грамматикалық мәселелері. Грамматикалық сәйкестіктер

Әрбір тілдің даму заңдылықтарына байланысты грамматикалық құбылыстары, жалпы алғанда, басқа тілдің грамматикалық құбылыстарынан өзгеше болады, кейбір жеке жағдайлар бойынша ұқсастықтар да болуы мүмкін (мысалы, сөз таптарына бөлу; сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді ажырату кез келген тілдің грамматикаларында кездеседі).

Осыдан аударманың грамматикалық қиындықтары морфология немесе синтаксис саласында болмасын туындайды. Сондықтан аударманы зерттеуде тілдердің грамматикалық құрылымдарының айырмашылығын анықтаудың маңызы өте зор. Бұл айырмашылықтар әр тілдің ішкі ерекшеліктерінің нәтижесінде пайда болады.

Аударма түпнұсқаның грамматикалық құрылымын дәл жеткізуді мақсат етпесе де, кей жағдайларда түпнұсқаның жеке грамматикалық ерекшеліктері, мысалы, оның ықшамдылығы, сөз тіркестердің немесе сөйлемдердің құрылымындағы параллельдігі, қандай да бір сөз табының жиірек қолданылуы – осындай деректер нақты бір стилистикалық мақсатпен берілсе, аудармашының міндеті – осы белгілердің (ерекшеліктердің) қызметіне қарай аударылатын тілде сай келетін тілдік құралдарды іздеп табу.

Бұл тұста мына жағдайларды ескеру қажет:

- 1) әр тілдің өзіндік грамматикалық ерекшеліктері әрдайым шектеулі;
- 2) мұндай құбылыстарды аударғанда белгілі бір тұрақты ереже жоқ, сондықтан бірнеше аударма мүмкіндіктерінің ішінен ізденуге болады; аударма нұсқасын таңдау түпнұсқадағы сөйлемнің көрші сөйлемдермен арақатынасы, аударылатын мәтіннің жанры, түрі, стиліне байланысты.

Грамматикалық қалыптарды дәл сақтай отырып аударманы жүзеге асыру көбінесе мүмкін емес, өйткені көп жағдайда сәйкестіктер болмайды, көбіне олар сөздердің тіркесу ережелеріне және әдеби тілдің талаптарына сай келмейді, ал бірқатар жағдайда стильдік ерекшеліктерді сақтау мүмкін емес. Әсіресе түпнұсқа және аударма мәтіндегі грамматикалық категориялар, жайылма сөйлемнің құрамындағы сөздердің орын тәртібінің сай келуі, олардың саны, сөздіктерде берілген мағыналары дәлме-дәл болуы - өте сирек кездесетін құбылыс.

Түпнұсқа мен аударма нұсқаның тілінде бірнеше грамматикалық айырмашылықтар болуы мүмкін.

1. Бастапқы тілде (түпнұсқада) аударма тілінде сәйкестігі жоқ элемент кездеседі (бірқатар роман, герман тілдерінде артикль категориясының

болуы, анықталған (белгілі)/анықталмаған (белгісіз) артикльдердің арасындағы айырмашылық; жоғарыда аталған тілдерде шак категориясының күрделі формаларының кездесуі және басқа тілдерде мұндай формалардың болмауы, т.т.).

Мысалы, белгілі америка жазушысы Т.Драйзердің шығармасы ағылшын тілінде *An American Tragedy* деп аталады (бұл жерде белгісіз артикльдің мағынасы – осы сияқты көп кездесетін трагедиялардың бірі, қалыпты жағдай; белгілі француз жазушы Ги де Мопассанның романы *Une vie* аудармасы *Жизнь; Өмір*; дұрысы *История одной жизни, Бір өмірдің хикаясы* болуы керек еді).

2. Аударма тілінде бастапқы тілге сай келмейтін формалар бар, бірақ солай бола тұрса да олар үнемі белгіленген формаларда аудармада қолданылады (мысалы, орыс тіліндегі етістіктің вид формасы, есімшенің өткен шақтағы актив формасы және осы шақтағы пассив формасы – бұл белгілердің бәрі роман, герман тілдерінде кездеспейді).

Егер қазақ және орыс тілдерінің грамматикалық жүйелерін салыстыратын болсақ, бірнеше айырмашылықтарды анықтауға болады, мысалы:

- Орыс тілінде род грамматикалық категориясы семантикалық және формалды түрде (арнайы жалғау және анықтауыш пен анықтайтын сөздің қиысу арқылы), ал қазақ тілінде тек қана семантикалық деңгейде болатындығы, мысалы:

добрая женщина (жен.род) – *мейірімді* әйел,

добрый человек (муж.род) – *мейірімді* кісі,

доброе слово (ср.род) – *мейірімді* сөз;

чистый воздух (муж.род) – *таза* ауа,

чистая улица (жен.род) – *таза* көше,

чистое окно (ср.род) – *таза* терезе.

Қазақ тілінде грамматикалық родтың элементтері тек қана жанды зат есімдерге тән, ал орыс тілде жанды, жансыз зат есімдерде де болады (жоғарыда келтірген мысалдарға қараңыз).

- қазақ тілінде сан есімдердің ішінде ерекше топ бар, бұл – топтау сан есім. Топтау сан есімдердің дәл баламасы орыс тілде жоқ болса да, аудару барысында бұл грамматикалық форма *предлог және сан есім* тіркес арқылы беріледі, мысалы:

екі-екіден – по двое,

бестен – по пять.

• орыс тіліндегі *притяжательные местоимения* қызметтерін қазақ тілінде ерекше грамматикалық категория – тәуелдік жалғаулар атқарады, мысалы:

моя книга – (менің) кіта**б**ым,

мой дядя – (менің) аға**м**,

его (ее) отец – (оның) әке**сі**.

- орыс тілінде *вид* категориясы бар болса, қазақ тілінде ол мүлдем жоқ, алайда, *несовершенный вид*, *совершенный вид* категорияларының мағыналары дара және күрделі етістіктер арқылы беріледі, мәс.:

писать – жазу,

переписать (*сов.вид*) – көшіріп жазып алу;

переводить – аудару,

перевести (*сов.вид*) – аударып шығу;

читать – оқу,

прочитать (*сов.вид*) – оқып шығу;

спать - ұйықтау,

уснуть (*сов.вид*) - ұйықтап қалу.

- қазақ тілінде шақ категориясы өте көлемді болса (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ,, жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ, ауыспалы өткен шақ, болжамды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ), орыс тілде шақ категориясы үшке (өткен шақ, осы шақ, келер шақ) бөленеді. Қалған формалары сөз тіркестері (яғни сипаттау) арқылы беріледі, мысалы:

*бар*армын – я, *возможно, пойду*;

Шымкентте *тұр*атынмын – я *когда-то (раньше) жил* в Шымкенте;

ол *кел*інті – *оказывается, он пришел*.

§ 28. Фразеологизмдерді аудару мәселесі. Фразеологиялық сәйкестіктер

Фразеологизмдер – еркіндігі жоғалған, ажырамастай қалыпта кірігіп кеткен тіркестер (тұрақты тіркестер). Фразеологизм мен сөздің лексикалық мәнін ашқанда, олар біріне-бірі синоним болып келетінін байқау қиын емес. Мыс., *қас пен көздің арасы – лезде, төбе шашы тік тұру – үрейлену, қорқу, үріп ауызға салғандай – сұлу, т.б.*

Фразеологиялық бірліктер – екінші тілге аударуды талап ететін (көп ретте қалдырып кетуге немесе алмастыруға болмайтын) функционалды қызметі басым элементтер. Фразеологизмдерді аудару мәселесін көптеген қазақстандық ғалымдар, жазушылар зерттеген (Қ.Сағындықов [Сағындықов: 1960], М.Әлімбаев [Әлімбаев: 1967, 1976], Ө.Айтбаев [Айтбаев: 1975], т.б.).

Аудармашы фразеологизмдерді фразеологизмдермен аударуға талпынуы керек, яғни аудармада түпнұсқадағы фразеологизмдерді құрудың тепе-теңдігі сақталуы тиіс. Бұл негізгі талап.

Дегенмен, кейде мұндай тәсіл мүмкін емес. Аударма тілінде оған сәйкес келетін фразеологизм болмауы мүмкін, болған күннің өзінде стилистикалық жағынан сәйкес келмеуі мүмкін. Осы жағдайда:

- бірсөзді сәйкестікке,
- сипаттама аудармаға,
- калькаға (сөзбе-сөз аудармаға) сүйенеді.

Егер аударма тілінде сәйкес келетін тұрақты оралымдар болмаған жағдайда, фразеологизмдерді сөзбен аударуға болады немесе тілде аударма тіліне сәйкес келетін фразеологизмдер болған күннің өзінде де олардың эмоционалды-экспрессивтік және стильдік құны түпнұсқадағы бірлікте барынша ерекшеленеді.

Кейде аудармашы қажетті фразеологиялық бірлікті есіне түсіре алмауы мүмкін. Мұндай сәйкестіктерде кейбір экспрессивтілік пен мағыналық бояулардың төмендігі байқалады. Кейде бұл тиісті балама таппаған аудармашының қателігі.

Жоғарыда көрсетілген себептерге сәйкес фразеологизмдер сипаттама (түсіндірмелі) сипатқа ие болуы мүмкін, яғни еркін тіркестермен беріледі.

Сипаттама аударма толықтай алғанда аударманың көркем барабарлығына зиянын тигізбеуі мүмкін, бірақ жартылай стилистикалық нұқсан келтіретіні анық.

Фразеологизмдерді аудару кезінде калькалау тәсілі өте сирек қолданылады, себебі аударма мәтінінде калька ерекше түсіндіруді қажет ететін бөтен тілдік құрылым ретінде көрінеді. Егер түпнұсқадағы сөз ойынын беру қажеттілігі туындағанда, калькалау тиімді тәсіл болуы мүмкін.

Нақты аудармалар талдауы көрсетіп отырғандай, аударма тілінде константты фразеологиялық баламалар бола тұра, аудармашылар жеке стилистикалық пайымдауларға бағына отырып, жиі бір сөздік немесе сипаттамалық сәйкестіктерге сүйенеді. Арнайы екітілді фразеологиялық сөздіктерді пайдалану қажет.

Фразеологиялық сәйкестіктер мынадай топтарға бөлінеді:

1. Фразеологиялық баламалар:

*Как небо от земли – жер мен көктей,
Волосы встали дыбом – төбе шашы тік тұру,
Бережь как зеницу ока – көздің қарашығындай сақтау,
Strike the iron while it is hot – күй железо, пока горячо.*

2. Фразеологиялық аналогтер:

*Бет пердесін ашу – вывести на чистую воду,
Жаны жәннәтте болғыр – царство ему (ей)небесное.*

3. Фразеологиялық калькалар:

В мутной воде рыбу ловить – лай судан балық аулау,

*В прятки играть – жасырынбақ ойнау,
Ни рыба ни мясо - балық та емес, ет те емес,
Как две капли воды – екі тамшы судай,
Черепаший шаг - тасбақа аяң.*

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) «Сәйкестік», «сәйкессіздік», «аудармашылық сәйкестік» терминдеріне анықтама беріңіз.
- 2) Я.И.Рецкердің «заңды сәйкестіктер теориясының» мәнін түсіндіріңіз.
- 3) «Заңды сәйкестіктер теориясының» жақтаушылары мен қарсыластарының негізгі пікірлерін келтіріңіз.
- 4) «Лексикалық сәйкестіктер», «фразеологиялық сәйкестіктер», «грамматикалық сәйкестіктер» терминдеріне анықтама беріңіз, мысалдармен дәлелдеңіз.
- 5) Аударма кезінде сәйкестік таңдауда контекст пен тілден тыс жағдайдың рөлі қандай?
- 6) Тілдік бірліктердің лексикалық мағынасының компоненттерін аудару барысындағы негізгі мәселелер.
- 7) Басқа тілдерде жалқы есімдерді берудің ерекшеліктері неде? Мысалдар келтіріңіз.
- 8) Мысалдар арқылы реалийлерді (шындық болмыс ұғымдарын) аударудың тәсілдерін түсіндіріңіз.
- 9) Фразеологиялық бірліктерді аудару тәсілдерін атаңыз.

Тест тапсырмалары

1. Я.И. Рецкер сәйкестіктердің қандай түрлерін ажыратады?

- A) баламалар және нұсқалық сәйкестіктер
- B) фразалар және сөздер
- C) морфемалар мен сөздер
- D) дұрыс және қате сәйкестіктер
- E) толық және жартылай сәйкестіктер

2. Аударма теориясында *заңды сәйкестіктердің* қандай түрлері болады?

- A) баламалар мен аналогтер
- B) баламалар мен синонимдер
- C) баламалар, аналогтер, адекватты алмастырулар
- D) адекватты алмастырулар мен синонимдер
- E) аналогтер мен синонимдер

3. Болжауға болатын сөздік, семантикалық сәйкестіктер дегеніміз:

- A) әлеуетті сәйкестіктер

- B) функционалды
- C) окказионалды
- D) константты
- E) тұрақсыз

4. Заңды сәйкестіктер теориясына сәйкес аудармашылық қызмет қалай қарастырылады?

- A) нәтижесі аударма болып келетін үдеріс
- B) ерекше қызметтің түрі
- C) талдауға келмейтін шығармашылық қызмет
- D) тілдік қызмет
- E) ойлау қызметі

5. В.Н.Комиссаров сәйкестіктерді қандай топтарға бөледі?

- A) лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық
- B) лексикалық, грамматикалық
- C) фонетикалық, лексикалық грамматикалық
- D) лексикалық, морфологиялық, синтаксистік
- E) лексикалық, фразеологиялық

6. В.Н. Комиссаров лексикалық сәйкестіктерді қалай бөледі?

- A) тілдік және окказионалдық
- B) жекелік және көптік
- C) жекелік, көптік және окказионалдық
- D) нақты және шамалы
- E) толымды және толымсыз

7. Бірнеше лексикалық сәйкестіктер арасынан таңдау жасағанда басты рольді не атқарады?

- A) аудармашының интуициясы
- B) лингвистикалық немесе жағдаяттық контекст
- C) сәйкестіктердің жүйелі қалпы
- D) фондық ақпарат
- E) тар шеңбердегі контекст

8. «Константты сәйкестік» терминін алғаш қолданған кім?

- A) М.Л.Лозинский
- B) Л.С.Бархударов
- C) А.Л.Пумпянский
- D) В.С.Виноградов
- E) Г.Р.Гаччиладзе

9. Аудармашылық тіларалық лексикалық сәйкестіктер теориясының негізін салушы:

- A) Я.И.Рецкер
- B) А.В.Федоров
- C) А.Д.Швецер
- D) В.Н.Комиссаров
- E) В.С.Виноградов

Өзіндік жұмыстардың тапсырмалары

1. Контексте қою шрифтімен берілген сөздердің мағынасын ашыңыз. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

- The of US *Marshals* and *Deputy Marshals* were created more than 200 years ago by the first Congress in the Judiciary Act of 1789, the same legislation that establishes the federal judicial system. The Marshals were given extensive authority to support the federal courts within their judicial districts and to carry out all lawful *orders* issued by judges, Congress, or the President.
The *Marshals* and their deputies served the subpoenas, summonses, writs, warrants, and other *process* issued by the courts, made all the ar rests, and handled all the prisoners. They also disbursed the money.
- Unesco was established on 4 November 1946, when 20 signatories to its *Constitution* had deposited their *instruments of acceptance* with the Government of the United Kingdom.

2. Идиомаларды орыс тілінен қазақ тіліне аударған кезде қандай жолмен берілген (мысалдар «Орысша-қазақша фразеологиялық сөздіктен» /Алматы, 1985/ алынған). «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздікті», «Фразеологический словарь русского языка» пайдаланып, жауаптарыңызды дәлелдеңіз.

Ахиллесова пята–Ахиллестің өкшесі [біреудің осал жері]

Бог сним! – Өз білгенін істесін! Өз обалы өзіне!

В руки не брать - қолына алмау

В сердцах - қызбалықпен; ашу үстінде

Горячее спасибо - мыңда бір рақмет; жалынды жүректен шыққан алғыс; үлкен алғыс

И смех, и горе - әрі күлкі, әрі түрпі; күлейін бе, жылайын ба?

И ухом не ведет – *прост.* беті бүлк етпейді; пысқырыпта қарамады

Как снег на голову [упасть, свалиться] - ойда жоқта; ойламаған жерден; кенеттен қара төнгендей; аяқ астынан

Каменный век – тас ғасыры

На самом деле – шыныда, шындығында

Оставаться (остаться) в дураках – *прост.* ақымақ болып қалу; алданып қалу;
 мұзға отырып қалу
 Пальцем не трогать (не тронуть) - қол тигізбеу
 Под горячую руку – разг. Ашу үстінде (ашуланып тұрғанда)
 Положа (положив, положивши) руку на сердце – разг. ант-су іше, ағынан
 жарыла
 Предложить стул – орындық ұсыну
 Принимать (принять) грех на душу – күнә көтеру
 Пустая голова - разг. қауға бас, миғұла
 С глазу на глаз – разг. көзбе-көз; төрт көзіміз түгелінде
 С годами – жылдар (уақыт) өткен сайын; жылдан жылға
 Со дна моря достать – жеті қабат жердің астынан табу; қайда болса да, тап
 Ставить (поставить) перед необходимостью – мәжбүр еткізу
 Становиться (стать) в ряды - қатарға тұру
 Убей (побей) меня бог! - *прост.* Құдай ұрсын!
 Черт знает что [такое] - *прост.* Бұл не деген сұмдық!
 что за беда! – *прост.* Түк те емес! Оқасы жоқ!
 что правда, то правда – разг. расы-рас
 яркий пример – айқын мысал

3. Мәтіндерді үш тілде салыстырыңыз.

- Қазақ және ағылшын тілдеріне аудару барысында бастапқы мәтіннің қалдырылып кеткен тұстарын табыңыздар. Сіздің ойыңызша, ықшамдау тәсілі немен байланысты?
- Жалқы есімдерді (антропонимдер, топонимдер, көркем туындылардың атаулары) теріп, әрбір бірліктің түпнұсқа тілін анықтаңыз. Бірліктер басқа тілдерге қандай тәсілдер арқылы берілген?
- Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерден *горисполком*, *достоевсковеды* сөздерінің сәйкестіктерін табыңыз. Оларға түсінік беріңіз.

Достоевский в Семипалатинске

В 1854 году ссыльнокааторжный петрашевец Ф.М.Достоевский, закончивший срок каторжных работ в Омском остроге, был зачислен рядовым в Седьмой сибирский линейный батальон, стоявший в Семипалатинске. Здесь, на казахской земле, он провел пять лет своей жизни, о которых впоследствии сказал: «По крайней мере, жил, хоть страдал, да жил!» Начался следующий период жизни писателя — ссылка и солдатская служба. «Выйдя из моей грустной каторги, я со счастьем и надеждой приехал сюда. Я походил на больного, который начинает выздоравливать после долгой болезни и, быв у смерти, еще сильнее чувствует наслаждение жить в первые дни выздоровления. Надежды было у меня много. Я хотел жить...»

Семипалатинские годы - это время возвращения Достоевского к литературному труду. Он снова мог писать: «На душе моей ясно. Вся

будущность моя, и все, что я сделаю, у меня, как перед глазами. Я доволен своей жизнью». Но работа шла нелегко, много времени отнимала солдатская служба. Достоевский ненавидел муштру и смотры еще в Военно-инженерном училище. В Семипалатинске же ему опять пришлось надеть форменную одежду. «Солдатство не шутка, ... солдатская жизнь со всеми ее обязанностями солдата не совсем-то легка для человека с таким здоровьем и с такой отвычкой или, лучше сказать, с таким полным ничегонезнанием в подобных занятиях... Я не ропщу; это мой крест...»

Выйдя из острога и оставшись в Омске на месяц, Достоевский познакомился с офицером-казахом Чоканом Валихановым. Это был блестящий и отважный человек, ученый-этнограф, фольклорист, путешественник. Достоевский встречался с Валихановым и в Семипалатинске. Он оценил высокие дарования своего нового друга: «...Не великая ли цель, не святое ли дело быть чуть ли не первым из своих, который бы растолковал в России, что такое Степь, ее значение и Ваш народ относительно России, и в то же время служить своей родине просвещенным ходатайством за нее у русских. Вспомните, что Вы - первый киргиз - образованный по-европейски вполне. Судьба же Вас сделала вдобавок превосходнейшим человеком, дав вам и душу, и сердце». Сблизился в эти годы Достоевский и со знаменитым географом П.П.Семеновым (впоследствии Тянь-Шанским). Большое значение имела для ссыльного писателя дружба с бароном А.Е.Врангелем, который прибыл из Петербурга в Семипалатинск в 1854 г. в качестве нового окружного прокурора. Он знал Достоевского как автора романа «Бедные люди». Скоро они стали близкими друзьями. «Александр Егорович... человек очень молодой, с прекрасными качествами души и сердца, приехавший в Сибирь прямо из лица с великодушной мечтой узнать край, быть полезным и т. д. Он служил в Семипалатинске; мы с ним сошлись, и я полюбил его очень...» Два года, пока Врангель жил в Семипалатинске, они с Достоевским общались почти ежедневно. Образованный молодой прокурор ввел Достоевского в лучшее местное общество, во всем оказывал ему помощь и поддержку. Врангель оставил интересные воспоминания о семипалатинском периоде жизни писателя. В биографии Достоевского Семипалатинск был городом перемен – Достоевский ждал амнистии, верил, что скоро сможет вернуться в Россию. С описания Семипалатинска начинаются «Записки из Мертвого дома»: «В отдаленных краях Сибири, среди степей, гор или непроходимых лесов, попадаются изредка маленькие города, с одной, много с двумя тысячами жителей, деревянные, невзрачные, с двумя церквями - одной в городе, другой на кладбище, города похожие более на хорошее подмосковное село, чем на город...» В повести «Дядюшкин сон», события которой разворачиваются в Семипалатинске, дана похожая короткая характеристика: «По улицам, обставленным маленькими, вставшими в землю домишками, ожесточенно лаяли собаки, которые в провинциальных городах разводятся в ужасающем количестве...».

В Семипалатинске Достоевский поменял четыре адреса. Около месяца он жил в казармах с солдатами, потом поселился в доме на окраине города: «Хата Достоевского находилась в самом безотрадном месте. Кругом пустырь, сыпучий песок, ни куста, ни дерева. Изба была бревенчатая, древняя, скривившаяся на один бок, без фундамента, вросшая в землю, и без единого окна наружу, ради опасения от грабителей и воров... У Достоевского была одна комната, довольно большая, но чрезвычайно низкая; в ней царствовал всегда полумрак. Бревенчатые стены были смазаны глиной и когда-то выбелены; вдоль двух стен шла широкая скамья. На стенах там и лубочные картинки, засаленные и засиженные мухами. У входаналево от дверей большая русская печь. За нею помещалась постель Федора Михайловича, столик и, вместо комода, простой дощатый ящик. Все это спальное помещение отделялось от прочего ситцевою перегородкою. За перегородкой в главном помещении стоял стол, маленькое в раме зеркальце. На окнах красовались горшки с геранью, и были занавески, вероятно когда-то красные. Вся комната была закопчена и так темна, что вечером с сальной свечою - стеариновые тогда были большою роскошью, а освещения керосином еще не существовало - я еле-еле мог читать. Как при таком освещении Федор Михайлович писал ночи напролет, решительно не понимаю. Была еще приятная особенность его жилья: тараканы стаями бегали по столу, стенам и кровати, а летом особенно блохи не давали покоя, как это бывает во всех песчаных местностях».

Весну-лето 1855 года писатель провел вместе с Врангелем на даче «Казаков сад», а в 1857 году после женитьбы на Марии Исаевой снял квартиру в доме почтальона Ляпухина.

Этот дом сохранился до наших дней. В октябре 1965 года решением Семипалатинского горисполкома часть дома на втором этаже была освобождена от жильцов для городской библиотеки №15. Заведующая библиотекой Зинаида Георгиевна Фурцева стала собирателем и хранителем материалов о писателе. Она наладила контакты с известными учеными-достоевковедами, литераторами, музыкантами, художниками, актерами; добилась того, чтобы в 1967 году дом был полностью освобожден от жильцов. Летом 1968 года домик Достоевского посетил внук писателя А.Ф.Достоевский, приехавший из Ленинграда на 250-летний юбилей города Семипалатинска. С 1969 года библиотека-музей работала уже как филиал историко-краеведческого музея.

В 1971 году, когда мировая общественность отмечала 150-летие со дня рождения Ф.Достоевского, музей стал самостоятельным областным, литературно-мемориальным.

В 1976 году к старому дому по проекту московского архитектора В.Ф.Власова была сделана современная пристройка. В архитектуру здания была заложена идея памятника-книги. Двухэтажное каменное строение имеет две стороны ломаных стен, как бы сложенных из полуоткрытых книг. Стены здания оформлены композициями «Кабинет писателя» и «Петербург

Достоевского». У входа установлена бронзовая скульптура «Ф.Достоевский и Ч.Валиханов» скульптора Д.Элбакидзе.

В музее размещена литературная экспозиция, освещающая жизненный и творческий путь писателя. Среди экспонатов - первые издания романов писателя «Преступление и наказание» (1867), «Подросток» (1876), «Братья Карамазовы» (1881) и другие произведения.

Музей Федора Михайловича Достоевского в Семипалатинске является единственным музеем великого русского писателя за пределами России. Музеем ведется большая научно-исследовательская работа, результатом которой являются публикации, сообщения, методические разработки. Долгие годы музей является крупным научно-справочным центром. Но главное его предназначение - хранить на казахстанской земле память о величайшем гении мировой литературы.

Достоевский Семей жерінде

1854 жылы Ф.М.Достоевский Омбы острогындағы каторгалық жұмыстар мерзімі аяқталғаннан кейін Семей қаласында орналасқан. Жетінші сібір желілік батальонына қатардағы жауынгер болып есепке алынған болатын. Мұнда жазушы өміріндегі жаңа кезең – жер аудару және солдаттық қызмет басталды. Қазақ жерінде өз өмірінің бес жылын өткізген ол бұл туралы кейіннен былай деп айтқан болатын: «Қалай болғанда да, қасірет шеккеніме қарамастан, өмір сүрдім, иә, өмір сүрдім!»

Семейде өткен жылдар – Достоевскийдің шығармашылық еңбекке қайта оралу кезеңі. Жазушы қолына қалам алып, жазуға кірісті, бірақ жұмыс оңай жұрмейтін, жауынгерлік қызметтен қолы босамайтын.

Достоевский қазақ офицері Шоқан Уәлихановпен Омбыда танысқан болатын. Ол керемет және ержүрек адам, ғалым-этнограф, фольклорист, саяхатшы болатын. Достоевский өзінің жаңа досының дарынын жоғары бағалады. Уәлихановпен ол Семейде де кездескен болатын. Осы жылдары Достоевский атақты географ П.П.Семеновпен (кейіннен Тянь-Шанскиймен) де жақындасты. Жер аударылған жазушы үшін 1854 жылы Петербургтен Семейге жаңа округ прокуроры ретінде келген барон А.Е.Врангельмен достығы үлкен маңызға ие болатын. Ол Достоевскийді «Бейшаралар» («Бедные люди») романының авторы ретінде білетін. Врангель Семейде тұрған екі жылдың ішінде Достоевскиймен күнде арласып тұратын. Жас прокурор Достоевскийді жергілікті зиялы қоғам арасына ендіріп, оған барынша көмек көрсетіп, қолдау жасады.

Достоевскийдің өміріндегі Семей өзгерістер қаласы болды – ол патша рақымшылығын күтіп, жақын арада Ресейге ораламын деп үміттенетін.

Семейде Достоевский мекен-жайын төрт рет ауыстырды. Шамамен бір айдай солдаттармен казармаларда тұрды, одан кейін қала сыртындағы үйге көшіп келді. 1855 жылдың көктем-жаз айларын Врангельмен «Казаков сад»

саяжайында өткізді, ал 1857 жылы, Мария Исаеваға үйленгеннен кейін, пошташы Ляпухиннің үйінде пәтер жалдап тұрды.

Бұл үй әлі күнге дейін сақталған. 1965 жылы Семей қалалық атқару комитетінің шешімімен үйдің екінші қабатындағы бір бөлігі қалалық кітапхана үшін тұрғындарынан босатылды. Кітапхана меңгерушісі Зинаида Георгиевна Фурцева жазушы туралы мәлімет жинап, оның мұрасын сақтаушыға айналды. Ол ғалымдармен, әдебиетшілермен, музыканттармен, суретшілермен, актерлермен байланыс орнатып; 1967 жылы үйдің толығымен тұрғындарынан босатылуына қол жеткізді. 1969 жылдан кітапхана-мұражай енді тарих-өлкетану мұражайының филиалы ретінде жұмыс істей бастады. 1971 жылы әлемдік қауымдастық Ф.Достоевскийдің 150-жылдығын атап жатқан кезде, мұражай дербес, облыстық дәрежеге ие болып, әдеби-мемориялдық мұражайға айналды.

1976 жылы көне үйге мәскеу сәулетшісі В.Ф.Власовтың жобасы бойынша қазіргі заманғы қосымша құрылыс жалғанып салынды. Ғимараттың архитектурасына ескерткіш-кітап идеясы салынған болатын. Қос қабатты тас ғимараттың екі жағындағы қабырғалары бүгіле келіп, жартылай ашылған кітап түрінде салынған. Ғимарат қабырғалары «Жазушы кабинеті» және «Достоевскийдің Петербургі» композицияларымен көркемделген. Кіреберісінде мүсінші Д.Элбакидзенің «Ф.Достоевский және Ш.Уәлиханов» атты қола мүсіні орнатылған.

Мұражайда жазушының өмірлік және шығармашылық жолын бейнелейтін әдеби композиция орналасқан. Экспонаттардың арасында – «Қылмыс және жазалау» («Преступление и наказание»), «Жасөспірім» («Подросток»), «Ағайынды Карамазовтар» («Братья Карамазовы») атты жазушы романдарының алғашқы басылымдары және т.б. шығармалар.

Семейдегі Федор Михайлович Достоевскийдің мұражайы – Ресей шектерінен тыс орналасқан ұлы орыс жазушысының жалғыз мұражайы. Мұнда үлкен ғылыми зерттеу жұмысы жүргізілуде, осы жұмыстың нәтижесі ретінде жарияланымдар, хабарламалар, әдістемелік ғылыми зерттеулер жарық көруде. Ұзақ жылдар бойы мұражай ірі ғылыми-анықтама орталығы болып табылады. Бірақ оның басты тағайындалуы – Қазақстан жерінде әлемдік әдебиеттің ұлы ғұламасы туралы естелікті сақтау.

Dostoevsky in Semipalatinsk

In 1854, upon completing his sentence to hard labor at Omsk Prison, F.M.Dostoevsky was enlisted as a private in the 7th Siberian Line Battalion stationed in Semipalatinsk. The next period in the author's life — exile and military service — had begun. Here, in Kazakh territory, he would spend five years of his life, of which he would later write: "At least I have lived — suffered, but lived!"

For Dostoevsky, the Semipalatinsk years were a time of return to literary work. Once again he could write, but the work proceeded with difficulty - military service demanded much of his time.

While still in Omsk, Dostoevsky had met the Kazakh officer Chokan Valikhanov. Valikhanov was a brilliant, intrepid person, a scholar and ethnographer, folklorist, and traveler. Dostoevsky had highly esteemed his new friend's considerable talents; now, in Semipalatinsk, he met Valikhanov once again. During these years Dostoevsky likewise became closely acquainted with renowned geographer P.P.Semenov (later Tian-Shansky). Of particular significance for the exiled writer was his friendship with Baron A.E.Wrangel, who came to Semipalatinsk from Petersburg in 1854 to serve as the

new district prosecutor. The baron knew Dostoevsky as the author of the novel *Poor Folk*. During the two years Wrangel lived in Semipalatinsk, he and Dostoevsky spent time together almost daily. The young prosecutor introduced Dostoevsky to the finest local society, and in every way helped and supported him.

In Dostoevsky's biography, Semipalatinsk was a city of changes: he was awaiting amnesty, and believed that he would soon be able to return to Russia. Dostoevsky changed addresses four times while in Semipalatinsk. For about a month he lived in the barracks with the soldiers, then moved to a house on the outskirts of the city. The writer spent the spring and summer of 1855 with Wrangel at the Kazakov Sad dacha, and in 1857, after his marriage to Maria Isaeva, rented an apartment in the house of the postman Lyapukhin.

This house remains to this day. In 1965, by decision of the Semipalatinsk City Executive Committee, part of the house on the second floor was vacated to make the city library. The library director, Zinaida Georgievna Furtseva, became a compiler and custodian of materials on the writer. She established contacts with scholars, literati, musicians, artists, and actors, and by her efforts in 1967 the house was entirely vacated of tenants. Since 1969 the library museum has operated as a branch of the museum of regional history.

In 1971, when the global community celebrated Dostoevsky's 150th birthday, the museum became an independent oblast literary memorial museum. In 1976, a modern addition designed by Moscow architect V.F.Vlasov was built onto the old house. The building's architectural design was based on the concept of a book-shaped monument. The two-story stone structure has zigzagging walls on two sides, which appear to be constructed of half-open books. The walls of the building are decorated with the compositions *The Writer's Study* and *Dostoevsky's Petersburg*. At the entrance stands a bronze sculpture: *F.Dostoevsky and Ch.Valikhanov*, by sculptor D.Elbakidze. The museum houses a literary exhibit illustrating the writer's life and works. Items on display include first editions of the writer's novels *Crime and Punishment*, *The Adolescent*, and *The Brothers Karamazov*, and other works.

The Fyodor Mikhailovich Dostoevsky Museum in Semipalatinsk is the only museum of the great Russian writer beyond Russian borders. Here

considerable scientific research is conducted, resulting in publications, presentations, and tutorials. For many years the museum has been a major academic information center. Its primary purpose, however, is to preserve in Kazakhstan the memory of one of the greatest geniuses in world literature.

(«Nomad-Kazakhstan» журналы, № 5 (29), 2009. Б. 13-20)

8 тарау


Аудармашының тілдік тұлғасы

§ 29. Тілдік тұлға ұғымы. Тілдік тұлға моделінің деңгейлерін анықтау

Тілдік тұлға ұғымын алғаш рет орыс тіл біліміне белгілі тілші Ю.Н.Караулов [Караулов: 1981, 1987] енгізді. Аударматану бағытында бұл ұғымды Ресейде И.И.Халеева [Халеева: 1989], Қазақстанда Р.З.Загидуллин [Загидуллин: 1993] т.б. зерттеп жүр.

Тілдік тұлға моделінің 3 деңгейі бар: 1) ассоциативті-вербалды жүйе (АВЖ), 2) тезаурус және 3) прагматикон. Егер бұл ұғымдарды оқу мақсатына сәйкес икемдейтін болсақ, онда *ассоциативті-вербалды жүйе* – құрылымдық-семантикалық түрдегі тіл, тілдік бірліктердің мағыналық және құрылымдық байланыстары (сөздер, сөз тіркестері және басқалар). *Тезаурус*, И.Р.Гальперин [Гальперин: 1974] бойынша, жіберілген ақпаратты қабылдауға тиімді әсер ететін, адамның санасында сақталатын және жинақталған тәжірибе. Оның көлемі көп жағдайда адамдардың интеллектуалды қабілетіне байланысты. *Прагматикон* – қарым-қатынас үдерісінде шешуді талап ететін мақсаттар, міндеттер, сондай-ақ адамның коммуникативті қабілеттері.

Аударматанушы Р.З.Загидуллиннің көрсетуінше, аудармашы билингв тұлға ретінде бірыңғай тезаурус кезінде кем дегенде, екі ассоциативті-вербалды жүйеге ие болады. Сондықтан аудармашы тезаурусы түпнұсқа авторының тезаурусына, сондай-ақ аударма адресатының тезаурусына сәйкес келуі керек. Р.З.Загидуллин ұсынған сызбаға аздаған өзгеріс енгізе отырып, тіларалық коммуникация ретіндегі аударманың мынадай моделін ұсынуға болады [Загидуллин: 1993, б.50].



8-сызба. Тіларалық қарым-қатынас ретіндегі аударманың құрылымдық-қызметтік моделі

§ 30. Аудармашылық құзыреттілік

Аудармашыларды даярлауды ұйымдастыру көп жағдайда аудармашылардың әртүрлі қызмет атқаруымен анықталады. Кәсіби аудармашы тәржіменің бір немесе бірнеше түрі бойынша мамандануына болады.

Аудармашылық қызметтің көпқырлылығы тек аударма түрлерімен байланысты емес. Аударма түрлі тапсырыс берушілер үшін әртүрлі жағдайларда, әртүрлі кезеңдерде түрлі мақсаттарға орай орындалуы мүмкін. Аударма мәтіні түпнұсқамен жалпы танысу үшін немесе қандай да бір ақпарат алу үшін, болмаса түпнұсқаның орнын толықтай баса алатын жарияланым ретінде қызмет атқаруы мүмкін. Аталмыш жағдайларда аудармаға әртүрлі шарттар қойылады, сондықтан аудармашы кез келген жұмысқа дайын болуы шарт.

Аудармашының жұмысына оның ресми мәртебесі де әсер етеді. Ол келісімшарттар бойынша аударма жасай отырып, аударманың редакторы, кеңесшісі немесе аудармашылар тобының жетекшісі және тағы басқа рөлдерде қандай да бір аударма бюросының штатында немесе бөлімінде, бір өзі я болмаса аудармашылар тобының құрамында жұмыс жасауы мүмкін.

Осы айтылғандарға қоса, тәржімешіге аудармашылық қызметтің басқа да көптеген түрлері: келіссөздерді, ресми хат алмасуларды жүргізу, шетелдік қонақтарды қабылдау мен оларды шығарып салу, шолу жасау мен сұхбаттасудың хаттамаларын және өзге де құжаттарды құрастыру, т.с.с. міндеттер жүктелуі мүмкін.

Тілралалық қарым-қатынастың ерекшелігі мен аудармашылық қызметтің әртүрлі формалары аудармашыда тілдік құзыреттілікті қалыптастыру мүмкіндігін туғызады.

Аудармашының **тілдік құзыреттілігі** кез келген тіл иелеріне тән тілді меңгерудің барлық қырларын қамтиды, дегенмен де, оның өзіндік ерекшеліктері де бар. Сондай-ақ, тілдік қарым-қатынасқа қатысушылар сияқты аудармашы да тілдің құрылымы, нормасы, сөздік құрам мен грамматиканың қатары жайлы, сөйлеу айтылымдарын құрастыру үшін тіл бірліктерін қолдана білу ережелері мен басқа да біліктілерді естен шығармағаны жөн:

- мәтін құрушылық құзыреттілік,
- коммуникативті құзыреттілік,
- техникалық құзыреттілік.

Аудармашы – түпнұсқа тіліндегі сөзді басқа тілде қалай айтуға болады, бұл сөздің мағынасы неде, немесе белгілі бір жағдаятта мұны қалай түсіндіруге болады деген сұрақтар төңірегінде өз-өзінен жауап күтетін, үнемі ізденіс үстінде жүретін тұлға. Тәржімеші тыңдағанын аударып қана қоймай, тілдердегі жаңалықтар туралы біліп отыруға, өзінің картотекасын толықтыруға үнемі талпынып отырады.

Осыған орай аудармашының тілдік құзыреттілігі аса бір оралымдылығымен ерекшеленеді.

Қарым-қатынас үдерісі барысындағы сәтті тілдік алмасулар коммуниканттарда сол тілдік ұжымда қабылданған ережелер мен стереотиптерге сәйкес әртүрлі типтегі мәтіндерді құра білу, яғни *мәтін құра білушілік құзыреттілігінің* болуын алға тартады. Аудармашының кәсіби құзыреттілігі екі тілдегі сондай ережелерді білуді және түрлі типтегі мәтін құра білу қабілеттерін қамтиды.

Коммуникативті құзыреттілік – аудармашының түпнұсқа мәтінінде айтылғандарды түсіне отырып, оны аударма қабылдаушыларына жеткізе білуі. Аудармашы әрдайым аялық (фондық) білімдердегі ерекшеліктерді және аударма қабылдаушыларының қарым-қатынасы жағдайын ескере отырып, бастапқы мәтіннің тілдік мазмұны аудармада тиісті деңгейде берілді ме деген сияқты сұрақтарды шешуге мәжбүр болады. Қажет болған жағдайда аудармашы жеткізілмей қалған фондық ақпаратты айтылымның ішінде немесе оны ескертпе, сілтеме ретінде айта отырып, тілдік мазмұнды түзетеді. Осыған байланысты, әдеттегі коммуниканттарға қарағанда, аудармашының коммуникативті құзыреттілігі салыстырмалы-динамикалық сипатқа ие болады.

Аудармашының кәсіби құзыреттілігі өзінің кәсіби қызметін оларсыз табысты орындай алмайтын кейбір *жекелеген сипаттардан* тұрады. Аударма – ақыл-ой қызметінің күрделі түрі. Ол ерекше психикалық ұйымдасушылықты, ұтқырлықты, тез арада көңіл аударма білуді, бір тілден екінші тілге, бір мәдениеттен екінші бір мәдениетке, бір коммуникативті жағдаяттан басқасына өтуді қажет етеді. Аудармашыдан ойын жинақтай білу, жады ресурстарын, бүкіл интеллектуалды және эмоционалды әлеуеттерін тиімді пайдалану талап етіледі.

Аудармашының әртүрлі тақырыптағы, ғылымның түрлі саласы бойынша мәтіндер аударуына тура келеді. Сол себепті одан қызығушылықтар аясының кең болуы, жан-жақты білімділік, зияткерлік сияқты қасиеттер талап етіледі. Ол жоғары мәдениет пен энциклопедиялық танымның иесі болуы тиіс. Аудармашы өзінің білімін жетілдіріп, жаңа ақпаратпен танысып отыруы үшін әртүрлі анықтамалықтар мен мәліметтердің басқа да дереккөздерін тиімді пайдалана білуі қажет. Аудармашылар кез келген білім олардың кәсібі үшін артық болмайтындығын ұғына отырып, жалпы білімділіктің рөлін жақсы түсінеді.

Аудармашының кәсіби құзыреттілігінің моральдық-этикалық компонентін ерекше атап өтуіміз қажет. Ол өз жұмысының сапасына салғырт қарауының нәтижесінде туындаған моральдық және материалдық шығындарға толық жауап береді. Аудармашының қызметін пайдаланушылар оның объективтілігі мен сенімділігіне иек артады. Олар түпнұсқаның өзін емес, аудармашы тәржімелеген баламасын қабылдайды. Аудармашылық қызмет, басқа мамандықтарға қарағанда, толықтай аудармашы жұмысының нәтижесіне деген аударма қабылдаушыларының сеніміне негізделген.

Мұндай сенімділікке аудармашы тек жинақылығының, еңбекқорлығының арқасында ғана қол жеткізе алады.

Аудармашы әртүрлі қарым-қатынас жағдайында жұмыс жасайды. Ол құпия саяси немесе коммерциялық құжаттармен жұмыс істеуі мүмкін, жоғары дәрежелі келіссөздерге қатысуы ықтимал. Сыпайылық, әдептілік, өзін-өзі ұстау, құпияны сақтай білу – аудармашының кәсіби мінез-құлқының міндетті бөлігі.

Аудармашының кәсіби құзыреттілігі аталмыш қызмет түрін атқару үшін арнайы білімді, білікті, дағдыны қамтиды.

Аудармашының *кәсіби техникасында арнайы білік-дағдыларды* білу негізгі рөл атқарады. Олар:

1. Екі тілде қатар әрекеттерді орындай алу, бір тілден екінші тілге ауыса білу.
2. Мәтінді аудармашылық тұрғыдан түсіну дағдысы. Әрине, аудармашылық процестің бірінші кезеңінде аудармашы түпнұсқаны қабылдаушы рөлін атқарады, оның мәтінді түсінуі жай ғана түйсінудің тереңдігімен және аяқталғандығымен ерекшеленеді.
3. Аударма үдерісінде екі тілде қатар әрекеттерді орындау тілдердің сыртқы құрылымынан ішкі құрылым тереңдігіне дейін және керісінше өту дағдысын қажет етеді.
4. Аудармашы үшін тағы бір маңызды мәселе – ол түпнұсқа мәтіні мазмұнынан алшақтап кетпеу. Тура сәйкестікті қолдану мүмкін болмаған жағдайда аудармашы түпнұсқадан алшақтауға, ауытқуға мәжбүр болады, бірақ ол бұл жағдайда бастапқы мағынаны сақтап қалуға тырысады. Мұндай стратегия ең алдымен, тілдік форманы түрлендіру, сондай-ақ біршама жақын синонимдерін қолдану арқылы жүзеге асады.
5. Аудармашылық құзыреттілік аударманың техникалық тәсілдерін таңдай білу мен дұрыс қолдануды және бастапқы тілдің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерімен байланысты туындаған қиындықтарды жеңе білуді, күрделі мәселелерді шеше білу дағдысын қамтиды.

Негізгі аудармашылық дағды түпнұсқа мәтінін талдай алуды, стандартты және стандартсыз аудармашылық мәселелерді анықтауды және әрбір аударманың нақты бір актісіне біршама сәйкес келетін тәсілдерді таңдауды қажет етеді. Өзінің және өзгенің аудармаларын редакциялай білу, жіберілген семантикалық және стилистикалық қателерді тауып, оларды жою, ұсынылған нұсқаларды дәлелмен сынау және бағалау осымен байланысты.

Жалпы, аудармашылық дағды барлық тілдік дағдылар кешенінің негізінде жүзеге асады. Дағдылардың бір бөлігі жартылай автоматты немесе автоматты дағдыға айналып, оларды аудармашы интуитивті түрде қолданады. Аудармашының кәсіби құзыреттілігінің барлық бөліктері

аударманы оқыту үдерісінде немесе аудармашылық қызметпен айналысу барысында дамып отырады.

§ 31. Аудармашылық этика

Кез келген кәсіп иесі өкілдерінің өзін ұстау мәнерінің нормалары мен ережелері бар, осы нормалар мен ережелердің көмегі арқылы кәсіп қоғамдағы өз орнын айқындайды, ал қоғам болса, өз тарапынан кәсіптің этикасына әсер етеді. Әрбір кәсіптің бұзуға болмайтын, кәсіптік өзін ұстау мәнерінің өзіндік моральдық нормалары мен заңдары бар. Адалдық, жауапкершілік, кәсіби өзара көмек көрсету кез келген кәсіптің байрағы болып табылады.

Аудармашылық қызметте де кәсіби этика үлкен рөл атқарады. Себебі бұл мамандық кейбіреулер ойлайтындай қызмет көрсетумен емес, ақпарат жеткізумен тығыз байланысты. Сонымен бірге, аудармашы ақпараттың шынайылығына толық жауапты екендігін айта кеткеніміз жөн. Қазіргі технотронды ғасырда ақпаратты игеру жетістіктің нәтижесі, ал ол ақпаратты пайдаланушы оны белгілі бір мақсатта жүзеге асырады.

Аудармашының кәсіби этикасына төмендегідей ережелерді жатқызуға болады:

- Аударманың кәсіби этикасының негізгі ережесі – өзіне ғана мәлім ақпаратты жарияламау, яғни аудармашы аударылатын материал мазмұнының құпиялығын сақтауға және оны қажетінсіз жария етпеуге міндетті.
- Аудармаға тапсырыс беріп отырған адаммен барынша сенімді қарым-қатынас орнату.
- Қысылтаяң жағдайда да шыдамдылық пен сабырлық таныту, әрдайым сыпайы, әдепті, тиянақты болу, орнымен киіну.
- Мүмкіндігінше, аударылып отырған мәтінге өз тарапынан сөз қоспау (айтылған ойдың шеңберінен шығып кетпеу) және өзіндік көзқарастарын білдіретін ойлардан аулақ болу. Кей жағдайда, ізбе-із немесе ілеспе аударма кезінде аудармашы дипломатиялық өкілеттікке ие тұлға болып табылады (мысалы, халықаралық байланыс барысындағы ірі саясаткерлердің сөздерін аударған кезде). Егер аудармашыда бұл дипломатиялық өкілеттіліктер танылса, дипломатиялық қарым-қатынастардың шиеленісуіне жол бермей, қолдау жасайтын көмекші тұлға қызметін атқара отырып, түпнұсқа мәтінінің дәлдігінен сәл ауытқуына құқығы бар, бірақ қандай да бір тараптың көзқарасын жақтауға міндетті емес. Қалған жағдайларда аудармашы тараптардың қарым-қатынастарына араласуға, сондай-ақ аударылатын мәтін мазмұнына қатысты өз пікірін білдіруге құқығы жоқ.

- Қарым-қатынасты жақсартып, өзара түсіністікті арттыру үшін қажет болған жағдайда өзіне таныс, ал серіктеріне беймәлім ұлттық мінез, менталитет, дәстүр мен мәдениет ерекшеліктерін түсіндіру.
- Жағдайға толығымен бейімделмеген адамдарға, әсіресе шетелде, тіпті жұмыс уақытынан тыс және қосымша еңбекақысыз да нақты көмек көрсету.
- Үнемі біліктілігін, кәсіби шеберлігін жетілдіріп отыру. Мүмкіндігінше, бір бағытта (құқық, қаржы, экология т.б.) мамандана отырып, білім көкжиегін кеңейту. Яғни, аудармашы өзіне мәлім тәсілдермен түпнұсқа тілі, аударма тілі, аударма техникасы және мәтін тақырыптамасы аясында біліктіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге міндетті.
- Тәржемеші аудармашылық біліктіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар өз ісін атқару үшін, барлық қажет жағдайлардың жасалуын (ауызша аударма барысында – трансляция жасайтын аппаратураның сенімділігін, қажет болған жағдайда – шешеннің сөйлеу қарқынының бәсеңдетілуін; ілеспе аударма барысында – шешеннің сөйлейтін сөздерінің алдын ала берілуін, жұмыс барысында тынығу үшін үзіліс жасалуын т.с.с., жазбаша аударма барысында – тақырып бойынша анықтамалық және басқа әдебиеттердің берілуін) талап етуге құқылы.
- Жаңа бастаған аудармашылардың білімімен, тәжірибесімен алмасып отыруы қажет.
- Корпоративтік ынтымақтастықты және кәсіби этиканы сақтау. Мамандықтың мәртебесін көтеру. Еңбектің құнын төмендетіп алмау.
- Аудармашы бір тілде жасалған ауызша және жазбаша мәтінді басқа тілге қайта жеткізетін транслятор болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды – аудармашы үшін мәтін құнды дүние. Егер тапсырыс беруші қосымша іріктеу, қосу міндеттерін қоймаса, аудармашы аударма жасау барысында өз еркімен мәтінді өзгертуге, қысқартуға немесе ұлғайтуға құқығы жоқ.
- Аударма жасау барысында аудармашы үнемі өзіне мәлім кәсіби әрекеттер арқылы түпнұсқа мәтінінің инвариантын барынша толық жеткізуге тырысуы керек.
- Аудармашы аударма сапасы үшін жауапты болып табылады, ал аударма көркем немесе публицистикалық стильде болса, аудармашы заңмен қорғалған авторлық құқыққа ие болады. Сонымен қатар, аударманы жариялау кезінде аудармашының аты міндетті түрде көрсетілуі тиіс.
- Аяқ астынан бір ережені бұзып алып, әбігерге түсуге болмайды (әзіл).

§ 32. Келіссөз жүргізуге дайындық және қарым-қатынас жасау тиімділігін арттыру жолдары

Басқа адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, аудармашы оларға деректерді, идеялар мен пікірлерді біршама тиімдірек жеткізуге тырысады. Түрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасы барысында аудармашыға жол сілтеуші міндеті жүктеледі. Оның мақсаты – барлық объективті және субъективті қиындықтарға қарамастан, кері байланыс, яғни серіктестердің арасындағы ақпараттық алмасу үдерісін орнату болып табылады.

Келіссөз бен сұхбат жүргізген кезде ауызша қарым-қатынастың үш негізгі түрі болады:

1. қабылдаушыға ақпарат беру;
2. ақпарат жинау;
3. қабылдаушыны көндіру (иландыру);
4. үшеуін де қамтитын қарым-қатынастың аралас түрі.

Алайда, қарым-қатынастың вербалды түрінен басқа да түрлерін жиі қолдануға тура келеді. Мәселен, оған бейвербалды қарым-қатынасты жатқызуға болады.

Бейвербалды қарым-қатынас – бұл интонация, тон, қол қимылдары мен бет әлпетінің өзгеруі, кідірістер мен аяқталмаған ойлар. Дене қимылдары сөзге қарағанда, әлдеқайда көлемді ақпарат беруі мүмкін. Бірақ әрбір ұлт өкілдерінің бейвербалды амалдары әртүрлі мағынаға ие болады. Сондықтан оны дұрыс түсінбей қалу сияқты көріністер қылаң беруі мүмкін.

Осы жағдайға байланысты, кез келген елдің тілін оқып қана қоймай, оның мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысып, вербалды ғана емес, бейвербалды қарым-қатынаста да мағыналардың түрлі реңктерін дұрыс түсініп, қажет жағдайда қабылдаушыға дұрыс жеткізе білу қажет.

Қарым-қатынас тиімділігін төмендететін факторлар:

1. Оған алдымен келіссөзге қатысушылардың әртүрлі мәдениет өкілдері екендігі, тілдерді жетік білмеу, тәжірибенің аздығы, сондай-ақ көзқарастардың сәйкеспеушілігі, экономикалық-саяси көзқарастардағы қарама-қайшылықтар, түрлі діни көзқарастар, экстремизм мен фанатизм жатады. Алайда, кез келген келіссөздің міндеті – ортақ мүддеге келу, өзара ымыраға қол жеткізу болып табылады. Мұндай жағдайда аударманың рөлі өте жоғары.
2. Хабарламаның дәл әрі анық болмауы. Бұл жағдайда қабылдаушы айтылған ойды дұрыс түсінгеніне күмәнданып, тіпті аудармашының дұрыс аударма жасағанына сенбеуі, бірақ оны нақтылауға қажеттілік танытпауы мүмкін.
3. Хабарламаның сәтсіз рәсімделуі: сөздердің қисын тұрғысынан дұрыс құрастырылмауы, арнайы терминдер мен ақпараттың мөлшерден тыс көп болуы. Мұндай жағдайда тәжірибелі аудармашы хабарламаны

біршама жақсартуға, оны түсініктірек әрі қисынға сай етіп, редакциялауға мүмкіндігі бар.

4. Ақпаратты түсінуге деген қабілетсіздік, яғни қабылдаушы айтылған ойды өзінің мінез ерекшеліктеріне байланысты қабылдай алмауы мүмкін. Мысалы, нақты ойлайтын адам абстрактылы айтылған ойды, не болмаса консерватор жаңаша көзқарасты қабылдай алмайды. Бұл, сондай-ақ, ойлаудың түрлі стильдеріне де қатысты болуы мүмкін.
5. Қарым-қатынас кезіндегі объективті кедергілер: шу, қатарласа жүретін сұхбаттар, температураның төмен немесе жоғары болуы, бөлменің жеткілікті мөлшерде жарық болмауы немесе шамадан тыс жарық болуы.
6. Әртүрлі физиологиялық факторлар: адамдардың ауруы, уайым-қайғыда болуы, мас болуы т.б.

Қарым-қатынас тиімділігін төмендететін аталмыш факторларды ескере отырып, аударма арқылы олардың қарым-қатынас үдерісіне тигізетін әсерін біршама жақсартуға болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) Аудармашылық құзыреттіліктің негізін не құрайтынын анықтаңыз.
- 2) «Тілдік тұлға», «аудармашының тілдік тұлғасы» терминдер тіркестеріне анықтама беріңіз.
- 3) Тілдік тұлға модельдерінің деңгейлері қандай жолмен жетілдіріледі?
- 4) Аударма үрдісінде түпнұсқа авторының тілдік тұлғасына, аудармашы мен аударма қабылдаушысына әсер ету қалай жүзеге асады?
- 5) Мәдениет аралық қарым-қатынастағы дәнекер ретіндегі аудармашының тілдік тұлғасының ерекшеліктерін сипаттаңыз.
- 6) Аудармашы үшін оның жеке тезаурусын үнемі жетілдіріп отыру қаншалықты қажет?
- 7) Аударма үрдісінде аудармашының мінез-құлқына қандай факторлар әсер етеді?
- 8) Көркем аудармадағы аудармашының шығармашылық тұлғасының рөлін ашып көрсетіңіз.
- 9) «Мен өзімнің аудармашылық дағдымды қалай жетілдіремін» тақырыбында хабарлама даярлаңыз.
- 10) Аудармашылық этиканың негізгі ережелері қандай?
- 11) Көптеген адамдар аудармашылық мамандықты қызмет көрсетумен байланысты дейді. Сіздер осы пікірмен келісесіздер ме?
- 12) Қазіргі қоғамда аудармашылық кәсіптің алатын орны қандай?
- 13) Әлемдегі аудармашыларды даярлайтын белгілі орталықтарды атаңыз.
- 14) Аудармашылардың кәсіби одақтары, ассоциациялары мен ұйымдарының мақсаттары неде?

Тест тапсырмалары

1. Тілдік тұлға моделінің деңгейлері:

- A) ассоциативті-вербалды жүйе, тезаурус
- B) лексикалық, грамматикалық, прагматикалық құзыреттері
- C) ассоциативті-вербалды жүйе, прагматикон
- D) ассоциативті-вербалды жүйе, тезаурус, прагматикон
- E) аудармашылық құзырет, прагматикон

2. Аудармашының тілдік тұлғасы кем дегенде неше ассоциативті-вербалды жүйеге ие?

- A) екі
- B) бір
- C) үш
- D) төрт
- E) бес

3. Ю.Н.Карауловтың пайымдауынша, тілдік тұлғаның тезаурусы неге негізделеді?

- A) аудармашылық икемділікке
- B) эмоционалды мінез бен ерікке
- C) ой-өріс пен қабілеттілікке
- D) аудармашылық білімге
- E) қандай да бір саладағы лексикалық минимумдарды білуге

4. Мәтінді аударылымпаздық деңгейі бойынша төрт типке жіктеген аударматанушы кім?

- A) О.Каде
- B) К.Райс
- C) Э.-А.Гутт
- D) Г.Егер
- E) А.Нойберт

5. Тілдік тұлғаға қандай қабілет тән?

- A) түрлі қиындықтағы мәтіндерді құрастыру және қайта баяндау
- B) түрлі қиындықтағы мәтіндерді түсіну және қайта баяндау
- C) оқу, тыңдау, жазу
- D) түрлі қиындықтағы мәтіндерді құрастыру және қабылдау
- E) оқу, тыңдау, жазу, айту

6. Аудармашыға қажетті білімдерді көрсетіңіз:

- A) базалық және фондық білім

- В) негізгі және негізгі емес білім
- С) қажетті және жанама білім
- Д) міндетті және міндетті емес білім
- Е) кәсіби және кәсіби емес білім

7. *Координативті билингвизм* дегеніміз не?

- А) басым тілдің болмауындағы қостілділік
- В) екі тілдің біреуі басым болатын қостілділік
- С) екі тілде де басым болатын қостілділік
- Д) екі тілде сөйлеу қабілеті
- Е) бірнеше тілде сөйлеу қабілеті

8. Ж.Мунен қай аудармашылық мектептің өкілі:

- А) Германия
- В) Франция
- С) Ресей
- Д) АҚШ
- Е) Бельгия

9. О.Каде қай аудармашылық мектептің өкілі?

- А) Ресей
- В) Германия
- С) Франция
- Д) Англия
- Е) АҚШ

10. Ресейде аударма сапасы туралы жарлық қай кезде шықты?

- А) XV
- В) XVI
- С) XVII
- Д) XVIII
- Е) XIX

11. Кеңес Одағында көркем әдебиет аудармашыларын қайда даярлады?

- А) М.Горький ат. әдебиет институты
- В) М.Торез ат. МГПИИЯ-да
- С) АПШТИ-да
- Д) Абай ат. КазҰПУ-да
- Е) эль-Фараби ат. КазҰУ-да

12. Ресейдегі аударматанудың жетекші мектептерін көрсетіңіз:

- А) Петербургтік және Новосибирлік
- В) Мәскеулік және Новосибирлік
- С) Мәскеулік және Петербургтік

- D) Петербургтік және Киевтік
- E) Мәскеулік және Пермдік

13. А.В.Федоров қай аударматану мектебінің қалыптасуына үлес қосты?

- A) Таллиндік
- B) Мәскеулік
- C) Лондондық
- D) Ригалық
- E) Петербургтік (Ленинградтық)

14. Канадалық аударматанушылар мектебінің өкілдері:

- A) О.Каде, С.Росс, Дж.Касагранде
- B) К.Райс, Дж.Ферс, Ю.Найда
- C) Э.-А.Гутт, А.Келлетат, А. Нойберт
- D) Г.Егер, Ж.Дальберне, Г.Егер
- E) Ж.-П.Вине, Ж.Мунен, М.Ледеррер

15. Финляндиялық аударма мектебінің өкілдері:

- A) О.Каде, Ю. Хольц-Мянттяри, А.Ф. Келлетат
- B) И.Вехмас-Лехто, Дж.Касагранде, Ж.Делил
- C) Ю.Хольц-Мянттяри, А.Ф.Келлетат, С.Тиркконен-Кондит
- D) Г.Егер, Ю.Хольц-Мянттяри, С.Басснетт-Макгайр
- E) А.Нойберт, Ю.Хольц-Мянттяри, А.Ф.Келлетат

16. «Аударманың түрлі әдіс-тәсілдері туралы» (1813ж.) еңбекті жазған ғалым:

- A) Ф.Шлейермахер
- B) Дж.Кэтфорд
- C) И.Левый
- D) О.Каде
- E) Ю.Найда

17. Ағылшын мектебінің аудармашылары:

- A) О.Каде, К.Хэллидей, Т.Сэвори
- B) К.Райс, Ж.Мунен, П.Ньюмарк
- C) Э.-А.Гутт, В.Вилсс, Дж.Кэтфорд
- D) Г.Егер, Ж.Мунен, М. Ледерер
- E) М.Хэллидей, Дж.Кэтфорд, П.Ньюмарк

18. XX ғ. әйгілі неміс аудармашылары:

- A) А. Нойберт, Г. Егер, О.Каде
- B) К.Райс, Ю.Найда, М. Ледеррер
- C) Э.-А.Гутт, О.Каде, Дж. Касагранде
- D) Г.Егер, П. Ньюмарк, Г. Егер

Е) А.Нойберт, К. Райс, Ю.Найда

19. XX ғасырдағы Америка аударматануындағы динамикалық баламалылық қағидасының авторы:

А) С.Басснет-Макгайр

В) П.Ньюмарк

С) М.А.К.Хэллидей

Д) Ю.Найда

Е) Л.Блумфилд

Өздік жұмыстардың тапсырмалары

1. Келесі мақалаларды оқып,

- конспект жасаңыз:

- Подольская И.А., Литвинов А. В. О проблеме формирования переводческой компетенции у студентов нефилологического профиля обучения // www.nor-dipo.ru/node/271;

- Бутусова А.С. Профессиональные компетенции устного переводчика // www.gramota.net/materials/1/2012/12-1/6.html ;

- Максютин О.В. Педагогическая оценка переводческой компетенции // URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskaya-otsenka-perevodcheskoj-kompetentsii>.

- Аударма стратегиялары мен құзыреттілік мәселелері туралы авторлардың көзқарастарында айырмашылық бар ма?

- Әрбір ұсынылған классификацияға өз бағаңызды беріңіз.

2. Төмендегі «Аударма хартиясы» туралы мәліметті оқып, қазақ тіліне аударыңыздар.

The Translator's Charter

(approved by the Congress at Dubrovnik in 1963,

and amended in Oslo on July 9, 1994)

- General obligations of the translator
- Rights of the translator
- Economic and social position of the translator
- Translators' societies and unions
- National organizations and the International Federation of Translators

The International Federation of Translators

noting

that translation has established itself as a permanent, universal and necessary activity in the world of today; that by making intellectual and material exchanges

possible among nations it enriches their life and contributes to a better understanding amongst men;

that in spite of the various circumstances under which it is practiced translation must now be recognized as a distinct and autonomous profession; and

desiring

to lay down, as a formal document, certain general principles inseparably connected with the profession of translating, particularly for the purpose of

- stressing the social function of translation,
- laying down the rights and duties of translators,
- laying the basis of a translator's code of ethics,
- improving the economic conditions and social climate in which the translator carries out his activity, and
- recommending certain lines of conduct for translators and their professional organizations, and to contribute in this way to the recognition of translation as a distinct and autonomous profession,

announces the text of a charter proposed to serve as guiding principles for the exercise of the profession of translator.

Section I

GENERAL OBLIGATIONS OF THE TRANSLATOR

1. Translation, being an intellectual activity, the object of which is the transfer of literary, scientific and technical texts from one language into another, imposes on those who practice it specific obligations inherent in its very nature.
2. A translation shall always be made on the sole responsibility of the translator, whatever the character of the relationship of contract which binds him/her to the user.
3. The translator shall refuse to give to a text an interpretation of which he/she does not approve, or which would be contrary to the obligations of his/her profession.
4. Every translation shall be faithful and render exactly the idea and form of the original ?this fidelity constituting both a moral and legal obligation for the translator.
5. A faithful translation, however, should not be confused with a literal translation, the fidelity of a translation not excluding an adaptation to make the form, the atmosphere and deeper meaning of the work felt in another language and country.
6. The translator shall possess a sound knowledge of the language from which he/she translates and should, in particular, be a master of that into which he/she translates.
7. He/she must likewise have a broad general knowledge and know sufficiently well the subject matter of the translation and refrain from undertaking a translation in a field beyond his competence.
8. The translator shall refrain from any unfair competition in carrying out his profession; in particular, he/she shall strive for equitable remuneration and not accept any fee below that which may be fixed by law and regulations.

9. In general, he/she shall neither seek nor accept work under conditions humiliating to himself/herself or his/her profession.
10. The translator shall respect the legitimate interests of the user by treating as a professional secret any information which may come into his/her possession as a result of the translation entrusted to him/her.
11. Being a "secondary" author, the translator is required to accept special obligations with respect to the author of the original work.
12. He/she must obtain from the author of the original work or from the user authorization to translate a work, and must furthermore respect all other rights vested in the author.

Section II

RIGHTS OF THE TRANSLATOR

13. Every translator shall enjoy all the rights with respect to the translation he/she has made, which the country where he/she exercises his/her activities grants to other intellectual workers.
14. A translation, being a creation of the intellect, shall enjoy the legal protection accorded to such works.
15. The translator is therefore the holder of copyright in his/her translation and consequently has the same privileges as the author of the original work.
16. The translator shall thus enjoy, with respect to his/her translation, all the moral rights of succession conferred by his/her authorship.
17. He/she shall consequently enjoy during his/her lifetime the right to recognition of his/her authorship of the translation, from which it follows, inter alia, that
 - (a) his/her name shall be mentioned clearly and unambiguously whenever his/her translation is used publicly;
 - (b) he/she shall be entitled to oppose any distortion, mutilation or other modification of his/her translation;
 - (c) publishers and other users of his/her translation shall not make changes therein without the translator's prior consent;
 - (d) he/she shall be entitled to prohibit any improper use of his/her translation and, in general, to resist any attack upon it that is prejudicial to his/her honor or reputation.
18. Furthermore, the exclusive right to authorize the publication, presentation, broadcasting, re-translation, adaptation, modification or other rendering of his/her translation, and, in general, the right to use his/her translation in any form shall remain with the translator.
19. For every public use of his/her translation the translator shall be entitled to remuneration at a rate fixed by contract or law.

Section III

ECONOMIC AND SOCIAL POSITION OF THE TRANSLATOR

20. The translator must be assured of living conditions enabling him/her to carry out with efficiency and dignity the social task conferred on him/her.
21. The translator shall have a share in the success of his/her work and shall, in particular, be entitled to remuneration proportional to the commercial proceeds from the work he/she has translated.
22. It must be recognized that translation can also arise in the form of commissioned work and acquire as such rights to remuneration independent of commercial profits accruing from the work translated.
23. The translating profession, like other professions, shall enjoy in every country a protection equal to that afforded to other professions in that country, by collective agreements, standard contracts, etc.
24. Translators in every country shall enjoy the advantages granted to intellectual workers, and particularly of all social insurance schemes, such as old-age pensions, health insurance, unemployment benefits and family allowances.

Section IV

TRANSLATORS' SOCIETIES AND UNIONS

25. In common with members of other professions, translators shall enjoy the right to form professional societies or unions.
26. In addition to defending the moral and material interests of translators, these organizations shall have the task of ensuring improvement in standards of translation and of dealing with all other matters concerning translation.
27. They shall exert their influence on public authorities in the preparation and introduction of legal measures and regulations concerning the profession.
28. They shall strive to maintain permanent relations with organizations which are users of translations (publishers' associations, industrial and commercial enterprises, public and private authorities, the Press, etc.) for the purpose of studying and finding solutions to their common problems.
29. In watching over the quality of all works translated in their countries, they shall keep in touch with cultural organizations, societies of authors, national sections of the Pen Club, literary critics, learned societies, universities, and technical and scientific research institutes.
30. They shall be competent to act as arbiters and experts in all disputes arising between translators and users of translations.
31. They shall have the right to give advice on the training and recruitment of translators, and to co-operate with specialized organizations and universities in the pursuit of these aims.
32. They shall endeavour to collect information of interest to the profession from all sources and to place it at the disposal of translators in the form of libraries, files, journals and bulletins, for which purpose they shall establish theoretical and practical information services, and organize seminars and meetings.

Section V
**NATIONAL ORGANIZATIONS AND THE INTERNATIONAL
FEDERATION OF TRANSLATORS**

33. Where several groups of translators exist in a country, organized either on a regional basis or into different categories, it will be desirable for these groups to co-ordinate their activities in a central national organization, at the same time preserving their identity.

34. In countries where societies or unions of translators are not yet in existence, it is suggested that translators should join forces to bring about the necessary establishment of such an organization, in accordance with the relevant legal requirements of their country.

35. To ensure the attainment of their aims at world level by common effort, national translators' organizations are called upon to unite in the Fédération internationale des traducteurs (International Federation of Translators [FIT]).

36. Translators shall join their national organizations of their own free will and the same must apply to the societies with respect to their association with the International Federation of Translators.

37. The International Federation of Translators shall defend the material and moral rights of translators at the international level, keep in touch with progress in theoretical and practical matters relating to translation, and endeavour to contribute to the spread of civilization throughout the world.

38. The International Federation of Translators shall attain these objectives by representing translators at the international level, particularly through relations with governmental, non-governmental and supranational organizations, by taking part in meetings likely to be of interest to translators and translation at the international level, by publishing works, and by organizing or arranging for the organization of congresses at which questions concerning translation or translators may be examined.

39. In general the International Federation of Translators shall extend the activities of the societies of every country at the international level, co-ordinate their efforts and define its common policy.

40. The national societies and the International Federation of Translators, their central organization, derive the strength necessary for the pursuit of their professional objectives from the feeling of solidarity existing among translators and from the dignity of translation which contributes to better understanding among nations and to the spread of culture throughout the world (<http://www.fit-ift.org/en/charter.php>).

1. В.Н.Комиссаровтың «Современное переводоведение» (М., 2011) атты еңбегінің «Теоретические основы методики обучения переводу» атты 4-ші тарауының конспектін жасаңыз. Автордың негізгі әдістемелік қағидаттары қандай?

2. Л.К.Латышев, В.И.Провоторовтың «Структура и содержание подготовки переводчиков в языковом вузе» (Курск, 1999) атты еңбегіндегі аудармашыларды даярлау әдістерін атап көрсетіңіз. Болашақ аударма оқытушы ретінде қайсысын қолданасыз?
3. Интернет ресурстарын пайдалана отырып, соңғы 10-15 жж. аударма терминологиясы туралы қазақ, ағылшын, орыс тілінде жазылған ғылыми еңбектердің библиографиялық тізімін құрастырыңыз.
4. Аударма терминдерінің варианттылық мәселесінің зерттеу үшін төмендегі қазақ тілінде жазылған ғылыми еңбектерді талдай отырып, терминдерді сұрыптап, кесте жасаңыз:
 - Алдашева А. Аударматану (Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер). Оқу құралы/Тіл комитеті; жауап. ред. Р.Сыздық. – Алматы, 2006.
 - Жұмабекова А.Қ. Аударма теориясын оқытудың әдістемелік мәселелері: Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2010.
 - Тарақов Ә.С. Аударма әлемі. Оқу құрал. – Алматы, 2007.
5. Ағылшын тілінің тәржіметану терминдеріне талдау жасаңыз:
 - Основные понятия англоязычного переводоведения. Терминологический словарь-справочник. М., 2011
 - Shuttleworth M., Cowie M. Dictionary of Translation Studies. – Manchester, 1997.
 - Routledge Encyclopedia of Translation Studies. - London, New York, 1997.
6. Орыс тілінің тәржіметану терминдеріне талдау жасаңыз:
 - Нелюбин Л.Л. Толковый переводоведческий словарь. М., 2003
 - Основные понятия переводоведения (отечественный опыт). Терминологический словарь-справочник. – М., 2010.
7. Қазақ тілінің тәржіметану терминдеріне талдау жасаңыз:
 - Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А. Аударма терминдерінің түсіндірме сөздігі. А., 2012.
 - Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А. Аударма терминдерінің қысқаша орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. А., 2005.
 - Жақыпов Ж. Аударма терминдерінің қысқаша сөздігі// Аудармашы анықтамалығы. – Алматы, 2009. – Б.93-104.
 - Тарақов Ә.С. Аударматану сөздігі //Аударма әлемі: оқу құралы. – 4-тарау. – Алматы, 2007. – Б.221-240.

9 тарау

Отандық және шетелдік аударматану*

§33. Ағылшын аудармашыларының еңбектеріндегі аударма теориясының мәселелері

Ерте кезеңдегі аударма бойынша ағылшын тіліндегі еңбектер.

Басқа да көптеген елдердегі сияқты Англияда да аударма теориясына қатысты алғашқы талпыныстарды аудармашылардың өздері бастаған болатын. Олардың ішінде атақты жазушылар мен ақындар да болды. Көпшілігі өздерінің аудармаларын оның түсіндірмелерімен қоса бере отырып, аудармадағы түрлі мәселелерді шешуге қадамдар жасап, аударманың кейбір қағидаттары мен үрдістерін қалыптастыруға тырысқан. ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы аударма қызметі Англияда кең құлаш жайды.

Ағылшын ақыны және аудармашысы Дж.Драйден (*J.Dryden*, 1631-1700) 1680 жылы жарияланған Овидийдің «Понтиялық жолдама» кітабы аудармасының алғысөзінде өзінің көзқарастарын баяндайды. Өз заманындағы аудармашылардың тәжірибесіне сүйене отырып, Дж.Драйден алдымен аударманың 3 түрін ажыратып алуды ұсынады. Біріншіден, «метафраз» – түпнұсқаның дәл жеткізілуі, екіншіден, «парафраз» – түпнұсқаның түріне емес, ерекшелігіне бағдарланып, еркін жеткізілуі, үшіншіден, «имитация» (еліктеу) – түпнұсқа тақырыбына жазылған шығарма. Дж.Драйден аудармашы үшін ең дұрысы метафраз бен парафраз арасындағы болғанын көрсетіп, аудармашыға соған жетуге көмектесетін ережелерді қалыптастырған. Осы ережелерге сәйкес аудармашының бойында мынадай қасиеттері болуы керек:

1. Ақындық қабілетінің болуы.
2. Түпнұсқа тілі мен өз тілін меңгеруі.
3. Түпнұсқа авторының жеке ерекшеліктерін түсінуі.
4. Өз таланты мен түпнұсқа авторының дарынын сәйкестендіру.
5. Түпнұсқа мазмұнын сақтау.
6. Түпнұсқаның мазмұнын бұрмаламай тартымдылығын сақтап қалу.
7. Аудармада өлең жолдарының сапасын сақтау.
8. Авторды қазіргі ағылшындар сияқты сөйлеуге мәжбүрлеу.
9. Түпнұсқа ерекшеліктерін жоғалтып алмау үшін, әріпқойлыққа бой бермеу.
10. Түпнұсқаны жақсартуға тырыспау [Dryden: 1926] .

Мұндай ережелер сол кезеңнің пайымдауларына сай келеді. Олардың барлығы да сөзсіз дұрыс, дегенмен нақты емес және ғылыми тұжырымдамаға сай келмейді.

* Бұл тарауды жазу кезінде шетелдік аударматану бойынша көбінесе В.Н.Комиссаровтың [Комиссаров: 2002], ал отандық аударматану - Ә.Сатыбалдиевтің [Сатыбалдиев: 1965], Ө.Айтбайұлының [Айтбайұлы: 1997] , т.б. шолу материалдары пайдаланылды.

Аударма мәселелерін қарастыруға арналған бірінші кітап та Англияда сол сияқты сипатта болды. 1791 жылы А.Тайтлер (*A.F.Tytler*) «Аударма қағидалары туралы эссе» трактатын жарыққа шығарды. Онда ол аударманың жалпы қағидаларын біршама нақтылауға тырысқан:

1. Аударма түпнұсқа идеясын толығымен жеткізуі керек.
2. Аударманың баяндау стилі түпнұсқадағыдай болуы керек.
3. Аударма шығарманың түпнұсқасы секілді жеңіл оқылуы керек [Tytler: 1791].

XX ғасырдағы ағылшын аударматануы.

Англияда аударма теориясы бойынша іргелі еңбектер тек XX ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Т.Сэвори (*T. Savory*) «Аударма өнері» кітабында (Лондон, 1952) аударма мәселелерін кеңінен қарастырған. Өз еңбектерінде Т.Сэвори көбінесе дәстүрге сүйенеді. Еңбекте аударма теориясын құрудың жалпы қағидаттары, бөлімдерінің тақырыптары туралы баяндалмайды.

Ол аударманың 4 түрін ұсынады:

1. Кемел құнды аударма – таза ақпаратты фраза хабарландырулардың аудармасы.

2. Барабар аударма – мазмұны ғана маңызды, баяндалуы аса маңызды емес сюжетті шығармалардың аудармасы. Аударманың бұл түрінде аудармашы мағынасы түсініксіз сөзді немесе тұтас сөйлемдерді түсіріп тастайды да, түпнұсқаны басқаша баяндайды.

3. Аударманың үшінші түрінің аты жоқ. Бұл классикалық шығармалардың аудармасы. Онда форманың да, мазмұнның да сақталуы маңызды.

4. Аударманың төртінші типі «барабарға» (2-ші типке) жақын. Бұл ғылыми-техникалық материалдардың аудармасы. Олардың пайда болуы тәжірибелік қажеттіліктерден туады. Тәржіменің бұл түрі аудармашыдан түпнұсқада сөз болып отырған жайт туралы көп білуді қажет етеді.

Еңбекте аударма қағидаттарына арналған бөлім маңызды орын алады. Өртүрлі авторлар ұсынған, тұжырымдамаларды қарастыра отырып, Т.Сэвори аударманың жалпы қабылданған қағидалары жоқ деген қорытындыға келеді. Бұл қорытындыны дәлелдеу үшін, бірін-бірі жоққа шығаратын қағидалар тізімін келтіреді:

1. Аударма түпнұсқа сөздерін жеткізуі тиіс.
2. Аударма түпнұсқа мазмұнын жеткізуі тиіс.
3. Аударма түпнұсқа сияқты оқылуы тиіс.
4. Аударма тәржіме сияқты оқылуы тиіс.
5. Аударма түпнұсқа стилінде болуы тиіс.
6. Аударма тәржіме стилінде болуы тиіс.
7. Аударма түпнұсқа заманындағы шығарма секілді оқылуы тиіс.
8. Аударма тәржіме заманындағы шығарма секілді оқылуы тиіс.
9. Аудармада сөз қосу мен сөз тастамауы тиіс.

10. Аудармада сөз қосу мен сөз тастап кету болуы мүмкін.

11. Өлең аудармасы проза жанрында болуы тиіс.

12. Өлең аудармасы өлең түрінде болуы тиіс [Savory: 1952].

Т.Сэвори өз тарапынан жаңа аударма қағидаларын тұжырымдап айтудан бас тартады. Ол аудармашы сөзбе-сөз аударма мен еркін аударма арасындағы орта жолды тауып алуы керек деген нұсқау берумен шектеледі. Яғни, аударма бір жағынан өзге тілде түпнұсқа мәтін секілді, екінші жағынан аударма тілінің нормаларына сәйкес түпнұсқаға жақын болуы керек.

Аударманың жалпы қағидаларын ұсынбағанмен, Т.Сэвори сонымен қатар аударма процесіне әсер етуші және қазіргі аударма теориясында егжей-тегжейлі жетілдіріліп жатқан маңызды факторлардың біріне көңіл аударды. Ол аударма нұсқасын таңдау көп жағдайда оқырман типіне байланысты екенін ескертеді. Т.Сэвори оқырмандарды 4 типке бөледі:

- 1) бастапқы тілді мүлде білмейтіндер;
- 2) бастапқы тілді ішінара аударма көмегі арқылы үйреніп жүргендер;
- 3) бастапқы тілді біліп, бірақ оны толығымен ұмытуға айналғандар;
- 4) бастапқы тілді жақсы білетіндер.

Аударма теориясында аударма қабылдаушыларын бұлай жіктеу дами қойған жоқ, дегенмен аударма процесінің барысы мен нәтижесі аударманың кімге арналғандығына тәуелді деген идеяның өзі, қазіргі аударматануда маңызды орын алады.

Атақты ағылшын лингвисті М.А.К.Хэллидей (*M.A.K. Halliday*) аударманы арнайы зерттеумен айналыспаған, бірақ жеке лингвистикалық жұмыстарында аударма мәселелерін қарастырған. Хэллидей үшін аударма теориясы – салғастырмалы тіл білімінің бөлігі. Ол «Салғастыру және аударма» [Halliday:1964] және «Тілдерді салғастыру» [Halliday: 1966] деген зерттеулерінде аударма мәселелерін қарастырады.

М.А.К.Хэллидейдің пікірі бойынша, кез келген тілдердің бірліктері мен құрылымдарын салыстыру негізінде аударма көрініс табады. Мұндай салғастыру тіл бірліктердің контекстік баламалылығын қажет етеді, яғни олардың аудармада бірінің орнына бірін қолдану мүмкін. Екі тіл бірлігін салғастыру олардың контекстуалдық баламалылығының көмегі арқылы дәлелденуі мүмкін, содан кейін ғана олардың формалды баламалылығы туралы, яғни әр тіл құрылымында ереже қаншалықты ұқсас екендігі жайлы сұрақты қоя беруге болады.

Сонымен, «баламалылық» ұғымы тек аударма теориясы үшін ғана емес, сондай-ақ салғастырмалы тіл білімі үшін де түйінді мәселе болады. М.А.К.Хэллидей бұл түсінікті анықтай түсуге тырысады. Баламалылық қатынасы арқылы түпнұсқа мен аударма мәтіндері толығымен сипатталады. Аударма – бір жақты процесс болса да, оның нәтижесінде біз екі тілде салыстырмалы, өзара баламалы мәтін құрамыз. Осыдан келіп, М.А.К.Хэллидей ұсынған аударманың анықтамасы шығады: «Аударма – бұл бірдей жағдайда бірдей рөл ойнайтын екі немесе одан да көп мәтіндер арасындағы қатынас». Бұл қатынас (баламалылық) шартты мәнге ие.

Баламалылық ұғымын анықтай келе, М.А.К.Хэллидей, бұл ұғым қандай да бір грамматикалық немесе лексикалық құбылысты қолданумен байланысы жоқ, контекстуалды ұғым екенін ескертеді. Бұдан келіп, баламалылықтың шегін анықтауға және бұл ұғымға дәлме-дәл анықтама беруге болмайтындығы шығады.

Ғалымды ғылыми-техникалық және көркем аударманың ерекшеліктері, ауызша аударманың өзгешеліктері, машиналы аударманың келешек дамуы қызықтырған.

Дж. Кэтфордтың аударма тұжырымдамасы.

Бұл кезеңдегі аударма тұжырымдамаларының ең толық іске асқандары Дж.Кэтфордтың (*J.Catford*) «Аударманың лингвистикалық теориясы» еңбегі болды. Ол қазіргі аударма теориясының қалыптасуында үлкен рөл атқарады.

Дж.Кэтфордтың кітабы – ағылшын аударматануында тіл мен сөйлеудің белгілі ұғымдарының негізінде аударманың толық және аяқталған теориясын құруға талпыныс. Дж.Кэтфорд аудармаға қысқаша лингвистикалық анықтама береді: «Бастапқы тілдегі мәтіндік мәліметтерді аударма тіліндегі баламалық мәтіндік мәліметке ауыстыру». Ол «мәтіндік мәлімет» (жай мәтін емес) деген терминді енгізеді, себебі түпнұсқаның кейбір бірліктері аударма мәтініне тура сол күйінде көшіріле салуы мүмкін. Дж.Кэтфорд аударматанудың келесі кезеңдерінде үлкен рөл атқарған тұжырымды ұсынады. Ол «баламалылық» термині – аударма анықтамасында тірек сөз, ал аударма теориясының басты міндеті – аударма баламалылығының табиғаты мен оған жету шарттарын анықтау дейді. Кітаптың келесі тарауында бұл ұғым талданады, бірақ мұның алдында автор аударманың түрлерін қарастырады. Бір жағынан, толық және ішінара аударманы, екінші жағынан, жаппай және шектеулі аударма түрлерін ажыратып алу ұсынылады. Толық аудармада түпнұсқадағы бүкіл мәтін аударылады, ал ішінара аудармада түпнұсқа мәтінінің бір бөлігі беріледі. Өйткені ол аударылмайды деп есептелінеді немесе «жергілікті реңк» беру үшін жүргізіледі. Жаппай аудармада түпнұсқа барлық тіл деңгейлерінде аударылған кезде, қарапайым аудармаға ат беру ұсынылса, ал шектеулі аударма дегеніміз қандай да бір деңгейдегі фонологиялық, графологиялық, грамматикалық және лексикалық деңгейдегі аударма дегенді білдіреді.

Сонымен, аударма баламалылығы – формалды сәйкестік немесе мағыналардың теңдігі дегенді білдірмейді. Баламалылықтың негізгі шарты ретінде Дж.Кэтфорд нақты бір жағдайда олардың бірін-бірі ауыстыра алуы деп есептейді. Бұдан шығатын қорытынды, аудармадағы баламалылық бастапқы тілдегі мәтін мен аударма тіліндегі мәтіндердің сәйкестігі қалыптасқан кезде пайда болады [*Catford: 1965*].

П.Ньюмарк еңбектеріндегі аударма теориясының мәселелері.

Питер Ньюмарк (*P.Newmark*) – аударма теориясы бойынша көптеген мақалалардың, оқулықтар мен монографияның авторы. Егер М.А.К.Хэллидей мен Дж.Кэтфорд өздерінің еңбектерінде аудармаға тіл білімі зерттеулерінің үрдістері мен әдістерін таратушы лингвистер ретінде көрінсе, ал П.Ньюмарк – аудармашылық практиканың негізінде теориялық ережелерді қалыптастырушы тәжірибелі аудармашы және аударма оқытушысы ретінде көрінеді

П.Ньюмарктың пікірінше, аударма теориясының негізгі міндеті – мәтіннің мүмкіндігінше көптеген типі мен ішкі типін анықтау үшін аударманың тиісті әдістерін анықтау. Өйткені ол – аудармашыға қажетті қағидаларды, ережелерді қалыптастыруға арналған негізді жасау үшін қажет. Аударма теориясының барлық ережелері аударма тәжірибесінен алынып, мысалдар міндетті түрде түпнұсқа мен оның аудармасында берілуі тиіс. П.Ньюмарк осы ережеге бағына отырып, еңбектерінде әрдайым бай иллюстрациялық материалдар береді.

П.Ньюмарк аударманың жалпы екі әдісін қалыптастырады: коммуникативтік және семантикалық. Коммуникативті аударма оқырманға, олар түпнұсқадан қандай әсер алса, сондай әсер беруге тырысады. Семантикалық аударма түпнұсқаның контекстік мағынасын мүмкіндігінше дәл беруге тырысады. Дегенмен, екі әдіс те бүкіл мәтінде немесе оның бір бөлігінде үйлесуі мүмкін. Бірақ бірінші жағдайда – хабарлануына, оқырманға және айтылуына ерекше көңіл бөлінсе, екінші жағдайда – мағынасына, авторына және оның түпкі ойына ерекше көңіл бөлінеді. П.Ньюмарк коммуникативті әдіс – бастапқы хабарламаның өзінше үйреншікті қалпында қарапайым және түсінікті етіп берілуіне үйренген аударма оқырмандарына толығымен бағдарланғанын ескертеді. Керісінше, семантикалық аударма түпнұсқа мәдениетінің шеңберінде қалады, авторлық стильдің барлық ерекшеліктерін жеткізуге тырысады. Коммуникативті аударма көптеп таралғанымен, П.Ньюмарктің пікірінше, семантикалық аударма маңыздырақ болып табылады [Newmark: 1981].

М.Снелл-Хорнбидің интегралдық тұжырымдамасы.

М.Снелл-Хорнби (*M.Snell-Hornby*) бүкіл аударма проблематикасын қамтитын, жалпы ортақ тұжырымдама жасауға тырысты. Оның «Аударма зерттеулері. Интегралдық үрдіс» атты кітабы 1988 жылы жарияланды.

Аударма ілімінің тарихы мен қазіргі аударма теорияларын қарастыра отырып, М.Снелл-Хорнби олардың барлығы қарама-қайшы болғандықтан, қанағаттанарлықсыз деген қорытындыға келеді. Автор – аударманың барлық аспектілерін қамтитын, аударматану пәнінің өз үлгісін ұсынады. Бұл үлгінің сызбасы 6 деңгейден тұрады. Әр деңгейде, өзара байланысқан және бір-біріне өтетін элементтердің шкаласын құрайтын негізгі категориялар көрсетіледі. Деңгейлер сызда жоғарыдан төмен қарай бірінші деңгейдегі жалпы категориялардан, соңғы деңгейдегі жеке категорияларға орналасқан.

М.Снелл-Хорнби аударматанудың басты мәселелерін қарастырып, оларды тарауларға топтайды:

- 1) аударма – мәдениетаралық оқиға;
- 2) аударма, мәтін және тіл;
- 3) арнайы тілден көркем аудармаға дейін;
- 4) аударматану келешегі.

Сепир-Уорфтың лингвистикалық салыстырмалы теориясының сәтсіздігі мен оған тұспа-тұс тұрған универсалий теориясын сынай отырып, М.Снелл-Хорнби аудармада мәдениетті танып білудің маңыздылығын баса айтады. Ол аудармашыға тек екі тілді біліп қана қоймай, сонымен қатар екі мәдениетті меңгерген аудармашы болуға көмектеседі. М.Снелл-Хорнби мәдениеттің ерекшеліктеріне әдеби мәтіндерге тән тілдік нормалардың бұзылуын, тілдің қалтарыс жатқан қабілеттерін қолдануға мүмкіндік беретін мағыналарының ауыспалылығын (метафоралылығы) да жатқызады.

Еңбегінің «Аударма, мәтін және тіл» тарауында қазіргі лингвистиканың кеңінен таралған бағыттарын сынайды. М.Снелл-Хорнби тілді – код, айтылымды – таңбалардың тізбегі деп қарастырылып жүрген қазіргі тұжырымдамалар ескірді және тек машиналы аударма үшін ғана жарайды деп есептейді. Аударманы зерттеу үшін тілді мәдениетпен байланыстырып, тілдер аралығындағы айырмашылықтарды зерттеп, талдаудың индуктивті-әдеби-эмпирикалық әдісін пайдаланған бұрынғы тәсілдер пайдалы дейді. Аударманы үйрену барысында, әдеби мәтіндерді «жоғарыдан төмен» қарай бірнеше деңгейде талдауды ұсынады. Түпнұсқа мәтіннің ой-желісі мәдениет арқылы және белгілі жағдайда тақырыбынан бастап мәтіннің жалпы құрылымы, оның жеке бөлімдері мен бірліктерінің қызметі және олардың арасындағы қарым-қатынас жүйесі арқылы анықталатынын көрсетеді. Содан кейін нақты тілдік талдау беріледі: «лексикалық өрісті» немесе образдар жүйесін, сөз таптарының арақатынасын, синтаксистің ерекшеліктерін құрайтын «тірек сөздер» айқындалады. Мұндай талдау, М.Снелл-Хорнбидің пікірінше, шынайы өмірге жүйелік баламалы көрініс жасап, көркем мәтіннің ерекшелігін ашуға мүмкіндік береді [Snell-Hornby: 1988].

§ 34. Франция мен Канададағы аударматану

Канадада аудармашылық қызметті зерттеуді аудармашылардың Монреальдық университетінің мектебінде жұмыс істеген француз тілді аударматанушылар жүргізгендіктен, Франция мен Канададағы аударма теориясының дамуын ортақ бірлестікте қарастырған жөн. Олардың теориялық тұжырымдамалар бағытындағы еңбектері Париждегі аударматану мектебіндегі француз әріптестерінің зерттеулерімен идеялық жағынан да, ұйымдастыру жағынан да тығыз байланысты.

Аударматану тарихында француз тіліндегі еңбектер алғашқылардың бірі болды және оларда көрініс тапқан ойлар осы жаңа ғылымның

құрылуында маңызды рөл атқарды. Зерттеулерге, әсіресе, Ж.-П.Вине мен Ж.Дарбельнениң жұмыстары, сондай-ақ, Ж.Мунэннің аударма мәселелеріне лингвистикалық көзқарастары үлкен әсер етті. Кейінірек Д.Селесковичтің аударманың интерпретацияланған теориясы кең түрде танымал болды, бұл теория М.Ледерер, М.Пернье, Ж.Делилдің және тағы басқалардың еңбектерінде одан ары жетіліп, нақтыланды.

Франция мен Канададағы аударматану үшін аударманың лингвистикалық тұжырымдамаларымен қатар, психология мен психолингвистиканың мәліметтерін кең пайдаланады. Бұл аумақтың көптеген еңбектеріне теориялық қағидаларды болашақ аудармашыларды дайындаудың тәжірибелік міндеттерімен байланыстыруға ұмтылыс та тән.

Ж.-П.Вине мен Ж.Дарбельнениң салғастырмалы стилистикасы.

Дүниежүзінде аударма теориясының дамуына Канадалық лингвистер Жан-Поль Вине (*J.-P. Vinay*) мен Жан Дарбельнениң (*J.Darbelnet*) 1958 жылы Парижде жарық көрген «Француз және ағылшын тілдерінің салғастырмалы стилистикасы. Аудару әдісі» атты еңбегі үлкен үлес қосты.

Ж.-П.Вине мен Ж.Дарбельнениң кітабы аударманың лингвистикалық теориясына арналған алғашқы іргелі еңбектердің бірі, ол жоғары дәрежелі ғылымилығымен, іргелілігімен, құрылымының және талдау кезеңдерінің нақтылығымен ерекшеленеді.

Бұл еңбекте аударма терминдерінің сөздігі мен «салғастырмалы стилистика» деп аталатын аударма теориясын құрудың негізгі ұстанымдары баяндалған. Ж.-П.Вине мен Ж.Дарбельне аударма, әдетте, өнердің ерекше бір түрі ретінде қарастырылатынын және аудармашы оны ішкі сезіміне сүйеніп орындайтынын көрсете отырып, бір тілден екінші тілге аударған кезде, аудармашы саналы немесе бейсаналы түрде қолданатын әдістерді анықтайтын аударма процесін ғылыми-лингвистикалық зерттеудің үлкен мүмкіндіктері бар екенін айтады. Бұл әдістер, негізінен, аударма процесіне қатысатын тілдердің құрылымдары мен қызмет атқаруы ерекшеліктерінің байланысымен анықталады. Сондықтан оларды меңгеру қазіргі тіл білімі ережелерінің негізінде лингвистикалық терминдер арқылы жүзеге асуы керек.

Ш.Балли тәрізді стилистиканы тілдің интеллектуалды және эмоциялық элементтерінің арақатынасын зерттейтін ішкі стилистика және екі немесе одан да көп тілдердің көркемдеуіш құралдарын салыстыра зерттейтін сыртқы (салғастырмалы) стилистика деп бөлу керек дейді. Дәл осы салғастырмалы стилистикада аударманың негізінде жатқан француз және ағылшын тілдерінің байланысын зерттеу ұсынылады.

Зерттеліп отырған бірліктер, талдау бағыттары (деңгейлері) және техникалық тәсілдер көрініс табатын талдау процедурасын негіздеуге үлкен мән береді. Аударма бірліктері деп отырғанымыз – аудармада жеке сәйкестіктерді нұсқауға болатын, бүтін сөз ретінде аударылатын әртүрлі деңгейдегі түпнұсқа мәтіннің бірліктері.

Еңбекте талдаудың 3 бағыты қарастырылады: аударма тіл мен бастапқы тілдің лексикалық бірліктерін салғастыру, осы бірліктерді (синтаксистік құрылымдарды) орналастыру тәртібін салғастыру және осы тілдердегі екі мәтіннің (екі хабарламаның) семантикалық ұйымдастырылуын салғастыру (үндестілік, ой дамуы, эмфаза, абзацтардың құрылымы мен орналасу реті т.с.с.).

Автор аударманың техникалық тәсілдері тура аударма тәсілдері (кірме сөз, калька, сөзбе-сөз аударма) және жанама аударма тәсілдері (транспозиция – сөз табын алмастыру, модуляция – көзқарасты өзгерту, баламалылық - мақалдарды образды сөздермен алмастыру, адаптация – сипатталып отырған жағдайды алмастыру) деп бөледі. Түпнұсқаның мазмұнын, тіл нормаларын бұзатындықтан немесе мағынасынан мүлде айырылатындықтан, тура аударманы қолдану мүмкін емес жағдайда жанама аударма қолданылады деп есептейді. Аударманың барлық техникалық тәсілдерін аударма бірліктерді талдаудың үш бағытының әрқайсысында қолдануға болады деп қарайды.

Ж.-П.Вине мен Ж.Дарбельнениң кітабының негізгі мазмұны ағылшын және француз тілдерін осы үш бағыт бойынша салғастырудан тұрады [Vinau, Darbelnet: 1958].

Ж.Мунэн аударматанушы ретінде.

Белгілі француз тіл маманы Жорж Мунэн (*С.Мунин*) аудармашылық мәселелерге алғаш көңіл бөлгендердің бірі болды. Ол «Аударманың теориялық мәселелері» атты іргелі еңбегінде (1963 ж.), «Аударма теориясы мен тарихы» атты кітабында (1965 ж.), кейінірек «Лингвистика және аударма» атты жинаққа (1976 ж.) топтастырылған көптеген мақалалары мен баяндамаларында тіл білімінің аударма теориясымен байланысын ашатын көптеген мәселелерді қарастырады. Ж.Мунэн аударманың толық лингвистикалық теориясын құрастыруға ұмтылмайды. Оның алға қойған мақсаты – аудармашылық мәселелерді зерттеу үшін тіл біліміне тән зерттеу ұғымдары мен әдістерін пайдаланудың бар мүмкіндіктерін ашып беру.

Лингвист Ж.Мунэн аударма жасау мүмкін екендігінің өзіне күмән келтіретін тіл туралы заманауи тұжырымдамаларды жоғары ғылыми деңгейде қарастырады. Аударма барысындағы лингвистикалық кедергілерді мәселелердің үш тобына біріктіреді: 1) тілдік белгілер семантикасының ерекшелігі, 2) тілден тыс шынайылықты көрсету үшін тілде құрылатын «әлем бейнелерінің» үйлеспеушілігі, 3) осы шынайылықтың өзіндегі, түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті мен өркениетіндегі айырмашылықтар.

Сондай-ақ, аударма теориясы үшін, әдетте, коннотация деп аталатын тілдік белгі мазмұнын сипаттаудағы тіл білімінің жетістіктері де маңызды. Аудармада мағынаның эмотивті, стилистикалық, бейнелі қырларын жеткізу, тақырыптық-логикалық мазмұнды жеткізу сияқты өте маңызды рөл атқаруы мүмкін, деген пікірде.

Ж.Мунэн қазіргі лингвистика аударма теориясына қиындықтар тудырып қана қоймай, оларды шешуге де көмектеседі деген өзінің басты

тезисін негіздейді. Лингвистика мәтін мазмұнын басқа тілде беруге кедергі болатын шын мәнінде бар бөгеттерді көрсете отырып, аударманың дәлдік дәрежесін объективті түрде бағалауға, түпнұсқа мен аударманың үйлеспейтін тұстарын және олардың коммуникациялық маңызын анықтауға мүмкіндік береді дейді.

Ж.Мунэн аудармашы жеңіп шығуға тиісті лингвистикалық кедергілерге тілдердің грамматикалық құрылымдарының үйлеспеушілігін де қосады. Осы жерде лингвистика, бір жағынан, қызметтерінің немесе грамматикалық байланыс тәсілдерінің ортақтығына негізделген универсалийлердің бар болу мүмкіндігін және әртүрлі тілдерде бірдей жағдайларда қолданылатын түрліше құрылымдарды бір-біріне теңестіру мүмкіндігін анықтайтынын атап көпсетеді.

Ж.Мунэн «аударымдылық» және «аударылмаушылық» ұғымдарының қатыстылығына көңіл аудартады. Аударма барысында көптеген тілдік әрі тілдік емес кедергілерді жеңіп шығуға тура келеді және бұл әр кезде әрқалай орындалады. Аударма көмегімен қарым-қатынас орнату ешқашан абсолютті болмайды, бірақ оны қашан да болмасын орнатуға болады.

Ж.Мунэн аудармашылық мәселеге дәйекті лингвистикалық көзқарас тұрғысынан қараған алғашқы зерттеушілердің бірі болды. Оның еңбектері [Mounin : 1963, 1965, 1976] лингвистикалық аударматанудың ары қарай дамуын айқындап берді.

Д.Селескович пен М.Ледерердің аударманың интерпретативті теориясы.

Тәжірибелі аудармашы әрі аударма пәнінің оқытушысы Даница Селескович (*D.Seleskovich*) өзінің аударма теориясын ауызша, ең біріншіден, ілеспе аударма процесін бақылау нәтижелеріне сүйене отырып негіздейді. Оның әзірлеген тұжырымдамасы көптеген басылымдарда баяндалған, ал оның жалпытеориялық қорытындылары М.Ледерермен (*M.Lederer*) бірігіп жазған «Аудару үшін интерпретациялау» атты кітабында [Seleskovich, Lederer:1987] толық көрініс тапқан.

Д.Селескович тұжырымдамасының негізінде адамдардың қатынасы кезінде тіл мен ойлаудың байланысын ашатын, дау тудырмайтын лингвистикалық және психологиялық факторлар жатыр.

Д.Селескович айтылымның тілдік мазмұны (тілдік бірліктердің мағынасынан шығатын) тыңдаушының қажетті білімімен үйлескен кезде, белгілі бір жағдайларда сөйлеу сәтінде пайда болатын аударылып жатқан айтылымның мағынасын басқа тілге жеткізу – аудармашының міндеті деген қорытындыға келеді. Мұндай мағына немесе «сөз мазмұны» айтылымның тілдік мазмұнымен сәйкес келмейді, себебі коммуникация контексінен тыс фраза, бір адам басқа адаммен қатынас құру кезінде қолданатын мағынадан бөлек мағына білдіреді. Д.Селесковичтің пікірінше, мағынаны түсіну оның интерпретациясын, яғни тілдік жағын, яғни мағынаны түсінуді білдіреді. Бұл лезде әрі ішкі сезім негізінде болады және аудармашының жадында түсінген

мағына ғана сақталады. Тілдік мазмұнға, түпнұсқаның тілдік бірліктерінің мағыналарына жүгіну түсінікті, сондай-ақ аударманы да қиындатады әрі бұрмалайды.

Оның пікірінше, кез келген аударма – интерпретация. Аудармада үш элемент болады: X тіліндегі айтылым, аудармашының осы айтылымның мағынасын түсінуі – бұл тілден тыс – және Y тілінде осы мағынаны жеткізу. Жалпы, аударма дегеніміз – тілдік белгілермен емес, идея арқылы әрекет ету, сонымен бірге аудармашы түпкі ойға айтылымның мазмұнын интерпретациялай отырып қол жеткізеді.

Интерпретативті деп атауға болатын аударманың осы тұжырымдамасынан Д.Селескович маңызды қорытындылар шығарады.

Сөйтіп, Д.Селесковичтің ойынша, аудармашы тілдік қарым-қатынастың қатысушысы ретінде көрінетіндіктен, аудармашылық процестің мәнісі ауызша аудармада толығырақ ашылады. Нақтырақ айтсақ, аудармашы екі рөлді кезегімен атқарады: айтылған сөздің мағынасын ішкі сезімінің негізінде түсініп, оны кез келген сөйлеуші тәрізді табиғи түрде басқа тілде жеткізеді.

Д.Селесковичпен авторлық бірлестіктегі Марианна Ледерер де «Ілеспе аударманың теориялық негіздері» монографиясының (1981) авторы болып табылады. Бұл монографиядан аударманың интерпретацияланған теориясын жақтайтын қосымша дәлелдер табуға болады.

Автор өзінің теориялық тұжырымдамасының негізгі қағидаларын жазбаша аудармада да қолдануға болатындығын және ілеспе аударманы зерттеу тіл арқылы ойды жеткізу тәсілін түсіндіретіндіктен, олардың жалпылингвистикалық маңызы зор екендігіне баса назар аудартады. Бұл еңбекте қатар немесе түрлі үйлесімде өтетін 8 іс-әрекеттен тұратын ілеспе аударма процесінің әртүрлі бағыттары қарастырылады:

1. Ауызекі сөйлеуді қабылдау (тыңдау).
2. Естіген сөзді түсіну.
3. Түсінген мағыналық бірліктерді түпнұсқадан алынған алдыңғы біліммен біріктіру.
4. Когнитивті жады негізінде аударма тілінде айтылымды қалыптастыру.
5. Автоматты түрде жүзеге асатын тікелей сәйкестіктерді пайдалана отырып, бастапқы тіл негізінде айтылым бөлшектерін қалпына келтіру.
6. Вербалды жады негізінде айтылым элементтерін (сөздерін) қалпына келтіру (түсінгенінді жеткізу үшін сөз іздеу).
7. Аудармашының өз сөзін есту арқылы бақылауы.
8. Қалыптасқан жағдайды түсіну [Lederer: 1981].

Аударманың интерпретативті теориясы ауызша аудармашының өз қызметінің сипаты жайындағы сезімдік түсінігіне теориялық базаны негіздеу талпынысын білдіреді. Ол тіл мен сөз арасындағы айырмашылық, көптеген тілдік бірліктер мен айтылған пікірлердің көпмағыналығы, айтылым мағынасының тілдік мазмұнына сәйкес келмеуі туралы белгілі фактілерге

сүйенеді. Алайда, бұл теорияның тәжірибелік және теориялық жағында бірқатар осал тұстары бар.

Аударманың интерпретативті теориясы сөздегі тікелей-сезімдік рөлін әсірелейтін психологиялық тұжырымдамаларға негізделеді. Мағынаны сезімдік деңгейде тез әрі оңай түсіну салыстырмалы түрде қарапайым мәтіндерге ғана қатысты, оның дұрыстығын субъективті сезінудің, әдетте, объективті негіздері болмайды және күрделі мәтіннің шынайы мағынасы, оларды табу үшін көпқырлы саналы талдау жасау қажет.

Еңбекте ауызша аударманы түпнұсқаның мағынасын барынша дәл әрі сенімді жеткізу тәсілі ретінде аса көтермелеу де толық дәлелденбеген.

Ж.Делилдің аудармашылық еңбектері.

Канадалық аудармашы әрі аударма пәнінің оқытушысы Жан Делилдің (*J.Delisle*) теориялық негіздемелері оның «Аударма әдісі ретінде дискурсты талдау» атты 1980 ж. Оттавада жарық көрген кітабында барынша толық берілген.

Ж.Делилдің бастапқы қағидалары толығымен аударманың интерпретативті теориясы арнасында берілген. Сондай-ақ, ол – аудармаға деген тілдік және коммуникативтік көзқарастарды айыру қажеттігін айта отырып, «мәтінді аудару - ойды сөйлеуде жаңғыртуға негізделген ой әрекеті» және бұл үдерістің мәнісі - мағынаны түсініп, жеткізу екендігіне назар аударады. Оған аударма теориясында екі тілдің салғастырмалы талдауын пайдалануға теріс көзқарас тән. Осыған байланысты, ол аудармашы бастапқы тіл белгілерін аударма тіл белгілерімен салғастырмайды, кейін айтылымды жеткізу үшін оның бүтін мағынасын интерпретациялайтындығын айта отырып, Ж.-П.Вине мен Ж.Дарбельнениң тұжырымдамасын қатты сынға алады.

Ж.Делил Д.Селесковичтің тұжырымдамасын дамыта отырып, аударма процесіндегі негізгі 3 кезеңді бөліп көрсетеді: түсіну, жеткізу және растайтын талдау. Түсіну кезеңі, өз кезегінде, мынадай сатылардан тұрады: 1) түпнұсқа мәтінінде белгілердің кодын ашу; 2) контекске және жағдайға байланысты мағынаны түсіну; 3) түпнұсқа мәтіннің тақырыбын (бар болса) дұрыс түсіну, бұған хабарламамен толық танысқаннан кейін ғана қол жеткізуге болатынын ескертеді [Delisle: 1980].

Жалпы алғанда, Ж.Делилдің еңбектері, аударманың интерпретативті теориясына сүйенгенімен, бұл тұжырымдамаға толық арқа сүйемейді. Ол аударманың тілдік бағыттарына көп көңіл бөледі. Бұл, негізінен, оның жазбаша аудармаға қатысты болуымен және болашақ аудармашыларды оқыту процесінде теориялық қағидаларды тәжірибеде пайдаланудың жолдарын іздеуге ұмтылуымен түсіндіріледі.

§ 35. АҚШ-тағы лингвистикалық аударматану

Аударманың лингвистикалық теориясы бойынша алғашқы еңбектер.

Аудармаға лингвистикалық тұрғыдан қарауға тырысқан алғашқы еңбектер Америка Құрама Штаттарында басқа батыс елдеріне қарағанда ертерек пайда болды. Бұған, бір жағынан, американдық тілшілердің әліппесі жоқ тілдерді меңгеруге қызығушылықтары ықпал етті. Тілші-этнографтар тіл иелерінің көмегімен жаңа тілдің сөздік қоры мен грамматикалық құрылымы жайында түсінік қалыптастыру үшін, жеке бірліктер мен сөздердің аудармасын алуға тырысқан. Зерттеудің осы бағытымен 50-жылдардың басында аударма туралы мақалалар пайда болды, мысалы, Ч.Ф.Веглиннің (*C.F. Voegelin*) «Көпсатылы аударма» (1954) атты мақаласы, мұнда автор тіл иесі көмегімен алынған аударманы жетілдірудің күрделі 8 сатылы процедурасын ұсынады [Voegelin: 1954].

Американдық лингвистердің аудармаға деген қызығушылықтарының пайда болғанына Дж.Касагранденің (*J.B. Casagrande*) «Аударманың мақсаттары» атты мақаласы дәлел бола алады. Аударманың сипаты оның мақсатымен анықталатындығын айта келе, ол аударманы 4 түрге бөлуді ұсынады: 1. Прагматикалық аударма, оның мақсаты – хабарламаны барынша дәл жеткізу. 2. Эстетикалық-поэтикалық аударма, оның мақсаты – әдеби немесе эстетикалық тұрпатты жеткізу. 3. Этнографиялық аударма, мақсаты – түпнұсқаның мәдени контекстін түсіндіру. 4. Лингвистикалық аударма, мақсаты – түпнұсқа морфемаларының мағыналарын көрсету [Casagrande: 1954].

Осы тәрізді аудармалардың дәлдігі туралы мәселені «On Translation» (1959 ж.) жинақта «Мағына және аударма» атты мақала жариялаған У.Куайн (*W. Quine*)

толығырақ қарастырды. Оның ойынша, кез келген тілде сөйлемнің мағынасын, оны басқа тілге аудару арқылы, яғни тілдік құралдарына назар аудармай-ақ көрсетуге болады. Басқаша айтсақ, сөйлемнің мағынасы – сөйлемді басқа тілге аударғанда сақталып қалатын бөлшегі [Quine: 1959].

«On Translation» жинағы аударманың лингвистикалық теориясының қалыптасу тарихында маңызды рөл атқарды, бірақ ондағы еңбектердің көпшілігінде аударма – әдеби шығармашылық түрі ретінде әдебиеттанушылық тұрғыдан қарастырылған болатын. Бұған, ең біріншіден, Р.Якобсонның «Аударманың лингвистикалық аспектілері туралы» атты мақаласы әсер етті [Jakobson: 1959]. Аталған еңбек аударманың лингвистикалық теориясының негізіне айналды және өзінің ғылыми-теориялық маңызын әлі күнге дейін сақтап келеді. Р.Якобсон аударманы тіл ғылымының объектісі ретінде бекітетін, бірқатар ережелерді қалыптастырды.

Қорыта келе, Р.Якобсон аударма процесіне қатысатын тілдің әрқайсысында міндетті түрде орын алатын мағына элементтері арасындағы айырмашылықтарға байланысты аудармада таза тілдік себептердің арқасында туындайтын қиындықтарға бірнеше мысал келтірген. Оның тілдер

бір-бірінен не білдіре алатындығына байланысты емес, нені міндетті түрде білдіруге тиіс екендіктеріне қарай ажыратылады деген түйінінің құндылығы зор болды.

Ю. Найда еңбектеріндегі аударма теориясы.

Тек АҚШ-ғы ғана емес, бүкіл дүниежүзіндегі аударманың лингвистикалық теориясының дамуына белгілі американ лингвисті Ю.Найда үлкен үлес қосты. Юджин Альберт Найда (*E.Nida*) көптеген классикалық және қазіргі тілдермен айналысқан, семантика және синтаксис мәселелеріне қатысты бірқатар еңбектер жариялаған. Ол өзінің Американдық інжілдік қоғамдағы (*the American Bible Society*) көпжылдық қызметінің арқасында аударма мәселелеріне көңіл бөлді. Мұнда ол Інжілді әлемнің жетпіс бес елінің 200 тіліне аударумен айналысатын Аудармалар бөлімінің Атқарушы хатшысы және ғылыми кеңесшісі қызметтерін атқарған. Осы жұмысында алған тәжірибесінің негізінде, Ю.Найда аудармашылық қызметтің көптеген маңызды бағыттары қарастырылатын, бірқатар кітаптар мен мақалалар жазды. Лингвистикалық аударматанудың дамуында, оның «Аудару ғылымына қосымша» деп аталатын 1964 ж. жарық көрген кітабы маңызды рөл атқарды.

Ю.Найданың еңбегі – бұл аудармашылық мәселеге лингвистикалық көзқарасты әзірлеуге бағытталған бірінші елеулі талпыныс. 1959 жылғы «Библияны аудару мысалы негізіндегі аударма ұстанымдары» атты мақаласының өзінде, ол аударманың негізінде тілдік жүйелерге тән басты ерекшеліктер жататындығын айтқан: 1) тілдік белгілердің жүйелілігі; 2) аталған затқа қатысты тілдік белгінің тәуелсіздігі; 3) шындықты тілдік және сөйлеу белгілерімен мүшелеудің еркіндігі; 4) әртүрлі тілдердің мағыналас мазмұнды білдіру үшін белгілерді ұйымдастыра алуы [Nida: 1959]. Бұдан шығатын қорытынды – аударманың негізгі мәселелері тілдік семантика саласында байқалады.

Бұл идея оның «Аудару ғылымына қосымша» кітабында жан-жақты талданған. Лингвистикалық мағынаны анықтау үшін, аударманың мынадай процедурасын ұсынады: (1) түпнұсқаны қарапайым құрылымдарға келтіру; (2) осы қарапайым құрылымдар деңгейінде мағынаны аударма тіліне жеткізу; (3) ядролық құрылымдарды аударма тілінде стилистикалық қолайлы құрылымдар ретінде қайта құру [Nida: 1964]. Кейіннен Ю.Найда аудармашылық процестің осы үш кезеңін «талдау», «тасымалдау» және «құрылымды қайта құру» деп атады.

Аударманың лингвистикалық теориясының ары қарай дамуында Ю.Найда баяндаған аудармашылық баламалылық тұжырымдамасы маңызды рөл атқарды. Баламалылықтың екі түрі бар: формалды және динамикалық. Ю.Найданың анықтауынша, формалды баламалылық «түпнұсқаға бағдарланған» және шет тілдердегі мәтіндерді тікелей салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етуді мақсат тұтады. Мұндай баламалылыққа, аударған кезде сөз топтарын міндетті түрде сақтау арқылы, мүшелемеу немесе түпнұсқадағы

сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырмау арқылы, тыныс белгілерін сақтап, абзацтарға бөлу арқылы, сондай-ақ, конкорданс ұстанымын (яғни, белгілі бір сөзді ылғи бір-ақ сәйкестікпен аудару) қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, барлық идиомалар калькаланады, түпнұсқадан кез келген ауытқуларды сілтемелер арқылы түсіндіруге болады, т.с.с. Динамикалық баламалылық «Рецептордың реакциясына бағдарланған» және аударманың оқырманына тең дәрежеде әсер етуді қамтамасыз етуге ұмтылады.

Ю.Найданың ойынша, аударманың негізгі қызметін – түпнұсқа мәтінін толыққанды коммуникативті алмастыруды – динамикалық баламалылық қамтамасыз етуі тиіс. Бұл кезде оның қабылдаушыға әсері ерекше мәнге ие болады. Бұл бағдар мынадай жиі қайталанатын тезисте барынша айқын байқалады: «аударма дұрыс па?» деген дәстүрлі сұрақ – «кім үшін?» деген анықтаманы қажет етіп тұр.

XX ғасырдың 80-ші жылдарындағы американдық аударматану.

80-ші жылдардағы американдық тәржіметану аудармашылық мәселеге көңіл бөлудің артуымен сипатталады. Бұрын басқа елдердің аударматанушыларының тәжірибесі ескерілмей, көптеген жұмыстар өзіндік теориялық оқшаулықта орындалса, қазір АҚШ аударматанушылары шетелдік авторлардың еңбектеріне жиі сүйенеді, олармен пікірталасқа түсіп, теорияларына баға береді.

С.Басснетт-Макгайрдың (*S.Bassnett-McGuire*) «Аудармашылық зерттеулер» атты кітабы осы кезеңнің басындағы елеулі аударматанушылық еңбек болып саналады.

С.Басснетт-Макгайр аудармашылық мәселелердің көлемді кешенін қарастыра отырып, басқа аударматанушылардың еңбектерін кең пайдаланады, олардың тұжырымдамаларын сынайды, я олармен келіседі. Осылайша Р.Якобсонның тұжырымдамасына сай аударманың мынадай үш түрі көрсетіледі:

1) ойды басқа тілдік белгілер арқылы жеткізу (бір тілдің ішінде), 2) аударманың өзі (бір тілден басқа тілге) және 3) трансмутация (бір семиотикалық жүйеден екіншісіне қайта құру). Аударма процедурасын сипаттай отырып, С.Басснетт-Макгайр, негізінен, Ю.Найданың тұжырымдамасын қабылдап, оны аударма нұсқасын таңдау кезіндегі аудармашының әрекеттерін сипаттаумен толықтырды. Бұл тәртіпке сәйкес аудармашы төмендегідей реттілік бойынша әрекет етуі керек:

1. Тілдік деңгейде БТ фразасын жеткізу (сақтау) мүмкін емес екендігін мойындау.
2. Аударма тілі мәдениетінде мұндай процестің жоқтығын мойындау.
3. Сөйлеушінің түрін, мәртебесін, жасын, жынысын, тыңдаушыларға қатынасын және қарым-қатынас жағдайын ескере отырып, аударма тіліндегі мүмкіндіктер жиынтығын қарастыру.

4. Берілген жағдайда осы фразаның ролін ескеру.
5. Аударма тілінде – мәтін жүйесінде және мәтінді тудырған мәдениет жүйесінде фразаларды инвариантымен алмастыру.

Мұндай алмасу тілге және аударма тілі мәдениетіне тәуелді, яғни ол аударма қабылдаушысына бағдарланған [Bassnett-McGuire : 1980].

С.Басснетт-Макгайр аударматану тарихын кезеңдер бойынша емес, бағыттар бойынша жіктеуді ұсынып, оған қатысты бірқатар үрдістерді ажыратып берді.

Кең ауқымды аудармашылық мәселелерді қарастыру 80 жылдардағы АҚШ-тағы аударма теориясы бойынша еңбектерге тән. Бұған 1981 жылы жарық көрген «Аудармашылық спектр» жинағы куә. Жинақ әртүрлі тілдерге аударудың теориялық, сондай-ақ практикалық мәселелеріне арналған 18 мақала қамтылған. Ол көбінесе көркем, гуманитарлық, көркем мәтіндерді, әуендерді, драматургиялық және поэтикалық шығармаларды аудару мәселелерін, сонымен қатар аударма кезінде компьютерді қолдану, АҚШ университеттерінде шет тіліне оқыту кезіндегі кемшіліктер және тіл мен мәдениетті, т.б. жақсы білмеуден келіп туындаған аударма қателіктерін қарастырады.

Теориялық тұрғыда «Аударма және түпнұсқаға ұқсастық» (авторы С.Росс) мақаласын атап өткен жөн. Аударманың анықтамасы ерекше теориялық қызығушылық тудырады. С.Росс (*C.D Ross*) аударманың екі ерекшелігін бөліп көрсетеді. Біріншіден, аударма айтылым ретінде анықталады. Екіншіден, аударма белгілі бір жағдайларда және белгілі бір мақсаттарда түпнұсқаны алмастыруы мүмкін. Аталмыш екі аспекті аударманың белгілері болып табылады және оның түпнұсқаны алмастыратын ерекшелігі аудармаға ғылыми тұрғыдан анықтама беру үшін маңызы бар [Ross: 1981].

Аударма теориясы аясындағы АҚШ-тағы ғалымдардың барынша маңызды еңбектерін қарастыра келіп, американдық аударматанушылардың аударма ғылымының дамуына үлкен үлес қосқанын айтып кеткен жөн.

§ 36. Германиядағы лингвистикалық аударматану

Аударма мәселелеріне деген асқан қызығушылық – неміс мәдениетіне тән ерекшелік. Жаңа бастама Мартин Лютердің «Аудармашының хатын» жариялаудан басталған, ол аталмыш еңбекте «Библияның» жаңа аудармасының қағидаттарын жасады [Luther: 1963]. Сол уақыттың өзінде М.Лютер түпнұсқаны толық әрі нақты беруді қолдай отырып, көшірмеден аулақ болуды, сондай-ақ аударма тілінің толыққанды болуын талап етті. Лютер еңбектерінен көптеген неміс аудармашыларына тән өздерінің теориялық тұжырымдарын аудармашылық практикаға айналдыру сияқты талпыныстар байқалады.

Кейінірек аударма мәселелері Германияның көптеген мәдениет қайраткерлерінің назарын аударма бастады. И.Брайтингер, А.Шлегель,

И.Гете, Ф.Шлейермахер, В.Гумбольдт және Я.Гримм және басқалары аударма туралы өз пікірлерін білдірген.

Олар ХХ ғасырда пайда болған аудармашылық тұжырымдардың бастамасын жасап берді. Елу жыл бойы Германияда жеке екі неміс мемлекеті болды, аударма теориясы Германияның Шығыс және Батыс аймақтарында әркелкі дамыды.

36.1. Шығыс Германиядағы аудармашылық мектеп

Елу жыл бойы Герман Демократиялық Республикасы орналасқан Германияның шығыс бөлігі аударма аясындағы зерттеулердің маңыздылығы мен көлемі бойынша Батыс Еуропада жетекші орынға ие болды.

Кәсіби аудармашыларды даярлайтын орталық орналасқан Лейпциг университетінде аудармашылық қызметтің әртүрлі қырларын зерттеуде тілшілердің үлкен бір тобы жұмыс жасады, олардың арасында аударма теориясы бойынша іргелі еңбектердің авторлары да болды. Олар: О.Каде, А.Нойберт және Г.Егер. Олар құрған мектепке Э.Флайшман, Х.Шмидт, Х.-М.Залевски, В.Шаде, К.Картельери, З.Бастиан және басқа бірқатар танымал аудармашылар тартылды. Аударма мәселелері бойынша жан-жақты айналысатын Р.Ружичка, Г.Вотьяк, М.Бирвиш және басқа ғалымдар өз ойларын білдіріп отырды.

О.Каде еңбектеріндегі аударма теориясының дамуы.

Неміс тілшісі Отто Каде (*О.Каде*) лингвистикалық аударма теориясының дамуына үлкен үлес қосты. «Аудармадағы кездейсоқтық және заңдылық» (1968 ж.), «Тілдік делдалдық қоғамдық құбылыс және ғылыми зерттеудің пәні ретінде» (1980 ж.) монографиялары барынша маңызды еңбектер болып табылады. О.Кадеге ғылыми қызығушылықтар аясының кеңдігі мен жүйелі жұмыс жасау тән. Тәжірибелі аудармашы әрі аударманың оқытушысы қызметтерін атқара отырып, ол жазбаша, сондай-ақ ауызша ілеспе аударманың және аудармашылық сәйкестіктердің жеке теориялық мәселелерімен айналысты, аударматанудың лингвистикамен, коммуникация теориясымен және қоғамдық ғылымдармен байланысын зерттеді. О.Каденің аудармашылық тұжырымдары бірізділігімен ерекшеленеді. Ол аударма теориясына шынайы сипат беруге талпынады. Аудармада кездейсоқ емес, керісінше заңды жайттарды бөліп көрсету керек және олардан зерттеуге негізделген теориялық тұжырымдар тууы мүмкін деген сияқты факторларды анықтады. О.Каде аудармаға коммуникативтік тұрғыдан, яғни аударманың қатысушыларын әртүрлі тілдік кодтарды меңгерген екітілді коммуникацияның маңызды бөлігі ретінде қарастырады.

О.Каде екітілді коммуникация мен оның маңызды бөлігі болып табылатын аударманың үш белгісін көрсетеді. Бұдан аударма процесіне әсер ететін әртүрлі факторлар келіп шығуы мүмкін. Олар: 1) тілдік жүйелер, 2) объективті шынайылық және оның көрініс табуы, 3) белгілерді қолданатын коммуникацияның қатысушылары. Аударманың объективті процестері ең

алдымен, тілдердің ерекшеліктерінен шығатын факторлармен анықталады, ал басқа жайттар барынша кездейсоқ сипатқа ие деген шешімге келеді. Аударманың негізінде лингвистикалық факторлар жатыр, ал аударма теориясы қолданбалы лингвистиканың бөлігі болып табылады.

Коммуникативті жағдаят екітілді коммуникация актісінің жалпы мақсатына сәйкес өзгеруі мүмкін. Осыған байланысты О.Каде әрқайсысы белгілі бір талаптарға сәйкес келетін әртүрлі категориядағы «өңделмеген», «жұмыс» және «басылымға дайын» сияқты аударма түрлерін бөліп көрсетуді ұсынады. Аударманың әрбір типі үшін өзінің баламалылық белгісі жасалады. Бірінші категориядағы («өңделмеген») аудармаларда тек хабарлама затының жалпылығын қамтамасыз ететін «денотативті баламалылық» қарастырылады. Бұл жерде аударма тілінің нормаларынан ауытқуға болады. Екінші категориядағы аудармалар («жұмыс») түпнұсқаның денотативті және сигнификативті мағыналарын береді, аударма тілінің нормаларын толық сақтайды, бірақ стилистикалық тұрғыдан барабар болмауы мүмкін және ақпараттардың орнын толтыру үшін түсіндірулерді қолдану мүмкін. Аударманың осы екі категориясына коммуниканттардың баламалылығы талабын қосу мүмкін емес. Үшінші категориядағы аудармалар («басылымға дайын») ғана түпнұсқаға стилистикалық жағынан барабар прагматикалық маңыздылығын сақтай алады да, түпнұсқаның барлық мазмұнын береді және қабылдаушыға қажетті әсер ете алады.

Түпнұсқа мен аудармадағы коммуникативтік жағдаяттардың сәйкес келмеуінен туындаған қажеттілік пен заңдылықтарды көрсете отырып, О.Каде «аудармашылық еркіндікке» қарсы шығады [Kade: 1980].

А.Нойберттің аудармашылық тұжырымдары.

Неміс лингвисті және аударма оқытушысы Альбрехт Нойберттің (*A. Neubert*) аударма теориясын дамытудағы зерттеулері аударманың прагматикалық бағыты және аударматануда қазіргі мәтін лингвистикасының қағидалары мен ұғымдарын қолданумен байланысты екі кешеннен тұрады.

Прагматиканы аударма теориясының бірден-бір маңызды аспектісі ретінде тану мәселесін алғашқылардың бірі ретінде көтерген - А.Нойберт. Ол «Аударманың прагматикалық аспектісі» атты (1968 ж) еңбегінде барабар аударма түпнұсқаның прагматикасын сақтауы керек дейді. А.Нойберт прагматика ұғымын кең ауқымда қарастырады. Оның пікірінше прагматика стилистиканы қамтиды және грамматика мен семантикаға қарсы қойылады. Аударма хабарламаны қабылдаушылар аясының, басқа типтегі тыңдайтындар мен оқитындарды қосқанда кеңейі дегенді білдіреді. Аударманың міндеті – әсер ету сипатын сақтау болып табылады.

А.Нойберт прагматикалық барабарлық мәселесін түпнұсқа мәтінінде болатын прагматикалық қатынастардың төрт типімен байланыстырады. Соған сәйкес аударушылық деңгейі бойынша бөлінетін аударманың төрт типін бөліп көрсетуге болады.

БТ мен АТ мәтіндерінің бірінші типінде жалпы қажеттіліктерге негізделген жалпы мақсат болады. Ғылыми, техникалық әдебиет, жарнама хабарламалары осындай мәтіндердің мысалдары бола алады. Мұндай мәтіндер прагматикалық көзқарас тұрғысынан аударушылық деңгейінің жоғары болуымен ерекшеленеді.

Қатынастардың екінші типі БТ оқырмандарының қажеттіліктеріне жауап беретін, арнайы соларға арналған ақпаратқа толы (нұсқау, ресми өкім, ойын-сауық материалдары) мәтіндерді қамтиды. Бұл – заң мәтіндері, қоғамдық-саяси лексика, жергілікті баспасөз, хабарландыру және басқа. А.Нойберттің ойынша, бұл жағдайда прагматикалық қатынастардың ерекшелігі АТ оқырмандары үшін оларды қайта баяндау мүмкіндігінен айырылады, осы тұрғыдан алып қарағанда олар мүлде аударуға келмейді. Мәтіндердің үшінші типі – көркем әдебиет. Олар БТ оқырмандарына арналып жазылады, дегенмен, бүкіләлемдік әдебиеттің бір бөлігі ретінде жалпыадамзаттық қажеттіліктерді өтеуі мүмкін. Сондықтан оған тән прагматикалық қатынас аудармада жүзеге асуы мүмкін, дегенмен, түр тұрғысынан маңызды шектеулер болуы мүмкін. Бұл жерде аударушылық деңгейі жанрға байланысты. Беллетристика мен драматургия лирикалық поэзияға қарағанда аударуға бейім келеді.

Мәтіндердің төртінші типі бастапқы тілде жасалады, бірақ ең алдымен АТ аудармаға арналады және бастапқыда АТ оқырмандарына бағытталады. Ол БТ (шетелдіктерге арналған жарияланымдар) оқырмандарының көзқарасы тұрғысынан барлық қажеттіліктерге жауап береді. Мәтіндердің аталмыш типі прагматикалық аударушылық деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленеді [Neubert: 1968].

Жаңашылдықтың белгісі ретінде А.Нойберттің «Мәтін және аударма» (1985 ж.) монографиясын атап өткен жөн. А.Нойбертке дейін ешкім мәтін категориясымен аудармашылық талап қаншалықты тоғысып жатқандығы туралы мәселені қойған жоқ.

А.Нойберттің ойынша, кез келген коммуникация, соның ішінде екітілді коммуникация, мәтіндердің көмегі арқылы жүзеге асады. Аудармашы түпнұсқа мәтінін түсініп, аударма мәтінін құрастырады. Кез келген мәтін күрделі құрылымдық-семантикалық тұтастық ретінде өмір сүреді, егер ол белгілі бір тілдегі мәтіндерді құрудың ережелеріне сәйкес келсе, онда ол коммуникация процесіне қатыса алады. Аудармашының міндеті түпнұсқаның коммуникативтік құндылығын қайта туындата алатын мәтін құру болып табылады. Мұндай мақсатқа жету аударма мәтінін қабылдаушының үш түрлі біліміне негізделеді. Бұл жағдайда аудармашы түпнұсқа мәтіні мазмұнын құрудың мүмкін болатын тәсілін таңдайды. Бұл бір мәтіннің мүмкін болатын бірнеше аудармасын жасайды. Таңдаудың көптігі аударма мәтінін құру кезінде де болады, Нәтижесінде аударма процесі және оның нәтижесі барынша көптік, нұсқалық сипатқа ие болады [Neubert:1985].

Г. Егердің еңбектеріндегі аударма теориясының мәселелері.

Герт Егердің (*G.Jdger*) «Транслация және транслационды лингвистика» (1975 ж) деп аталатын негізгі еңбегінде аударманың қоғамдық рөлі, оның тарихы, аударманың түрлері және тілдік делдалдық, сондай-ақ аударма теориясының басқа да мәселелеріне арналған бөлімдері бар. Дегенмен, Г.Егердің осы және басқа да жарияланымдарында аударманы өзге тілдік делдалдық түрлерінен бөліп тұратын және аудармашылық қызметтің мәнін ашатын аудармашылық баламалылық мәселесі басты орында тұр.

Кейінірек жарық көрген «Мәтіндердің коммуникативтік және максималды баламалылығы» (1982 ж.) еңбегінде Г.Егер коммуникативті баламалылық ұғымын хабарлама адресатының қабілетімен, одан жіберілетін ақпаратты алумен байланыстыра отырып, нақтылай түсіндіреді. Г.Егердің ойынша, аударманың коммуникативті баламалылығының мәні түпнұсқаның коммуникативтік маңыздылығын бере білуінде жатыр. Дегенмен, бұл жалпы бөлім тілдік мәтіндердің көптеген әлеуетті нұсқаларында берілген. Түпнұсқаға көптеген коммуникативті баламалық аудармалар сәйкес келуі мүмкін. Аудармашылық баламалылықтың негізінде түпнұсқаның тілдік мәтінінің мазмұнын қайта беру жатыр, алайда, түпнұсқа мен аударма адресаттары білімдерінің әртүрлілігін ескере отырып, аудармашы ескерілмей қалған маңызы бар ақпаратты сипаттауына немесе, керісінше, адресат мәтін мазмұнының негізінде шешім қабылдай алатын бөлігін сипаттамауына болады [Jdger: 1982].

36.2. Батыс Германиядағы аударма теориясының дамуы

Батыс Германияда біртұтас аудармашылық мектеп құрылмағанымен, көптеген батысгермандық лингвистер аударма мәселесіне қызығушылық таныта отырып, қазіргі аударма теориясының дамуына зор үлес қосты. Аударма бойынша Е.Косериу, Е.Кошмидер, Ю.Вирл, В. Коллер, В.Дресслер, Г.Тиль, Х.Фермеер, К.Райсс, В.Вилсс, Х.Крингс, Э.-А.Гутт және бірқатар ғалымдардың теориялық еңбектері кең қолданылып жүр.

Бұл жұмыстарға аударма мәселелерін шешудегі әртүрлілік тән. Дегенмен, бірнеше негізгі зерттеу бағыттарын көрсетуге болады. Батысгермандық аудармашылар қазіргі таңдағы аударма мен аудармашының әлеуметтік рөліне көп көңіл бөледі, аудармашының қызмет аясын кеңейтуге тырысады, оны тіларалық коммуникация процесінде екінші дәрежелі қызмет атқаратын жай делдал ретінде емес, кең профильді білікті тілдік кеңесші, шет тілін ғана емес, сондай-ақ өмірдің барлық аясын, халықтың саясаты мен экономикасын білетін, сыртқы саяси немесе сыртқы сауда қызметімен айналысатын фирмалардың, кәсіпорын мен ұйымдардың қызметінде үлкен рөл атқаратын маман ретінде қарайды.

Батысгермандық аудармашылар аударма теориясының қолданбалы аспектілеріне, теориялық зерттеу нәтижелерін практикалық міндеттерді шешуде қолдануға қызығушылық танытады. Осыған байланысты болашақ

аудармашыларды даярлауға, жақсы аудармашыны қанағаттандыратын ережелер жасауға, оның қызметінің нәтижесін бағалайтын әдістемені даярлауға көп көңіл бөлінеді.

К.Райсстың аудармашылық еңбектері.

Катарина Райсстың (*K.Reiss*) еңбектерінің Батыс Германиядағы аударматануды дамытуда маңызы зор. «Аударма сынының мүмкіндіктері мен шекаралары» (1971 ж.) деп аталатын алғашқы ірі еңбегінде К.Райсс аударма сапасына шынайы баға беруге ұмтылған сыншының назарына ілігуге тиісті жағдайларды қарастырады. Аударылатын мәтін типі мұндай факторлардың негізгісі болып танылады.

К.Райсстың көрсетуінше, сапа бағалауының кең таралған тәжірибесі (әсіресе көркем аударма аясында) аударманы түпнұсқамен салыстырмайынша шынайы сын көтермейді, көп жағдайда аударма тіліндегі көрініп тұрған қателіктерді табумен ғана шектеледі. Оның ойынша, аударма сапасы туралы пайымды түпнұсқамен салыстырып болғаннан кейін, ең алдымен түпнұсқа мәтіні қандай типке жататынын анықтағаннан кейін ғана айтуға болады, өйткені бұл аударма әдісіне себепші болады. Аталмыш мәтінде тілдің атқаратын қызметі мәтін типологиясының негізі болуы мүмкін. Карл Бюлер ұсынған функцияларды жіктеуге сүйене отырып, К.Райсс мәтіндердің негізгі үш түрін бөліп көрсетеді.

Мәтіндердің бірінші түрі – мазмұнға (коммерциялық корреспонденция, хабарлама және баспасөздің түсіндірмесі, гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық ғылымдардың және т.б.), екіншісі – түрге (көркем әдебиет туындылары), үшіншісі – үндеуге бағытталған. Тіл қызметінің негізінде жасалған мәтіндердің үш түрін аудиомедиалды (радио және теледидар бағдарламаларының мәтіндері, сахна туындылары, музыкалық шығармалардың және басқалардың мәтіндері) деп аталатын мәтіндердің төртінші түрімен толықтыруға болады. Әңгіме жазбаша түрде жазылған, бірақ тыңдаушыға ауызша түрде жеткізілетін мәтіндер туралы болып отыр.

Мәтіндердің төрт түрінің арасындағы айырмашылық әрбір типтегі мәтіндерді аудару кезінде қолданылатын әдістерді бөліп алуға көмектеседі [Reiss: 1971].

К.Райсстың аудармашылық тұжырымдамасының дамуы мен толығы оның кейінгі жылдардағы еңбектерінде көрініс тапқан. Солардың ішінде Х.Фермеермен бірігіп жазған «Аударманың жалпы теориясының негіздері» (1984 ж.) кітабының орны ерекше. Мұнда аударманы бағалаудың басты белгісі оның қандай мақсатқа сай жүзеге асқандығымен анықталады.

Авторлар «Скопос-теория» деп атаған бұл тұжырымдама бойынша, аударма – ең алдымен, практикалық қызмет түрі, ал кез келген қызметтің нәтижесі қойылған мақсатқа оның қаншалықты дәрежеде жеткендігімен анықталады. Аударма әрқашан белгілі бір мақсатқа сай жүзеге асады, аудармашы өзі таңдаған немесе тапсырыс берушіден қабылдап алған аудармаға қойылатын міндеттерді орындауға тырысады. Аударманың

мақсаты әртүрлі болуы мүмкін және соған сай мәтіндер де сан алуан болып келеді. Аударманың түпнұсқаға қаншалықты дәрежеде жақын келуі маңызды емес. Кейбір жағдайларда аударманың мақсаты түпнұсқаға барынша жақын келу болса, ал кейде қабылдаушыға қандай да бір ақпаратты хабарлау, оны бір нәрсеге сендіру және т.б. сияқты басқаша мақсат болуы мүмкін. Қойылған мақсатқа сай аудармашы түпнұсқа мазмұнын қайта беретін тәржіме тәсілін таңдайды. Аудармашы жай делдал ретінде ғана емес, белгілі бір елдің тілін, мәдениетін, экономикасын білетін және сол елдің өкілдерімен тиімді қатынас орнату үшін, мәтін құрауға бейім тілші кеңесші, маман ретінде танылады. Осындай жолмен аудармашы тіларалық коммуникацияның белді тұлғасына айналады.

Бұл бағытқа байланысты аударманың «барабарлығы» және «баламалылығы» ұғымдарының аражігін ажыратып алу керек. Барабар аударма – қойылған мақсатқа жауап беретін аударма. Барабарлықты қамтамасыз етуге ұмтылысты аударма тәсілін таңдау анықтайды, сондықтан «барабарлық» ұғымы барабарлық тәсілі арқылы жүзеге асатын аударма процесіне жатады. «Баламалылық» аударма нәтижесіне жатады және аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне барынша сәйкес келуін білдіреді. Сондықтан аударма «баламалылық тәсілі» арқылы жүзеге аса алмайды, бірақ белгілі бір аударманың барабарлығына жетудің нәтижесі ретінде баламалы болуы мүмкін [Reiss, Vermeer: 1984].

Скопос-теориясын құрастыру қазіргі аударматану ғылымына үлкен үлес қосты. Ол зерттеулерге жаңа бағыт ашады, аудармашы орындайтын қызметтердің барлық аясын қамтиды, аудармашылық қызметтің әртүрлі мақсаттарын сипаттауға міндеттер қояды, аудармашы қызметінің қажеттілігі мен беделін атап көрсетеді.

В.Вилсстың теориялық тұжырымдамалары.

Танымал батысгермандық лингвист Вольфрам Вилсс (*W. Wilss*) аудармашылық қызметтің қоғамдық мәнге ие болуына және аударманың теориялық және қолданбалы бағыттарын зерттеуге үлкен үлес қосты. Оның «Аударма ғылымы: мәселелер және әдістер» (1978 ж.) деп аталатын іргелі еңбегінде қазіргі таңдағы аударманың рөлі, аударматанудың тарихы, тіл біліміндегі аударма ғылымының орны, аударма процесін сипаттау тәсілдері, мәтіндердің аудармашылық типологиясы, аудармашылық баламалылықты анықтау және т.б. мәселелер қарастырылады.

Жан-жақты аудармашылық мәселелерді қамтумен қатар, В.Вилсс бүкіл әлемдегі (ресейлік лингвистердің зерттеулерін қоспағанда) танымал тәржіметанушылардың аудармашылық тұжырымдарына терең талдаулар жасайды. Ғалымның еңбектерінде аударматанудың даму тарихындағы аударманы теориялық тұрғыдан зерттеудің тәжірибелері қамтылған. Сондай-ақ, В.Вилсс аударматанушылардың теориялық жетістіктері «жоғары емес» деп бағалайды. Оның ойынша, тұжырымдардың көпшілігі дерексіз сипатқа

ие, ал аударманың әрбір актісі нақты, сондықтан жекелеп жұмыс жасауды және арнайы шешімді талап етеді.

В.Вилсс аударма теориясының болашақ аударматанушыларды оқытудағы міндеттерін ескере отырып, аударматанудың қолданбалы аспектілеріне көп көңіл бөледі. Оның назарын аудармашылық қиындықтарды жіктеу, аудармаға оқыту әдістемесі, аудармашылық қателіктерге талдау жасау, аударма сапасын бағалау сияқты мәселелер аударды.

Болашақ аудармашыларды даярлаудың мазмұны мен ұйымдастырылуы бойынша В.Вилссің жасаған ескертпесі қызығушылық тудырады. Әсіресе, әртүрлі аударма түрлерімен айналысатын аудармашыларға қойылатын оқыту мақсатының әртүрлілігі мен талаптарын қосқанда әлі күнге дейін аударманы оқыту әдістемесі толық жасалмаған. В.Вилссің ойынша, студенттердің бойында аудармашылық қабілет, ана тілін жақсы білу, бір нәрсені тануға деген қызығушылық, алған теориялық білімді аудармада қолдана білу және өзінің жұмысын сыни тұрғыдан бағалай білу дағдысын дамыту қабілеттері болу керек.

В.Вилсс аударманы оқытудың мәні оқу мәтіндерін болжау арқылы аударуда емес, керісінше аудармашылық кезеңдер мен тәсілдерді түсіну мен меңгеруінде дейді. Оқыту жекеше және нақты мәселелелерге бағытталуы керек. Әрбір мәтіннің жекелеген сөйлемдерінің шеңберінде аудармашылық қиындықтарды бөліп көрсетуге және студенттерге олардың алдын алу жолдарын көрсету мүмкіндіктері бар. Осы кезеңде оқу ісін бірізді жүргізудің төмендегідей жүйесі ұсынылады: 1) түпнұсқа сөйлемдеріне синтаксистік-семантикалық-стилистикалық талдау жасау; 2) аудармашылық қиындықтарды сипаттау, жіктеу және бағалау; 3) аударманы құру процесінде қиындықтардың алдын алу (бір немесе бірнеше кезеңдер арқылы); 4) аударма баламалылығының деңгейлерін сыни тұрғыдан бағалау; 5) екі тілдің көрікті құралдарын салыстыру мақсатында кері аударма жасау. Жалпы алғанда, аудармаға оқыту кезінде негізгі назар аударма процесінің бірегейлігіне емес, оның негізгі аспектілерінің басқа тілдік контексте қайталанатындығына аударылу керек.

В.Вилссің пайымдауынша, Оқыту процесінде аудармашылық қателіктер мен аударма сапасын бағалау маңызды. Әдеттегі және әдеттегіден тыс қателіктерді ажырата отырып, біріншісіне ерекше көңіл бөлу керек. Қателер онымен байланысты себептерге байланысты жіктеледі. Ең ірі қателер аудармашының түпнұсқа мәтінінің бөліктері арасындағы мағыналық байланыстарды түсінбеуінен туындайды. Аударма мәтінінде грамматикалық, стилистикалық және когнитивтік қателерді ажырату керек. АТ нормаларының бұзылуымен байланысты қателер туындауы мүмкін. Бұл жағдайда мәтін ұғынықты болып қала береді. Негізгі қиындық қателік деңгейін бағалауда, әсіресе аударма «стилінің тиімділігі» туралы айту қиын. В.Вилссің ойынша, қателерді талдауда аударма сынының аудармамен толықтай байланысы бар [Wilss: 1978].

В.Виллсстің негізгі еңбектерінің арасында «Таным және аударма. Адамзаттық және машиналық аударманың теориясы мен практикасына» (1988 ж.) кітабының мәні зор. Бұл еңбекте аудармашылық мәселе когнитивтік психология тұрғысынан қарастырылады.

В.Виллс аудармада мінез-құлықтық (объективтік) және қызметтік (субъективтік) деп аталатын бағыттарды бөліп көрсетеді. Аударма процесінде аудармашы қызметі үш кезеңнен тұрады: дайындық, жүзеге асыру және нәтижені бағалау. Бүкіл процесс – бұл алдын ала ойланып жасалған іс-әрекет, осының барысында аудармашының әрдайым таңдауға мүмкіндігі бар, сол таңдаудың салдары туралы болжам жасайды және мақсатқа жету үшін шешім қабылдайды. Осындай бағытта жұмыс істегенде ғана аударма теориясы бірізге түседі және практикада қолданыс табады.

Сондықтан зерттеушінің назарында аудармашының когнитивтік қызметі тұрады. Даярлық кезеңін қарастыру барысында анықталғандай, аудармашы тәржіме нұсқасын таңдау кезінде ізденістің үш түрін жүзеге асырады: кездейсоқ, жүйелі және эвристикалық. Дәл осы соңғысы негізгі, шешуші болып табылады және зерттеудің ең басты нысаны болуы керек. Осындай ізденістердің нәтижесінде аудармашы міндеттерін атқаруға сәйкес өзіндік ойлау қызметінің жұмыс үлгісін жасайды.

В.Виллсстің тұжырымдамаларында аудармашының рөліне, ол тап болған жағдайларға, саналы және бейсаналы түрде ол қадағалап отырған мақсаттарға көп көңіл бөлінеді. В.Виллсстің ойынша, аудармашының іс-әрекеті сөзсіз түпнұсқа мен аударма оқырмандарына байланысты және оған қойған талаптарды қалай орындаса, соған орай оның жұмысы да жемісті болады. В.Виллс «Скопос-теориясы» (Х.Фермеер, Ю.Хольц-Мянттяри) жақтаушыларының «соңғы шешімге аудармашының өзіндік құқығы» деген қағидатымен және олардың түпнұсқа жеке құндылыққа ие емес деген тұжырымдарымен келіспейді. В.Виллсстің ойынша, мұндай ұстаным аудармашылықта бейберекетсіздікке алып келеді. Аталмыш тұжырымдамаға қарсы шыға отырып, ол былай дейді: аудармашы – мәтін құрушы ғана емес, түпнұсқа мәтінін қабылдаушы, ал оның қызметі – бұл әрдайым түпнұсқаға реакция жасау болып табылады [Wilss: 1988].

Х.Крингс еңбектеріндегі аударма процесінің зерттелуі.

Аудару барысындағы аудармашының ойлау іс-әрекеттерін зерттеу қазіргі аударма теориясының аз зерттелген саласы болып табылады. Неміс аударматанушысы Ханс П.Крингс (*H.P. Krings*) бұл кемшілікті белгілі бір мөлшерде жоюды өзіне мақсат етіп алған. Ол өзінің іргелі «Аудармашылардың ойында не болып жатыр?» (1986) атты монографиясында аударма процесіне психолингвистикалық зерттеулер жүргізген.

Х.Крингстің жұмысы алдында қойған мақсаттары бойынша да, зерттеу әдістері бойынша да жаңашыл сипатта болды. Ол бақылаудағы процесті зерттеу үшін психологияда танымал «дауыстап ойлау» атты тәжірибелік

әдісті қолданған. Едәуір тәжірибесі бар аудармашыларға мәтінді ана тілінен шет тіліне немесе керісінше аудару барысында бар ойларын дауыстап айтып отыруды, яғни дауыстап ойлауды ұсынады. Сынаққа алынған аудармашылардың бар айтылғандары, оның ішінде вербалды емес соматикалық паралингвистикалық дыбыстары, кідіріс және сөйлеу кезінде орын алатын іс-қимылдар және т.б. толығымен таспаға жазылып алынған. Осындай сараптама нәтижесінде аса құнды дәйекті ақпараттар алынды. Бұл ақпараттар аударма процесінің мәні туралы түсініктерді кеңейтуге және оның тәжірибиелік оқытуын бірізге келтіруге мүмкіндік береді.

Х.Крингстің тәжірибелік ақпараттарын сараптауының негізі «аудармашылық мәселе» болып табылады. Тәжірибеге алынғандардың айтқандарын зерттеулердің көрсетуі бойынша, мәтіннің кейбір бөліктерін аудармашы берілген бірлікті ойында әбден жатталған баламасы негізінде ешбір ойланбай бірден аударды. Қалған жағдайда, яғни аудармашы балама беруге қиналғанда, ол аудармашылық мәселемен кездесті деген сөз.

Х.Крингс бойынша, сараптама хаттамаларының негізгі бөлігі аударма процесін құрайтын аудармашы әрекетінің сипатын анықтайтын «аудармашылық стратегияны» анықтауға бағытталған. Аудармашылық стратегия ретінде белгілі бір аударма міндеті төңірегінде арнайы аудармашылық мәселені шешуге бағытталған аудармашының саналы жоспары ретінде қарастырылады. «Макростратегияны», яғни бірнеше аудармашылық мәселелердің шешу жолдарын және «микростратегиядан», яғни белгілі бір мәселенің шешу жолын ажырату ұсынылады.

Макростратегия бойынша аударма процесі үш кезеңге бөлінеді: аудару алдында жүргізілетін түпнұсқаның сараптамасы, аудару процесінің өзі және аудармадан кейінгі мәтін өңдеу, яғни аударманы тексеру және түзету. Бірақ кей сынаққа алынғандар бірінші не үшінші кезеңінен өтпеді.

Аударма алдындағы сараптама мынадай ерекшеліктерімен сипатталады. Бірінші, бұл кезеңнің екінші кезеңнен жекешеленгендігінің бірнеше деңгейлері ажыратылады. Кей аудармашылар алдымен түпнұсқа мәтінінің мазмұнын түсінуге тырысады, кейін оны аударуға кіріседі. Ал кейбіреулері оқу барысында түпнұсқаның жекелеген элементтеріне аудармашылық сәйкестікті іздейді. Мәтінді осы екі жолмен түсінуге болады деп болжауға болады дейді. Сараптама кезінде анықталғандай, біреулері жалпы мағынасын түсініп алып, тұтас түсініктен жекеленген түсінікке барады. Енді біреулерге тұтас мәтін мазмұнының түсінігі жеке бөліктерінің түсінігі арқылы келеді. Сонымен қатар, кейбір сынаққа алынушылар аударма барысында қиын жерлерді кейінге қалдырып, түсіріп тастайды. Әдетте аудармашы алдымен қарабайыр, екі тіл бірліктері арасындағы өзі білетін байланыстарға негізделген аударма дайындайды, осыдан кейін оны өзгертіп, түзетеді. Аудармашы стратегиясы оның түсіну мәселесіндегі шешуін таңдауына байланысты өзгереді.

Ғалым бір тілден екінші тілге аударудың бірнеше стратегиясын ажыратады. Бұл стратегияларда шет тіліне аудару барысында баламасын

табу жолын, сонымен қатар сөздікке жүгінуді (2/3 мәселелер сөздік көмегімен шешіледі) жеңілдету мақсатында түпнұсқадағы ойды қайта айту («тілішілік аударма») маңызды рөл атқарады. Мәселелер шешімінің 20%-ын сөздік береді, ал 25% жағдайында сөздіктерде керекті сөз бен сөз тіркестері табылмайды. Сөздіктерден алғашқы нұсқаның 1/3 бөлігі табылады. Элементтерді жағдаяттан құрастыру арқылы жаңа сәйкестіктер жасауды сирек қолданылады.

Х.Крингс аударма процесінің заңдылығына байланысты кейбір жалпы теориялық қорытындылар жасауға тырысады. Сонымен ол аударма қателіктерінің сараптамасы аудармашылық мәселе туралы да, аудармашының мәтінді түсіну деңгейі туралы да дұрыс мәлімет бере алмайды деп тұжырымдайды. Осы сияқты қателер мәтінді толықтай түсіну кезінде де болады, ал керісінше аудармашы мәтінді түсінбей-ақ та дұрыс аударған.

Х.Крингстің ойынша, шет тілінен және шет тіліне аудару барысындағы негізгі аударма асимметриясы және тәжірибе кезінде жетекші орында тұрған ана тілі рөлі ерекше қызығушылық тудырып отыр. Шет тіліне аудару ол – ана тіліндегі түпнұсқаны балама іздеу кезіндегі қайта құруды кеңінен қолдану. Шет тілінен аудару – ана тілінде дұрыс қолданылуының деңгейіне қарай аударма нұсқаларын бағалау.

Х.Крингс анықтаған сөзбе-сөз аударманың маңыздылығын ерекше атап өткен жөн. Біріншіден, балама таңдалынып алынатын бірнеше қатарларды салыстыру кезінде, алдымен сөзбе-сөз нұсқасы таңдалады. Екіншіден, аударманың соңғы нұсқасын ойлау алғашқы қарабайыр (сөзбе-сөз) аудармаға негізделеді де, кейін ол жөнделіп, жетілдіріледі. Сонымен қатар көптеген аудармашылардың айтуы бойынша, сөзбе-сөз аударуға ұмтылу аударманың негізгі принципі болып табылады [Kring: 1986].

Сондай-ақ, Х.Крингстің жұмысы аса үлкен теориялық және тәжірибелік қызығушылық тудырады.

Э.-А.Гуттың «релеванттылық (маңыздылық) теориясы».

Англияда жұмыс істеген Эрнст-Август Гутт (E.-A. Gutt) 1991 жылы «Аударма және релеванттылық (маңыздылық)» атты кітап жазған, онда ол ағылшын психологтері Спербер мен Уилсонның релеванттылық тұжырымдамасына негізделген аударма теориясын құрастырудың жаңа тәсілдерін ұсынған.

Мәселен, аударма жаңа түсініктегі коммуникацияның бөлігі ретінде қарастырылады, онда хабарды кодтау процесі, жеткізу не декодтау емес, коммуникацияның негізі болып табылатын инференциялық (өзге адамдардың вербалды және вербалды емес іс-қимылына қарап қорытынды шығару қасиеті) мүмкіндікті іске асыру сөз болады.

Э.-А.Гуттың өз концепциясын негіздейтін релеванттылық теориясы адамдардың қарым-қатынасы кезіндегі айтылымдардың мағынасы қалайша айқындалатындығын түсіндіруге тырысады. Коммуникация когнитивті

тізбек ретінде 3 бөліктен тұрады: стимул, яғни ынталандыру – контекст – интерпретация. Тілдік айтылым стимул ретінде қолданылады. Контекст «когнитивті ортадағы» коммуниканттар білімінің жиынтығынан тұрады. Интерпретация семантикалық репрезентация негізінде және контекстің саналы болмысының көлемді бір ой-тұжырымын білдіреді.

Э.-А .Гутт релеванттылық аударма феноменін сипаттау және түсіндіру үшін қолдануды ұсынады. Бұл концепцияға сай аударма дегеніміз – ең алдымен түпнұсқа мәтініне қатысты интерпретациялы түрде қолданылатын басқа тілдегі мәтін. Бұл басқа тілдегі мәтіннің түпнұсқаны интерпретациялануынан өзге мақсатта қолдану жағдайларының бәріне жол бермейді. Басқаша айтсақ, аударма әрқашан тіларалық интерпретациялық қолданыста болады. Мұндай тәсілді мәтінге бағытталған деп айтуға болады, себебі ол аудармашының коммуникациялық мақсаттары мен түпнұсқа авторының мәтінді интерпретациялау мақсатымен сәйкес келеді. Сонымен қатар бұл тәсіл контекстке де бағытталған, себебі релеванттылық принциптерін ұстану әрқашан аудиторияның когнитивті қабілетін ескереді [Gutt: 1991].

§ 37. Скандинавиядағы аударматану зерттеулері

Скандинавия елдеріндегі аударматану дамуының ерекшеліктері бұл елдерде бұрыннан келе жатқан аударма жағдайларын бейнелейді. Скандинавияда шет тілдерін (әсіресе неміс және ағылшын) білу аса пайдалы әрі абыройлы болуымен қатар, көптеген адамдарға шет тілдеріндегі ақпараттарға жол ашады.

Ю.Хольц-Мянттяридің теориялық тұжырымдамасы.

Финляндияда тұрып жұмыс істеген неміс аудармашысы және педагог Юста Хольц-Мянттяри (*J.Holz-Mönttöri*) Скандинавияның ең үздік аударматанушысы болып табылады. Ол - Х.Фермеер ұсынған «скопос теориясындағы» аударма тұжырымдамасын негіздеп, оны одан әрі қарай дамытатын көптеген теориялық жұмыстардың авторы.

Ю.Хольц-Мянттяри аудармаға деген өзінің жаңа ұстанымын былайша тұжырымдайды. Белгілі бір қоғам мүшесі болып табылатын қандай да бір жеке тұлға бар делік. Оның коммуникативті тілдік қасиеті үш түрлі факторлармен айқындалады: қоғамдық (қоғамның мәдени ерекшеліктеріне қарай), жағдайға байланысты (сыртқы факторлар әсерінен) және жекелік (көңіл-күйі, хал-жағдайы және т.б.)

Демек, дайындалып отырған мәтіннің мақсаты, мазмұны және қалпы мәдениетке, жағдайға және «мәтін жасаушысының» жеке қасиеттеріне және оның қабылдаушы факторлармен сәйкестікті бағалауына байланысты.

Сонымен, аудармашының негізгі әрекеті түпнұсқа мәтінін аударма тіліне транскодтау емес, басқа мәдениетке жататын әріптесімен қарым-қатынас құру болып табылады. Дәл осы мәдениет талаптарына сай

аударманың одан әрі пайданаланылуы, мазмұны және формасы анықталады және әрбір жағдайда аудармашы бұл талаптарды дұрыс бағалай алуы керек. Мұндай жобанда маңызды функциялар мен үлкен жауапкершілік аудармашының өзіне жүктеледі.

Ұсынылып отырған жобаның негізгі ережелерін төмендегідей беруге болады:

1. Мәтіндердің өзіндік тарихы бар және олар қойылған мақсаттарға сай дәстүрлі орнатылған шеңбер (стильдер, түрлер, жанрлар) аясына жатқызылады.

2. Мәдениаралық кедергілер тілдік кедергілерге әкеліп тірелмейді, бұған іскери хаттардағы сыпайылық ережелері, жазу ерекшеліктері мен рифмалар және т.с.с. кіреді. Мәтін, оның мазмұны мен формасы тек грамматикалық, стилистикалық, мәдениет ерекшеліктері бойынша айқындалады.

3. Аударма мәтіндері – өз алдына толыққанды мәтіндер. Бірақ олар түпнұсқа ақпараттарына негізделгенімен, одан жеке қызмет етуі керек. Олар түпнұсқа мәтініне қарағанда басқа дәстүрлі не жағдайдағы қабылдап алушыға бағытталған. Көркем әдебиет аудармасында үстінен қараушылық та тек өзіндік мақсаттарға жатады.

4. Аудармашылар – бұл мәдени, тілдік кедергілер арқылы мәтін жасаушылар, оларды ауызша және жазбаша аудармашылар не осы мағынадағы кеңесшілер деп айтуға болады. Мамандар өз саласының сарапшысы болып, өз қызметтерін жауапкершілікке алады. Олар тапсырыс берушілер өздігінен орындай алмайтын іс-әрекеттерді атқарады. Кәсіби қызметтің шарттары оның мақсаттары, сонымен қатар қойылған талаптарға және қолданылатын мәліметтерге байланысты айқындалады. Аудармашылар мәтін мен мәдениетаралық коммуникацияға арналған, өз аудармаларын «сату» арқылы жұмыс істейді. Аудармашы – бұл «мәтінші» (текстовик), мәтін жасаушы маман. Егер мәтін белгілі бір арнайы салаға қатысты болса, ол заңгерлермен, инженерлермен, әдебиеттанушылармен және т.б. кеңесіп отырады. Осыдан кәсіби аудармашының қызметіне басқа мәтіндер жасау да кіреді.

Ю.Хольц-Мянтяри кәсіби қызмет ретіндегі аударма ұғымы аудармашылық құзыреттілікке үш негізгі талап қояды:

1. Аудармашы өзінің мәтінінің ерекшеліктерін атап көрсете білу керек, тапсырыс берушісіне мәтін құрылымының қызметтеріне сәйкес келетін, әсер ететін, қолданылатын мүмкіндіктерін толықтай түсіндіре алуы керек. Ол үшін тәржімеші нақты бір мәдениет шеңберінде тапсырыс берушінің, берілген мәтін авторының және аударма мәтінінің қабылдаушыларының коммуникациялы жағдайларын өте сапалы түрде сараптап, осындай сараптама негізінде өз қызметінің шарттарын анықтай білу керек.

2. Аудармашы мәтінді «жобалай» білу керек. Ол үшін тек тілдік құзыреттілікке ие болып қана қоймай, басқа мәдениетте белгілі бір мазмұндағы мәтіндер қалай айтылып, жазылады, қандай тақырыптар

талқылануы мүмкін (жапондық әріптесіңе оның отбасы туралы сұрақ қоюға бола ма?), белгілі бір мақсаттарға жету үшін қандай дәйектер келтіру керек (Францияда машинаны қалай жарнамалайды?), коммуникацияның қандай құралдарын қолдану керек (әңгіме барысындағы кідірістер ұзақтығы қанша болу керек? – Қаншалықты қатты сөйлеуге болады? – Телефон соғу, әлде хат жазу дұрыс па?).

3. Аудармашы зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы белгілі бір зат туралы жүйелі, дұрыс және мазмұнды мәтін жазып, сөйлей білуге керекті білім алуы керек. Бұл дағдылар болашақ аудармашыларды даярлау барысында дамытылуы тиіс [Holz-Mдnttdri: 1964].

А.Ф.Келлетаттың «Скопос теориясына» сыни көзқарасы.

«Скопос теориясына» қарама-қарсы көзқарас А.Ф.Келлетаттың (A.F.Kelletat) «Аударма теориясындағы бір адым артқа» (1986 ж.) атты жұмысында сипатталған.

Аударма мәселесінің, әсіресе көркем аудармадағы қиындығы мен көпқырлылығын және оны тек лингвистикалық тәсілдермен шешуілуіннің мүмкін еместігін атап өтіп, А.Ф.Келлетат К.Райс пен Х.Фермеер ұсынған «Аударманың жалпы теориясы» оны шешуге қабілетсіздігімен қатар, аударма қызметін зерттеудегі кері қадам болып табылады дейді. Оның ойынша, бұл теория тарихи емес, өзінің анықталған объектісі жоқ және ол көп жағдайда аударма тарихындағы аудармашылар мәтінді басқа мәдениетке, басқа географиялық және уақыт аралықтарына көшіре отырып, түпнұсқаны өзгерте алған кезеңге әкеледі .

А.Ф.Келлетат жаңа тұжырымдамаға үміттенген «Скопос-теориясының» авторлары тарихта белгілі кезең XVIII ғасыр аудармашыларында қалыптасқан жан-жақты, жалпы теориялық ұстанымдарды қайталайды дейді. К.Райс пен Х.Фермеердің түпнұсқаның аудармадағы «имитациясы» деген термині XVI және XVII ғасырлардың поэтикалық тәжірибесін сипаттаған және кейін нақты аударма қажеттілігінде қолданыстан шығып қалған термин, ол соңғы 250 жылда жеткен жетістіктерімізден бас тарту үшін қайта енгізілген дейді.

Осыдан барып А.Ф.Келлетат осындай тұжырымдар жасайды: «Аударманың жалпы теориясының негіздері» кәсіби аудармашыларға берері аз, себебі онда аударманың әлдеқайда күрделі және шығармашылық мәселелері қамтылған және прагматикалық аударманың бос, қарапайым жақтарына аса көп көңіл бөлінген. Болашақ аудармашылар даярлаудың жаңа жолдарын көрсетпеген. Студенттерге аударма процесінің үлгісін көрсету барысында және көркем аудармалардың ерекше мәселелерін көрсету үшін, ұстаздар бұрынғысынша аударма туралы лингвистикалық ғылымға сүйену керек. К.Райс пен Х.Фермеер қолданған мысалдарды жарнамалық тізбелер мен нұсқаулықтарды аударуға арналған сабақтарда қолдануға болады. Бірақ оны жаңа «жалпы теория» деп айтуға келмейді [Kelletat:1986].

И.Вехмас-Лехтоның тәжірибелік зерттеулер.

Зерттеудің тәжірибелік тәсілін қолданатын фин оқытушыларының жұмысы ерекше қызығушылық тудырады. Бұл жерде ең алдымен С.Тиркконен-Кондит

(*S. Tirkkonen-Condit*) пен И.Вехмас-Лехтоның (*I. Vehmas-Lehto*) басылымдарын атап кеткен жөн.

Фин зерттеушісі Инкери Вехмас-Лехтоның еңбектерінде орыс тіліндегі газет баспаларының фин тіліне аудармасының сараптамасын ұсынады, оған тәжірибелік зерттеулер жүргізеді, зерттеушілердің пікірінше, оларды барабар емес ететін аударма ерекшеліктерін айқындайды және осындай аударма сапасын көтеруге бағытталған ұсыныстар береді.

И.Вехмас-Лехто аударматану еңбектерінде бірнеше рет айтылған ойды, яғни аударманың түпнұсқа сияқты оқылуын өз зерттеуінің негізі ретінде қабылдайды. Аудармашының табиғи әрі дұрыс сөзі сараптаудың негізгі нысаны болып табылады. Дәл аударма мәтінінің тілі, И.Вехмас-Лехтоның ойынша, аударманың оқырманға коммуникативті және эстетикалық әсерінің негізгі аспектісі болып табылады. Мұндай әсер аударма тілінің дұрыстығын қамтамасыз ететін мәтінінің барабарлығын анықтайды. Түпнұсқаның семантикалық, стилистикалық ерекшеліктерін көрсетуде аударма сәйкестігі аса маңызды емес болып саналады да, оған оқырманның аударманы толығымен тура қабылдауына қатысты, барабарлыққа жету мақсатында назар аударылмауы мүмкін. Аударма тілінің дұрыстығы аударма тіліндегі жүйелер сәйкестіктері, нормалары және олардың тұрақты қолданылуы бойынша анықталады. Бәлгілі бір функционалды стиль төңірегінде жақсы жазылған мәтіндерге қойылатын арнайы талаптар бар. Бұл талаптар бойынша, жалпы қабылданған және ресми мақұлданған нормалармен де аудармашы санасуы керек. Сөйтіп, аударма берілген стильдегі үлгілік мәтіндер тілімен жазылуы керек [Vehmas-Lehto: 1989].

§ 38. Швейцария, Болгария, Израиль елдердегі аударматану

Аударматануды негізге алған еңбектерге қосымша тағы аударма теориясы бойынша әртүрлі елдің зерттеушілерінің үш жұмысын қарастырайық.

Фриц Гюттингер теориялық тұжырымдамасы.

Фриц Гюттингер (*F. Güttinger*) 1963 жылы Цюрихте (Швейцарияда) «Мақсатты тіл. Аударма теориясы мен техникасы» атты кітабын жариялады. Аты айтып тұрғандай, автор, ең алдымен, аударма сапасы, аударма тілі құралдарын таңдау принципі мен тәсілдері сияқты мәселерді қамтиды.

Аудармадағы түпнұсқа әсерінен орын алатын тіл нормаларының бірдей ауытқулары біреулер үшін – қате болса, екіншілері оны – байыту деп қабылдайды. Ф.Гюттенгер мұны ғалымдар мен ақындардың мәселеге деген көзқарастарының әртүрлілігінен деп түсіндіреді. Ғалымдар аударманы шетел мәдениетін тану құралы деп қарастырады, сондықтан олар сөзбе-сөз аударма

арқылы, сілтемелер мен түсіндірмелер көмегімен түпнұсқаны толықтай түсінуге тырысады. Ал ақындар үшін, керісінше, аударма – оның күйзелісін сезіну ләззаты. Ф.Гюттенгер ақындарды жақтайды. Ол кез келген аударманы тәржімешінің қабылдауы бойынша мәтін формасы мен мағынасының өзгерісі дей келе, ғалымдардың түпнұсқаны өте жоғары дәлдікпен жеткізу пікіріне қарсы болады. Сондықтан аудармашы түпнұсқаның алдамшы сәйкестігін жасау үшін, толыққанды әдеби шығарма жасаудан бас тартпауы керек. Аударма – бұл құбылту, міне осы жағдай ғана машиналық аударманың табысына кедергі болып табылады.

Тәжірибе кезінде аудармашыға әртүрлі жағдайға байланысты таңдау қажеттілігі туады. Әсіресе, түпнұсқаның өте жоғары дәлдікпен тек мағынасын ғана емес, түпнұсқаның оқушыға деген әсерін де жеткізу керек. Ф.Гюттенгер көптеген сөз құбылтулары жоғалғандықтан, оның әсерімен қоса мағынасы да жеткізілмеген бірнеше сәтсіз аудармаларды мысалға келтіреді [Gittinger: 1963].

А.Людскановтың теориялық тұжырымдамасы.

Болгарлық аударматанушы Александар Людсканов 1967 жылы болгар тілінде шығып, 1975 жылы неміс тіліне аударылған «Аудармашының рөліндегі адам және машина» кітабының арқасында ғылыми қауымға танымал болды.

Бұл кітап тілтанушылардың назары лингвистика ғылымының әдістемелік негіздеріне ауып, лингвистикалық зерттеулердің объективтігін көтеруге, лингвистиканы басқа да нақты ғылымдар қатарына қосуға талпыну кезеңінде жазылған болатын. Бұл кезінде ақпарат және кибернетика теориясының мәліметтері мен түсініктерін қолдануға көп үміт артылып, машиналық аударма саласындағы зерттеулер кең түрде дамыды.

А.Людсканов өзінің негізгі міндеті аударманың барлық түрлерін, соның ішінде адам жасайтын және машиналық түрлерін де қамтитын, семиотикалық аударма теориясын құру деп түсінді. Ол аударманың барлық түрлерінің негізінде бірінің кодын екіншісіне түрлендіру жатыр; аударманы семиотикалық жағынан зерттеу бұл құбылысты басқа да түрлендірулердің категориясына қосады, деп түсіндіреді

Қазіргі заманғы аударма қызметі туралы айтқанда, А.Людсканов оның ауқымдылығын, аударманың жаңа түрлерінің (ілеспе аударма, фильмдерді аудару және т.б.) пайда болуын, лингвистикада, информатикада, биологияда және басқа да ғылымдарда оқытылатын, көптеген үдерістерді қосатын «аударма» терминін кең түрде түсіну үрдісін, машиналық аударманың даму жетістіктерін атап көрсетеді. А.Людскановтың пікірінше, «аударма» терминінің кең түсінігіне аударма теориясының, оның объектісінің бөлшектенуіне әкелетін, кейбір бағыттары сәйкес келмейді. Соған байланысты аударманың барлық, яғни техникалық та, әдеби де түрлері үшін, жалпы тілдік негізді зерттейтін аудармадағы лингвистикалық көзқарас дұрысырақ болып табылады. Керісінше, әдебиеттанушылық тәсіл аударманы

тек көркем әдебиет өнерінің түрі ретінде ғана қарастырады. Сондықтан аударма теориясының объектісі ретінде тек әдеби аудармаға мән беріп, ал аударманың басқа түрлерін шығармашылық сипаты жоқ деп санап, назардан тыс қалдырады. Сол себепті А.Людсканов И.Ревзин және В.Ю.Розенцвейг секілді аударманы мәтіннен тікелей интерпретация мәтініне ауысу ретінде және оларды бір-біріне қарама-қарсы қоюды жөнсіз дейді. Оның ойынша, аударма және интерпретация бір процестің екі түрі және оларды бөлу толықтай аударманы түсіндіретін жаңа кең ұғымды талап етеді. Бұл ұғымның атауы ретінде «семиотика» термині болуы керек. Семиотика осындай жүйе-кодтардың көмегімен іске асатын белгілік жүйелер мен коммуникация процестерін зерттейді. Коммуникациялық белгілер арнайы бір ақпараттың қатысушылары үшін беріле алатындығының арқасында жүзеге асады. Бұл ақпарат қатысушылардың белгілерді санасында ұзақ сақталған білімімен салыстыру арқасында ұғынылады. Мұндай білім өзіндік делдал тіл болып табылады. Сонымен бұл интерпретацияның немесе хабарламаны түсінудің үш түрі болады: 1) *референттік*, яғни хабарламадағы ақиқатты түсіну, 2) *мазмұнды*, яғни хабарламадағы концептуалды ақпаратты түсіну және 3) *формалды*, яғни әртүрлі белгілер мен хабарламалар арасындағы қатынасты түсіну.

Семиотикалық көзқарас жағынан аударма – кодты түрлендірулер қатарына жатады. Алдымен аудармашы түпнұсқаны қабылдап, оны өзінің делдал тіліне аудару арқылы декодтайды, содан соң ол хабарламаны осы тілден аударма тілінде түрлендіреді және оны аударма мәтініне кодтайды. Осылайша тіларалық коммуникация, яғни әртүрлі тілдік кодтарды білетін адамдар арасындағы коммуникация жүзеге асады. Аударма мақсаты ақпаратты жеткізу болып табылатын тіларалық коммуникация мақсатына сәйкес келеді. Басқаша айтқанда, аударма – тіларалық коммуникация құралы. Коммуникация және оның құралдары тіл арқылы жүзеге асатын болғандықтан, кез келген аударма әрқашан тілдік әрекет.

Кез келген коммуникация, ондағы ақпаратты сақтай отырып, белгілерді түрлендіру болып саналады. Бір тілден екінші тілге аудару да семиотикалық процестердің бір түрі ретінде саналуы керек, өйткені мұнда ақпараттың инварианты сақталына отырып, кодтың түрленуі жүзеге асады. Осылайша әдеби және техникалық, «адами» және машиналық сияқты аударма түрлерінің бір негізі қабылданып қана қоймай, бұл феномен (құбылыс) басқа да семиотикалық процестердің ауқымды қатарына қосылады.

Аударма теориясы пәнінің мұндай кең түрде қаралуы, бір жағынан, аударма процесінің ең негізгі ерекшеліктерін ашады, екіншіден, оны теориялық жағынан түсінудің маңызын арттырады, өйткені аударманы зерттеу көптеген семиотикалық үдерістердің әртүрлі қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Осыларды айта келе, А.Людсканов аударма теориясы семиотиканың бір ерекше саласы ретінде дамуы керек деп санайды. Аударма теориясын

жалпы семиотиканың бөлігі болып табылатын «аударманың универсалды теориясы», табиғи тілдердің семиотикасы ретінде қарастыратын лингвистикаға негізделген «жалпы аударма теориясы» және табиғи тілдер арасындағы, сондай-ақ табиғи тілдер, жасанды тілдер және машиналық бағдарламалау тілдері арасындағы субкодтардың түрленуін сипаттайтын «арнайы аударма теориясы» деп бөлуді ұсынады.

А.Людсканов формалды сәйкестіктер саны бір жанрда (ғылыми-техникалық аударма) екіншісінен (көркем әдеби аударма) көбірек болғандықтан, аударма дәлдігінің деңгейі әртүрлі болады деген пікірмен келіспейді. Ол – аударманың дәлдігі функционалды инвариантты сақтауға тәуелді және бұл кез келген жағдайда өзгеріссіз қалатынын айтады. Мұндай функционалды баламалылық аударманың барлық түрі үшін міндетті. А.Людсканов аударманың мақсаты әрқашан коммуникация мақсатымен бірдей, яғни ақпараттың инвариантын жеткізу деп біледі, сондықтан да оның дәлдігі әрқашан функционалды болып табылатындығын айтады. Тіл білімінің, әдебиеттанудың, эстетика мен басқа да ғылымдардың қазіргі кездегі даму деңгейінде керекті ақпаратты анықтау тәуелді болып табылатын барлық факторларды алдын ала айту мүмкін емес, ал табиғи тілдерде аударманың нұсқасын таңдау оның барлық түрінде шығармашылық түрде жүзеге асады. Осыған байланысты А.Людсканов тағы да көркем әдебиет аудармасы мен аударманың басқа түрлерін қарама-қарсы қоюға, олардың ортақ заңдылықтары бар екенін айта отырып, қарсы шығады [Людсканов: 1967].

Г.Туридің теориялық көзқарасы.

Израильдік ғалым Гидеон Туридің (*G.Towry*) аударматанушылық еңбектері жинақталып, «Аударма теориясын іздеу» (1980 ж.) кітабында жарияланған. Көптеген жылдар бойы Г.Тури толықтығы және реттілігімен ерекшеленетін аударманың өзіндік концепциясын жасап шығарды. Оның зерттеулерінің нысаны ретінде әртүрлі тілдерден иврит тіліне жасалған көркем әдебиет аудармасы болып табылады, бірақ ол нақты аудармалар сараптамасының негізінде жалпы теориялық тұжырымдамаларды енгізуге тырысады.

Г.Тури «сипаттама» аударма деп атаған өзіндік аударма теориясын ұсынады. Ол теория ең алдымен принципіалды түрде аударманың процесіне емес, нәтижесіне, яғни аударма мәтініне негізделген. Сараптаудың бастапқы пункті – аударма мәтінінің аударма тіліндегі мәтіндер жүйесінде қызмет етуі. Белгілі бір мәдени-тілдік шекаралар шеңберіндегі аударма хабарламалардың көмегімен аударма коммуникациясы ретінде анықталады. Аударма тілі мен бастапқы тілдің мәтіндік дәстүрлері жақынырақ болған сайын, аударма да дәлірек бола түседі. Аударма мәтіні аударма тіліндегі мәтін ретінде ғана емес, оған қоса аударма тіліндегі тәржімеленген мәтін болып табылады. Мұндай мәтіндердің оларды түпнұсқа мәтіндерінен ерекшелейтін арнайы белгілері (өзіндік шығу тегі ғана емес) болады.

Г.Туридің пайымдауынша, аударма мәтіні мен түпнұсқа мәтіні арасындағы қатынасты 3 оппозиция негізінде жіктеуге болады: а) формалды қатынас, яғни форманың баламалылығы мен функционалды қатынас, яғни функцияның баламалылығы; ә) сәйкестіктердің болуы мен сәйкестіктердің болмауы арасындағы қатынас; б) бастапқы тіл жүйесіндегі түпнұсқа мәтінінің қатыстылығын сақтайтын (статистикалық) және оны өзгертетін (динамикалық) қатынас.

Аударылған мәтін ретінде қызмет атқару үшін, мәтін басқа да мәтіндер сияқты, аударма тілінің тілдік және әдеби жүйесіне сай болуы керек. Алайда, аударылған мәтін болу үшін түпнұсқа толығырақ қамтылып, оған барабар болуы керек. Барабарлық деп түпнұсқаға барынша нақты сәйкестік көлемді түсіну ұсынылады. Оған қоса аударма тілі мен түпнұсқа тілі арасындағы қажетті өзгешелігінен туындаған міндетті айырмашылықтар есепке алынуы тиіс және барынша мүмкін болатын барабарлықтан аудармашының еркін қабылдаған шешімдерін ауытқушылық деп санауға болады.

Осыған байланысты Г.Тури «аралық» тіл (interlanguage) концепциясын ұсынады. Оның ойынша, барабарлыққа ұмтылу белгілі бір деңгейде мәтіннің қолайлылығын шектейді және аударма тілі жүйесінде тәржіме тілінің ерекше орын алуына алып келеді. Мұны аралық тілмен күресу деп қараудың қажеті жоқ. Оның аудармада пайда болуы мүмкін, оған қоса Г.Тури егер аударма теориясы аударудың талаптарын құрау емес, шынайы аударманы зерттеу керек дегенге сүйенетін болсақ, бұнда аудармашылық универсалия деп санауға тиіс. Аралық тіл – ол бәрінен бұрын материалды (формалды) баламалылықтың пайда болуы: аудармада бастапқы тіл бірлігіне аударма тілінде бастапқы тілдің ықпалымен пайда болатын аралық бірлік сәйкестігі (БТ/АТ құралы). Мұнда негізгі үш жағдай анықталады: а) бұл бірлік аударма тілінен тыс бастапқы тілден тікелей алынған кірме бірлік (оның шет тілдік формасын сақтай отырып немесе транскрипция немесе транслитерация көмегімен), ә) аударма тілі мен бастапқы тілдің арасында жасалатын бірлік – калька (бастапқы тілдің құрылымының шеңберінде аударма тілінің белгілерін пайдалану), б) бастапқы тілдің ықпалымен аударма тілінде жасалатын бірлік (олар функционалды тең болмаса да, аударма тілінде оның бастапқы тіл бірліктерімен формалды сәйкестіктерінің нәтижесінде туады).

Мұндай аралық тілдің болуы аудармада практикалық түрде дәлелденеді, сондай-ақ ол теориялық тұрғыдан дәлелденуі мүмкін.

Теорияның аударма мәтініне бағдарлануы аударма мен түпнұсқа арасындағы шынайы қатынасты сараптаудан бас тарту дегенді білдірмейді. Бірақ мұндай сараптау, Г.Туридің пікірінше, екі шартқа сай болуы керек. Біріншіден, тіл бірліктері арасындағы қатынас емес, мәтіндер бірлігі – «текстемалар» салыстырылуы керек. Текстемалар ретінде мәтіндік қатынасқа түсетін (белгілі бір мәтінаралық функцияны орындай отырып) тіл бірліктерін және мәтіндік бірліктердің өзін (абзац, бөлім, тармақ, шумақ және т.б.) айтуға болады. Екіншіден, сараптама – аударма мәтінінен табылған

аудармашылық шешімдерге, ондағы тіл бірліктері мен бастапқы мәтіннің тиісті бірліктері арасындағы қатынасқа және одан әрі бұл шешімдер үшін қажетті негіздерге (шешім қабылдау үдерісіне) қарай жүргізілуі керек. Мұндай процедура балама қатынастардың алдын ала берілгендігін жоққа шығарып, оларды аударма деп танылған барлық мәтіндердің салыстырмалы сараптама нәтижесінен табады.

Аудармашылық қатынастардың негізгі 4 түрі бар (алайда басқа да көптеген түрлері болуы мүмкін): формалды қатынастың 2 түрі (этикалық): 1) бастапқы тіл мен аударма тілінің арасындағы (тілдік түр), 2) бастапқы мәтін мен аударма мәтінінің мәтіндік құралдары (мәтіндік түр); сондай-ақ, функционалды қатынастың 2 түрі (эмикалық): 1) бастапқы тіл мен аударма тілінің тілдік құралдарының функциялары арасындағы (тілдік түр), 2) бастапқы мәтін мен аударма мәтін функциялары арасындағы (мәтіндік түр) [Тowry: 1980].

§ 39. Арабтілді аударма дәстүрінің қалыптасу тарихы

Зерттеушілер арабтілді аударма дәстүріне тән VIII-XIII ғғ. «аударманың алтын ғасыры» деп атайды. Аңыз бойынша, IX ғ. Бағдат қаласындағы ғылыми орталық – «Ақылгөйлер үйінің» танымал аудармашысы әрі ғалымы Хунейн ибн Исхактың аударма және жеке ғылыми еңбектерінің ақысы салмағына қарай алтынмен төленген. Ол грек, сирия және араб тілдерін жетік меңгерген, сондай-ақ араб тіліне 150-ден аса шығарма аударған. Хунейн Ибн Исхак Библияны, бірқатар Платонның «Мемлекет» («Саясат туралы»), «Софист» сияқты шығармаларын аударып, түсіндірмелерін берген. Танымал әріптесі Яхья Ибн Адимен бірлесе отырып Платон «Зандарын» тәжімелеген.

Араб халифатындағы аудармашылық қызмет ресми түрде жүзеге асты және мемлекет тарапынан қаржыландырылды. «Ақылгөйлер үйі» кітапханасының қорында араб, грек, парсы (пехлеви) копт, санскрит, қытай және көптеген басқа тілдердегі 400 мың қолжазба болған.

Ауқымды аудармашылық және ғылыми қызметтің нәтижесінде араб классикалық (әдеби) тілі өзінің жүйесін әр түрлі функционалды-стилистикалық және лексикалық-терминологиялық құралдармен байытып отырды.

Араб халифатындағы аудармашылық қызметтің жалпы бағытына келер болсақ, ол жас араб-мұсылман мемлекеттігі жағдайында қалыптасу және даму үстінде әртүрлі бағытта жүзеге асты: ғылыми, практикалық, т.б.

Әртүрлі кезеңдердегі арабтілді қоғамдағы аудармашылық практиканың тарихи тамыры тереңде жатыр. Аударма ғылымының тарихында салыстырмалы түрде алғанда V-XII ғғ. мен XIII ғ. өзара жүйелі байланыстар тұрғысынан алғанда аз қамтылған.

Дегенмен антикалық ғылыми мұраларға сәйкес грек тілінен сирия, копт, пехлеви (орта парсы) және ең бастысы араб тіліне және араб тілінен латын

тіліне, испан тілінің кастиль диалектісі, ежелгі еврей және Еуропа мен Азияның басқа да тілдеріне тәржімеленген кезенді «аударманың алтын ғасыры» деп аталуы мүмкін еді.

Танымал Александрия мектебінде (Мысыр) философиялық ізденістер үстемдік алып тұрған кеш эллинизм дәуірінде жаратылыстану ғылымдары яғни медицина, химия, астрономия және т.б. дамыды. Александриядан, Египеттің кейбір басқа да қалаларынан көптеген антикалық қолжазбалар табылды: араб, сирия және копт тілдеріндегі аудармалар ежелгі гректердің гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми бағыттарын меңгеру кезінде белсенді қолданылды.

Сириялықтардың аудармашылық қызметін тұтастай бағалай келе, қоғамның белгілі бір топтарында қалыптасқан қостілділік (сирия-араб) жаңа туындап келе жатқан араб-мұсылман өркениетіндегі антикалық ғылыми және мәдени мұраларды әрмен қарай жеткізу үшін негізін даярлағанын мойындау керек. Сонымен қатар олар ежелгілердің білімдерін білімді топтарға тікелей жеткізуде үлкен рөл атқарды.

VIII – XI ғғ. араб-мұсылман мемлекетінің тарихында барынша айқын және шығармашылық, жасампаз күштердің толықтай көрініс табуын сипаттайтын ерекше кезең болды. Араб халифатында қала мәдениеті, қолөнер мен сауда дамыды, керемет ғимараттар салынды, университеттер құрылды. Бұларда дінтанумен қатар, дүнияуи (светские) ғылымдар оқытылды, мемлекеттік және жеке кітапханалар жинақталды.

Халифаттағы зияткерлік үдерістердің бастапқы және кейінгі кезеңдерінде қалыптасуы мен белсенді дамуына әр түрлі этникалық және конфессионалды топтың өкілдері көп үлес қосты.

VII ғ. аудармашылық қызмет христиан мектептерінде жалғасты, ал 765 ж. Бағдат салынғаннан кейін халиф ал-Мансур Гундишапурдан сириялық дәрігерлерді сарайға шақырады. Олар өздерінің кәсіби міндеттерімен қатар жеке ғылыми ізденістермен және аудармашылық жұмыстармен айналысты. Сирия тілінен араб тіліне Галеннің трактаттары, сондай-ақ Аристотельдің және т.б. логикалық шығармалары тәржімеленді. VIII ғ. бастап-ақ араб тіліне Библия, Евангелие, діни жырлар және теологтердің еңбектері қарқынды түрде аударыла бастады.

Христиандықтар араб тілін белсенді қолдана бастады. Араб тіліндегі діни кітаптарды үздіксіз көшіріп жазу фактілері байқалды. Сириялықтар мен парсылардың аудармашылық қызметі арабтардың тәржіме өнерінің қалыптасуына септігін тигізді.

Араб жазуының шығармашылық кітаби жұмыс ретінде дамуы туралы ақпараттар Муавия (661-680) басқарған тұстан бері ғана сақталып келді. Ол тайпалық аңыздар мен Арабияның тарихына үлкен қызығушылық тудырды және соның кезінде Александрия мектебінің ғалымы Зосима трактаттарының аудармалары жасалды.

Аудармашылық қызмет Омейядтар (661-750) династиясы ел басқарып тұрған уақытқа дейін жалғасты. Омейядтар кезінде араб жазуының барлық

жанрлары, мазмұннан тыс жазбаша шығармалардың барлық түрлері қалыптасты. Үш жүзге жуық түпнұсқа шығармалары мен отыздай аудармалар пайда болды.

Халифаттағы жоспарлы, ресми қолдаудағы және мол төленген аудармашылық қызмет Бейт ал-Хикімнен («Ақылгөйлер үйінде») басталды. Ол Харун ар-Рашид (786-809) кезінде негізделіп, оның ұлы ал-Мамунның кезінде шарықтау шегіне жетті. Оның бірінші басшысы болып сирия, араб және ішінара грек тілдерін меңгерген кәсіби аудармашы Яхья ибн Масавейх тағайындалды. Бір уақытта тарих қойнауынан түпнұсқа ғылыми шығармаларының авторы болып табылатын аудармашылар мен түсіндірушілердің есімдерін кездестіруге болады. Олар: Абдалла ибн Мукаффа, Хунейн ибн Исхак. Коста ибн Лука, Сабит ибн Курра, Мата ибн Юнус, Яхья ибн Ади және т.б.

Араб тіліне көшу үдерісіне мемлекет күшті қарқынмен бет алды. Басқа тілдер барлық қызмет аясынан ығыстырылды. Исламның таралуына байланысты араб тілі дін ілімі мен әкімшілік, іскери және шаруашылық хат алмасу, ғылым, әдебиет пен өнердің әмбебап тіліне айналды. Сондықтан, ертедегілердің барлық ғылыми мұраларын, сондай-ақ Араб халифатының күзіретінде болған араб емес мәдени жағынан дамыған халықтардың мұрасын араб тіліне аудару керек болды. Бұл міндет толықтай жүзеге асты. Философия, география, математика, астрономия, медицина, ветеринария, фармакогнозия, ботаника, зоология, минерология, музыка теориясы, филология, халықтық және авторлық көркем шығармалар және т.б. бойынша грек, сирия, пехлеви, санскрит тілдерінен ауқымды көлемдегі әр түрлі туындылар тәржімеленді. Араб аудармасының арқасында адамзат Геронның қаза болған «Механикасы» мен Архимедтің көптеген қолжазбаларының мазмұнымен танысты. Арабтілді аударма мектебінің тағы бір ерекшелігі халифаттағы аталмыш қызмет түрімен Орта ғасырдағы танымал ғалымдардың айналысуында.

Ал-Кинди (IX ғ) – алғашқы араб философы, танымал аудармашылардың замандасы және олардың жұмыстарының нәтижелерімен бірден танысқан. Өзі грек және сирия тілдерін меңгерген, бірқатар грек авторларының еңбектерін араб тіліне тәржімеледі. IX ғ. орта кезінде халиф ал-Мутасимнің тапсырмасы бойынша Абдель Масих ал-Химси «Аристотельдің теологиясы» шығармасы мен Порфирийдың түсініктемесін аударған кезде ал-Кинди оның жұмысын қарап, тексерген болатын. Сонымен қатар ал-Кинди өз шығармаларында минерология бойынша қолданған аударма материалдарын айтуға болады. Баальбектен шыққан беделді аудармашы Коста ибн Лука (X ғ.) Аристотельдің бірқатар шығармаларын тәржімелеп қана қоймай, кейінгі туындыларды да аударды. Математика, астрономия және басқа да ғылымдар бойынша бірқатар еңбектер жазды.

Мұсылман әлемінің танымал ғалымы Абу Рейхан Бируни (973-1048) ана тілі хорезм тілімен қатар араб, парсы және санскрит тілдерін меңгерді.

Ол математика, астрономия, философия бойынша үнді ғалымдарының бірқатар еңбектерін араб тіліне аударды.

Ал үнді ғалымдары үшін ол араб тілінен санскрит тіліне Евклидтің «Бастамасын», Птолемейдің «Алмагестін» және өзінің «Астролябииін» аударды.

X ғасырдағы Араб халифатының ыдырай бастауы, 1055 ж. селжүктердің Бағдатты басып алуы, оны 1258 ж. моңғолдардың тонауы, мемлекеттің әртүрлі аумақтарындағы сепаратистік қозғалыстар жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына алып келді. Ғылым мен мәдениетті қаржыландырудың күрт төмендеуі сияқты факторлар Сирия, Египет, Испания және басқа әлемдік орталықтарда интеллектуалды қызметтің құлдырауына алып келді.

Араб тілінен шет тілдеріне аударатын маңызды жаңа кезең белең алды. Араб тілі аударма тілінен өзінің, сондай-ақ өзгелердің білімін жеткізетін түпнұсқа тіліне айналды. Оның сол кездегі халықаралық тіл, алдыңғы қатарлы ғылым тілі ретіндегі мәртебесі нығая түсті. Еуропа мен Азияның туындап әрі дамып келе жатқан тілдері оның ғылыми-мәдени әсерінің жетегінде болды.

Мәдени-ғылыми және аудармашылық үрдістердегі ерекше орында мұсылмандық («маврлық») Испания иемденді.

Арабтар мен ислам берберлерінің (маврларының) (711-1492 жж) Испанияға келуі жаңа дін, сондай-ақ араб тілінің таралуымен, араб-испан өркениетінің керемет гүлденуімен байланысты болды.

Мұсылмандық Испанияның ірі мәдени орталықтары Кордова, Толедо, Севилья, Малага, Гранада және т.б. қалалар болды. Философиялық ойлар белсенді дамыды, жаратылыстану ғылымдарының ғалымдары ірі жетістіктерге жетті. Арабтілді мәдениеттің көркем ескерткіштерінің қорына поэзия мен көркем проза бойынша туындылар қосылды. Испан зиялылары, әкімшілік аппарат, діни тұлғалар, жастар белсенді түрде араб тілін меңгере бастады.

Араб-латын тілдік негізінде «аудармашылық төңкеріс» басталды.

Испанияда араб тілінен тәржіме жасаумен діни және ғылыми аудармашылар, сондай-ақ ресми мәртебесі бар бүтіндей аудармашылық мектептер айналысты. Сондай бір ірі мектептердің бірі - епископ Раймунд (XII ғ.) құрған Толедодағы аудармашылық мектеп болды. Философия, медицина, астрономия және басқа ғылымдар бойынша арабтілді еңбектер тәржімеленді. Бұл жерде Доминик Гундисалви христиан дінін қабылдаған, арабтілді ғалым Ибн Дауд, Иоанн Севильский және т.б. еңбек етті. Сицилияда араб тілінен латын тіліне аударған Кремоннан шыққан Желяр, Баттан шыққан Аделяр және ағылшындар Роджер Бэкон және Роберт Честер сияқты танымал тәржімешілер болды. XIII ғ. Палермод қаласында император Фридрих Екінші Гогенштауфен мен оның ұлы Манфредтің сарайында арнайы аудармашылық мектеп жұмыс істеді.

Философ, астролог әрі алхимик Михаил (Майкл) Скотт (1180-1235) ең алдымен Толедо мектебінде, содан кейін Палермода еңбек етті. Ибн Сина, Ибн Рушд, Ибн Гебироль, Монсей Маймонидтың арабтілді еңбектерін латын тіліне, сондай-ақ грек философиялық трактаттарының арабтілді аудармаларын жасады. Ғалым аудармашылардың арасында ерекше орынды Андалусияда дүниеге келген Еуропада Аверроэс есімімен таныс болған танымал философ Ибн Рушд (1126-1198) иемденеді. Бір мезгілде сот пен сарайдағы дәрігер міндеттерін атқара отырып, мемлекеттік қызметкер болды. Ең алдымен, Аристотель еңбектерін түсіндіруші ретінде танымал болған еді. Ол көз жұмғаннан кейін бірнеше ғасырлар бойы оның еңбектері Еуропада кеңінен пайдаланылды. Ол иудей және христиан философиялық топтарында беделмен қолданылды. Себебі, ол араб тіліндегі Аристотель еңбектерінің керемет тәржімелерін жасады.

Еуропада араб-мұсылман ғылымын таратуда еврейлік аудармашы ғалымдар үлкен рөл атқарды. XII ғ. басында-ақ араб ғылыми еңбектерінің ежелгі еврей тіліндегі тәржімелері пайда бола бастады. Көбінесе танымал философ ретінде Аверроэстің жеке туындылары аударылды. Испанияда көне еврей тілі ғылым тілі ретінде дами бастады.

Еуропа ең алдымен, антикалық мұраларды араб аудармалары бойынша, содан кейін араб тілінен латын тіліне аударылған тәржімелер арқылы таныды. Көне ойшылдардың кейбір еңбектері ежелгі еврей тілінен латын тіліне аударылған шығармалар ретінде еуропалықтарға жетті. Кейінірек бұл мәтіндер грек түпнұсқаларын тікелей латын тіліне аудару кезінде анықтамалық-ғылыми аппарат ретінде қажет болды.

Араб халифаты біртұтас мемлекет ретінде ыдырап, арабтар мен еврейлер Испаниядан қуылғаннан кейін, Еуропадағы латын тіліне көшудің басталуы және араб елдерін түріктердің билеп-төстеуі араб әлемін бірнеше ғасырлар бойғы тоқырауға алып келді.

Әлеуметтік-мәдени құлдырау кезеңі «аудармалардың алтын ғасырының» соңғы кезеңі болды.

§ 40. Ресейдегі аударманың тарихы

Русьтегі ІХ- ХVІІ ғасырдағы аударма.

Ресейдегі аудармашылық қызметтің тарихы терең деп айтуға болады, өйткені оның бастамасы Киевтік Русь кезінде қаланған болатын. ІХ-ғасырдың өзінде Русьте бір уақытта жазу өнері, әдебиет пен аударма пайда болды. 864 жылы грек монахтары Кирилл мен Мефодийді Византия императоры славян халықтарының арасында христиан дінін насихаттау мақсатында жібереді. Олар өздерінің қызметін әліпби (әлі күнге «кириллица» деп аталатын) жасаудан бастады, оның көмегімен грек тілінен ескі шіркеулік славян тіліне бірқатар діни мәтіндерді аударды. Бірінші аудармалардың арасында «Новый Завет», «Псалтырь» және «Молитвенник» болды. 988 жылы Русь шоқындырылғаннан кейін жаңадан келіп қосылғандарды жаңа

діннің философиялық және этикалық ережелерімен, сондай-ақ шіркеулік салт-дәстүрлермен таныстыру мақсатында бірқатар аудармалар пайда болды. Олар «Жития святых», «Притчи», «Хроники» және т.б. сияқты әртүрлі жанрлардағы мәтіндерді қамтыды. Мұндай аудармалардың көпшілігі Болгарияда орындалып, Русьте өз жалғасын тапты.

Сол уақытта діни мәтіндер сөзбе-сөз аударылды және бірнеше басқа сипаттағы түпнұсқаны сол күйінде көшіріп алған аудармалар да болды. Оған мысал ретінде «Житие Андрея Юродивого», «Пчела», «Космография», «Физиолог» және басқа кітаптарды атауға болады. Иосиф Флавияның «Иудейлік соғыс» кітабының аудармасын өз кезеңінің ірі жетістігі деп бағалауға болады, онда аудармашыға әріпшілдіктің көптеген кемшіліктеріне ұрынбауға жол ашылды.

Ерте кезеңде аудармашының есімі ешқашан көрсетілмеген, сондай-ақ белгілі бір елде немесе оның аумағында аударма жасалғандығын анықтау мүмкін емес еді.

Моңғол шапқыншылығы (1228–1480) кезінде аудармалар елдің мәдени өмірінде маңызды рөл атқарды. Библияның басқа бөлімдері аударылып, бұрынғы жасалған аудармалар қайта түзетілді және қайтадан жасалды. Діни мәтіндермен қатар, «Үнді патшалығы», «Троя соғысы» және басқа діни емес аудармалар пайда болды. Аудармалардың көпшілігі грек тілінен жасалды, кейбір аудармашылар латын және көне еврей дереккөздерін пайдаланды.

Осы кезеңде көне славян (шіркеулік славян) тілі мен халықтық говорлардың негізінде біртіндеп орыс тілі қалыптаса бастады. Дегенмен, діни мәтіндер шіркеулік славян тіліне аударыла берді. Сол уақытта басқа елдермен байланыс саяси және іскери аудармаларда енді ғана қалыптасып келе жатқан орыс тілін қажет етті. Осы кезеңдегі аударуға келмейтін мәтіндерінен көне славян және орыс тілінің элементтерін кездестіруге болады.

XVI ғасырда Мәскеу қаласы Ресейдің саяси, сонымен қатар аудармашылық орталығына да айналды. Бұл кезеңде аудармашылардың есімдері аталған жоқ, бірақ тіл мен мәдениетті дамытуда аудармашылардың рөлі қоғамдық мәнге ие бола бастады. 1516 жылы Мәскеуге грек өкілдігімен қатар Максим Грек келді. Ол негізінен діни кітаптарды, сондай-ақ бірқатар діни емес мәтіндерді аударумен де айналысты. Бұрын жасалған аудармаларға түзетулер енгізіп, оларға түсінік беріп отырды. Алғашқыда ол не орыс тілін, не көне славян тілін білмеді, оның аудармалары екі кезеңнен тұрды: бірінші ол грек тілінен латын тіліне аударды, содан кейін оның көмекшілері латын тілінен көне славян тіліне аударды. Ескі аудармаларды түзете отырып, ол бұрыннан қалыптасқан дәстүрлерді жиі бұзды. Соның салдарынан оған діннен азғандық және қорлаушылық деген айыптар тағылды. Максим Грек танымал жазушы, педагог әрі философ болды. Оның жазбаларынан аударма өнері туралы көптеген ой-тұжырымдарды кездестіруге болады. Максим Грек түпнұсқа мазмұнын түсіну үшін, оны жан-жақты талдаудың қажеттігін атап өтеді.

Ресейде аудармашы екі тілді жетік меңгеруі және жан-жақты терең білімге ие болуы керек деген ұғымдарды түсінгенімен, практик аудармашылардың көпшілігінің білімі жеткіліксіз болды, сондай-ақ олардың аудармасы әлі де болса жетілдіре түсуді қажет етті.

XVII ғасырдан бастап көптеген аудармашылардың есімі танымал бола бастады және олардың көпшілігі діни емес мәтіндердің аудармашылары еді. Ғылыми аудармалардың тақырыптық аясы астрономия, астрология, арифметика, геометрия, тәнтану мен медицина мәселелерден және әртүрлі жануарларды сипаттаудан тұрды. Кейбір аудармаларды беллетристика жанрына жатқызуға болады. Бұл кезеңде алғаш рет аудармашыға көмек ретінде латын-грек-славян, орыс-латын-швед және т.б. сөздіктер дүниеге келді.

XVIII ғасыр Ресейдегі аударма.

XVIII ғасыр Ресейде аудармашылық қызметтің дамуына үлкен үлес қосты.

Бірінші Петрдің саяси реформалары көркем әдебиет туындыларына тең келетін бірқатар ғылыми-техникалық мәтіндердің аудармасына сұраныс тудыра отырып, Мәскеудің Еуропа елдерімен экономикалық және мәдени байланыстарын кеңейте түсті. Аудармаға барынша жоғары сапалық талаптар қойыла бастады. Петр патша аударылып отырған мәтіннің мазмұнын түсінікті етіп беруді талап ете отырып, аударма туралы арнайы жарлық шығарды. Аталмыш кезеңде орыс тілінің әдеби нормасы қалыптаса бастады және көптеген білімді адамдар аудармалардан тілдің байи түскендігін және оның семантикалық және экспрессивті әлеуетінің арта түскендігін байқады.

Бұл процесте танымал орыс ғалымы әрі ақыны Михаил Ломоносовтың еңбегі зор болды. М.В.Ломоносов және оның талантты замандастары А.П.Сумароков пен В.К.Тредиаковский поэтикалық аудармаға тән мәселелерді қарастырды. Олар өздерінің аудармаларын не себепті солай аударғандығын және аудармашылық еңбектің қажеттілігін, оның шығармашылық сипатын түсіндіре отырып, теориялық түсініктемелер беріп отырды.

Жаңа кезеңде аудармашылық қызметтің дамуы негізгі үш белгісімен ерекшеленді. Біріншіден, бұл қызмет жаңаша ұйымдастырылған болатын. Петр патшаның Шетелдік Коллегиясында (Алқасында) аудармашылар тобы болды, ал 1735 жылы Петербург Ғылым Академиясының жанынан аудармашылардың бірінші кәсіби ұйымы – «Орыс ассамблеясы» құрылды. Бұл уақытта аудармашылар жасаған еңбектерінің жемісін көре бастады.

Қарастырылып отырған кезеңнің екінші ерекшелігі аударылған кітаптардың сипатының өзгеруі болды. XVIII ғасырдың басында классикалық әдебиеттің аудармаларына, реформалар жүргізу ғасырына барынша қажетті деп танылған прагматикалық аудармалар келіп қосылды. Бұл уақытта аударма жасалған тілдердің қатынасы өзгерді. Француз, неміс,

ағылшын тілдерінің мәні арта түсті, поляк тілі өзінің танымалдығын жоғалтып алды.

Кейінірек «техникалық» аударма әдеби аударманың қатарына шықты. Қоғамның мәдени талаптарының өсуі реформалармен реттеліп отырылды, олар отандық әдебиетті қанағаттандыра алмады, сол себепті әдеби аудармалар әлеуметті-мәдени қажеттілікті қанағаттандыру үшін осы ақтақтың орнын басуы керек болды. Енді аудармашылар өз еліне еңбек етуді мақсат тұтты. Олар ағарту ісін, жаңа орыс әдебиетін қалыптастыруды өздерінің міндеттері деп есептеді. Осы уақыттан бастап әдеби (көркем) аударма орыс мәдениетінде жоғары мәртебеге ие болды.

Аударманың әлеуметтік маңыздылығын түсіну аталмыш кезеңге тән үшінші ерекшелік болып табылады. Аударма ерекше құрметке ие шығармашылықтың түрі ретінде қарастырыла бастады. Аудармашы мен түпнұсқа авторының бақталастығы күшейді, кейде ол өз алдына атаққұмарлық мақсат қоя отырып, кейде көркемділік құндылығы жағынан түпнұсқадан асып түсуге тырысты.

XVIII ғасырда поэтикалық аударма пайда болды, кейіннен Ресейде аталмыш аударма түрінің мәні ерекше арта түсті. В.К.Тредиаковский П.Тальманның «Махаббат аралына саяхат» романының аудармасы арқылы көпшілікке танымал болды. Ол туындыға орыс ырғағымен аударылған көптеген өлеңдерді қосты. Әсіресе, латын, неміс, француз, грек тілдерінен аударылған М.В.Ломоносовтың көптеген аудармалары болды. Аудармаларында ол баламалылыққа жетудің, сондай-ақ түпнұсқаның еркін нұсқаларын құрудың керемет үлгілерін көрсете білді. М.В.Ломоносов түпнұсқаның ритмикалық ұйымдастырылуына көп көңіл бөлді. Сол уақытта орыс поэзиясы енді ғана қалыптасып, силлабикалық өлең құруға негізделді. М.В.Ломоносовтың жаңашылдығы оның шығармашылығын толықтырып отырды, ақын поэтикалық жанрлар мен метрикалық жүйелерді қолдануда жаңа нормалар мен дәстүрлерді қалыптастырды.

XIX ғасырдағы Ресейдегі аударма.

Орыс аудармасының алтын ғасыры он тоғызыншы ғасыр болып саналады. Егер алдыңғы жүз жылдықты аударма кәсіби қызметтің бір түріне айналса, ал XIX ғасырда бұл қызмет жоғарғы өнер сатысына көтерілді. Жаңа орыс аударма мектебі ең алдымен, мәдениеттің танымал қайраткерлері тарихшы Н.М.Карамзиннің және ақын В.А.Жуковскийдің арқасында қалыптаса бастады.

XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында Н.М.Карамзин әртүрлі журналдарда көптеген аудармалар жариялады. Ол аудармалардан жазушының стилін жақсарту үшін жақсы кәсіби мектептерді, сондай-ақ ақпараттың бай дереккөзін көре білді. Н.М.Карамзиннің аудармашылық қызығушылық аясының кеңдігі таң қалдырады. Ол грек, француз, латын, неміс, ағылшын, итальян және кейбір шығыс тілдерінен классикалық, сонымен қатар сол кездегі авторлардың еңбектерін аударды.

А.С.Пушкин В.А.Жуковскийді «аударманың данышпаны» деп атады. Ол талантты ақын болды, дегенмен ақынның шығармашылығының басым бөлігін аударма құрады. В.А.Жуковский ағылшын, француз, көне славян, латын және неміс тілдерінен аударды. Оның арқасында орыс оқырмандары Ф.Шиллердің, И.В.Гетенің, Дж.Байронның, В.Скоттың және әлемдік әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармаларымен танысу мүмкіндігіне ие болды. Оның шығармашылық ізденістерінің ауқымы өте кең. Ол Шарль Перро мен ағайынды Гриммнің ертегілерінен бастап, Гомердің «Одиссея» және танымал орыс эпосы «Игорь полкы туралы аңызды» аударды. В.А.Жуковский аталмыш қызметтің тарихында аударманың көрнекті шеберлерінің бірі болды.

Н.М.Карамзин сияқты В.А.Жуковский де еркін аударманы жақтаушылардың бірі болды. Кейде түпнұсқаның мазмұны бойынша, жаңа мәтін парафраз бен еліктеуге айналды. Кейде ол әрекет орнын Ресейге ауыстырып, кейіпкерлерге орыс есімдерін және т.б. беріп отырды. Алайда, оның керемет таланты оған ерекше күш пен шетелдік өлеңнің стилін, ритмі мен интонациясын қайта беруге көмектесті, ал оның үздік аудармалары таңғаларлық дәлдігімен ерекшеленді. Аударманың орыс мектебі көбінесе В.А.Жуковскийдің есімімен тығыз байланысты.

Ресейдегі аударма тарихында орыс ақындары А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтың алатын орны зор. Олардың шығармашылығында салыстырмалы түрде қарағанда аударма аз орын алғанымен, ұлы ақындар Ресейдегі көркем аударма сапасын арттыруға зор үлес қосты. Поэтикалық парафраз бен еліктеуде олар шетелдік поэзияның барынша маңызды ерекшеліктерін бере білді, бірақ ең бастысы олардың туындылары түпнұсқалардан кем түспейтін өнердің керемет туындылары болды. Олардың парафраз аудармалары басқа аудармашылар үшін үлгі болды, жақсы көркем аударма тәржіме тілінде ұлттық әдебиеттің ажырамас бөлігі болу керек деген басты қағидатты ұстанды. Аударманың орыс мектебін дамытуда А.С.Пушкиннің рөлін ерекше атап өткен жөн. А.С.Пушкин әрқашан аудармашылық проблематикаға үлкен қызығушылық тудырып отырды және оның аударма туралы сыни ұсыныстары шынайылығымен, тереңдігімен ерекшеленді. Ол аударма үшін әдеби туындыларды дұрыс таңдаудың қажеттігін атап өтеді, ал түпнұсқаға адал болу мен аудармашының әдеби стилінің көркемдігіне қойған талаптары XIX және XX ғасырлардағы Ресейдің ең үздік аудармашыларына ерекше әсер етті.

Дегенмен, бұл кезеңде аудармашылардың көпшілігі еркін аудармаға ден қойды, олардың кейбірі аударманың түпнұсқаға барынша жақын келуін талап етті. Олардың арасында П.Вяземский, Н.Гнедич, А.Фет сияқты әртүрлі тілдерден аударма жасаған танымал әдебиетшілер де болды. Шындығында, олар жоғарыда аталған ұстанымдарға көп сүйенбеді. Кейде аудармашының таланты мен шығармашылық интуициясы әріпқойлық кедергілерінің алдын алды. П.Вяземскийдің Б.Констан мен А.Мицкевичтің шығармаларының аудармасы әдеби қасиеттерінен айырылмады, ал Н.Гнедичтің еңбектерін,

әсіресе Гомердің «Иллиадасының» аудармасын А.С.Пушкин жоғары бағалады. А.Феттің соңғы формализмі оның аудармаларында сәтсіз болып шықты, дегенмен, оның сәтті орындалған шығармаларын де кездестіруге болады.

Еркін аудармалар демократиялық идеяларды насихаттау үшін қолданылды. В.Курочкин, Д.Минаев, М.Михайлов және кейбір басқа аудармашылар осы мақсатта аударма үшін, тиісті мәтіндерді таңдау немесе аударма мәтініне кішігірім өзгертулерді енгізе отырып жетті.

XX ғасырдағы Ресейдегі аударма.

Ресейдегі 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін аудармашылық қызмет жаңа белеске көтерілді. М.Горькийдің бастамасы бойынша «Бүкіләлемдік әдебиет» баспасы құрылды. Баспа батыс, сондай-ақ шығыс әдебиеттерінің жаңадан жасалған немесе түзетілген аудармаларын басып шығару мақсатын ұстанды. Материалдық және ұйымдастырушылық қиындықтарға қарамастан, баспа алғашқы онжылдықтың ішінде О.де Бальзак, А.Франс, Стендаль, Г.Гейне, Ф.Шиллер, Дж.Байрон, Ч.Диккенс, Б.Шоу, М. Твен және т.б. көптеген көрнекті жазушылар мен ақындардың кітаптарының аудармасын жарыққа шығарды. Сондай-ақ, аудармалардың көп бөлігі 30-шы жылдары және кейінірек те басқа жалпыодақтық, сонымен бірге жергілікті баспалардан шықты. Бұл жұмысқа аударма өнерін жоғары деңгейге көтерген көрнекті ғалымдар мен әдебитешілер қатысты. М.Лозинский, Т.Щепкина-Куперник, С.Маршак, Н.Любимов, Е.Калашников сияқты еңбегі сіңген талантты аудармашылар ретінде танылды.

Аудармашылық қызмет ауқымының кеңеюіне Кеңес Одағының көпұлттылығы да әсер етті. Елде кең ауқымды әдеби туындылармен алмасу жүріп жатты. Орыс оқырмандарының қазақ, грузин, армян, өзбек, әзербайжан және басқа ұлттардың керемет эпостарымен танысуына жол ашылды. Бұл жұмысқа Лев Гинзбург, Борис Пастернак, Николай Тихонов және басқа танымал орыс жазушылары мен ақындары үлес қосты.

XX ғасырдың екінші жартысында бүкіл әлемде, соның ішінде Ресейде аудармашылық қызмет сандық және сапалық жағынан өзгерістерге ие болды. Әлеуметтік, саяси, іскери және ғылыми-техникалық салаларда ақпараттық (көркем емес) аудармаға сұраныс өсе түсті. Аудармашы кәсібі жаппай сипат алды, ал аудармашылық қызметтің өсуі ұйымдастырушылық өзгерістерге байланысты болды. Мемлекеттік мекемелер мен өндірістік ұйымдардың құрамында аударма бөлімдері пайда бола бастады. Аудармашылық қызмет аясының көлемі мен аудармалардың сапасының жоғарылығын ескере отырып, Кеңес Одағын ұлы аудармашылық держава деп есептеуге негіз болды.

Елде кәсіби аудармашыларға деген сұранысты қанағаттандыру мақсатында тиісті оқу орындарының жүйесі құрылды. Шет тілдері институттарынан аудармашылық факультеттер мен бөлімдер ашылып, аудармашыларды университеттер мен техникалық жоғары оқу орындарының

кабырғаларында даярлай бастады. Көркем әдебиет, негізінен Кеңес Одағы халықтарының тілдерінен аударатын тәржімешілерді КСРО Жазушылар одағының жанындағы М.Горький атындағы Әдебиет институтында даярлады. Кеңес аудармашыларының көпқырлы қызметі көпшіліктің қолдауына ие болды. Көптеген журналдар жиі-жиі әртүрлі тілдерден аударылған тәржімелерді, сонымен қатар аудармашылардың еңбектеріндегі жетістіктер мен кемшіліктер талданған сыни мақалаларды жариялап отырды.

Кеңес Одағы тарағаннан кейін аудармашылық қызметтің сипаты мен нарықтағы жағдайы күрт өзгерді. Бір жағынан, аудармамен айналысқан мемлекеттік баспалардың қаржыландырылуын тоқтатылды, өнімнің шығарылымы күрт азайды немесе жұмысын мүлде тоқтатты. Екінші жағынан, цензура жойылды. Бұрын идеологиялық немесе моральдық жағдайларға байланысты тыйым салынған шығармалар аударыла бастады. Көптеген жеке баспалар пайда болды, кітап бағасы өсті, жалпы алғанда, аудармалардың сапасы төмендеді. Кітап дүкендерінің сөрелерінде «жеңіл» оқуға арналған (детективтік, эротикалық және т.б.) аударма кітаптар көбейді.

Жаңа жағдай аудармашыларға әртүрлі әсер етті. Аудармалардың көп бөлігі ағылшын тілінен жасалды және ақысы жақсы төленді. Дегенмен, ағылшын тілінен аударатын тәржімешілерге деген сұраныс көптеген білікті емес мамандардың аудармамен айналысуына түрткі болып, нашар аудармашылардың пайда болуына алып келді. Баспадағылар бәсекелестерінен басып озу үшін тез арада жаңа орындалып біткен аудармаларды жариялауға асықты, олар керемет аудармашылық туындылар жасауға талпынбады.

Жоғарыда аталған қиындықтарға қарамастан, Ресейдегі аудармашылық қызмет XX ғасырдың аяғында өзінің ауқымы мен әлеуметтік маңыздылығын сақтап қалды. Оқу орындарында аудармашыларды даярлау жалғасын табуда, аудармашылардың кәсіби одақтары құрылып, аудармашылық еңбекті ретке келтіретін заң актілері жасалуда. Аударма туралы ғылымды құруға үлкен үлес қосқан Ресей ғалымдары (А.В.Федоров, В.Н.Комиссаров, С.В.Тюленев, А.Д.Швейцер, В.Г.Гак, Я.И.Рецкер, И.Н.Ревзин, В.Ю.Розенцвейг, Л.К.Латышев, Р.К.Миньяр-Белоручев, Г.В.Чернов, Г.Гачечиладзе, Л.Л.Нелюбин және басқалары) адамзат қызметінің аталмыш аясын зерттеуді жалғастырып келеді.

§ 41. Аударматанудың қазақстандағы дамуы: теориясы және практикасы

41.1 Аударма дамуындағы шығыс әдебиетінің ықпалы

Аударма тарихының тамыры алыста жатыр. Дүние жүзінің атақты ғалымдары да бұған ерекше көңіл бөлді. Мысалы, аты әлемге аян ғалым философ, Екінші Ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби (873-950) бірнеше шығыс тілдерін білді, соның ішінде араб тілін өзінің ана тілінің деңгейінде меңгерді. Грек философтарын зерттеу үшін грек тілін үйренді. Осылармен қатар ол парсы тілінде де өлең жазды.

Әбу Али ибн Сина да (980-1037) ғылыми еңбектерін араб тілінде жазып жүріп, парсы тілінде өлеңдер шығарды.

Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048) өз еңбектерін, көбінесе, араб тілінде жазды. Басқа тілдерден араб тіліне аударумен ғана тынбады, арабтан парсыға, тіпті санскрит тіліне де аударды.

Көне грек-рим дүниесінде болған ұлы ғалымдардың, Үнді нақылдарының бәрі де Батыс елдеріне араб аудармасы арқылы тараған.

Үстіміздегі дәуірдің III ғасырында «Панчатантра» («Бес бәйіт») атты кітап үнді тілінде жазылады. Авторы – аты-жөні белгісіз Кашмир өлкесіндегі бір брахман еді. Оны VI ғасырда дәрігер Барзуя иран тіліне аударды. VIII ғасырда «Кәлілә мен Димна» деген ат қойып, әлгі «Панчатантраны» әл-Мукафұлы Абдулла араб тіліне аударып береді. Қазіргі күнде тұңғыш жазылған түпнұсқа «Панчатантра» да, Барзуяның аудармасы да ұшты-күйлі жоғалып кетіпті, жалғыз-ақ араб тіліндегі әл-Мукафұлы Абдулла аудармасы «Кәлілә мен Димна» ғана түпнұсқа болып қалды. Шығыс пен Батыс Еуропаға осы «Кәлілә мен Димна» кең тарады. Француз тіліне оны 1816 жылы атақты арабтанушы Сильвестр де Саси аударған. «Кәлілә мен Димнаның» тікелей араб тілінен қазақ тіліне аударылған бірнеше нұсқасы бар (Сәкен Ғырмановтікі, Ғұбайдулла Ахметовтікі). 1915 жылы ақын Шады төре «Балғұмбағыр» аты қиссасында «Бес бәйіттен» қазақша үзінді берген. Аталған шығарма орыс тіліне де бірнеше рет аударылған, мысалы, 1923 ж. И.П.Кузьмин мен Н.Ю.Крачковский аударған.

Қазақ халқының ел аузында жүрген «Мың бір түн» араб ертегісі, «Рустем-Дастан» («Шахнаме») поэмасы, «Ескендір – Зұлқарнайын», «Ләйлі – Мәжнүн», «Зарқұм», «Дариға қыз», «Мұхаммедия» поэмалары да ертеден белгілі.

«Шахнаменің» парсы тіліндегі тәржімелері барлық мұсылман тілдерінде бар. Фирдоусиден кейін «Шахнаме» тәрзімді Иран да, Түркия да, Әзербайжан да, Орта Азия мемлекеттері де кітаптар шығарған. Түріктің ақыны Шухиддин «Шахнаменің» төрт мың бәйітін өлеңмен аударды, ал 1611 жылы тағы түгел қара сөзбен жазып шықты. Әзербайжанда бірінші болып қара сөзбен 1848 ж. профессор Қазем-бек аударды.

«Шахнаменің» алғашқы аудармасы орыс тілінде XIX ғасырдың бірінші жартысында шықты, мұны Гудна француз тілінен аударды. 1844-1847 жылдары В.А.Жуковский «Шахнаменің» бір бөлімін неміс ақыны Ф.Рюккерттен орыс тіліне еркін түрде аударды.

Қазақ тіліне тікелей парсы тілінен «Шахнамені» Молда Ораз 1883 ж. аударған. 1888 ж. Сердалы ақынның «Шахнамеден» алып жазған «Қисса Рустем-дастан» дейтін кітабы Қазанда басылған. 1914 ж. М.Сералин қазақ тіліне В.А.Жуковскийден тәржімелеген.

Абай ең әуелі араб-парсы мәдениеттен нәр алған. Ол Сағди, Сайхали, Шамси, Навои, Қожа Хафиздердің шығармаларын терең оқыған. Шығыс әдебиетінен аудармалары туралы айтсақ, Абайдың «Масғұт» (1882-1903), «Ескендір» (1900-1902), «Әзім әңгімесі» («Мың бір түн» ертегісінен) шығармаларын айту қажет [Абай: 1995, т.2]. Абайдың «Ескендір» поэмасы, ғалымдардың пікірінше, Низамидің «Ескендір» поэмасының негізінде жазылған назира аударма. Соңғы жылдардағы зерттеулердің нәтижесінде ғалымдар (мыс., С.Қасқабасов, З.Ахметов) бұл поэманың сюжеті көне дәуір ескерткіші «Талмудта» бар екенін анықтап, Абай оны В.А.Жуковскийдің «Две повести» деген өлеңі арқылы пайдаланғанын дәлелдеп шықты.

«Масғұт» поэмасының алғашқы бөлігі И.С.Тургеневтің «Восточная легенда» атты әңгімесімен үндес. Дегенмен, Абай орыс жазушысының әңгімесін сол қалпында ала салмаған, оған өзгеріс енгізген, нақты есімдермен толықтырған.

«Әзім әңгімесінің» желісі «Мың бір түннен» алынған («Хасан зергер туралы әңгіме»). Бірақ Абай өз шығармасын сәл басқаша құрған, кіріспені кеңейтіп, бас кейіпкердің жас кезінен молырақ мәлімет берген.

Әдетте қазақ халқының тарихында тәржіме ісін зерделегенде, ғалымдар қазақшаға аударудың алғашқы жазба үлгісінің жасалуын ағартушы Ы.Алтынсариннің 1879 жылы жарияланған «Қазақ хрестоматиясы» кітабымен байланыстырады. Ұлы ағартушы қазақ тілінде жазылған оқу құралына орыстың классикалық әдебиеті өкілдерінің шағын туындыларын тәржімалап енгізді: бұл істі жазба түрде жүзеге асырып, өзге халықтың әдеби нұсқаларын білім беру әдістемесіне батыл араластырғандағы қазақтың тұңғыш ғалым-педагогінің көздегені ағартушылық міндеттің үдесінен шығу болатын.

Ы.Алтынсариннің аударғандары негізінен алғанда Л.Н.Толстойдың, И.А.Крыловтың, К.Д.Ушинскийдің шығармалары болып табылады. Бұлардан ағартушылық идеясына сай келетін, орыс тілін жаңадан үйрене бастаған, ғылымның алғашқы сатысына енді ғана аяқ басқалы отырған қазақ балаларының оқуына лайықты келетін шығармаларды іріктеп алды.

Ы.Алтынсарин аударылатын шығармаларды, ең алдымен, өзінің педагогтік-тәрбиешілік көзқарасының тұрғысынан іріктеген. Ол өз заманындағы мәдени дәрежесі әлі төмен, дүниетану өрісі әлі тар қазақ оқушыларының жағдайын ескере отырып, солардың игеріп кетуіне лайықты нәрселерді теріп алды. Мыс., И.А.Крыловтың мысалдары: «Ворона и лисица» – «Қарға мен түлкі», «Пустынник и медведь» – «Аю мен жапан түзді мекендеген жалғыз адамның мәселесі», т.б.

Аударма ісінің халықтық-элеуметтік өркендеуіне қаншалықты мәнді-маңызды ықпалы болғанын дәлелдеу үшін, жазба тәржімені арғы кезеңдерде ұштастыратын көзқарастар да жоқ емес.

М.Қашғаридің «Диуани лұғат ит-түрік» сөздігі (ХІ ғас.) «қазақ аудармасының бастауы» деп есептелінуі немесе шығыс ақындары шығармаларының сюжеті мен мазмұнын көп өзгертпей, қайтадан қазақша жырлануының *назира аударма* деп аталуы [Тұрарбеков: 1977,б.28] – аударманың халық тарихында, әдебиет пен білім-ғылымның іргетасының қалауында елеулі рөлі бар екенін аңғартуға ұмтылыстың белгісі.

41.2. Қазақстандағы аударманың қалыптасуы тарихынан

«Тарихи дәлдікті, логикалық ақиқатты тарихи шындыққа сай етіп дәлелдеуді қажет ететін ғылымдық қағидаттың шеңберінен тыс қарағанның өзінде де қазақ ұлты үшін «аударма, тәржіме» деген ұғымдар жат, бөгде емес. Аударма сөзі аталғанда, қазақ қауымы ең әуелі ұлы Абайдың тәржімелерін еске түсіреді, «Татьянаның хатының» жылы әуен-ырғағын сезінеді», - деп жазады А.М.Алдашева [Алдашева: 1998, б.11-12].

Зерттеуші-ғалым Б.Әбілқасымов ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми-көпшілік әдебиеттің басым көпшілігі орыс тілінен аударылған аударма материалдар болғанын жазады, «олар бізге сол дәуірдегі қазақ әдеби тілінің жай-күйін танытуда, ғылыми түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің (сөз байлығының, сөз оралымдарының) қаншалықты болғанын байқауда аса қажетті материал», - деп көрсетеді [Әбілқасымов: 1982, б. 65]. Мәселен, «Дала уалаяты газеті» мен «Түркістан уалаяты газетінде», «Айқап» журналында жарияланған ғылыми-көпшілік мазмұндағы тәржіме материалдардың, Молданияз Бекімов, Спандияр Көбеев, Мәжіт Даулетбаев, Мұхаметжан Сералин, Жүсіпбек Аумауытов, Мағжан Жұмабаев жасаған аудармалардың тәржімелік қорды марқайтып, сүбелі саланың алғашқы сүрлеу ізін салғанын атап өткен орынды.

Ғалым Ө.Айтбайұлы «Қазақ сөзі» кітабында былай жазады :

«...Ы.Алтынсариннің «Шариғат ул-ислам» (Ислам шариғаттары) деген кітабы да аударма еңбек есепті. ХІХ ғасырдың соңғы жылдарында «Библияның» әр жері қазақ тілінде жеке кітап болып Православиенің миссионерлік қоғамы тарапынан бастырылып шығарылды. Бұдан кейін «Інжіл» (Евангелие) де қазақ тіліне аударылып кітап болып шықты. ...

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында аударма ісі, әсіресе орыс жазушыларының шығармаларын қазақ оқырмандарына қазақ тілінде жеткізу ісі кең өріс ала бастайды. 1903 жылы Қазанда Молданияз Бекімов аударған А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» қазақ тілінде басылып шықты. «Капитан қызының» тұңғыш аудармасы барынша еркін жасалған. Мұны аударма деуден гөрі шығарманың желісін қуалай отырып, жалпы мазмұнын баяндап шығу десе де болар еді. ... Бұл аударманың тілінде орыс тілінің әсері айқын сезіліп тұрады. Орынсыз көп қолданылған *учитель, крепость, простой, господин* сияқты орыс сөздерін былай қойғанда, аудармадағы сөйлем құрылысында да орыс тілінің ықпалы көптеп кездеседі. Ол ықпал,

әсіресе, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінен байқалады, яғни түпнұсқада сөйлемдегі сөздер қалай орналасса, аударғанда да ол сөздердің орналасу тәртібін сақтап отырған. Соның салдарынан қажетсіз инверсиялар қазақ тілі синтаксисіне тән емес сөйлемдер пайда болған.

Әсіресе бұл кезде шығып тұрған газет-журналда көркем аудармаға үлкен мән беріп отырғанын байқаймыз. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде И.А.Крыловтың, Л.Н.Толстойдың, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, А.П.Чеховтың, А.Сорокиннің, И.С.Никитиннің, А.Кольцовтың, т.б. белгілі ақын-жазушылардың жеке шығармалары қазақ тіліне аударылып, басылып отырған. Олардың кейбірінің тілі туралы сол кезде мақала, рецензиялар да басылып жүрді. Бұл аудармаларда қажетсіз инверсиялардың, қазақ тілі синтаксисіне тән емес сөйлем құрылыстарының өте аз екенін, тіпті кейбір аудармаларда мүлдем кездеспейтінін байқаймыз.

Орыс ақын-жазушылардың көлемі шағын жеке шығармалары бұл кезде шыққан хрестоматия, қираат кітаптарына да еніп отырған. Спандияр Көбеевтің «Үлгілі тәржіма», Бекет Өтетілеуовтың «Дүние ісі ақыретке кетпес» сияқты кітаптары – осындай жинақтар.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында, әсіресе, XX ғасырдың бас кезінде ғылымның медицина, биология салаларынан қазақ тілінде жеке кітапшалар жарық көре бастайды ... Қазақ ішінде медицина, биологиядан арнаулы мамандар жоқтың қасы болғандықтан, халық қамын ойлаған оқығандар орыс тіліндегі арнаулы әдебиеттерді қазақ тіліне аударып, бастырып, таратып отырды. Сондай әдебиеттердің бірқатары мыналар: ... «Адамның чумасы турасында». Қазақ тілінде. Орысшадан перевод етуші Садық Бисалиев, Орынбор, 1911; ... «Іштен қан өткізетін ауру». Орысшадан қазақ тіліне аударған Қосуақов пен Бөкенов. Орынбор, 1903. Бұл еңбектердің көбі Орынбор қырғыз (қазақ) мектебінің оқытушылары П.А.Катанов пен П.Н.Крыловтың редакциялық басқаруымен орыс тілінен қазақ тіліне аударылып отырдың. [Айтбайұлы: 2007,128-129].

41.3. Қазақстандағы аударма ғылымы және оның зерттелуі

Тілші-ғалымдар Ә.Сатыбалдиевтың [Сатыбалдиев: 1965], Ә.Айтбайұлының [Айтбайұлы: 1997] мәліметтері бойынша, ғылыми әдебиетте көркем аударма жайында алғаш пікір айтқан С.Сейфуллин. 1914 жылы «Айқап» журналында Верный шаһарында уездный начальник болып істеген И.Лиханов дегеннің қазақ өмірінен жазған «Манап» драмасы жарияланады. С.Сейфуллин, ең алдымен, бұл драманың жалпы негізіне қарсы болады да, ол пікірін дәлелдей келіп, аударманың сапасына да (қазақшаға аудармасын жасаған Мұхаметғали Есенкелдин) көңіл бөліп өтеді: «...оны қазақшаға аударғанда сөзбе-сөз аударған. Соның үшін сөздерінің тәртібі нағыз қазақша болып шықпаған», - деп қорытады.

Одан бергі жерде Е.Алдоңғаровтың (1926), Б.Кенжебаевтың (1925) мақалаларын атауға болады. Б.Кенжебаев Абайдың аудармашылығы жайында әңгімелесе, Е.Алдоңғаров А.С.Пушкиннің «Сараң сері» («Скупой рыцарь»), «Тас мейман» («Каменный гость») поэмаларының қазақшасы жайында сөз қозғайды.

Алайда, отызыншы жылдардың орта шеніне дейін көркем аударма туралы айтылған пікірлер белгілі бір шеңбер шегінен шыға алмады, көбі жай тілек тұрғысынан аспады.

А.М.Алдашева көрсеткендей, «өзге тілден қазақ тіліне аудару ісінің тіл байыту қызметі мен ағартушылық қызметі 1920-30 жылдар мерзімінде қазақшалаған қоғамдық-саяси, көркем әдебиеттің үлесіне тиді. Белгілі ғалым, ақын, көсемсөзші А.Байтұрсынұлы ағартушылық істі барынша жедел өркендетуге үлес қосты. А.Байтұрсынұлы өзге тілден тәржімалап ұсынған терминдер (олардың жалпы саны шамамен 1500 [мыс., тіл білімінде: *зат есім, сын есім, етістік; бастауыш, баяндауыш, қаратпа сөз, леп белгісі; жалғау, жұрнақ түбірлі сөз, туынды сөз*, т.б. – А.Ж.] термин ретіндегі ұғымдық көлемді қамтуы жағынан да, төл, ұлттық тілдің табиғи заңдылықтарына орайласуы жағынан да сапалы, ұтымды болып шығып, ғылым тілінің, әсіресе тіл-әдебиет пен бейнелеу өнері аталымдарының негізгі қорын жасады» [Алдашева: 1998, б.13].

1930 жылдардың екінші жартысында А.С.Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуына орай (1937), қазақ ақындары орыстың ұлы ақынның шығармаларын қазақ тіліне аударумен шұғылданады. Бұл шаруаның басы-қасында әйгілі ақын І.Жансүгіров тұрды.

1936 жылы М.Әуезовтің А.С.Пушкинді қазақша аудару тәжірибелері туралы мақаласы жарық көрді. Бұл кезең талабына лайықты жазылған еңбек деп тануға болады. Абай тәжірибесі, Абай үлгісі, Абай шеберлігі аудармашылар ұстанар қағида, бағыт берер темірқазық есебінде әңгімеленеді. Мақалада І.Жансүгіров, Т.Жароқов, Ғ.Орманов аудармаларына жоғары баға беріледі.

Аударма мәселесінің шындап қолға алына бастағаны, алғашқы тәжірибелер қорытылып, кем-кетіктер жөнге түсіп, көркем аударма өнер екенін мойындатқан тұс – 1950-60 жылдары. Бұл кезең, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, ресми мазмұндағы әдебиеттің, оқу-ағарту әдебиетінің жаппай тәржімелене бастаған кезі. Нақ осы кезден бастап орыс тілінен қазақ тіліне аударудың тәсілдері мен жолдары, тәржімелеудің тілдік-стильдік принциптері, аударманың нормасы тәрізді маңызды факторлардың ерекшеліктері қалыптаса, әрі біртұтас, бірізді жүйеде анық көріне бастады. Мәселенің теориялық тұрғыдан қойылысы классик-жазушы, тәржіме тәжірибесінде өз алдына бір төбе М.Әуезовтің есімімен байланысты.

Аударманың практикалық тәжірибесін тілтану аспектісінен дербес қарастыруға түрткі болған М.О.Әуезовтің 1957 ж. жарияланған «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» деп аталатын мақаласындағы бағдарламалық пікір-тұжырымдар. Жазушы аталған еңбегінде тәржіметану

саласындағы нақты міндеттерді шешу үшін аудармада дәстүр, ұлттық форма қалай беріледі; аудармашы қолданған құрал-тәсілдер қандай (интонация, ырғақ, синонимдер, идиомалар, мақал-мәтелдер, афоризмдер) дегендерді жүйелі түрде талдау қажет деп есептейді [Әуезов: 1957].

1950-жылдары С.Нұрышевтың еңбектері жарық көрді [Нұрышев: 1951, 1954]. Сондай-ақ, осы жылдары жұртшылық қолына тиген З.Ахметовтің «Лермонтов және Абай», С.Қирабаевтың Спандияр Көбеев жөнінде, Ә.Дербісалиннің Ы.Алтынсарин жөніндегі еңбектерінде де аударма жайы сөз болады.

50-жылдары Қазақстанда аударма теориядан тұңғыш диссертациялар қорғалады (З.Ахметов, К.Шәріпов, Қ.Қанафиева). 1958 жылы аудармашылардың Алматыда болып өткен кеңесі тек республика жұртшылығы үшін ғана емес, бүкіл түркі тілдес туыс халықтардың мәдени өмірінде елеулі оқиға саналады. Мұнда Орта Азия, Қазақстан және Әзербайжан ғалымдары бас қосып, орыс тілінен осы аталған елдер тіліне аударудың сан түрлі проблемаларын сарапқа салды. Мәжілісте жасалған баяндамалардың мазмұнына қарағанда аударма әдебиет баспа орындарының ең мәнді күрделі саласының біріне айналғанын көруге болады (атап айтқанда, М.Жанғалиннің «Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың негізгі принциптер туралы», М.Қаратаевтың «Тынық Донның» қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері», А.Садықовтың «Оқу құралдарын түсінікті аударудың кейбір жолдары», т.б. [Материалы регионального совещания...: 1960]. Марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының аудармаларын мұқият зерттеп, келелі ой-пікірлерін дамытып, үлгі-өнеге көрсеткен мамандар – М.Жанғалин, Қ.Сағындықов, Қ.Шәріпов, І.Жарылғапов, С.Бәйішев, Х.Хасенов т.б.

60 жылдары аударманы ғылыми-зерттеу жұмыстарының объектісіне түбегейлі айналдыруда С.Талжанов [Талжанов: 1962] пен Ә.Сатыбалдиевтың [Сатыбалдиев: 1965] еңбектерінің мәні зор болды. С.Талжанов Н.В.Гоголь шығармаларының, ал Ә.Сатыбалдиев – Л.Н.Толстой шығармаларының қазақша аудармасын тексере келе, қазақ аударма теориясының негізін жасауға өз үлестерін қосты.

60 жылдары аударма мәселелеріне арналған басқа да еңбектер жарық көрді Қ.Нұрмаханов [Нұрмаханов: 1962]; З.Тұрарбеков [Тұрарбеков: 1962]; Т.Әбдірахманов [Әбдірахманов: 1969].

Ғалымдардың барлығы да айтатын ортақ пікірлерді жинақтар болсақ, онда негізгі бағыттар: а) аударманың шығармашылықтың және сөз өнерінің бір түрі екендігіне; ә) аударудың үш түрлі тәсілі қалыптасқандығына (калька, еркін аудару және адекватты аудару жолдары); б) аудармада түпнұсқаның тілдік-стильдік еркшеліктерін сақтай отырып, қазақ тіліне тән нормадан шықпау қажет екендігіне; в) көркем аудармаларда кездесетін кемшіліктердің себептерін анықтауға барып саяды.

Келесі онжылдықтың, яғни 70-жылдардың да көркем аударма ғылымын өркендете түсуге қосып отырған үлесі аз емес. Бірнеше

монографиялық зерттеулер мен кітапшалар, ғылыми мақалалар баспадан шықты [Хайруллин: 1976]; [Талжанов: 1975].

Сонымен бірге аударманың екінші жағы, яғни қазақ тілінен орыс тіліне (проза, поэзия, драма) аудару мәселесімен айналысатын білікті мамандар молая бастайды (З.Жантекеева, С.Құспанов, Х.Садықов, Е.Н.Ландау), сондай-ақ, шет тілін игерген, сөйтіп қазақ көркем әдебиетінің шет тілдеріне аударылу сапасын зерттеу объектісіне айналдырған (К.Дүйсетаева, А.Ермағамбетова, М.Құрманов, Ю.Сушков, Б.Репин) тәрізді мамандарың ізденістерін де атауға болады.

Қазақ ғылымында сөйтіп, аударма мәселесіне әдебиеттану аспектісінде көбірек мән берілгенін көруге болады. Оның өзінде де мәселенің қарастырылуы жекеден жалпыға қарай принципінде өрбіп отырды, басқаша айтқанда, ғалымдар көркем әдебиеттің жеке бір нұсқасын – бір автордың бір немесе бірнеше шығармасының негізінде әдеби таладау жасап, осы арқылы ортақ заңдылықтарды анықтауға әрекет жасайды.

Тәржіме тәжірибесі тіл ғылымы аясында қарастырылған еңбектердің бірі - Ө.Айтбайұлының «Аудармадағы фразеология құбылысы» деп аталатын зерттеуі [Айтбайұлы: 1975], «Терминжасамдағы аударманың орны // Қазақ сөзі» [Айтбайұлы: 1997].

1990-жылдарда жарық көрген еңбектерден А.М.Алдашеваның «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» [Алдашева:1998] монографиясына, сондай-ақ көркем аудармадағы көстілділік мәселеге арналған Б.Хасановтың [Хасанов: 1990] еңбегіне назар аудартуға тиіспіз.

А.М.Алдашеваның монографиясы 4 тараудан тұрады: 1) аударма және қазақтың ұлттық мәдениеті, 2) қазақ әдеби ілімінің лексикалық-грамматикалық жүйесінің дамуындағы аударма әдебиеттің рөлі, 3) аударманың лингвомәдени аспектісі: аудармадағы ұлттық түр, 4) аудармадағы сөз таңдау.

1 тарауда тәржіменің қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-танымдық қызметі анықталып, көркем аударманың ерекшеліктеріне назар аударылады. Автор қазақ ғылыми әдебиетте қалыптасқан дәстүріне сүйіне отырып, аударма тәсілдерін үшке бөледі: сөзбе-сөз, еркін және балама (адекватты) аударма.

2 тарауда қазақ тілінің синонимдік жүйеге, семантикалық процеске, сөзжасам түрлерінің қызметіне арнаулы ақпаратты әдебиет аудармасының әсері қарастырылады. Синонимдік қатардағы баламаларды бір-бірінен ажырату үшін семалық талдау әдісі қолданылады, яғни тәржіметанудың семасиология саласымен тығыз байланысы нақты мысалдармен дәлелденеді.

3 тарауда аударматану мен лингвомәдениеттану ғылымдардың арақатысы туралы баяндалады. Қазақ және орыс тілдердің әртүрлі бірліктерді, атап айтқанда, теңеулер, фразеологизмдер, жалқы есімдердің ,т.б. лингвомәдени ерекшеліктері ашылып, олардың аудармадағы сақталғаны не тәржімелеуге келмейтіндігін көрсетіледі.

4 тарауда аудармадағы сөз таңдаудың себептері анықталып, оның негізгі екі түрі арнайы қарастырылады: 1) сөз мағынасының нақтылау, 2) сөз

мағынасының дамыту (ұлғайту). Сондай-ақ, көркем аудармалардың негізінде (орыс тілінен қазақ тіліне) баламасыз лексика мен аудармадағы жалған баламалар талданылады.

Аталмыш монографияның жарыққа шығуының теориялық маңызы ғана емес, сонымен қатар практика жүзінде де, ең алдымен, дидактикалық тұрғыда зор мәнге ие болғанын атап өткен дұрыс. Көп жылдар бойы ол қазақ аудармашылары үшін жалғыз көмекші құрал болып келді.

Аударманың жалпы және дербес теориясы, аудармашының лингвоэтикалық құзыреті, баламалылық, баламасыз лексика, аудармадағы жалған баламалар және т.б. көптеген аударма терминдер ғылыми айналымға бірінше рет енгізілді.

Осы оқу құралының автор ғалым А.Алдашева ұсынған терминологияны көбінесе пайдаланады.

2000-жылдарда шыққан ғылыми әдебиеттердің көбі көркем аударма мәселелеріне арналған: Г.Қ.Қазыбектің [Қазыбек: 2005], Ә.Тарақовтың [Тарақов: 2005], т.б. еңбектері.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1) Ағылшын ғалымдарының еңбектерінде аударма теориясының қандай өзекті мәселелері көтеріледі?

2) Франция мен Канададағы аударматанудың негізгі қандай аспектілері бар?

3) АҚШ-тағы аударматанудың негізгі ғылыми мектептерін сипаттаңыз.

4) Шығыс және Батыс Германияда аударма теориясы қалай дамыды?

5) Еуропа мен Скандинавия елдеріндегі аудармашылардың ғылыми еңбектеріндегі негізгі бағыттарды сипаттаңыз.

6) Ресейдегі аудармашылық қызметтің негізгі кезеңдерін атаңыз.

7) А.В.Федоровтың, В.Н.Комиссаровтың, Р.К.Миньяр-Белоручевтің және т.б. аудармашылық тұжырымдарының мәні неде?

8) Қазақстандағы аударма практикасының негізгі кезеңдерін сипаттаңыз.

9) Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде аударма теориясының қандай негізгі бағыттары көрініс тапқан?

Тест тапсырмалары

1. Тілдік делдалдық ұғымын енгізген аудармашы:

А) В.Г.Гак

В) Ж.Мунен

С) О.Каде

Д) А.Швейцер

Е) Ю.Найда

2. Тілдік делдалдықтың негізгі түрі:

- A) қарым-қатынас
- B) диалог
- C) сөз
- D) аударма
- E) тіл

3. Аударма барысында прагматикалық қатынастарды бөліп, ажыратқан ғалым-аудармашы:

- A) И.Левый
- B) А.Нойберт
- C) В.Н.Комиссаров
- D) А.В.Федоров
- E) Л.К.Латышев

4. Аударма үдерісі қандай кезеңдерден тұрады?

- A) анализ, транспозиция, реконструкция
- B) анализ, синтез
- C) басы, ортасы, аяғы
- D) жеңіл, орташа, күрделі
- E) анализ, транспозиция

5. Кеңес одағының әйгілі аудармашысы С.Я.Маршак қандай шет ел өкілдерінің шығармаларын орыс тіліне аударған?

- A) В.М.Топер, Лопе де Вега, С.Сервантес
- B) У.Шекспирдің, Г.Гейне, Дж.Родари
- C) У.Шекспирдің, Лопе де Вега, С.Сервантес
- D) Г.Гейне, Лопе де Вега, С.Сервантес
- E) В.М.Топер, Дж.Родари, Г.Гейне

6. «Көркем аударма теориясын кең мағынадағы филологиялық пән ретінде қалыптастыруды» талап еткен кім?

- A) А.В.Федоров
- B) В.Н.Комиссаров
- C) И.А.Кашкин
- D) К.Маркс
- E) Ф.Энгельс

7. «Қазақ тіліндегі алғашқы көркем аудармалар қай кезде пайда болды?

- A) XX ғ. 30 жж.
- B) XVII-XVIII ғғ.
- C) XVI ғ.
- D) XIX-XX ғғ.
- E) XIX ғ.басында

8. М.Дәулетбаев Н.В.Гогольдің қай шығармасын қазақ тіліне аударған?

- A) «Ревизор»
- B) «Үйлену»
- C) «Өлі жандар»
- D) «Вий»
- E) «Шинель»

9. Қ.Тайшықов Н.В.Гогольдің қандай поэмасын аударған?

- A) «Уәзір Абдул»
- B) «Ильяс»
- C) «Өлі жандар»
- D) «Ревизор»
- E) «Шинель»

10. А.Бижақсин Л.Н.Толстойдың қай әңгімесін қазақ тіліне аударған?

- A) «Ильяс»
- B) «Ревизор»
- C) «Жамандыққа жақсылық»
- D) «Хан уәзірі»
- E) «Анна Каренина»

11. А.П.Чеховтің «Грач» әңгімесін қазақ тіліне аударып, «Айқап» журналында жариялаған кім?

- A) А.Бижақсин
- B) М.Сералин
- C) С.Жақыпов
- D) Х.Мұхаметжанов
- E) У.Ғұмаров

12. Ы.Алтынсарин өзінің «Қазақ хрестоматиясында» қай орыс жазушыларының шығармаларын аударып қолданған?

- A) И.А.Крылов, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстойлардың
- B) А.С.Пушкиннің, В.А.Жуковскийдің
- C) М.Ю.Лермонтовтың, А.П.Чеховтың
- D) А.К.Толстойдың, А.И.Герценнің
- E) Н.В.Гогольдің, А.Н.Островскийдің

13. Ешмұхамет Букиннің 1883 жылы Ташкент қаласында жарық көрген кітабының аты?

- A) «Русско-казахский и казахско-русский словарь»
- B) «Русско-оренбургский, киргизский словарь»
- C) «Русско-киргизский и киргизско-русский словарь»
- D) «Қазақ хрестоматиясы»
- E) «Казахско-киргизский и казахско-русский словарь»

14. Қазақстанда алғаш рет жарық көрген аударма терминдерінің қысқаша орысша-қазақша түсіндірме сөздігінің авторлары:

- A) А.М.Алдашева, Э.Д.Сүлейменова
- B) А.Қ.Жұмабекова, Г.А.Жұмашева
- C) А.Ислам, К.Хусаин
- D) Ө.Айтбаев, Ә.Тарақов
- E) Б.Исмағұлова, Г.Ережепова

15. М.Әуезовтің көркем аударма саласында қазақ және орыс тілдерінде жариялаған мақаласын атаңыз:

- A) «Әдебиет және аударма мәселелері»
- B) «Аударманың түрлі әдіс-тәсілдері туралы»
- C) «Аударма және релеванттілік»
- D) «Транслация және тәржіма лингвистикасы»
- E) «Көркем аударманың кейбір мәселелері»

16. Ә. Сатыбалдиевтің пікірінше, орыс классиктерін қазақ тіліне алғаш аударған кім?

- A) Ы.Алтынсарин
- B) А.Байтұрсынов
- C) М.Жұмабаев
- D) А.Кұнанбаев
- E) Ғ.Қарашев

17. Р.Хайруллин, Ә.Сатыбалдиев, С.Талжанов Қазақстандағы аударманың қай теориясының қалыптасуына үлес қосты?

- A) ғылыми аударма
- B) ресми аударма
- C) көркем аударма
- D) діни аударма
- E) ауызекі аударма

18. XX ғ. Қазақстан аударматанушыларының зерттеулері қандай аудармаға арналды?

- A) техникалық
- B) көркем
- C) медициналық
- D) заңнамалық
- E) ақпараттық

19. С.Сейфуллин алғаш рет аударма кемшіліктері туралы 1914 жылы қай журналда жазған?

- A) «Айқап»
- B) «Дала уялаяты»
- C) «Қазақ»
- D) «Жұлдыз»
- E) «Парасат»

20. С.Көбеевтің аударма туралы кітабы:

- A) «Қырғыз хрестоматиясы»
- B) «Үлгілі тәржіма»
- C) «Аударматануды аңдату»
- D) «Аударма өнері»
- E) «Аударма теориясы»

21. Ә.Сатыбалдиевтің аударма туралы еңбегі:

- A) «Көркем аударма туралы»
- B) «Үлгілі тәржіма»
- C) «Аударма теориясы»
- D) «Аударма өнері»
- E) «Аударматануды аңдату»

22. Ә.Сатыбалдиевтің аударма туралы «Рухани қазына» монографиясы қай жылы жарық көрді?

- A) 1965
- B) 1982
- C) 1975
- D) 1963
- E) 1972

Өздік жұмыстардың тапсырмалары

1. Г.Қ.Қазыбектің «Көркем аударма тәжірибесі» (Алматы, 2005) кітабы бойынша тапсырмалар:

- Х.Абдуллин, М.Әлімбаев, Х.Өзденбаев, Қ.Тоғұзақов, І.Жансүгіров, Ж.Аймауытов, Т.Жароқов, Ә.Сүлейменов, Ғ.Қайырбеков, Ғ.Оспановтардың аудармашылық қызметтері туралы баяндама жасаңыз;
- Джек Лондон, Агата Кристи шығармаларының аударылу тарихына назар аударыңыз;
- У.Шекспир трагедияларының қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері неде?

2. Ә. Сатыбалдиевтің «Рухани қазына. Көркем аударма мәселелері (Алматы, 1965) еңбегі бойынша тапсырмалар:

Орыс және кеңес класикалық әдебиетінің қазақ тіліне аударылу кестесін құрыңыз (авторды, түпнұсқа аты мен аударма авторын, аударылған шығарманың шығу жылын атаңыз)

3. «Қазақстандағы аударма теориясы мен практикасы. Библиографиялық көрсеткіш (2000-2010 жж.). Құраст.: Жұмабекова А.Қ., Мақұлжанова А., Атабаева Ж.» (Алматы, 2010) кітапшаны пайдалана отырып, өзіңіздің зерттеу тақырыбыңыз бойынша (курстық, дипломдық жұмыс, магистрлік диссертация) жаңа әдебеттер тізімін жазыңыз.

Глоссарий

Абзацты-фразалы аударма (ағ. *phrase-by-phrase interpretation*, орыс. *абзацно-фразовый перевод*) – мәтін тыңдалып болғаннан кейін толығымен емес, әдетте абзацтарға немесе фразаларға бөлініп аударылатын, жазбаларға сүйенбей орындалатын *ізбе-із аударманың* қарапайым түрі.

Автор мақұлдаған аударма (ағ. *authorative translation*, орыс. *авторизованный (авторизированный) перевод*) – автор талқылауынан өткен түпнұсқа мәтінінің аудармасы. Қар. *авторизация*.

Авторизация (ағ. *authorization*, орыс. *авторизация*) – автордың өз шығармасының аудармасын қарап шығып, мақұлдағаннан кейінгі ресми түрде бекітуі. Авторизация автордың аударма тілді жақсы білгенінде ғана жүзеге асады. Қар. *автор мақұлдаған аударма*

Авторлық аударма немесе **автоаударма** (ағ. *auto-translation/ self-translation*, орыс. *авторский перевод* или *автоперевод*) – түпнұсқа мәтіні авторының өзі жасаған аудармасы. Мысалы, билингв ақынның (жазушының) өзінің поэзиялық (прозалық) шығармасын өзге тілге аударуы.

Ақпараттық аударма (ағ. *informative translation*, орыс. *информативный перевод*) – негізгі қызметі қабылдаушыға көркем-эстетикалық әсер беру емес, белгілі бір мәліметтерді хабарлау болып табылатын түпнұсқалардың аудармасы. Ақпараттық аударманың түрлеріне *ресми-іскери, қоғамдық-ақпараттық, ғылыми және тұрмыстық* аудармалар жатады. Салыст. *көркем аударма*.

Ақпараттық қор (орыс. *информационный запас*) – коммуниканттың тілдік таңбамен немесе сол тілдік таңба арқылы белгіленетін нысанмен байланыстыратын ақпарат көлемі. Ақпараттық қордың бес деңгейі ажыратылады (Р.К.Миньяр-Белоручев ұсынған жіктеме бойынша):

1-ші деңгейлі ақпараттық қор – нақты лексикалық бірлікті өмірдің белгілі бір саласына қатыстылығын анықтауға мүмкіндік беретін ақпараттың ең шағын көлемі.

2-ші деңгейлі ақпараттық қор – белгіленіп отырған заттар мен құбылыстарды олардың таптарына емес, өздеріне қатысты тектері бойынша бөліп ажыратуға мүмкіндік береді.

3-ші деңгейлі ақпараттық қор – нақты бір лексикалық бірлік негізінде біртекті заттар тобының ішінен денотатты бөліп алуға мүмкіндік береді.

4-ші деңгейлі ақпараттық қор – денотат жайындағы бірқатар жүйеленген мәлімет.

5-ші деңгейлі ақпараттық қор – денотат жайындағы біршама кең көлемді мағлұмат.

Алдын ала аударылған мәтінді ілесе оқу (ағ. *simultaneous reading of pre-translated text*, орыс. *синхронное чтение заранее переведенного текста*) – бастапқы мәтіннің айтылуымен бірге (бір уақытта) дайын аударма мәтінін оқу. Ілеспе аударманың мұндай түрі естіліп отырған түпнұсқаның мазмұнын едәуір толық бере алады. Қар. *ілеспе аударма*.

Аналог (үйлестік) (ағ. *analogue*, орыс. *аналог*) – түпнұсқа сөздің мағынасына жақын сөз немесе айтылым. Аналогты аудармашы синонимдік қатарды талдау арқылы, нәтижесінде контекске барынша сай келетін сөзге тоқтала отырып, табады.

Аннотациялық (аңдатпа) аударма (ағ. *annotative translation*, орыс. *аннотационный перевод*) – аударылатын мәтіннің басты тақырыбы, мәні мен мақсаты ғана көрсетілетін тәржіме түрі.

Антонимдік аударма (ағ. *antonymic translation*, орыс. *антонимический перевод*) – түпнұсқада берілген ұғымның барабар баламасын беру үшін оның сол ұғымға қарама-қарсы сөзбен алмастырылуы арқылы жүзеге асырылатын лексикалық-грамматикалық трансформация (аударма тәсілі). Сонымен бірге мұндай аударма барысында түпнұсқадағы болымды түрдегі сөз аударма мәтінінде оған қарама-қарсы мағыналы сөзбен аударылады және керісінше де солай.

Аралас аударма (ағ. *human-aided machine translation*, орыс. *смешанный перевод*) – мәтіннің дәстүрлі (немесе машиналық) өңделуінің едәуір үлесін пайдалану арқылы жасалған аударма.

Арнайы аударма (ағ. *special translation*, орыс. *специальный перевод*) – өзінің терминологиясына ие белгілі бір ғылым саласына қатысты мәтіндердің аудармасы.

Аударма (тәржіме) (ағ. *translation, interpreting/ oral translation*, орыс. *перевод*) – шет тілдегі түпнұсқа мәтінінің мазмұнын екінші бір тілге коммуникативтік құндылығы бірдей мәтін жасау жолымен беретін *тілдік дәнекерліктің* бір түрі.

Аударма әдісі (ағ. *translation approach*, орыс. *способ перевода*) – аударма туралы ғылымның негізге алынатын категорияларының бірі. Аудармашылық іс-әрекеттегі аударма әдісі бір тілден екінші тілге көшу заңдылығы ретінде анықталады. Аударма әдістерінің *таңбалық* және *мағыналық* деп аталатын екі түрі бар.

Аударма әдістемесі (ағ. *translation methodology*, орыс. *методика перевода*) – аудармашының тәжірибелік қызметінің ғылыми тұрғыдан негізделген әдістері мен тәсілдері. Қар. *аударма техникасы, аударма тәжірибесі*.

Аударма баламалылығының нормасы (ағ. *norm of translation equivalency*, орыс. *норма эквивалентности перевода*) – аударманың түпнұсқаға мағына жағынан барынша сәйкес болуын талап ететін норма.

Аударма бірлігі (ағ. *unit of translation*, орыс. *единица перевода*) –

1. Түпнұсқа мәтінінің біртұтас бүтін ретінде аударылатын ең кіші бірлігі.
2. Аударма процесінің бірлігі. 3. Баламалылық бірлігі.

Аударма лингвистикасы/ лингвистикалық аударматану (ағ. *linguistics of translation*, орыс. *лингвистика перевода/ лингвистическое переводоведение*) – аударманы лингвистикалық құбылыс ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы. Салыст. *әдеби аударматану*.

Аударма моделі (үлгісі) (ағ. *translation model*, орыс. *модель перевода*) – тұтастай түпнұсқаны немесе оның қандай да бір бөлігін аудару үшін бірқатар ойлау операциясын жүзеге асырудың шартты түрде сипатталуы.

Аударма нормасы (ағ. *translation norm*, орыс. *норма перевода*) – аудармаға қойылатын талаптардың жиынтығы.

Аударма тарихы (ағ. *history of translation and interpretation*, орыс. *история перевода*) – тарихи аудармашылық шығармалар мен олардың авторларын қарастыру негізінде адам қоғамының, оның мәдениетінің, саяси және мәдени-экономикалық байланыстарының, аудармашылық ойдың дамуы мен қалыптасуы жағдайында аударманың орнын, рөлі мен эволюциясын зерттейтін *аударматану* (қар.) саласы. Сал. *аудармашылық қызметтің тарихы*.

Аударма тәжірибесі (ағ. *translation practice*, орыс. *практика перевода*) – 1. Аударматануға қатысты теориялық білімді қолдану мен пысықтау жөніндегі оқу үдерісінің бір бөлігі. 2. Тәжірибе негізінде екі тілді жағдаятта ақпаратты жазбаша және/немесе ауызша өңдеу жөніндегі жұмыс, қызмет, дағды. Қар. *аударма әдістемесі, аударма техникасы*.

Аударма тәсілі (ағ. *translation method*, орыс. *прием перевода*) – аударма жасау барысында туындаған қиындықтардан шығуға бағытталған нақты қимыл-әрекеттер.

Аударма теориясы (ағ. *translation theory/ translation studies/ theory of translation*, орыс. *теория перевода*) – аударманы үдеріс ретінде де, мәтін

ретінде де қарастыратын, сондай-ақ *аударма тарихын*, оның *жалпы, жеке және арнайы теориялық негіздерін*, *аударма үдерісінің техникасы* мен *әдістемесін*, екі тілді жағдаяттағы тілдік әрекеттің күрделі түрлері ретіндегі аудармашылық дағдылар мен қабілеттерді зерттейтін ғылым.

Аударма техникасы (ағ. *translation technique*, орыс. *техника перевода*) – 1. Екі тілді жағдаятта *аудармашылық қызмет* барысында пайдаланылатын кәсіби тәсілдердің жиынтығы. 2. Аудармашының кәсіби шеберлігі, мәтінді талдау негізінде оның морфологиялық құрылымын, таныс емес сөздердің грамматикалық категориясын, олардың мағыналық байланысын жылдам орнату қабілеті, сондай-ақ сөздіктердің барлық ерекшеліктерін білуі мен олармен жұмыс істеу дағдысы.

Аударма тілі/ аударылатын тіл (АТ) (ағ. *target language (TL)*, орыс. *переводящий язык (ПЯ)*) – аударма жасалатын тіл. Салыст. *бастапқы тіл*.

Аударма үдерісі (процесі) (ағ. *translation process*, орыс. *процесс перевода*) – түпнұсқа мәтінін қабылдау мен аударма мәтінін құрастыруға дейінгі аудармашының іс-әрекеті. Екі тілді коммуникацияның негізгі кезеңі мен ерекшелігі де осында. Қар. *аударма үдерісінің бірлігі, аударма үдерісінің кезеңі*.

Аударма үдерісінің бірлігі (ағ. *unit of translation process*, орыс. *единица переводческого процесса*) – аудармаға өз бетінше шешім қабылдауды талап ететін тіл бірлігі. Тұрақты (дайын) аударма бірліктері – штамптар, жағдаяттық клишелер, терминдер, бейнелі тұрақты сөз тіркестер. Бұл аударманың жеке «үлесі» ретіндегі түпнұсқа мәтінінің ең кіші бөлігі. Аудармашы мұндай бөліктерді аударуға алдыңғы бөлікті аударып болғаннан кейін ғана кіріседі.

Аударма үдерісінің кезеңі (орыс. *этап переводческого процесса*) – белгілі бір аудармашының іс-әрекеттерімен сипатталатын аударма процесінің бөлігі. Қар. *аударма үдерісі*.

Аудармадағы ақпараттық технологиялар (ағ. *information technologies in translation*, орыс. *информационные технологии в переводе*) – аударма үдерісінде өзіндік жаңа технологияларды қолдану.

Аудармадағы инвариант (ағ. *translation invariance*, орыс. *инвариант в переводе*) – аударылуы тиіс және тәржіме нәтижесінде өзгеріске ұшырамайтын ақпарат (хабарлама).

Аудармадағы мәтіндер (ағ. *texts in translation*, орыс. *тексты в переводе*) – тәржімеге арналған *бастапқы мәтін* (оны кейде *түпнұсқа* деп те атайды)

және тәржіме нәтижесінде алынған *аударылған мәтін* (оның басқа атауы – *шығарылған мәтін*) деп ажыратылады.

Аудармалардың жанрлық-стистикалық жіктемесі (ағ. *genre -stylistic classification of translation types*, орыс. *жанрово-стилистическая классификация переводов*) – түпнұсқаның жанрлық-стистикалық ерекшеліктеріне қарай аудармалардың көркем аудармаға, ақпараттық аудармаға және функционалды түрлеріне бөлінуі.

Аударманың арнайы теориялары (орыс. *специальные теории перевода*) – түрлі типтегі мәтіндерді аудару үдерісінің ерекшеліктерін, осы үдеріске тілдік формалар мен оны жүзеге асыру жағдайларының әсерін зерттейтін аударманың лингвистикалық теориялар саласы. Салыст. *аударманың жалпы теориясы, аударманың жеке теориялары*.

Аударманың баламалылығы (ағ. *translation equivalency*, орыс. *эквивалентность перевода*) – түпнұсқа мен аударма мазмұнының мағыналық жақындығы. Қар. *баламалылық*.

Аударманың жағдаяттық моделі (үлгісі) (орыс. *ситуативная модель перевода*) – түпнұсқада келтірілген жағдаяттың аударма тілі арқылы сипатталу процесі ретіндегі аударма барысын құрайтын аударма моделі.

Аударманың жалпы теориясы (орыс. *общая теория перевода*) – аударма барысында қарым-қатынасқа түсетін нақты екі тілдің ерекшеліктеріне тәуелсіз қостілді коммуникацияның мәні мен ерекшеліктері жайындағы ғылыми тұжырымдама. Аударманың жалпы теориясы тіл-тілге ортақ заңдылықтарды қарастырады. Салыст. *аударманың арнайы теориялары, аударманың жеке теориялары*.

Аударманың жанрлық-стистикалық нормасы (ағ. *genre-stylistic norm of translation*, орыс. *жанрово-стилистическая норма перевода*) – түпнұсқаның белгілі бір функционалды стильге жатқызылуына қатысты аудармаға қойылатын талаптар.

Аударманың жеке теориялары (орыс. *частные теории перевода*) – нақты бір тілдер жұбының материалына аударманың жалпы теориясының мәліметтерін қолданатын аударматану бөлімінің бағыттары. Қомақты қорғау және аударманың жеке теорияларының аясындағы зерттеулердің нәтижелері аударманың жалпы теориясының жағдайлары мен қорытындыларын байытып, нақтылайды. Салыст. *аударманың жалпы теориясы, аударманың арнайы теориялары*.

Аударманың конвенционалды (келісілген) нормасы (орыс. *конвенциональная норма перевода*) – аудармашылық қызметтің рөлі мен мақсаттарына қатысты белгілі бір кезеңдегі көпшілік қабылдаған көзқарастарға сәйкес аудармаға қойылатын талаптар.

Аударманың мағыналық тәсілі (ағ. *sense-for-sense approach of translation*, орыс. *смысловый способ перевода*) – басқа тілдегі сәйкестікті іздестіруді қажет ететін барабар денотатты табуға негізделген бір тілден екінші тілге көшудің объективті болмыстағы заңдылықтарының бірі.

Аударманың прагматикалық құндылығы (ағ. *pragmatic value of translation*, орыс. *прагматическая ценность перевода*) – аударма үдерісінің алға қойған міндеттеріне аударма мәтіннің сәйкестік деңгейі.

Аударманың прагматикалық нормасы (ағ. *pragmatic norm of translation*, орыс. *прагматическая норма перевода*) – аударманың прагматикалық құндылығын талап ететін норма.

Аударманың прагматикасы (аударманың прагматикалық қыры) (ағ. *pragmatic aspect of translation*, орыс. *прагматика перевода (прагматический аспект перевода)*) – мәтін ақпаратына нақты бір көзқарасты қалыптастыру мақсатымен қабылдаушыға белгілі түрде әсер ету қажеттілігі.

Аударманың психолингвистикалық топтастырылуы (ағ. *psycholinguistic classification of translation*, орыс. *психолингвистическая классификация переводов*) – аударма мәтінін құру мен түпнұсқаны қабылдау тәсілі (тілдік формасы) бойынша аудармаларды түр-түрге бөлу.

Аударманы рәсімдеу (орыс. *оформление перевода*) – аударма мәтінінің жасалуы. Аударма мәтінін рәсімдеу ауызша немесе жазбаша түрде жүзеге асырылады.

Аударманың салғастырмалы талдауы (ағ. *comparative analysis of translation*, орыс. *сопоставительный анализ перевода*) – аударма мәтінінің формасы мен мазмұнын түпнұсқаның формасымен және мазмұнымен салғастыра отырып талдау.

Аударманың таңбалық әдісі (ағ. *word-for-word approach of translation*, орыс. *знаковый способ перевода*) – аударма барысында формалды-таңбалық деңгейде (денотатты ұғынбай) көрініс табатын бір тілден екінші тілге көшудің объективті заңдылықтарының бірі. Аударманың таңбалық әдісі көбінесе ілеспе аударма кезінде қолданылады.

Аударманың трансформациялық-семантикалық моделі (ағ. *semantic-transformational model of translation*, орыс. *трансформационно-семантическая модель перевода*) – аударма үдерісін аудармашыға бастапқы тіл бірліктерінен аударма тіл бірліктеріне көшуге мүмкіндік беретін трансформациялар қатары ретінде көрсететін аударма моделі.

Аударматану (тәржіметану) (ағ. *translatology*, орыс. *переводоведение транслятология/ переводология*) – аударманың түрлі қырларын зерттейтін ғылыми пәндер жиынтығы.

Аудармашы (тәржімеші) (ағ. *translator/ interpreter*, орыс. *переводчик*) – 1. Хабар жолдаушы мен қабылдаушы пайдаланатын кодтар (тілдер) сәйкес келмеген жағдайда қажет болатын коммуникацияның байланыстырушы буыны, дәнекер.

2. Бір тілден екінші (немесе одан да көп) тілге аударма жасайтын маман.

Аудармашы хартиясы (ағ. *translator's charter*, орыс. *хартия переводчика*) – 1963 жылдың қыркүйегінде өткен Аудармашылардың халықарлық федерациясының (FIT) конгресінде қабылданған. Төмендегідей негізгі ережелерден тұрады: 1) кез келген аударма шынайы болуы керек және түпнұсқаның мазмұны мен формасын дәл беруі тиіс; мұндай шынайылықты сақтау аудармашының заңдық және моралдық міндеті болып табылады; 2) алайда шынайы аударманы әріпшіл аудармамен шатастыруға болмайды; 3) аудармашы түпнұсқа тілін де, аударма тілін де жақсы білуі керек; 4) сонымен қатар, ол сөз болып отырған мәселеден барынша жақсы хабардар болуы тиіс және өзіне таныс емес жұмыстан бас тартуы керек.

Аудармашыға қажет ақпарат көздері (ағ. *translator's sources of information*, орыс. *источники информации переводчика*) — барлық аудармашылар жұмыс істейтін жалпы және негізінен техникалық аудармашылар пайдаланатын арнайы болып бөлінеді.

Аудармашыға қажет ақпараттың арнайы көздері (ағ. *translator's special sources of information*, орыс. *специальные источники информации переводчика*) – арнайы сөздіктерді, арнайы энциклопедияларды, ғылым мен техниканың түрлі салалары бойынша анықтамалықтарды, арнайы әдебиетті және ақпараттың басқа көздерін қамтиды. Ақпараттың осындай көздерін негізінен техникалық аудармашылар пайдаланады.

Аудармашыға қажет ақпараттың жалпы көздері (ағ. *translator's general sources of information*, орыс. *общие источники информации переводчика*) — I. Жалпы қолданыстағы сөздіктер: А. *Екітілді сөздіктер*: 1) мысалы, шетел-қазақ және қазақ-шетел мамандандырылмаған сөздіктер; 2) фразеологиялық сөздіктер.

Б. *Біртiлдi сөздіктер*: 1) ана тілдің, шетел тілінің түсіндірме сөздіктері және шетел сөздерінің сөздіктері; 2) көмекші сөздіктер (синонимдік, антонимдік, орфографиялық); 3) жалпы қолданыстағы энциклопедиялық сөздіктер.

II. Жалпы энциклопедиялар.

Ақпараттың бұл көздерін барлық аудармашылар пайдаланады.

Аудармашылық білім беру мекемелері (орыс. *переводческие образовательные учреждения*) – аудармашыларды даярлайтын арнайы мекемелер.

Аудармашылық жедел жазу (ағ. *shorthand writing, interpreter's note-taking*, орыс. *переводческая скоропись*) – аудармашының ол ең маңызды деп тапқан ақпаратты қағазға түсіру арқылы есте сақтауға мүмкіндік беретін көмекші құралы. *Избе-із аудармадағы жазбалар* дегеніміз де осы.

Аудармашылық қызметтің тарихы (ағ. *history of translation activities*, орыс. *история переводческой деятельности*) – түрлі тарихи кезеңдерде аудармаға және аудармашыға қойылатын талаптардың қалыптасу жағдайларын, аударма туралы ұғымның өзгеру мәселелерін, түрлі елдердегі аудармашылық қызметтің тарихи рөлі мен эволюциясын зерттейтін аударма туралы ғылымның бөлімі. Сал. *аударма тарихы*.

Аудармашылық сәйкестік (орыс. *переводческое соответствие*) – бастапқы тілдің нақты бірлігін аударуда тұрақты пайдаланылатын аударма тілінің бірлігі. Қар. *сәйкестік*.

Аудармашылық/ тіларалық трансформация (ағ. *translation transformation*, орыс. *переводческая/ межъязыковая трансформация*) – түпнұсқа бірліктерінен аударма бірліктеріне көшуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін трансформация түрі. Қар. *трансформация*.

Аудармашылық тіл нормасы (орыс. *норма переводческой речи*) – аударма тіліне қойылатын талаптар.

Аудармашылық универсалиялар (ағ. *translation universals*, орыс. *переводческие универсалии*) – аударма шарттарына, мәтіндердің жанрлық сипаттарына, қатысымдағы тілдерге тәуелсіз аударманың ұғымдары мен категориялары. Аудармашылық универсалиялар қатарына *инвариантты, хабарды, аударма тәсілдерін, сәйкестіктерді, аударма бірлігін*, т.б. жатқызуға болады.

Аудармашының АЖО-сы/ аудармашының автоматтандырылған жұмыс орны (ағ. *translator's automated working place*, орыс. *АРМ-переводчика/ автоматическое рабочее место переводчика*) – аударманы машинаның

яғни компьютердің көмегі арқылы орындауға арналған екі тілдік аударма сөздігі бар компьютерлік кешен.

Аудармашының жалған достары (ағ. *translator's false friends*, орыс. *ложные друзья переводчика*) – екі тілдегі дыбыстық немесе графикалық тұлғалары жағынан толық немесе жартылай сәйкес келетін, бірақ мағыналары әр түрлі сөздер. Мысалы, *fabric* (ағ.) – *ткань* (орыс.), *prospect* (ағ.) – *перспектива* (орыс.), *resin* (ағ.) – *смола* (орыс.), *сарай* (қаз.) – *дворец* (орыс.), *жара* (қаз.) – *рана* (орыс.)

Аударуға шешім қабылдау (орыс. *решение на перевод*) – бастапқы мәтіндегі тіл бірлігінің сәйкестігін (синонимдес сөзді) таңдап табу.

Аударылған мәтін (АМ) (ағ. *target text (TT)*, орыс. *переводной текст (ПТ)*) – аудару барысында пайда болған мәтін. Салыст. *бастапқы мәтін*.

Аударымдылық (ағ. *translability*, орыс. *переводимость*) – екі тілді коммуникация жағдайында хабарды жеткізудің объективті мүмкіндігі.

Аудитория (ағ. *audience*, орыс. *аудитория*) – ұжымдық қабылдаушылар (бірнеше адамнан тұратын тыңдаушылар тобы). Аудармада аудиторияның *ашық, жартылай жабық және жабық* түрлері ажыратылады.

Аутентикалық аударма (ағ. *authentic translation*, орыс. *аутентичный перевод*) – түпнұсқа мәтінімен бірдей заңды күші бар ресми құжат аудармасы. Халықаралық құқыққа сәйкес келісімшарт мәтіні бір тілде жазылып қабылданады, сонымен бірге ол екі не одан да көп тілде түпнұсқа ретінде таныла алады.

Ауызба-ауыз аударма (орыс. *устно-устный перевод*) – есту арқылы қабылданған мәтіннің ауызша түрде жасалған аудармасы. Аударманың маңызды болып табылатын кәсіби түрлерін қамтиды: *ізбе-із аударма және ілеспе аударма*. Тәржімені бағытына орай *біржақты аударма және екіжақты аударма* деп бөлуге болады. Бұл тәржіме түрін *тыңдалып жасалатын ауызша аударма* деп те атайды. Қар. *ауызша аударма*.

Ауызша аударма (ағ. *interpretation*, орыс. *устный перевод*) – *ізбе-із аударма, ілеспе аударма және парақтан аудару* сияқты ауызша рәсімдеуді қажет ететін аударма түрлерінің барлығын біріктіретін ұғым. Түпнұсқа мен оның аудармасы ауызша жасалатындықтан, аударманың бұл түрінде аудармашы түпнұсқа бөліктерін бір-ақ рет қабылдап, оны кейіннен салыстыруға немесе жасалған аударманы түзетуге болмайтынын ескереді. Салыст. *жазбаша аударма*.

Ауызша-жазбаша аударма (орыс. *устно-письменный перевод*) – ауызша мәтіннің жазбаша түрінде жасалған аудармасы. Бұл тәржіме түрін *тыңдалып жасалатын жазбаша аударма* деп те атайды.

Ауысу дағдысы (орыс. *навык переключения*) – сөз бірліктерін аудару үшін бір тілден екінші тілге көшу әрекетін автоматты түрде іске асыру қабілеті. Ауысу дағдысы *субординативті билингвизм* негізінде жатыр.

Ашық аудитория (ағ. *open audience*, орыс. *открытая аудитория*) – аударма арқылы тілдесуде айтарлықтай жиі кездесетін *соңғы қабылдаушы*. Ашық аудиторияның ерекшелігі сол, мұнда кері байланыс орнатылады (аудармашы өзінің іс-әрекетіне деген әсерді көріп, естіп тұрады) және қатынас осылай болатындай етіп ұйымдастырылады. Салыст. *жабық аудитория*.

Аялық білім (ағ. *background knowledge*, орыс. *фоновые знания*) – жалпы жағдай, орта, қоршаған әлем жайлы білім.

Әдеби аударматану (орыс. *литературное переводоведение*) – аударманы әдеби шығармашылықтың бір түрі ретінде қарастыратын әдебиеттану саласы. Салыст. *аударма лингвистикасы/ лингвистикалық аударматану*.

Әртіпті сәйкестік (орыс. *разнотипное соответствие*) – бастапқы бірлікпен атауы мен анықтамасы жағынан сәйкес келмейтін аударма тіліндегі грамматикалық сәйкестік.

Әріпшіл аударма (ағ. *literal translation/ gramma translation*, орыс. *буквальный перевод*) – аударма мәтінінде бастапқы тілдің формалды немесе (және) семантикалық құрамалары қайта құрылғанда тілдік норманың бұзылуына немесе түпнұсқадағы ақпарат мәнінің бұрмалануына себеп болатын аударма. Қар. *әріпшілдік*. Салыст. *еркін аударма*.

Әріпшілдік (ағ. *literalism/ grammatolatry*, орыс. *буквализм*) – аудармашы қателігі: сөздің, сөз тіркесінің немесе фразаның мағынасын жеткізу орнына олардың формалды немесе семантикалық компоненттерін аудару. Қар. *грамматикалық әріпшілдік, семантикалық әріпшілдік*.

Бағытты аударма (орыс. *аспектный перевод*) – іріктеудің қандай да бір берілген белгісіне (бағытына) сәйкес мәтіннің бір бөлігінің ғана аударылуы.

Балама аударма (ағ. *equivalent translation*, орыс. *эквивалентный перевод*) – түпнұсқа мазмұнын баламалылық деңгейлерінің бірінде беретін аударма.

Балама ауыстырулар (ағ. *equivalent substitutions*, орыс. *эквивалентные замены*) – мағыналары тірек сөзбен синонимдес келетін лексикалық функциялар. Тұтастай айтылған ойдың белгілі бір синтаксистік түрленуі барысында нақты бір мағынаны білдіретін сөз тірек сөздің орнына жұмсалуды мүмкін.

Баламалар (ағ. *equivalents*, орыс. *эквиваленты*) – контекске тәуелсіз бастапқы және аударма мәтіндер бірліктерінің арасындағы тең мағыналы тұрақты сәйкестіктер; тіларалық синонимдер.

Баламалылық бірлігі (ағ. *equivalency unit*, орыс. *единица эквивалентности*) – аудармада сақталатын түпнұсқа мазмұнының ең кішкентай бірлігі.

Баламалылық деңгейі/ түрі (ағ. *equivalency level/type*, орыс. *уровень/ тип эквивалентности*) – аударма кезінде сақталған түпнұсқа мазмұнының бөлігі арқылы анықталатын түпнұсқа мен аударманың мағыналық жақындық деңгейі.

Баламасыз грамматикалық бірліктер (ағ. *equivalent-lacking grammatical units*, орыс. *безэквивалентные грамматические единицы*) – аударма тілінде біртектес сәйкестіктері жоқ бастапқы тілдің грамматикалық формалары мен құрылымдары.

Баламасыз лексика (ағ. *equivalent-lacking words*, орыс. *безэквивалентная лексика*) – білім алушылардың ана тілінде тең мағынаға ие сәйкестігі жоқ жергілікті құбылыстарды, ұғымдарды, ұлттық реалияларды білдіретін лексикалық бірліктер.

Барабар (адекватты) аударма (ағ. *adequate translation*, орыс. *адекватный перевод*) – аударма тілінің ережелерін мүлтіксіз сақтай отырып, түпнұсқа мазмұнын, сол сияқты тілдік формасын (құрылым, стиль, лексика және грамматика ерекшеліктерін) толықтай қамтитын аударма. Аударманың мұндай түрі *қабылдаушыда* түпнұсқа авторының коммуникативті бағытына сәйкес келетін интеллектуалды және эмоциялық реакция тудырады.

Бастапқы мәтін (БМ) (ағ. *source text - ST*, орыс. *исходный текст - ИТ*) – аударуға арналған мәтін, *түпнұсқа*. Салыст. *аударма мәтін*.

Бастапқы тіл (БТ) (ағ. *source language - SL*, орыс. *исходный язык - ИЯ*) – аударма жасалатын түпнұсқаның тілі. Салыст. *аударма тілі*.

Бедерлі сөзді таңдау әдісі (ағ. *key (cue) word selection method*, орыс. *метод выбора рельефного слова*) – аудармадағы мағыналық талдау әдістерінің бірі,

мұнда жазып алу немесе есте сақтау үшін ерекше, бейнелі, демек, есте қалатын сөз алынады (ізбе-із аудармадағы *жазба жүйесінде* пайдаланылады). Қар. *бедерлі сөз*.

Бейнелі жад (ағ. *conception memory/ image memory*, орыс. *образная память*) – қабылданған ақпаратты бейне, көрініс, ішкі сезіну арқылы есте сақтау қабілеті. Қар. *жад*.

Бейімдендірілген аударма (ағ. *adapted translation/ back story*, орыс. *адаптированный перевод*) – түпнұсқадағы мәліметтердің арнайы білімдері жоқ *қабылдаушыларға* түсінікті болуы үшін аударма кезінде түпнұсқа құрылымы мен мазмұнының жеңілдетілуі арқылы берілетін бейімдік транскодтаудың бір түрі. Қар. *прагматикалық бейімдендіру*.

Бейімдік транскодтау (ағ. *adaptive transcoding*, орыс. *адаптивное транскодирование*) – түпнұсқа мазмұны біршама түрлендіріліп жеткізілетін ақпараттың белгілі көлемі мен сипатын қамтамасыз ететін қалыпта берілген тілдік дәнекерліктің бір түрі.

Біржақты аударма (ағ. *one-way translation*, орыс. *односторонний перевод*) – бір ғана бағытта жүзеге асырылатын, яғни белгілі бір тілден екінші тілге ауызша жасалатын аударма. Салыст. *екіжақты аударма*

Біртекті сәйкестік (ағ. *one-type compliance*, орыс. *однотипное соответствие*) – бастапқы тіл бірлігінің атауына, анықтамасы мен грамматикалық мағынасына сәйкес аударма тілінің грамматикалық сәйкестігі.

Біртілді коммуникация (ағ. *unilateral communication*, орыс. *одноязычная коммуникация*) – пікір алмасатындар бір кодта (тілде) сөйлейтін тілдік қарым-қатынас. Салыст. *тіларалық (қостілді, екітілді) коммуникация*.

Грамматикалық алмастыру (ағ. *grammatical substitution*, орыс. *грамматическая замена*) – түпнұсқадағы грамматикалық бірлік аударма тілінде басқа грамматикалық мағынаға ие тіл бірлігімен алмастырылатын грамматикалық трансформация, мысалы, сөз таптарының және сөйлемнің синтаксистік құрылымының өзгертілуі.

Грамматикалық әріпшілдік (ағ. *grammatical literalism*, орыс. *грамматический буквализм*) – аударма мәтінде түпнұсқаның грамматикалық құрылымдары мен формаларының сақталуы. Қар. *әріпшілдік*. Салыст. *семантикалық әріпшілдік*.

Грамматикалық трансформация (ағ. *grammatical transformation*, орыс. *грамматическая трансформация*) – семантикалық ақпаратты сақтай отырып сөйлемнің немесе сөз тіркесінің құрылымын өзгерту (аударма тәсілінің бір түрі).

Ғылыми/ ғылыми-техникалық аударма (ағ. *scientific and technical translation*, орыс. *научный (научно-технический) перевод*) – ҒЫЛЫМ салалары бойынша бөлінетін ғылыми мәтіндердің (техникалық, медициналық, экономикалық, философиялық, т.б.) аудармасы. Ғылыми мәтіндердің екі негізгі түрі болады: 1) белгілі бір саласының кәсіби мамандарының қабылдауына арналған *ғылыми мәтін*; 2) бұқаралық оқырманға арналған *ғылыми-көпшілік мәтін*. Бұл салаға кіретін барлық мәтіндер үшін хабарлау қызметі мен мазмұнды дәлелді, нақты, ізбе-із, логикалық баяндауға бағытталған ерекше синтаксистік құрылымдар тән. Аударманың бұл түрінің өзгешелігі мәтіннің логикалық ұйымдастыруын және мольнан кездесетін арнайы терминдердің мазмұнын жеткізу қажеттілігімен байланысты. Негізінен ғылыми мәтіндер жазбаша құрастырылып, жазбаша аударылады. Ғылыми мәтіндердің ауызша аудармалары көбінесе халықаралық ғылыми конференциялар, симпозиумдер, конгрестер кезінде қолданылады. Қар. *ақпараттық аударма*.

Дара сөздер аудармасы (ағ. *word-by-word translation*, орыс. *пословный перевод*) – сөздердің арасындағы мағыналық, синтаксистік және стилистикалық байланыстардың ескерілуінсіз жүзеге асырылатын жеке сөздер деңгейіндегі аударма. Бұл тәсіл бастапқы мәтіндегі түсініксіз бөлшектерді айқындауда жиірек қолданылады. Әрбір жеке сөз үшін аударма тіліндегі барлық баламалар қарастырылып, олардың ішінен аудармашы контекске сай мағыналарды тандап алады.

Дара сөздермен аудару тәсілі (ағ. *word-by-word translation method*, орыс. *прием пословного перевода*) – аударманың оңтайлы нұсқасын таңдау үдерісінде түпнұсқаның лексикалық бірліктерін аралық кезең ретіндегі синтаксистік байланыстың сақталынуымен ең жақын деген сәйкестіктермен алмастыру.

Дәлме-дәл аударма (ағ. *exact translation*, орыс. *точный перевод*) – семантикалық дәлдік қасиетімен сипатталатын, яғни түпнұсқа мазмұнының жоспарын семантикалық тұрғыдан дәл әрі толық жеткізетін аударма.

Дәнекер тіл (ағ. *intermediary / switching language*, орыс. *язык-посредник*) – Халықаралық қатынаста пайдаланылатын тіл. 2. Компьютерлік аудармада пайдаланылатын түпнұсқа және аударма тіл арасындағы аралық тіл. 3. Көмекші тіл – *ізбе-із аудармадағы жазбалар*. Қар. *тілдік дәнекерлік*.

Дәстүрлі/ адам жасаған/ қолжазбалы аударма (ағ. *human translation*, орыс. *традиционный / человеческий/ ручной перевод*) – адам жасайтын аударма. Салыст. *машиналық аударма*.

Диахронды/ тарихи аударма (ағ. *diachronic/ historical/ intertemporal translation*, орыс. *диахронический/ исторический перевод*) – өткен дәуір тілімен жазылған тарихи мәтінді қазіргі заман тіліне аудару.

Динамикалы баламалылық (ағ. *dynamic equivalence*, орыс. *динамическая эквивалентность*) – аударманы қабылдаушының әсері мен түпнұсқаны қабылдаушы әсерінің сәйкестігін білдіретін Ю.Найда ұсынған термин.

Екіжақты аударма (ағ. *two-way translation*, орыс. *двусторонний перевод*) – бір тілден екінші тілге және керісінше кезекпен жүзеге асырылатын әңгіменің ізбе-із ауызша аудармасы. Салыст. *біржақты аударма*.

Екітілді/ тіларалық коммуникация (ағ. *bilateral communication*, орыс. *двуязычная/ межъязыковая коммуникация*) – екі кодта (тілде) сөйлейтін серіктестердің тілдік қарым-қатынасы. Әдетте тілдік делдал (аудармашы) арқылы жүзеге асады. Салыст. *біртілді коммуникация*.

Еркін аударма (ағ. *free translation*, орыс. *вольный/ свободный перевод*) – бастапқы мәтіннің жалпы мазмұнын беретін, алайда бастапқы формасын сақтамайтын (мысалы, өлеңнің прозалық аудармасы) аударма түрі. Негізінен, көркем мәтіндерді тәржімелеу саласында қолданылады. Еркін аударма нәтижесінде көбінесе жаңа көркем туынды пайда болады, ол түпнұсқа негізінде жазылғанмен, одан формасымен, тілдік құралдарымен, стилистикалық қасиеттерімен ерекшеленеді. Салыст. *әріпшіл аударма*.

Жабық аудитория (ағ. *closed audience*, орыс. *закрывтая аудитория*) – аудармаға қатысты жағдайда *қабылдаушы* ретінде сирек кездесетін жабық немесе бытыраңқы орналасқан аудитория. Ол әдетте бұқаралық ақпарат құралдарында: радио, теледидар, баспасөзде байқалады. Оның басты ерекшелігі – кері байланыстың болмауы. *Ашық аудиторияға* (қар.) қарама-қарсы ұғым.

Жағдаят (ағ. *situation*, орыс. *ситуация*) – сөйлеу әрекетінде орын алатын немесе айтылымда сипатталатын шындыққа сай болмыстың құрамдас бөліктерінің жиынтығы. Жағдаяттың *заттық жағдаят* және *сөйлеу жағдаяты* деген түрлері болады.

Жағдаятты сипаттау тәсілі (орыс. *способ описания ситуации*) – айтылымда көрініс табатын жағдаяттың белгілері арқылы айқындалатын сол айтылым мазмұнының бір бөлігі.

Жағдаяттық клише (ағ. *situational cliché*, орыс. *ситуационное клише*) – нақты бір жағдаят үшін міндетті болып табылатын лексикалық бірлік. Мысалы «*Алматыдан сөйлеп тұрмыз*», «*Қош келдіңіз!*». Жағдаяттық клишелер аудармаға жеке шешім қабылдауды талап етеді, яғни өздеріне қатысты бастапқы мәтінге тәуелсіз аударма бірліктері ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жағдаяттық (экстралингвистикалық) контекст (ағ. *extralinguistic context*, орыс. *ситуативный (экстралингвистический) контекст*) – айтылған ойға қатысты жағдай, уақыт пен орын, сондай-ақ шынайы болмыстың кез-келген фактілері. Оларды білу *Қабылдаушыға* айтылымдағы тілдік бірліктердің мағыналарын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Жазбаша аударма (ағ. *translation*, орыс. *письменный перевод*) – кәсіби аударманың ең көп тараған түрі; аударма кезінде мәтінді қабылдау көру арқылы жүреді, ал аударманы рәсімдеу жазбаша түрде жүзеге асырылады. Түпнұсқа мен аударма тәржімелеу үдерісінде аудармашы бірнеше қайтара оқи алатын тіркелген (көбінесе жазылған) мәтіндер ретінде көрінеді. Аударманың бұл түрін ғылыми басылымдарда «көру арқылы жазбаша аудару» немесе «жазба-жазбаша аударма» деп атайды. Салыст. *ауызша аударма*.

Жазбаша-ауызша аударма – жазба мәтіннің ауызша түрде орындалған аудармасы. Қар. *жазбаша аударма*.

Жазу жүйесі (ағ. *note-taking system*, орыс. *система записи*) – аудармашы *жадына* көмекші құрал; ізбе-із аударма барысында ақпаратты іріктеу мен жазу ережелерін қамтиды.

Жанама аударма (ағ. *indirect translation*, орыс. *косвенный/ вторичный/ не прямой) перевод*) – түпнұсқа мәтінінен тікелей түрде емес, басқа тілге тәржімеленген мәтіннен жасалатын аударма. Салыст. *тура аударма, кері аударма*.

Жартылай жабық аудитория (ағ. *semi-open audience*, орыс. *полузакрытая аудитория*) – ілеспе аудармада жиі кездетін *соңғы қабылдаушы*. Мұнда аудармашы қабылдаушылар реакциясын құлаққап арқылы естігенмен, оларды өз көзімен көрмейді. Қар. *жабық аудитория*.

Жасанды тілдер (ағ. *artificial languages*, орыс. *искусственные языки*) – нақты бір этносқа қатысы жоқ, арнайы бір ортада немесе қарым-қатынас жағдайында қолданылатын және жасанды жолмен түзілген көмекші тілдер, әдетте олар – халықаралық тілдер. Жасанды тілдер мамандырылған және

мамандырылмаған болуы мүмкін. *Мамандырылмаған жасанды тілдер* ақпарат алмасу кезінде жалпы қолданысқа арналған халықаралық тілдер болып табылады (мыс., эсперанто, бейсик англиш, би тілі, т.т.). *Мамандырылған жасанды тілдер* – бұл математика, химия, физика, т.б. ғылымдардың символды тілдері, яғни арнайы қарым-қатынас аясында қолданынылатын халықаралық тілдер. Салыст. *табиғи тіл*.

Жеке/ тұрақты сәйкестік (ағ. *single /stable compliance*, орыс. *единичное/постоянное соответствие*) – бастапқы тілдің нақты бірлігін контекске қатыссыз түрде аударудың біршама тұрақты әдісі. Салыст. *нұсқалық сәйкестік*.

Жолдаушы/ жіберуші (адресант) (ағ. *addressant*, орыс. *отправитель/ адресант*) – хабарлама жіберген коммуникация қатысушысы; бастапқы мәтін авторы. Салыст. *қабылдаушы*.

Заңды сәйкестіктер (орыс. *закономерные соответствия*) – бастапқы мәтіннің сөздері, сөз тіркестері мен сөйлемдерінің аударма мәтінінде оларға барабар алмастырулар. Тұрақтылық дәрежесіне қарай аудармада мәтін бірліктері арасындағы заңды сәйкестіктерді *баламалар, аналогтар (үйлестіктер)* және *барабар алмастырулар* деп үш түрін ажыратады. Қар. *сәйкестік*.

Инвариантты ақпарат (орыс. *инвариантная информация*) – жеткізілуге тиісті ақпарат. *Хабарлама* дегеніміз де осы.

Инварианттық бірлік (орыс. *инвариантная единица*) – хабарламаның құрамдас бөліктерін қамтитын бастапқы мәтін бірліктерінің шартты атауы. Мысалы, *тірек ақпаратқа* ие сөздер.

Интерсемиотикалық аударма (ағ. *intersemiotic translation*, орыс. *интерсемиотический перевод*) – табиғи тілден жасанды тілге, не болмаса керісінше жасалатын аударма, яғни мұнда *бастапқы тіл* мен *аударма тілі* әртүрлі таңбалық жүйелерге жатады (мыс., табиғи тілден ым-ишара тіліне (сурдоаударма), математикалық таңбалар тіліне, т.б. және керісінше аудару).

Калька (ағ. *calque*, орыс. *калька*) – өзге тілден *әріпшіл аударма* арқылы енген сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы, қазақтың «салым» деген сөзі орыстың «вклад» сөзінің калькасы. Сондай-ақ сөз тіркестерінде бір тілден екінші тілге фраза құру ерекшеліктерін тасымалдау арқылы синтаксистік калькалар жасалады. Мысалы, қазақ тіліндегі «Ақ Үй» орыс тіліндегі «Белый Дом» тіркесінің калькасы, ол өз кезегінде ағылшын тіліндегі «the White House» тіркесінің калькасы.

Калькалау (ағ. *calquing*, орыс. *калькирование*) – түпнұсқа тілдің лексика-фразеологиялық және синтаксистік үлгісімен аударма тілінің бірліктерін қолдану арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жасау (сөз және сөз тіркестеріне әріпшіл аударма жасау үдерісі). Қар. *калька*.

Канондық аударма (орыс. *канонический перевод*) – бірден-бір дұрыс деп ресми түрде бекітілген және танылған, халықаралық маңызы бар құжатты тәржімелеу (мысалы, Адам құқықтары туралы декларация). Аудармашы түпнұсқа мәтіндегі үзінділерді немесе сол құжаттың мәтінін өз тарапынан аудармайды. Ол аталған құжаттың жарияланған канондық аудармасына сүйене отырып, оны өз аудармасының мәтінінде дәйексөз ретінде пайдаланады.

Кәсіби аударма (ағ. *professional translation*, орыс. *профессиональный перевод*) – түпнұсқаны өзге тілде келтіруге бағытталған ерекше тілдік қызмет. Оны арнайы дайындыққа, дағдылар мен қабілетке ие маман орындайды.

Кәсіби жарамдылық (ағ. *professional competency*, орыс. *профессиональная пригодность*) – белгілі бір қызметті жүзеге асыруға деген табиғи алғышарттар. Кәсіби жарамдылықтың негізін құрайтын сапаларға: сөйлеу жылдамдығы, жақсы жад, бір тілден екінші тілге ауыса алушылық, психикалық тұрақтылық, тіл табыса алушылық, зиялылық жатады.

Келтірінді аударма (орыс. *приближенный перевод*) – аудармада бастапқы тілдің баламасыз грамматикалық бірлігіне нақты бір контексте жартылай сәйкес келетін аударма тілінің грамматикалық бірлігін қолдану.

Кеңесіп жасалатын аударма (орыс. *консультативный перевод*) – әдетте ауызша жүзеге асырылатын және аннотация, реферат пен парақтан таңдап аударудың элементтерін қамтитын ақпаратты аударманың бір түрі. Көп жағдайда кеңесіп жасалатын аударма тапсырыс берушінің көзінше орындалады. Ол аударма барысында түпнұсқа мәтіні мазмұнының өзін қызықтырған қырларын нақтылап отырады.

Кері аударма (ағ. *back translation*, орыс. *обратный перевод*) – үйрету немесе эксперименттік мақсатта бұрын аударылған мәтінді бастапқы тілге қайта аудару. Салыст. *тура аударма, жанана аударма*.

Кино/ бейне аударма (орыс. *кино/ видео перевод*) – жұмыс мақсаты мен сипатына байланысты ілеспе, ізбе-із және жазбаша аударманың ерекшеліктерін үйлестіретін аударма (аудиторияға арналған, дубляж, үндендіру үшін жасалатын т.б.).

Коммуникант (ағ. *communicant*, орыс. *коммуникант*) – тілдік қарым-қатынасқа қатысушылардың бірі, *жолдаушы* немесе *қабылдаушы*, ақпаратты жеткізуге немесе қабылдауға қатысатын тұлға. Коммуникант ретіндегі аудармашы *жолдаушы* мен *қабылдаушының* дублері қызметін атқарады.

Коммуникативті әсер (ағ. *communicative effect*, орыс. *коммуникативный эффект*) – хабарламаны жеткізу нәтижесіндегі *қабылдаушының* алған әсері.

Коммуникативтік тепе-теңдік (орыс. *коммуникативная равноценность*) – мәтіннің басқа мәтінді (функциясы, мазмұны және құрылымы жағынан) толықтай алмастыру қабілеті. Коммуникативті тұрғыдан тең мәтіндер бір хабарға ие болып, тілдік қатынас барысында теңдестіріледі.

Коммуникация (ағ. *communication*, орыс. *коммуникация*) –

1. Хабарлама немесе тіл арқылы белгілі бір ой мазмұнының берілуі.
2. Қарым-қатынас.

Компрессия (мәтінді ықшамдау) (ағ. *compression /omission*, орыс. *компрессия текста (опущение)*) – біршама жинақы пішінге келтіру үшін бастапқы мәтінді өзгерту арқылы жүзеге асырылатын аударма тәсілі. Контекспен немесе тілден тыс жағдаятпен анықтала алатын сөйлемнің артық бөлшектерін түсіріп тастау, сондай-ақ неғұрлым ықшам құрылымдарды қолдану арқылы жүзеге асады.

Контекст (ағ. *context*, орыс. *контекст*) – аяқталған тиянақты ойды білдіретін ауызша немесе жазбаша тілдік құрылым. Қар. *кең көлемді контекст/ макроконтекст; тар көлемді контекст/ микроконтекст*.

Конференц-аударма (ағ. *conference interpretation*, орыс. *концеренц-перевод*) – конференцияға, конгрестерге, басқа да ресми шараларға қатысушылардың ауызша баяндамаларының ірі үзінділерін (40 минутқа дейін) аудару. *Ілесне және ізбе-із аударма* ерекшеліктерін қамтиды.

Координативті қостілділік (орыс. *координативный билингвизм*) – басым тіл болмайтын қостілділік, мұнда адам сөйлеп тұрған тілінде ойлайды. Қар. *субординативті қостілділік*.

Көркем аударма (ағ. *literary translation*, орыс. *художественный перевод*) – негізгі қызметі оқырманға көркем-эстетикалық әсер ету болып табылатын көркем әдебиет шығармаларының мәтіндерін тәржімелеу.
Салыст. *ақпаратты аударма*.

Қабылдаушы (адресат) (ағ. *addressee*, орыс. *адресат (получатель)/ реципиент/ рецентор*) – белгілі бір хабарлама алушы тұлға немесе ақпарат

қабылдаушы коммуникант. Сондай-ақ «адресат (қабылдаушы)» терминінің орнына «реципиент», «рецептор» терминдері де қолданылады. Салыст. *жолдаушы (адресант)*. Қар. *соңғы қабылдаушы*.

Қайталанған ақпарат (орыс. *повторная информация*) – нақты бір мәтінде бірнеше рет берілген ақпарат.

Қарабайыр/ бастапқы аударма (орыс. *черновой перевод*) – алдын-ала жасалатын аударма. Оның баламалылығы жағдаятты көрсету деңгейінде түпнұсқаның заттық-логикалық мазмұнын берумен шектеледі. Мұндай аударма тіл нормаларынан ауытқуы мүмкін. Салыст. *ресми аударма*.

Қоғамдық-ақпараттық аударма (*общественно-информативный перевод*), бұл – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (газет, журнал, радио, теледидар) берілетін түрлі ақпараттардан құралған мәтіндерді тәржімелеу. Мұндай хабарлама мәтіндердің негізгі қызметі – шынайы болмыс туралы ақпарат беру. Бұл қызметтің күрделілігі қандай да бір маңызды мәселелер туралы белгілі бір қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатында қоғамдық санаға ықпал етумен байланысты. Мұндай мәтіндер негізінен жазбаша құрастырылып, олардың аудармасы да жазбаша берілуі тиіс. Радио немесе теледидардан берілетін ауызша мәтіндер, әдетте, алдын ала жазылған мәтіндер негізінде оқылады. Қоғамдық-ақпараттық аудармада бастапқы мәтіннің екі қызметі де (ақпаратты хабарлау және қоғамдық санаға әсер ету) есепке алынады. Қар. *ақпараттық аударма*.

Қостілді (бинарлы) аударма (орыс. *бинарный перевод*) – белгілі бір табиғи тілден екінші бір табиғи тілге аудару, яғни *бастапқы тіл мен аударма тілі* белгілі бір этноспен байланысты (мыс., қазақ тілінен араб тіліне, жапон тілінен корей тіліне аудармалары). Қар. *табиғи тіл*.

Қосымша ақпарат (ағ. *additional information*, орыс. *дополнительная информация*) – белгілі бір мәселеден хабары жоқ қабылдаушыға арналған ақпарат. Мысалы, «Алматы – Қазақстанның бейресми оңтүстік астанасы».

Қосымша эстетикалық әсер (ағ. *additional aesthetics effect*, орыс. *дополнительный эстетический эффект*) – коммуникация кезінде тілдік шығарма құрылымы (мысалы, өлең өлшемі, ұйқасы) арқылы жеткізілетін эстетикалық әсер. Аударманың кейбір түрлерінде ескеріледі.

Қысқартылған аударма (ағ. *abridged translation*, орыс. *сокращенный перевод*) – моралдық, саяси немесе басқа да себептерден түпнұсқа бөліктерін алып тастау арқылы жүзеге асырылатын аударма түрі.

Қысқартылған әріптік жазба (ағ. *word abbreviations in note-taking*, орыс. *сокращенная буквенная запись*) – аудармашының жазу жүйесі ережелерінің бірі. Мысалы, төрттен артық әріптен тұратын сөздер ортасындағы дауыстыларды тастап кетіп жазу; сондай-ақ мұнда сын есімдер мен зат есімдердің қосымшалары, қос дауыссыз дыбыстардың біреуі, ұзын сөздердегі кейбір дауыссыздар жазылмайды.

Лексикалық бірліктердің орнын ауыстыру тәсілі (орыс. *прием перемещения лексических единиц*) – аударма барысындағы лексикалық бірліктердің қайта топталуы (аудармашылық трансформация). Мұнда барабар мағынаны беру үшін бастапқы тілдің аударылатын бірлігінің сәйкестігі аударма мәтінінде басқа орынға қойылады.

Лексикалық-семантикалық орын ауыстыру (ағ. *lexical-semantic substitution*, орыс. *лексико-семантическая замена*) – түпнұсқаның лексикалық бірліктерін мағыналары бастапқы бірліктердің мағыналарымен сәйкес келмейтін, бірақ оларды белгілі түрдегі логикалық түрлендіру арқылы аударма тілдің бірліктерін пайдалана отырып аудару тәсілі.

Машиналық/ компьютерлік аударма (ағ. *machine/ computer-aided translation*, орыс. *автоматический/ компьютерный/ машинный перевод*) – берілген бағдарлама негізінде компьютер орындаған мәтіннің автоматты аудармасы. Салыст. *дәстүрлі аударма*.

Машиналық сөздік (орыс. *машинный словарь*) – кез келген машиналық/ компьютерлік аударманың маңызды бөлігі.

Морфемалық аударма (ағ. *morphemic translation*, орыс. *номорфемный перевод*) – құрылымдық байланысын ескерместен, жеке морфемалар деңгейінде жүзеге асырылатын аударма. Бұл тәсіл түпнұсқа мәтінінде аудармашыға бейтаныс, сирек қолданылатын сөздерді аудару барысында пайдаланады. Мұндай сөздер сөздіктерге әлі енбеген авторлық неологизмдер де болуы мүмкін.

Нұсқалық сәйкестік (ағ. *optional compliance*, орыс. *вариантное/ множественное соответствие*) – бастапқы мәтін бірлігінің контекске байланысты сәйкес болуы мүмкін нұсқасы. Салыст. *жеке сәйкестік*.

Оқу барысындағы аударма (орыс. *учебный перевод*) – аудармашыларды даярлауда жоғары оқу орны мен мектепте шет тілін үйрету кезіндегі оқу үдерісінде қолданылатын аударма. Оқу барысындағы аударманың пайдалану мақсатына қарай үш түрі болуы мүмкін – *үйренуші аудармасы, эксперименттік, эталондық аударма*.

Өтем (компенсация) (ағ. *compensation*, орыс. *компенсация*) – аударма барысында бастапқы тіл бірлігінің семантикалық немесе стилистикалық ерекшеліктерін толық жеткізе алмаған жағдайда екінші тілдің басқа құралдары арқылы орнын толтыру. Аударма мәтінде өтелген тілдік бірліктер олардың түпнұсқадағы орнына қойылуы міндетті емес.

Парақтан аудару (ағ. *sight translation*, орыс. *перевод с листа*) – жазылған мәтінді алдын-ала оқымай, оны қабылдау барысында ауызша аудару. Қар. *ауызша аударма*.

Парақтан ілеспе аударма жасау (ағ. *simultaneous sight translation*, орыс. *синхронный перевод с листа*) – дыбысталатын бастапқы мәтінмен бір уақытта іске асырылатын аударма, алайда, мұнда аудармашы өзіне берілген түпнұсқаның жазба түріне сүйенеді. Сондай-ақ ілеспе аударманың бұл түрі бастапқы мәтінде берілген ақпаратты толығырақ беруге мүмкіндік тудырады. Қар. *ілеспе аударма*.

Прагматикалық бейімдендіру (ағ. *pragmatic adaptation*, орыс. *прагматическая адаптация*) – қабылдаушының ақпараттық қорын ескере отырып, оған нақты бір әсер беру үшін бастапқы мәтінге өзгеріс енгізу.

Прагматикалық/ функционалды түрдегі барабар аударма (ағ. *pragmatically/ functionally adequate translation*, орыс. *прагматически/ функционально адекватный перевод*) – түпнұсқаның негізгі коммуникативтік қызметін дұрыс беретін аударма.

Расталған аударма (ағ. *certified translation*, орыс. *заверенный перевод*) – түпнұсқаға сәйкестігін заңды түрде нотариус куәландырған аударма.

Ресми аударма (ағ. *official translation*, орыс. *официальный перевод*) – редакциялау мен оңтайлы мәтінін таңдау нәтижесінде алынған (жариялауға дайын) аударманың соңғы нұсқасы. Салыст. *қарабайыр аударма*.

